10	**Canva** – ерекше графикалық дизайндар, иллюстрациялар және күнделікті қажетті қарапайым дизайндарды жасауға арналған сервис.	https://www.canva.com/ru_ru/
11	**Google Classroom** – онлайнға оқытуға арналған цифрлы платформа.	https://classroom.google.com/
12	**Google Meet** – бейнеконференциялар, вебинарлар, виртуалды тренингтер, қашықтан сұхбаттар өткізуге мүмкіндік беретін платформа.	https://meet.google.com/
13	**Microsoft Teams** – цифрлы ортадағы желілік кездесулер ұйымдастыруға арналған Microsoft компаниясы әзірлеген корпоративтік платформа.	https://www.microsoft.com/ru-ru/microsoft-

14	**Plickers** – статистикалық жұмыс жасау процесін жеңілдететін және сыныптың жауабын лезде бағалап беретін қосымша.	https://get.plickers.com/
15	**Kahoot** – кез келген пән үшін, кез келген тілде, кез келген құрылғыда, барлық жастағы адамдар үшін бірнеше минут ішінде қызықты оқу ойындарын жасау, табу, ойнау және бөлісуді жеңілдетін оқыту платформасы.	https://kahoot.com/
16	**Quizizz** – ойын түрінде оқытуға арналған платформа, тест жасаудың түрлі әдістерін ұсынатын 12 тілде жұмыс жасайтын онлайн көмекші-сервис.	https://quizizz.com/
17	**Zoom** – бейне-конференциялар (вебинарлар), онлайн іс-шаралар өткізуге арналған платформа-сервис.	https://zoom.us/
18	**Skype** – әлемнің түкпір-түкпірінен бейнебайланыс жасауға арналған бағдарламалық платформа.	www.skype.com
19	**Socrative** – білім алушылардың білімін тест арқылы тексеруге арналған онлайн-сервис. Socrative платформасы кез келген тақырыпқа сөзжұмбақ, чайнворд жасауға болатын платформа.	https://socrative-student.ru.uptodown.com/android

Цифрлық құзыреттілік болашақ педагогтің заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгерудің жеткілікті жоғары деңгейімен айқындалады және болашақ педагогтің сындарлы ойлау, сыни көзқарасын дамытуымен анықталады [2].

Цифрлы коллаборативті ортада ақпаратты іздеу, іріктеу, сұрыптау, өңдеу үшін заманауи педагог көп ізденеді, өз білімін, кәсіби біліктілігін арттырады, өзін-өзі дамытады, нәтижесінде кәсіби біліктілігін арттырады [3].

2-кестеде онлайн курстың тапсырмаларының мазмұны берілді.

Ашық цифрлы білім беру ортасы цифрлық кеңістікте болашақ педагогтердің бәсекеге түсу, ынтымақтасу, өзара оқыту, объективті баға беру және ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді, оқу процесінде цифрлық құралдарды, технологияларды, платформаларды тиімді пайдалану және т.б. шығармашылық қабілеттерін арттырып, ынтымақтастықта жұмыс жасау коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, цифрлы-креативті құзыреттіліктерін дамытуға жол ашады [4].

Цифрлы коллаборативті білім беру ортасы білім беру сапасын басқару процестерін автоматтандыруға, білім алушылардың цифрлық ортада оқытудың цифрлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

Кесте 2.

Онлайн курстың тапсырмалар мазмұны

№	Тапсырма	Формасы
1	Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін цифрлық трансформациялаудың қарқынды әсеріне салыстырмалы SWOT-талдау жасаңыз.	SWOT-талдау жасау
2	«Цифрлы оқыту технологиялары» тақырыбына дидактикалық эссе әзірлеңіз.	Эссе әзірлеу
3	«Цифрлы оқыту технологиялары» тақырыбына интерактивті постер дайындау, қорғау.	Интерактивті постер дайындау
4	фрлы педагог» тақырыбына интерактивті постер жасаңыз немесе эссе жазыңыз.	рактивті постер/эссе

5	«Цифрлы ортадағы цифрлы педагог» моделін жасаңыз.	Ғылыми жоба, презентация
6	Педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды мәселелері және шешу жолдарын зерделеңіз.	Онлайн-дискуссия
7	«Цифрлы оқыту технологиялары: артықшылықтары және кемшіліктері» тақырыбына SWOT-талдау жасаңыз.	SWOT-талдау жасау
8	«Цифрлы білім беру платформаларының ерекшеліктері» тақырыбына интерактивті постер дайындаңыз.	Интерактивті постер дайындау
9	Цифрлы білім беру платформалары: 9.1Zoom артықшылықтары және мүмкіндіктері 9.2 Skype мүмкіндіктері 9.3 Microsoft Team мүмкіндіктері 9.4 Google Meet мүмкіндіктері 9.5 Google Classroom ерекшеліктері 9.6 Kahoot мүмкіндіктері 9.7 Nearpod ерекшеліктері. 9.8 Onlinetestpad.com онлайн тест құрастырушысының мүмкіндіктері. 9.9 Quizizz.com викториналарға арналған онлайн-құралдың мүмкіндіктері. 9.10 Quizizz.com құрастырушысының мәні. 9.11 Jamboard интерактивті онлайн-тақтасының мүмкіндіктері. 9.12 Padlet.com онлайн тақталарын құруға арналған платформаның мүмкіндіктері.	Презентация
11	www.smart -pedagog.kz педагогикалық білім беру порталының артықшылықтары	Кросс-дискуссия
12	https://edu-collaboration.kz/ педагогикалық білім беру порталы: ерекшеліктері және мүмкіндіктері.	Презентация
13	Цифрлы білім беру платформалары: ерекшеліктері және мүмкіндіктері.	Онлайн-дискуссия

Педагогикалық білім беру жүйесінде жетілдіруде коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыратын онлайн курс болашақ педагогтерді цифрлы технологиялардың, цифрлы платформалардың түрлерімен, қыр-сырымен таныстырады, болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Жаңа Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру, құру, жетілдіруде онлайн курстың маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.-Ж.Тоқаевтің «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұқбаты.- Астана – Аақорда.03.01.24ж. https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaev-biz-ozyq-oyly-ult-retinde-tek-qana-algha-qarauymyz-kerek.
2. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. – Тараз: «ИП» Бейсенбекова А.Ж.», 2022. – 314 б.
3. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е.Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, А.Е. Беделбаева. –Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2024. –129 б.

4. www.smart -pedagog.kz
5. https://edu-collaboration.kz/

ӘОЖ 373.1. 02

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕСІН ҮЙРЕНУ, ЗЕРТТЕУ, ТАРАТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бузаубакова К.Д.
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
klara_1101@mail.ru

Жапарова У.Т.
7М01105 – Білім берудегі менеджмент білім беру бағдарламасының магистранты,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың мазмұны, ерекшеліктері жан-жақты ашылды.

Сондай-ақ, мақалада заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеудің түрлері, қызметі айқындалады.

Кілтті сөздер: зерттеудің түрлері, зерттеудің қызметі, мотивациялық компонент, мазмұндық компонент, іс-әрекеттілік компонент.

Аннотация: В статье всесторонне раскрываются содержание и особенности изучения, исследования и распространения инновационного опыта современной школы Республики Казахстан.

Также в статье определены виды и функции исследования инновационного опыта современной школы.

Ключевые слова: виды исследований, функции исследований, мотивационный компонент, содержательный компонент, деятельностный компонент.

Abstract: The article comprehensively reveals the content and features of the study, research and dissemination of innovative experience of the modern school of the Republic of Kazakhstan.

The article also defines the types and functions of research into the innovative experience of a modern school.

Key words: types of research, research functions, motivational component, content component, activity component.

Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратуда инновациялық іс-әрекет маңызды рөл атқарады. Инновациялық іс-әрекет барысында мұғалім инновациялық педагогикалық процесті ұйымдастырушы ортаның әсерін бағалап, инновациялық процеске әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды анықтайды. Инновациялық іс-әрекет нәтижелі шығуы үшін инновациялық іс-әрекетті қалыптастырудың педагогикалық принциптерін басшылыққа алған жөн.

Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың

педагогикалық принциптері:

- таңдаған (жаңа) әдістің оқыту заңдылықтарына сәйкестігі;
- жаңа әдістің зерттеудің дидактикалық мақсат-міндеттеріне сәйкестігі;
- таңдаған зерттеу әдісінің мектептің материалдық-техникалық базасына сәйкестігі;
- зерттеу әдісінің мектептің әдістемелік жұмыстарының мазмұнына сәйкестігі және т.б.

1-суретте заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың негізгі қызметтері берілді.

Сурет 1. Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың негізгі қызметтері

Зерттеу – бұл ұйымдастырылған жаңа білімді өндіруге, танымдық объективтік заңдылыққа және құбылыстың даму беталысына тікелей бағытталған ақыл-ой процесі [1].

2-суретте заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың компоненттері ашылды.

Зерттеу әрекеті мотивациялық, когнитивтік, міндеттердің компоненттерінен құралатын интегративтік білім негізінде анықталады.

3-суретте заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеудің негізгі түрлері ашылды.



Сурет 2. Зерттеудің модельдеу компоненттері



Сурет 3. Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеудің диагностикалық қызметі

Зерттеушілік іс-әрекет – жаңа, ғылыми негізделген білім бойынша ғылыми әдіснамаға сүйенген білім беру процесі субъектісінің әрекеті; білім алушылардың зерттеушілік дағды мен қабілеттіліктерін дамыту, танымның ғылыми әдістерін өздігінен пайдалану туралы білімінің болуы, талданатын теориялық факты мен құбылыстарды, үдерістерді тәжірибеде бақылау және олардың байланыс мен қарым-қатынасын айқындауға бағытталған белсенділігімен сипатталады [2].

Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратуда ақпарат және телекоммуникация құралдарының, сондай-ақ жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялардың алатын орны ерекше.

Ақпараттық ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер және қазіргі коммуникация құралдарымен тығыз байланысты. Бұл ақпараттық технологияландыру адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді [3].

1-кестеде заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың басым бағыттары ашылды.

Кесте 1. Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, таратудың басым бағыттары

Атауы	Мақсаты	Міндеттері	Мазмұны
Педагогикалық оқу	Педагогика, психология, пәнді оқыту әдістемесі бойынша инновациялық білімді жүйелеу	Инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендірудің түрлі жолдарын қарастыру	Педагогика, психология, пәнді оқыту әдістемесі бойынша инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендірудің тиімді жолдарын ұсынатын баяндамалар дайындау
Теориялық семинар	Мұғалімнің инновациялық кәсіби білімін теориялық жағынан арттыру	Педагогикалық ұжымның инновациялық бағытта жұмыс жасаудың басым бағыттарын анықтау	Педагогика, психология саласындағы көкейкесті мәселеге қатысты баяндама, лекциялар тыңдау. Жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибелерімен танысу веб-сайттарды, педагогикалық порталдарды қарау
Практикалық семинар	Педагогикалық ұжымның инновациялық іс-	Оқыту мен тәрбиенің инновациялық технологиясының	Инновациялық технологиясын пайдаланудың үлгісін іс-

	әрекетінің тиімділігін арттыру	формаларымен таныстыру. тәрбие процесін заман талабына сай жаңаша ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастыру	тәжірибеде тексеру. Оқу-тәрбие процесін жаңаша құрастыру. Инновациялық іс-әрекетті талдаудың дағдыларын қалыптастыру
Ғылыми-практикалық семинар, конференциялар	Мектеп мұғалімдері мен оқушыларының ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының қорытындысын шығару, нәтижесін көрсету.	Инновациялық іс-тәжірибені анықтау және насихаттау. Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесімен танысу	Жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша шағын баяндамаларын тыңдау. Мұғалімдер мен оқушылар жүргізген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижесін талдау. Ғылыми практикалық семинар, конференция жұмысы бойынша ұсыныстар дайындау
Инновациялық педагогикалық идеялар фестивалі	Инновациялық педагогикалық тәжірибені ғылыми тұрғыда негіздеу	Педагогикалық ұжымды инновациялық тұжырымдамамен таныстыру. Мұғалімнің инновациялық даярлығын, педагогикалық шеберлігін қалыптастыратын жұмыстар ұйымдастыру, шығармашылығын қолдау	Жеке мұғалімнің шығармашылық жұмысымен танысу. Мұғалімнің инновациялық авторлық технологиясының тұсаукесерін жасауы. Мұғалімнің инновациялық тәжірибесінің ғылыми-педагогикалық сараптамадан өткізуі
Инновациялық ақпараттық банк-цифрлы орта	Инновациялық ақпараттық өнімдердің электрондық нұсқаларымен танысу	Инновациялық технологияның электрондық өнімдерін жинастыру. Инновациялық видеосабақтар,	овациялық технологияны оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың үлгісін көрсететін электрондық оқулықтар шығару. Инновациялық

		видеотесттер құрастыру, мұғалімнің жеке веб-сайдтын, порталын ашу	видеосабақтардың қорын жасау. Жаңа ақпараттық технологияны пайдаланып пәннің цифрлы контентін жасау
Инновация-лық ресуртық орталық	Инновациялық педагогикалық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендіру бойынша мектепаралық тәжірибе алмасу	Мұғалімнің зерттеушілігін қалыптастырудағы инновациялық қосымша білім беру. Мектептің инновациялық тәжірибесін екінші мектептің тәжірибесіне ендіру. Орталықтанды-рылған ақпараттық инновациялық білім беру жүйесін құру.	Инновациялық ресурстық орталық базасында оқу-әдістемелік семинар, конференция, форумдар ұйымдастыру. Инновациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне ендірудің тиімді жолдарын айқындайтын инновациялық сабақ беру, жаңа буын оқулықтарын сынақтан өткізу, тұсаукесерін жасау

Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеуде онда жұмыс жасайтын мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеуде мақсатқа жету құралы – зерттеушінің таным объектісімен байланысын қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің әдіс-тәсілдер жүйесі. Ал тиімді ұйымдастырылған қайталанатын ғылыми шығармашылықтың әдіс-тәсілдер жүйесі сол іс-әрекетке сәйкес келетін технологияны құрайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бузаубакова К.Д. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың иеориясы мен практикасы.Монография: «Жазушы», 2009. –456 б.
2. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. – Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. – 314 б.
3. К.Д.Бузаубакова, А.Е.Беделбаева. Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру ерекшеліктері//Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – №4(145). –58–71 б. DOI:https:doi org/10.32523/2616-6895-2023-145-4-58-71

УДК 37:004

SMART ПЕДАГОГТІҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Молшылықова А.Ө.
«Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығының 3 курс студенті,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
molshylykovaaaaa@mail.ru

Бузаубакова К.Д.
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., докторы, профессор,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
klara_1101@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада smart педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың педагогткалық шарттары қарастырылады. Қазіргі кезеңде «педагогтің цифрлық құзыреттілігі» ұғымы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға сапалы инновациялық тәсілдің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Цифрлық құзыреттілікке ие болу педагогке білім беру ортасын байытатын және білім беру процесін серпінді етуге көптеген мүмкіндіктер береді.

Кілт сөздер: smart педагог, құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік, цифрлық білім, инновациялық қызмет,ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Аннотация: В статье рассматриваются педагогические условия формирования цифровой компетентности smart педагога. В настоящее время понятие «цифровая компетентность педагога» рассматривается как результат качественного инновационного подхода к организации и реализации образовательного процесса.

Приобретение цифровой компетентности предоставляет педагогу множество возможностей обогатить образовательную среду и сделать образовательный процесс динамичным.

Ключевые слова: smart педагог, компетентность, цифровая компетентность, цифровое образование, инновационный сервис, информационно-коммуникационные технологии.

Abstract: The article discusses the pedagogical conditions for the formation of digital competence of a smart teacher. Currently, the concept of “digital competence of a teacher” is considered as the result of a high-quality innovative approach to the organization and implementation of the educational process.

Acquiring digital competence provides the teacher with many opportunities to enrich the educational environment and make the educational process dynamic.

Keywords: smart teacher, competence, digital competence, digital education, innovative service, information and communication technologies.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктер негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу» –делінген [1].

Қазіргі smart педагогке, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында атап өтілгендей, білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін түсіну, бағдарламалық және техникалық құралдарды меңгеру, білім беру процесін ұйымдастыра және басқара білу, қызықты сабақтар өткізу үшін жаңа ақпараттық және педагогикалық

технологияларды біріктіру, оқушылардың компьютерлік сауаттылығын дамыту қажет [2].

Педагогтің цифрлық құзыреттілігі, ең алдымен, дәстүрлі оқытудан артықшылығы бар білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану дағдыларын игеруді қамтиды (1-сурет).

Smart педагогтың цифрлық құзыреттілікке ие болуының ең тиімді жолдарының бірі, ең алдымен, электрондық оқытуды дамытудың заманауи тұжырымдамаларымен танысу болып табылады – MobileLearning (смартфондар арқылы оқыту), smart e-learning («ақылды» электронды оқыту) және т.б., сондай-ақ білім алушылармен байланыс арналарын кеңейту: аудиториялық сабақтар, телефон байланысы, электрондық пошта арқылы өзара іс-қимыл шеңберінде тікелей кездесулерден бастап, әлеуметтік желілерге («В контакте», «Facebook» және т.б.), онлайн оқыту әдістемесін игеру контекстінде оқыту процесінде білім алушылардың дербес электрондық құрылғыларын (смартфондар, планшеттер, ноутбуктер) қосу, білім беру ұйымының оқу корпустарында тегін Wi-Fi мүмкіндіктерін пайдалану.

SMART педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру кәсіби педагогикалық даярлықтың бір бөлігі болып табылады. Жоғары білімнің негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларының құрылымына ақпараттық құзыреттілік, АКТ-құзыреттілік, КТ-сауаттылық, цифрлық сауаттылық бойынша арнайы курстар белсенді түрде енгізіледі, бұл болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың табыстылығын қамтамасыз етеді. Қазіргі мұғалімнің кәсіби портретін сипаттауда оның сандық құзыреттілігіне назар аударылады. Цифрлық құзыреттілікті сипаттау кезінде жеке тұлғаның мотивациялық және құндылық сапаларын ескере отырып, қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді таңдау және қолдану дайындығы мен қабілетіне назар аударылады [3].



Сурет 1. Цифрлық технологияларды қолдану аясы

Цифрлық ортада smart педагогты даярлаудың маңыздылығы және оның жаңа ғасырдағы білім сапасымен тығыз байланысы халықаралық ұйымдар жариялаған әртүрлі ғылыми еңбектердің мазмұнында көрініс табады. Европалық Комиссия (2017-2018жж.) цифрлық құзыреттілікті адамның қазіргі қоғамға қатысуы үшін қажет тоғыз негізгі құзыреттіліктің бірі ретінде анықтайды. Атап айтқанда, Европалық комиссия: «цифрлық

құзыреттілік оқыту, жұмыс істеу және қоғамға қатысу үшін цифрлық технологияларды сенімді пайдалануды қамтиды» – деп көрсеткендей, заманауи smart-педагогті болашақта өз іс-тәжірибесінде цифрлық технологияларды қолдануға үйрету маңызды болып саналады [4].

Қашықтықтан оқытуды білім беру ортасына енгізу кезеңінде педагогтердің цифрлық белсенділігі мен құзыреттілігінің деңгейін арттыру қажеттілігі туындайды (2-сурет).

Қазіргі кезеңде оқу процесіне қатысушыларға ақпарат беруге, кері байланыс алуға мүмкіндік беретін электрондық ресурстардың көптеген нұсқалары бар:

- электрондық пошта;
- WhatsApp немесе Viber телефонындағы қосымшалар;
- әлеуметтік желілер;
- Zoom, Team, Skype бейне конференциялары;
- мамандандырылған білім беру интерактивті платформалары, «Яндекс.Сынып», «Яндекс.Оқулық», NES және т.б.



Сурет 2. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің деңгейін арттыру

Білім беру саласындағы реформалардың мақсаттарына және оны дамыту стратегиясына сәйкес педагогтер цифрлық дәуірдің дағдыларын немесе құзыреттерін өздерінің кәсіби тәжірибелерімен байланыстыруы тиіс. Осыған байланысты халықаралық және ұлттық ұйымдар педагогтердің цифрлық құзыреттілігін және оның құрамдас бөліктерін айқындайтын анықтамалық жүйелерді әзірледі.

Сонымен, smart-педагогтің цифрлық құзыреттілігін педагогтің білім беру процесіне және цифрлық технологияларды олардың кәсіби тәжірибесінің нақты стратегиясын, дағдылары мен көзқарасын қолдану және тарату қабілеті ретінде қарастыруға болады:

а) оқушыларды цифрлық дағдыларды игеруге ықпал ету;

б) цифрлық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес оқытуда цифрлық инновацияларды жетілдіру процестерін іске асыру;

в) қоғамда және білім беру ұйымдарында болып жатқан өзгерістерге сәйкес педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ету.

Сонымен, smart педагогтің цифрлық құзыреттілігі – бұл кәсіби тәжірибеге цифрлық технологияларды енгізу арқылы педагог дамытуы керек білім мен дағдылардың жиынтығы.

Цифрлы Қазақстан жағдайында цифрландырудың арқасында әлемнің бейнесі, адамзат өмірінің барлық салаларын өзгеруде, жаңа қызмет түрлері, мұғалімнің рөлі мен кәсіби мүмкіндіктерін өзгертетін жаңа технологиялар пайда болуда.

Қорытындылай келе, қазіргі кезеңде негізгі мәселе мұғалімдердің цифрлық құзыреттілктерінің төмен болуы болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін АКТ саласындағы практикалық дағдыларды жетілдірудің негізгі бағыттарын әзірлеу қажет.

Осылайша, педагогикалық цифрлық құзыреттілікке ие болу мұғалімдерге қолданыстағы педагогикалық құндылықтар, өз білімдері мен алған АКТ дағдылары арасындағы тепе-теңдікті табуға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана. –Ақорда. 2011.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. –Астана. –Ақорда,2017.
3. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. –314 б.
4. European Commission. Recommendation of the European Parliament and ofthe Council Offical of the key lifelong learning competences // Journal of the European Unioun. 30 December 2006/L394. – P. 10–18.

БОЛАШАҚ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МАМАНДАРЫНДА ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРДЫ (SOFT SKILLS) ДАМЫТУДЫҢ МӘНІ

Бекболат М.С.
PhD докторант,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік Университеті,
Түркістан қ., Қазақстан
e-mail: marzhan.bekbolat@alumni.nu.edu.kz

Беркимбаев К.М.
п.ғ.д., профессор,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік Университеті,
Түркістан қ., Қазақстан
e-mail: kamalbek.berkimbaev@ayu.edu.kz

Аңдатпа: Мақала болашақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы мамандарының икемді дағдыларын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері туралы, қажетті икемді дағдыларды дамыту проблемаларына арналған. Икемді дағдылар ұғымының ғылыми айналымға енуінің аспектілері қарастырылған. Цифрлық индустрия құруға бағдарланған адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму аландарын қолдану қажеттілігі және тиімді, табысты стартап-жобаны іске асыруға талпынушы ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында білім алушы жастар санының

өсуімен өзектіленетін олардың икемді дағдыларының мәні мен мазмұны анықталған.Ұлттық кадрларды даярлау үдерісінде, қарқынды дамып жатқан қоғамда қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мәселесі бойынша ұсыныстар талқыланады. Сонымен қатар ұлттық кадрлардың біліктілік сапасын арттыру жөнінде мәліметтер берілген.

Кілт сөздер: индустрия 4.0, болашақ АКТ саласы мамандары, икемді дағдылар, бәсекеге қабілеттілік, білім беру, қазақ тілінің техника саласы мамандарын даярлауда қолданылуы, қазақ тіліндегі контент санын арттыру.

Аннотация: Статья посвящена научно-методическим основам развития гибких навыков будущих специалистов информационно-коммуникационных технологий, проблемам формирования необходимых гибких навыков. Рассмотрены аспекты введения в научный оборот понятия гибких навыков. Ценность и содержание их гибких навыков, которые актуализируются увеличением количества молодых людей, обучающихся в сфере информационных и коммуникационных технологий, пытающихся реализовать эффективный, успешный стартап-проект, определяются повышением уровень развития человеческого капитала ориентирован на создание цифровой индустрии, использование инновационных направлений развития.Обсуждаются предложения по расширению сферы применения казахского языка в обществе. При этом дается информация о повышении качества национальных кадров.

Ключевые слова: индустрия 4.0, будущие специалисты в области ИКТ, гибкие навыки, конкурентоспособность, образование, использование казахского языка при подготовке технических специалистов, увеличение количества контента на казахском языке.

Abstract: The article is dedicated to the scientific and methodological principles of developing soft skills for future information and communication specialists, addressing the problems associated with developing necessary soft skills. The aspects of the introduction of the concept of soft skills into scientific circulation are considered. The significance and content of their soft skills are identified, emphasizing the necessity to raise the level of human capital development aimed at building the digital industry, the necessity of utilizing innovative development spaces, and the relevance of increasing the number of young people receiving education in the field of information and communication technologies, who are eager to implement effective and profitable startup projects. The necessity of raising the level of human capital development aimed at building the digital industry, the necessity of using innovative development spaces, and the importance of efficient and successful startup project implementation are underlined by the increase in the number of young individuals getting education in information and communication technologies, which makes their soft skills more relevant. In the process of national workforce training, suggestions are discussed regarding the expansion of the use of the Kazakh language in a rapidly developing society. Additionally, information is provided concerning the improvement of the qualification quality of the national workforce.

Keywords: i

ndustry 4.0, future technical specialists, soft skills, competitiveness, education, the use of the Kazakh language in preparing technical specialists, increasing the number of Kazakh language content.

Кіріспе

Әлемдік дамудың қазіргі жағдайында қоғам біздің қалыпты өмір сүру дағдыларымыз түбегейлі өзгертетін төңкерістің бастауында тұр, әлем технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Бұл жағдай ауқымы, теңдесі жоқ көлемі мен күрделілігі жағынан орасан зор өзгерістер орын алатын төртінші өнеркәсіптік революциямен байланысты. Олар өзара терең әрекеттесіп, бір бірінің дамуының берік негізіне айналуда. Индустрия 4.0 жағдайындағы қоғам жоғары кәсіби білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне қатысты тұлғаның ұстанымының өзгеруін қажет етуде. Бұл техника саласында икемді дағдылары дамыған, бәсекеге қабілетті техника саласы маманын даярлауды өзектендіреді. Себебі, болашақ АКТ саласы маманы адам-техника, адам-белгі жүйесі, адам-адам кәсіби топтардың қасиеттерімен сипатталатын күрделі динамикалық жүйелерді басқарады. Осы орайда, болашақ АКТ саласы мамандарының икемді дағдыларын дамыту үшін кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуы маңызды.

Зерттеудің мақсат-міндеттері

Зерттеудің мақсаты – болашақ техника саласы мамандарының икемді дағдыларының мазмұнын айқындау. Мақсат үдесінен шығу үшін келесідей бірнеше міндетті орындау қажет. Олар: икемді дағдыларды дамыту бойынша еліміздегі мекемелер мен ғалымдардың ғылыми негізделген тұжырымдары мен ұсынылған анықтамаларын талдау; болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың басым бағыттарын нақтылау.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері теориялық дереккөздерді талдау, материалдарды жүйелеу, талдау және жалпылау. Зерттеу материалдары ретінде икемді дағдылардың мәні мен мазмұны, құраушылары туралы алыс-жақын шетелдік тәжірибелердің нәтижелері, диссертациялық зерттеулер, авторлардың ғылыми мақалалары қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

XXI ғасырда барлық білім беру жүйелерін үнемі зерттеу және бақылау қажеттілігі білім беруді әлеуметтік институттардың бірі ретінде дамыту, ең алдымен, ғылыми-техникалық прогреске байланысты қоғамның мақсаттары мен қажеттіліктерінің өзгеруімен анықталатынын дәлелдейді. Оның мазмұны білім беру жүйесіндегі түбегейлі модернизацияға ұшырайды, өйткені ол іргетас қалыптастырады, білім деңгейі мен сапасын анықтайды, өндіргіш күштердің дамуы мен қолданылуына, материалдық және рухани мәдениетке, халықтың әл-ауқатына әсер етеді [1].

Профессор Клаус Швабтың пікірінше: «Төртінші өнеркәсіптік революция» еңбегінде «... ұдайы өзгермелі жұмыс ортасының жағдайларында жылдам бейімделуді талап ететін білім мен кәсіби дағдылар тұрғысынан жұмыспен қамтудың болашақ үрдістері мен қажеттіліктерін болжай білу қабілеті барлық мүдделі тұлғалар үшін айрықша мәнге ие болады»,- деп тұжырымдайды [2].

Әлемдік дамудың қазіргі кезеңі Төртінші өнеркәсіптік революцияның қарқынды дамып келе жатқан үдерістерімен анықталады, онда адам капиталының рөлі одан сайын күшейе түседі. Қазіргі саяси, экономикалық және әлеуметтік модельдер саласындағы серпіліс дербес әрекет ететін адамдардан өзара іс-қимылдың ұжымдық нысандарын көздейтін билік жүйесінің бір бөлігі ретінде өзін тануды талап етеді.

Дамуды анықтайтын факторлар: жоғары мектеп, технологиялардағы өзгерістер, жаһандану, білім алушылар, мәдени және әлеуметтік әртүрлілік, отбасының, қоғамның, мемлекеттің жаңа сұраулары, білім беру нәтижелеріне жаңа талаптар (XXI ғасырдың дағдылары мен құзыреттілігі), білім берудің жаңа мазмұны, оқытудың жаңа түрлері, технологиялары және құралдары, үздіксіз білім беру-мансаптық траектория әлеуметтік және кәсіби табыстылықтың негізі.

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 03.01.2024 жылы «Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық газетіне берген сұхбатында [3]: «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек. Сондықтан мемлекет дәл қазір бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп отыр. Атап айтсақ, түрлі тақырыптағы кітаптар көптеп шығарылуда. Жаңа ғылыми мекемелер құрылып, бұрынғы институттар жаңғыртылып жатыр» -деп баса айтты. Ал, «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында [4]: «Қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралуда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі. Ойы ұшқыр жастарымыз болашақты бағамдай алады әрі дәйекті дамуға ұмтылады. Сондықтан оларға парасат-пайым жетіспейді деген пікірмен келісе алмаймын. Бірақ билік құрылымдарына аға буынның тәжірибесі де, жас ұрпақтың жаңа идеялары да керек. Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын», – деді.

2023 жылы Астанада өткен «Жасанды интеллектінің келешектегі мүмкіндігін талқылаған Digital Bridge – 2023 форумында технология күн санап қарқынды дамып жатқан қоғамда қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мәселесі жан-жақты талқыланды [5].

«Икемді дағдылар» зерттеулерде «XXI ғасырдың дағдылары» атауымен белгілі дағдылар топтамасының құраушы элементі ретінде қарастырылады. «Икемді дағдылар (soft skills)» тұжырымдамасы соңғы 20 жылда экономика мен қоғамдағы еңбек нарығының түрлі аймақтарының ажырамас құраушы бөлігіне айналды. Дегенмен, ғылыми зерттеулерде икемді дағдылар зерттеушілердің контекстік зерттеу тәсілдеріне орай «жұмысқа тұру дағдылары (employability skills)», «адамдармен қарым-қатынас дағдысы (people skills)», «кәсіби емес дағдылар (non-professional skills)», «негізгі дағдылар (key skills)», «өмірлік дағдылар (life skills)» баламалары мағынасында зерттелуде.

Болашақ техника саласы мамандарының икемді дағдыларын дамыту олардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін қамсыздандыруға бағдарланған іс-шаралардың маңызды болады. Осы орайда, болашақ техника саласы мамандарында тиімді бизнес идеяларды қалыптастыру, іс-әрекетті жоспарлаудың ұйымдастырушылық, ғылыми-әдістемелік негіздері туралы білім кешенін қалыптастыру арқылы заманауи технологияларды аясында Startup жоба құру, өнімдерді әзірлеу, бизнес-модель құру мен технологиялық кәсіпкерлікті іске асыруға қажетті икемді дағдыларды дамытуға бағытталған «Болашақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандарының икемді дағдыларын дамытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу» атты ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмыстарын іске асыру маңызды.

Бұл жоба цифрлық индустриясын құруға бағдарланған адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму алаңдарын қолдану қажеттілігімен және жоғары тиімді, табысты Startup-жобаны іске асыруға талпынушы ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында білім алушы жастар санының өсуімен өзектіленетін келесі проблемаларды шешуге бағдарланған:

1. Болашақ техника саласы мамандарының икемді дағдыларының мәні мен ерекшеліктері туралы шетелдік және отандық тәжірибелерді жүйелі зерттеу мен оны болашақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы мамандарында дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру қажеттілігі;

2. Болашақ техника саласы мамандарында икемді дағдыларының дамуы деңгейін анықтауға арналған сауалнамаларды қамтитын диагностикалық ақпараттық жүйе құру және іске асырудың маңыздылығы;

3. Икемді дағдыларды болашақ техника саласы мамандарында дамытудың бірегей ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалынбаған.

«Болашақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандарының икемді дағдыларын дамытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу» атты жоба аясында жоғарыда келтірілген проблемалардың шешімін табуы жоғары технологиялы өндіріске бағдарланған жаңа Қазақстанды құруға өзіндік ықпал етеді. Болашақ техника саласы мамандарының икемді дағдыларын дамытудың әдістемелік жүйесін әзірлеу мен оның қалыптасуын анықтауға арналған ақпараттық жүйенің құрылуы отандық психология мен педагогика ғылымының деңгейін көтеріп, жоғары оқу орындары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқыту және тәрбиелеудің сапасын арттыруды іске асырады.

Жобаның мақсатты аудиториясы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Инженерия факультетінде даярланатын болашақ техника саласы мамандары. Жоба нәтижелерін әлеуетті тұтынушылары: ғалымдар, оқытушылар, білім алушылар, жоғары оқу орындары, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары.

Зерттеу болжамы бойынша болашақ техника саласы мамандарының икемді дағдыларын мәнін маңыздылығын сыни ойлау, топта жұмыс жасау, коммуникативтілік пен көшбасшылық дағдылары негізінде анықтауға болады.

Арнайы әдебиеттерді талдау нәтижелері бойынша жарияланған мақалада [6] ғылымда бүгінгі таңда икемді дағдылар терминінің жалпы қабылданған және бір мәнді мағыналы түсіндірмесі жоқ екенін көрсетті.

Жарияланған мақалаларға сүйене отырып, біз «икемді дағды (soft skills) деп – тұлғаның жеке және командалық мәселелерді шешуге қажетті сыни ойлау, топта жұмыс жасау, коммуникативтілік пен көшбасшылық дағдыларының жиынын» түсінеміз.

Жоғары білім беру жағдайын талдау, іске асырылған жобаларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті сын-тегеуріндерімен және міндеттерімен салыстыру, бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың шарты ретінде білім берудегі түрлі бастамалардың табыстылығын бағалау жоғары білім мазмұнын жаңарту мәселелерін шешу; білім беру ортасын сапалы өзгерту және білім беру процесін жаңғырту; жоғары білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту; басқарудың әртүрлі деңгейлерінің өзара іс-қимылының негізін кәсіби білім құрайды [7].

O. Hazzan және т.б. ақпараттық технологиялар индустриясындағы икемді дағдылардың қажеттілігін зерттеді. Олар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандарының тәртіптік және техникалық білімге қосымша қосымша дағдыларды игеру қажеттілігін көрсетеді [8].

«Жаңа ұрпақ инновациялар мен стартаптар әлемінде өсіп келеді. Цифрлық ұрпақ оптимистік және кәсіпкерлікке шынайы қызығушылық танытады, өйткені бұл ұрпақ Uber, Telegram, Airbnb сияқты стартаптармен бірге өсті. ...білім берудегі трансформация soft skills дамыту немесе сыни ойлау мен икемді дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылуы керек» [9].

«Жасанды интеллектінің келешектегі мүмкіндігін талқылаған Digital Bridge – 2023 форумы аясында «Жасанды интеллект және қазақ тілі» панельдік сессиясында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин «қазақ тілінің болашағы тұтынушының қолында екенін шегелеп айтты. Сұраныс болса, қазақ тіліндегі контент саны да артады» - деді. Министрдің айтуынша, қазақ тілінде контент аз. Сондықтан

жасанды интеллектте қазақ тілін пайдалануға ақпарат жеткіліксіз болып жатыр. «Басты мәселе – интернетте қазақ тіліндегі контенттің үлесін көбейту. Интернетте қазақ тілінде ақпарат аз. Ақпарат қоры көбейген сайын жасанды интеллектінің көмегімен қазақ тілінде бағдарлама істеу де мамандарға оңай болады. Ең бастысы, ақпараттық дерекқорды көбейту керек. Екінші мәселе – латын әліпбиіне көшу жұмысты жеңілдетеді. Сол кезде «қазақ тілі технологияның тілі емес» деген сөз қасаң қағида екеніне көз жеткіземіз. Сыңаржақ пікірді өзгерте аламыз. Қазақ тіліндегі мәдени мұралар туралы деректерді түгелдей интернетке жүктеуіміз керек.

Президенттің тапсырмасымен жасанды интеллектінің концепциясы жасалуда. Барлығы бірдей әдеби тілде бір күнде сөйлеп кетпесе де, қазақ тілін күн сайын жаппай қолдануымыз керек. Күнделікті мобильді қосымша, платформаларды пайдаланғанда қазақ тілін таңдау, қолдану өте маңызды. Форумда Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – қазына» республикалық ұлттық ғылыми-практикалық орталықтың бас директоры Мақпал Жұмабай қазақ тілін цифрландыру бағытында мемлекеттік және академиялық деңгейде жұмыс істеп «Осы күнге дейін цифрландыру бағытында 13 жобаны жүзеге асырдық. Атап айтқанда, Ұлттық тіл корпусының «Тіл – қазына» атқарып жатқан бағытында 23 миллионға жуық сөз қолданыс бар. Қазақстандағы сөздіктердің ортақ жүйесі платформасында 1 миллион 300 мыңға жуық сөз бар. Termincom платформасында 400 мыңға жуық сөз бар. Бұл цифрлық қор жыл сайын толықтырылады. Осы бағытта жұмысты жүйелі жалғастыру үшін «Тіл – қазына» мобильді қосымшасын қолданысқа енгіземіз. Қосымшада қазақ тілі туралы базалық сұрақтардың барлығына жауап таба аласыз. Мәтінді аудиоға айналдыру, видеоны мәтінге айналдыру функциясы іске қосылады. Бұған дейін бұл жобаны Microsoft-тың базасында ұсынған болатынбыз. «Қазақ тілінде сауатты жазылған әрбір сөз интернетте қазақ тілінің базасын жасауға көмектеседі. Ендігі бағыт – әлемдік цифрлық платформалардың жүйесінде интеграциялау арқылы қазақ тілінің қолдану аясын жүйелі түрде кеңейту. Google, Apple, Microsoft компаниясымен келісімге келген. Дерекқорды молайтуды әлемдік компаниялармен бірлесіп жүзеге асыруда. Қазақ тілінің болашағы интернетте қазақша мәтін жазатын әрбір адамның саусағының ұшында тұр. Әрбір сауатты мәтін қазақ тілінің жасанды интелекті арқалы дерек жинайтын қордағы мәтіндер жинағына үлес қосады. Меніңше, барлығымыз бір кісідей атсалыссақ, жасанды интеллект қазақша сөйлеу мүмкіндігі бар. Интернетте қазақ тілінде сауатты жүйе үшін Qazgramma жобасын жүзеге асырып жатқанын жеткізді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әртүрлі әлеуметтік топтардың, әсіресе жастардың арасында тіл тазалығын сақтау үшін оқу және жазу сауаттылығын арттыру қажет екеніне ерекше мән беріп отырғанының маңызы зор. Ана тілдің болашағын сақтау – мемлекеттік тілде сауатты мәлімет тарату «Қазақ тілі» қоғамының ғана емес, әр азаматтың парызы. Сол кезде ғана мемлекеттік тіл ғылым мен техника тіліне айналары анық.

Болашақ техника саласы мамандарын даярлау жүйесінде білім алушы өз білімін ұдайы жаңартуы тиіс. Болашақ техника саласы мамандарын даярлауға қойылатын жаңа талаптар қызметтің зияткерлік-инновациялық сипатына негізделген және болашақ түлектің келесідей негізгі сипаттамаларының болуын болжайды: болашақ кәсіби қызмет саласындағы кең білім; талдау мен синтезді қоса алғанда, туындайтын проблемаларды шешудегі дағдылар; инновациялық ойлау; қабылданған шешімдерді жүзеге асырудағы бастама; өз бетінше және командада да жұмыс істеуге дайындық; дағдылар әлеуметтік коммуникация; стандартты емес және түпнұсқа шешімдерге қабілеттілік, қазақ тілін ғылым тілі ретінде қолдану және т.б. Осы орайда, болашақ техника мамандарының стартаптарды құру мен іске асыруларында маңызды роль атқаратын икемді дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың маңызы ерекше.

Қорытынды

Елімізде педагогика саласында болашақ техника саласы мамандарында лидерлік, креативтілік, қарым-қатынас мәдениетін, сыни ойлауды дамыту мен қалыптастыру, қазақ тілін ғылым тілі ретінде қолдану бойынша іргелі зерттеу жұмыстары жүргізілген, болашақ техника саласы мамандарында икемді дағдыларды кешенді дамытудың әлемдік тәжірибесі жеткілікті зерттелмеген, XXI ғасыр дағдыларын, оның ішінде икемді дағдыларды дамытудың ерекшеліктері мен олардың өзара байланысы тұрғысынан жүйелі жүргізілген іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары жеткіліксіз екендігі белгілі. Зерттеу әдістері арқылы зерттеу болжамының дұрыстығы анықталды. Зерттеу материалдары ретінде икемді дағдылардың мәні мен мазмұны, құраушылары туралы алыс-жақын шетелдік тәжірибелердің нәтижелері, диссертациялық зерттеулер, авторлардың ғылыми мақалалары қолданылып, теориялық дереккөздерді талдау, материалдарды жүйелеу, талдау және жалпылау арқылы біз «икемді дағды (soft skills) деп – тұлғаның жеке және командалық мәселелерді шешуге қажетті сыни ойлау, топта жұмыс жасау, коммуникативтілік пен көшбасшылық дағдыларының жиынын» түсінеміз.

Осы орайда, болашақ техника саласы мамандарының икемді дағдыларын дамытуды жүйелі зерттеу маңызды. Болашақ техника саласы мамандары үшін стартаптарды әзірлеу мен ұсынуға қажетті білімдерді, болашақ кәсіби қызметте маңызды икемді дағдыларды дамытудың бірегей әдістемелік жүйесін жасақтау мен қазақ тілін ғылым тілі ретінде қолдануды іске асырудың маңыздылығын көрсетті.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (грант №AP14871966).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Асейнова Ф.Э., Батанин А.А., Васильева А.С. и др. Актуальные проблемы современной педагогики и психологии: результаты экспериментальных и теоретических исследований / под ред. Куриной В.А., Подкопаева О.А. – Самара: ООО НИЦ «ПНК», 2022. – 179 с.
2. Шваб, Клаус.Төртінші индустриялық революция [Мәтін] = The Fourth Industrial Revolution : [монография] / К. Шваб ; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов. - Астана : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. - 198,
3. www.egemen.kz 03.01.2024 ж. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық газетіне берген сұхбаты.
4. www.akorda.kz «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауы 16.03.2022 ж.
5. www.aikyn.kz. «Жасанды интеллектінің келешектегі мүмкіндігін талқылаған Digital Bridge – 2023 форумы.
6. М. Бекболат, К.Беркимбаев, Г.Ниязова. Икемді дағдылар – болашақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру кепілі. Ясауи университетінің хабаршысы, №3 (125), 2022 ж. бб.141-153.
7. Лаврентьев С.Ю., Крылов Д.А. Л 135 Технологии формирования конкурентоспособности будущего специалиста: монография. – Йошкар-Ола: Мар. гос. ун-т., 2017. – 175 с.
8. Сапарова Д.Р. Культурное пространство цифрового поколения. 6D020400-Культурология. Дисс. доктора философии (PhD). – Алматы, 2020. – 139 с.
9. Бланк С., Боб Дорф. Стартап. Настольная книга основателя: пошаговое руководство по построению великой компании с нуля / пер. с английского Т. Гутман, И. Окунькова, Е. Бакушева. 5-е изд. – Москва: Альпина Паблишер, 2019. – 614 с.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ И КРЕАТИВНОСТЬ

Ибадуллаева Н.Ю., Ибадуллаева В.Р., Ибадуллаева Р.Р.
№16 школа г. Коканд, Ферганская область, Узбекистан

На сегодняшний день созданы широкие условия для формирования правовой основы национальной системы образования в нашей республике. В свою очередь, реформы позволили улучшить структуру и содержание образования.

Как отметил Президент Узбекистана Ш.М.Мирзиёев, «своей первоочередной задачей мы считаем совершенствование деятельности всех звеньев системы образования и обучения, исходя из требований сегодняшнего времени».

В текущий период происходит повышение эффективности образования, развитие уровня профессиональной компетентности специалистов, направление педагогических кадров на инновационную деятельность, внедрение инновационного образования и информационно-коммуникационных технологий в учебный процесс в высших учебных заведениях, ассимиляция передового зарубежного опыта и целевая направленность определены в качестве актуальных задач модернизации системы высшего образования. Образование является ключевым фактором реформирования общества и превращения его в общество, более открытое внешнему миру и ориентированное на новые технологии и знания. Она не только является перспективой развития общества, но и заранее определяет и определяет индивидуальную деятельность каждого человека. Понятие «компетентность» вошло в сферу образования в результате психологических исследований. Следовательно, компетентность означает, «как специалист ведет себя в нестандартных ситуациях, неожиданных ситуациях, вступает в общение, по-новому стоит в отношениях с оппонентами, выполняет неоднозначные задачи, использует полную противоречий информацию, имеет план движения в последовательно развивающихся и сложных процессах». ."Компетентность — это образование, навыки и опыт работы сотрудника, то есть его способность теоретически качественно выполнять определенный вид работы. Похожим на компетентность является термин «профессионализм».

Интеллектуальная компетентность может быть представлена факторами, отражающими собственно интеллект и перцептивно-аналитические способности, к которым относятся: общий уровень осведомленности и способности восприятия, охватывающие сбор данных, обработку информации, словесно-логическое мышление, способности к абстрагированию и нахождению закономерностей, наглядно-действенное мышление, умение быстро решать практические задачи и концептуальная гибкость. Эти способности являются базовыми и обеспечивают успешность в принятии обоснованных и ответственных решений, позволяют действовать в неопределенной, проблемной ситуации в случаях дефицита информации на основе логических умозаключений. У.Мишель, выделяя переменные когнитивного плана, указывает характеристики компетентности, включающие интеллект, развитие «Я», социальные и личностные достижения и навыки, социальную и когнитивную зрелость Педагогическая компетентность – педагогические знания, высокое педагогическое мастерство, этика, любовь к своей профессии, организация учебного процесса с инновационным подходом.

Креативность (лат. creo -творить, создавать) способность творить, способность к творческим актам, которые ведут к новому необычному видению проблемы или ситуации.– уровень творческих способностей, способности творить, который считается устойчивым качеством человека и связан с креативное мышление. Креативное мышление – это способность человека решать нестандартные задачи и находить новые, более эффективные пути достижения своих целей. То есть креативность — это, по сути, выдвижение идей, не

Сонымен қатар, тізімге тағы бір дағды қосылды: нақты уақыттағы ойлау (нақты уақытта үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеу және бағалау мүмкіндігі).

Цифрлық құзыреттіліктерге өнімділікті арттыру мақсатында әртүрлі контексттерде (жұмыс, демалыс, білім беру) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға байланысты адам қабілеттерінің жиынтығы жатады. Цифрлық құзыреттілік мыналарды қамтиды:

1) цифрлық технологияларды пайдаланудағы техникалық дағдылар;

2) сандық технологияларды жұмысқа, оқуға және жалпы күнделікті өмірге әртүрлі қызмет түрлерінде мағыналы пайдалана білу;

3) цифрлық технологияларды сыни тұрғыдан бағалай білу;

4) цифрлық мәдениетке қатысуға мотивация.

Мұғалімнің кәсіби стандартында келесі еңбек әрекеті алға қойылған: «Оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын тиімді болып табылатын мәселені шешуде қолдана білу қабілетін қалыптастыру». Практикада мұғалімдердің көпшілігі келесі әрекеттерді орындай алады:

1) электронды журнал мен электронды күнделік жүргізу;

2) кеңсе қосымшаларында жұмыс істеу;

3) өз пәні бойынша арнайы бағдарламаларды пайдалануға;

4) онлайн блог жүргізу;

5) БАҚ контентін жазу, өңдеу, эфирге шығару дағдыларын меңгеруі;

6) АКТ дидактикалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, басқа да құралдарды басқару.

Мұғалімнің цифрлық құралдар жинағы – мұғалім дидактикалық бірліктерді құру үшін конструктор ретінде пайдаланатын әртүрлі интерактивті модульдер сериясы.

Презентацияларды жасау кезінде бұл PowerPoint (ең көп қолданылатын), Keynote, Smart Notebook, Sketching, Prezi, Sway. Білімді басқару құралдарына мыналар жатады: Plickers, LearningApps, ClassFlow. Бұл сандық өнімдер мазмұнды жасауға, мазмұнды пайдалануға және кірістірілген құралдарды, сауалнама жүйесін, тестілеуді, ойындарды және т.б. көмегімен бір рет басу арқылы ұлғайтуға және толық экранда көрсетуге тегін көмектеседі. Trello.com қызметі мұғалімнің іс-әрекетін жоспарлау сатысындағы көмекшісі болып табылады.

Пайдаланушыға ыңғайлы интерфейс күн, апта, ай немесе жылға жоспарланған барлық нәрсені көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Цифрлық форматтағы коммуникацияның басым және заманауи тәсілдерінің бірі – әлеуметтік желілер. Бұл анықтамаға мыналар кіреді: ВКонтакте, Instagram, Telegram, Facebook, Twitter, Одноклассники және т.б.

Сонымен, мұғалімнің оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде оның жеке даму траекториясындағы цифрлық құзыреттіліктерінің маңыздылығы келесі факторлармен анықталады:

1)Жайлылық (Яғни, сандық әлемді біле отырып, мұғалім өз уақытын дұрыс бөле алады; материалдың жоғары сапасына кепілдік беретін дереккөздерді ғана таңдай алады; өз жұмысында әртүрлі дайын интерактивті тапсырмаларды пайдалана отырып, уақытты үнемдейді немесе өзі жасайды);

2) Оқушылардың мотивациясы. (Қазіргі ұрпақ жаңа ақпараттық технологияларды игеруге жастайынан сезімтал. Сондықтан оқу үдерісінде цифрлық құралдарды пайдалану тиімді, өйткені ол қазіргі заманғы оқушылар ұрпағы үшін түсінікті және қолжетімді және олардың білімге қатысуын ынталандырады. оқытылатын пән.Сонымен қатар, мұғалім пайдаланатын ресурстарға сүйене отырып, студенттер, мысалы, бағдарламалауға, өз веб-сайттарын жасауға қызығушылық танытуы мүмкін, яғни АКТ студенттерге әлемде өз орнын табуға көмектеседі);

3)Мұғалім үшін оқу іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі маңызы. (Тек дәстүрлі оқыту әдістерін қолданатын мұғалім мен цифрлық әлемге бағдарланған мұғалім арасындағы таңдауда цифрлық құзыреттілікке ие мұғалім бәсекеге қабілетті және табысты) [3].

1-кестеде педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру критерийлері мен көрсеткіштері ашылды.

Кесте 1.
Педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру критерийлері мен көрсеткіштері

Деңгей	**Төмен**	**Орташа**	**Жоғары**
Критерийлері	**Көрсеткіштері**		
Ақпараттық әрекеттер мотивациясы	Қызығушылығы бар, оң	Белсенділік қалыптасқан	Ақпараттық мотивациялық әрекеттерге ұмтылу
Цифрлық құзіреттілігі	Іздеу, сақтау, өңдеу және беру ақпарат, оның механикалық ішінде ойнату қатаң сәйкес ұсынылған тапсырма	Іздеу, сақтау, өңдеу, беру ақпарат, оның бастап ойнату талдау элементтері – қосулы туралы білім базасы жұмыс істеу принциптері ақпарат	Іздеу, сақтау, өңдеу, беру, ақпарат, қайта құру – қосулы жүйелі білімге негізделген қалай жұмыс істеу керектігі туралы ақпарат
Ақпарттық дағдылары	Бар бастапқы жұмыс істеу дағдылары ақпарат; ішінара дағдылары қалыптасады және жобалау дағдылары дерексіз жұмыс, үстірт	Жеткілікті иелік етеді АКТ дағдыларын қолдану оқыту және сабақтан тыс іс-шаралар, презентация	Толық иелік етеді, қолдану дағдылары: білім берудегі АКТ, сабақтан тыс іс-шаралар; жобалау дағдылары қалыптасады, әртүрлі презентация құру
Бәсекеге қабілеттілік	Алға ұмтылу: өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіруге	Дайындық, іскерлік пен дағдының көрінісі: өзін-өзі тәрбиелеу,өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі жетілдіру; тілек, ықылас және бейімделу қабілеті, өзгеру, ақпараттық орта	Өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру; ниет пен қажеттілік үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу

Бұл көрсеткіштердің қиындығы деңгейлердің сипаттамаларын құрады (жоғары, орташа,төмен) педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру:

- төмен деңгей – бұл жеке құрамдас бөліктердің көрінуімен сипатталатын деңгей цифрлық құзыреттілік құрылымдары немесе олардың жеке элементтері. Оны жаңартуға боладышектеулі ақпараттық белсенділік;
- орташа деңгей – мұғалімнің компоненттерді белсенді дамытатын деңгейі цифрлық құзыреттілік құрылымы, оның өнімді ақпаратта өзектілендіру мүмкіндігі іс-шаралар;
- жоғары деңгей – барлығының қарқынды дамуы ғана емес сипатталатын деңгей цифрлық құзіреттіліктің құрамдас бөліктері, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру деңгейіне көшу және өзін-өзі жүзеге асыру, яғни бәсекеге қабілеттіліктің белгілі бір ерекшеліктерін дамыту.

Жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижесі 3- суретте берілді.



Сурет 3. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижесі

Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі ең алдымен қолдану қабілетін меңгеруді қамтиды дәстүрліден артықшылығы бар оқу үдерісіндегі цифрлық технологиялар оқыту:

- цифрлық технологиялар оқу ақпаратын ұсыну мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді;
- түсті, дыбыстық графиканы, барлық заманауи бейне жабдықтарды пайдалану шындықты қайта жасайды шындық ортасы;
- компьютер оқушылардың оқу әрекетіне деген ынтасын айтарлықтай арттыра алады;
- цифрлық технологиялар оқушыларды білім мен тәрбие процесіне тартады, ықпал етедіолардың шығармашылық қабілеттерін барынша ашу, танымдық әрекетін белсендіру;
- әрекеттеріңіздің нәтижесін елестетуге мүмкіндік береді.

Смарт педагогтың цифрлық құзіреттілігін қалыптастыру кәсіби педагогикалық қызметтің бір бөлігі болып табылады. Жоғары оқу орындарының негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларының құрылымына ақпараттық құзыреттілігі бойынша арнайы курстар белсенді түрде енгізілген, АКТ сауаттылығы, цифрдың қалыптасуының табыстылығын қамтамасыз ететін цифрлық сауаттылық болашақ мамандардың құзыреттілігі.

Заманауи мұғалімнің кәсіби портретін сипаттауда оның назарын аударады цифрлық құзыреттілік. Цифрлық құзыреттілікті сипаттау кезінде назар аударылады ақпараттық коммуникацияны сенімді, тиімді сыни таңдау және қолдану дайындығы мен қабілеті жеке тұлғаның мотивациялық және құндылық сфераларын ескере отырып, іс-әрекеттегі технологиялар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Д.Бузаубакова, А.С.Амирова, А.А.Маковецкая «Цифрлы педагогика».Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж»,2022.-314 б.
2. https://edu-collaboration.kz/
3. https://smart-pedagog.kz/

ӘОЖ 75.31

Алимбеков Р.Т.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Аннотация

Жеке тұлғаның физикалық және рухани жетілуіне құндылық бағдарларын тәрбиелеу, дене жаттығуларымен жүйелі түрде шұғылдануға деген қажеттіліктер мен уәждерді қалыптастыру, моральдық және ерік-жігерлерін тәрбиелеу, гуманистік қарым-қатынасты қалыптастыру. Жаңа заманауи технологиялардың дамыған уақытында оқушыларды жаңа форматта оқыту жүйесі – өзгеріске тез икемделген жаңа тұлғаның қалыптасуына әсері мол.

Аннотация

Воспитание ценностных ориентаций на физическое и духовное развитие личности, формирование потребности и мотивации к регулярным занятиям физическими упражнениями, воспитание нравственности и воли, формирование гуманистических отношений. В эпоху развития новых современных технологий система обучения студентов в новом формате оказывает большое влияние на формирование новой личности, быстро адаптирующейся к изменениям.

Annotation

Nurturing value orientations towards the physical and spiritual development of the individual, developing the need and motivation for regular physical exercise, nurturing morality and will, and forming humanistic relationships. In the era of the development of new modern technologies, the system of teaching students in a new format has a great influence on the formation of a new personality that quickly adapts to changes.

***Кілттік сөздер**: жаһандық ақпараттандыру, интернет, форум, сайттар, ақпараттық-коммуникация, презентация, футбол, баскетбол, валейбол, инновация, технология, платформа.*

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың кең спектрін пайдалану маған оқу және сабақтан тыс уақытты тиімді пайдалануға және оқушылардың білім алуының жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Дене тәрбиесінің міндеттерін шеше отырып, мен өз қызметімді жеке тұлғаның физикалық және рухани жетілуіне құндылық бағдарларын тәрбиелеу, дене жаттығуларымен жүйелі түрде шұғылдануға деген қажеттіліктер мен уәждерді қалыптастыру, моральдық және ерік-жігерлерін тәрбиелеу, гуманистік қарым-қатынасты қалыптастыру, жақсы қарым-қатынас тәжірибесін алу сияқты маңызды компоненттерге бағыттайды.

Дәстүрлі сабақ беру технологиялар қойылған мақсаттар мен міндеттерді барынша жүзеге асыруға көмектесе алады. Оқушылардың дене және ақыл-ой қабілеттілігінің жоғары деңгейін, денсаулық жағдайын, дербес сабақтарды қолдау үшін алған білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын шығармашылықпен қолдану тәсілдеріне үйрету.

Саралап дене шынықтыру білім беру технология мазмұны-бұл қозғалыс әрекеттерін саралап оқытудың педагогикалық технологияларының жиынтығы, физикалық жетілуге қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім, әдістемелік іскерліктер, білім беру үдерісін басқару технологиялары. Сараланған дене шынықтыру білімі деп адамның жеке қабілеттерін дамыту арқылы мақсатты физикалық қалыптасуы түсініледі. Саралап дене шынықтыру білім беру технологиясы-бұл білім беру мақсаттарына тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін құралдардың бірі, әдістер және ұйымдастыру нысандар жүйесі, сараланған дене шынықтыру білім беру мазмұнын іске асыру тәсілі.

Оқытуды тұтас әдіспен жүргізуге тырысамын, одан кейін саралаумен (техниканың бөлшектерін бөліп, оларды күрделілігіне қарай бөлемін) және жаттығуды сапалы орындау мақсатында білім алушылардың техникалық дайындығының деңгейіне байланысты осы бөліктерді әр түрлі тәсілдермен кіріктендіремін. Гимнастика сабақтары бойынша дайындығы жақсы балаларға акробатикалық комбинацияларға өз элементтерін қосуға, кіші аттан қолды тіреп

секіруде снарядтың биіктігін өзгертуге рұқсат етемін,ал басқалары стандартты жағдайда жұмыс істейді. Міндетті түрде қандай да бір қимыл-қозғалыс әрекетін орындай алмайтын білім алушылармен жеке жұмыс жүргіземін. Бұл балалар сабақта да, үйге де жеке тапсырмалар алады.

Физикалық қасиеттерді саралап дамытуды әртүрлі дайындық топтарында бірдей, сондай-ақ әртүрлі құралдар мен әдістерді пайдалана отырып жүзеге асырамын, бірақ жүктеменің шамасы әрқашанда әртүрлі болады. Нәтижесінде білім алушылардың дене дайындығы бастапқы деңгеймен салыстырғанда айтарлықтай жақсарады. Әлсіз топтарда балалар бұрынғы тапсырмаларды орындауды аяқтайды, оларда демалуға және қалпына келтіруге көп уақыт қалады.

Оқушылардың физикалық дамуы мен қимыл-қозғалыс дайындығын ескере отырып, оларға сараланған көзқарасты қамтамасыз ету; сабақтардың жоғары моторлы тығыздығына, серпінділігіне, көңіл-күйіне, білім беру және нұсқамалық бағыттылығына қол жеткізу; білім алушыларда дене жаттығуларымен дербес айналысу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру– осының барлығы қазіргі заманғы дене шынықтыру сабағымның маңызды ерекшеліктері.

Қоғам білім беру саласында жаһандық ақпараттандыру жағдайында мектептің алдына білгір, ойшыл, заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген, өз бетімен білім алатын және оны практикады қолдана білетін түлектерді даярлау міндетін қойып отыр. Бұл орайда мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілігі бірінші орынға шығады және ол білім берудің негізгі мақсаттарының бірінің қатарына жатады. Бұл өте маңызды, себебі қазіргі жағдайға байланысты қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру аса қажет болып отыр.

Бүгінгі күні педагогтардың қолында оқыту процесінде АКТ-ны қолдануға тұтастай мүмкіндіктері бар болғандықтан осыны қолдана отырам. Бұл –интернеттегі ақпараттар, электрондық оқулықтар, презентациялар, бағдарламалар, білімді автоматтандырылған бақылау; коммуникацияның жаңа түрлері-чаттар, форумдар, электрондық пошта және тағы басқалар. Мұғалімдердің әр түрлі сайттарға, (BilimLand.kz) платформаларға, (GooGle Classroom, Zoom) кірулеріне мүмкіндіктер бар. Бұл ретте мектеп педагогикалық ұжымы оқушыға білім беріп, дамытып және тәрбиелеп, жаңа технологияларды енгізумен қатарда, өздігінен білім алуға, кәсіби өсу және шығармашылық дамуы үшін тыңбай еңбектенудеміз. Қашықтықтан оқыту – қазіргі заман талабы. Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала шеңберінде жұмыс атқарып. Осы жүйеде жұмыс жасау барысында компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып,үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет етеді.

Қазір елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, қашықтықтан оқыту негізінде жазылған бағдарламалар мектептердің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Осы орайда мен қашықтықтан оқыту жүйесіне үлесімді қоса отырып, оқушыларды спортпен тиімді шұғылдануға қызығушылықтарын арттырып, дене тәрбиесі пәнін онлайн режимінде өткізіп жатырмын. Онлайн режимінде жұмыс жасау біраз қиыншылық тудырғанымен,оның тиімді және тиімсіз жақтарын да басты назарын айта кету керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескере отырып, қашықтықтан оқытудың тиімділігін айта кеткен жөн. Мысалға, оқушы ең бірінші қажетті қашықтықты еңсерумен, уақыт пен күшті үнемдейді. Логикалық ойлау қабілетін арттыратын шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сынды үстел ойындарын жетік меңгеруге зор мүмкіндіктері бар. Осы орайда онлайн жарыстар да өткізіліп тұрады. Ал тиімсіз жақтарына келер болсақ, оқушылар физикалық күш-қуатты талап ететін футбол, баскетбол, валейбол секілді спорт түрлерімен шұғылдана алмайтыны өкінішті. Алайда, дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына,күшті де қуатты болып өсуіне,ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы негізінде «Дене шынықтыру» пәнінің мәртебесі артты деуге болады. Мұнда пән белгілі нормативтерге бекітілген талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағытталмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді. Жеке адамға бағытталған тәсіл арқылы бала организмінің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелерін мөлшерлеуді көздейді. Әрекет ету тәсілі бала қозғалыс арқылы

дамитындығын қарастырса, құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі біліктіліктерді меңгеруді көздейді. Сондай-ақ, денсаулықты сақтау тәсілі үйрету процесінде баланың денсаулығын міндетті түрде сақтауды қарастырады.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді.

Қашықтықтан сабақ беру барысында бейнесабақтың білім алушыға тигізер көмегі –өзіне ыңғайлы уақытта бейнесабақты қосып көре алады, иақырыпты меггере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс жасайды. Бейнесабақтар –педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Бұл оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Осы орайда адам денсаулығына қамқорлық жасау әрқашан бүкіл әлемде басымдыққа ие болды. Дені сау баланы тәрбилеу кез-келген мектепке дейінгі мекеменің және ата-ананың басты мақсаты болып табылады.

Дене тәрбиесі мәнін, мағынасын білу, оны дұрыс өткізу, дене жаттығуларын тиімді қолдану мәселелерін терең түсінудің өте үлкен рөлі бар. Дене тәрбиесі ол – мәденеттілік. Ол оқушының сыртқы келбетін, мінез-құлқын, өзін қоғамдық орындарда дұрыс ұстауын, бір-бірлерімен, адамдармен қарым-қатынастарын реттейді, тәрбиелейді. Шын мәнінде нағыз күш-қайрат тәрбиеде. Адам баласы тәрбиенін бағыттаған мақсатына жету үшін құпия есіктерді білім кілті арқылы ашып, ілгері үздіксіз жылжиды. Неғұрлым білімді болған сайын, ілгерлеу соғұрлым жылдамдайды. Ендеше тәрбие бар жерде –мақсаты бар, мақсаты бар жерде –білім басты қажетілік болмақ. Келесі мәселе дене тәрбиесі мағұлматы өте сирек болғанмен, өте керек мәнді және де сәнді деуге болады. Өйткені қарап қазіргі заман талабына сай дене тәрбиесі өз алдына дене шынықтыру болып табылады. Олай дейтінім қазіргі жастар мына қашықтықтан оқыту үрдісіне қарамастан өз алаңдарында немесе өз ауласында жаттығу жасауды үйреншікті яғни хобби ретінде алған, оныда ескере кететін жайт деп қарауымыз керек.

Заман қалауына қарай дене шынықтыру ертеден келе жатсада жалғастыру үрдісі жастар жақсы қолдана алады. Қарапайым өмірде қазір технология инновациялық болғаннан интернеттен түрлі жаттығларды оқушылар өз алдына жасай алады, яғни бұл дегенміз жақсы көрсеткіш. Ерте кездің өзінде адамдар балалардың жас кездерінен арнайы дене жаттығулары, ойын түрлері арқылы қоғамдық, тұрмыс және әсери әрекеттерге дайындаған. Адам күнделікті еңбек, соғыс құралдарын қолдану кезінде өнеркәсіптік, еңбектік, жекпе-жек әрекеттерге әзір болу үшін, алдын-ала соған ұқсас қимыл-қозғалыстарды орындау арқылы дайындалуға болатынын сезген, түсінген.Қазіргі кезде де дене жаттығулары тікелей өнеркәсіпке әсер етпесе де, жұмысшылардың қимыл ептілігін, шеберлігін, дағдысын жетілдіру арқылы еңбек әрекеттеріне жағымды әсер етеді.

Ғаламның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау-ғылым жетістіктерінің игерумен қатар, оның одан ары алға басуына үлкен мүмкіншіліктер туғызады. Дәл осындай жағдай қазақтың ұлттық ойындарының тарихына да қатынасы болса керек. Сабаққа арнап дене жаттығуларын іріктеп алу негізден жасалған жұмыс жоспарымен анықталады. Белгілі бір топтағы балалардың жасын, әрбір баланы жеке басының денсаулық жағдайын, дамуының жалпы дәрежесін балалар игерген қимыл дағдыларын, әрбір

баланың жеке басының типологиялық ерекшелігін, жыл мезгілін, сабақ өткізу үшін жасалған жағдайды, сондай-ақ балалардың бұрынғы әрекеттерін есепке алуды да, ескеретін преспективалық және календарлық жоспарларды негізге ала отырып, міндеттер белгіленеді және нақты дене жаттықтырулары іріктеліп алынады. Кезекті сабақтың жоспарын талдап жасауға бұрын өткен сабақтың, әсіресе соңғы сабақтың тиянақты талдауы алға шарт болады. Балалардың сабақ кезіндегі зейіні, белсенділігі олардың эмоциялық жағдайы әр түрлі жастағы топтарда қимыл материалдарының іріктеп алуына, тәрбиешінің қолданылатын тәсілдері мен сабақ кезінде балаларды ұйымдастырудың әр түрлі әдістері арқылы қимыл әрекеттерін үйрету, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу процесінде қимылға бір мезгілде тартылса, оларды тұрақты зейінділік, эмоциялық жағымды күй, тапсырмаға толық дәрежелі реакция байқалады.

Жаңа заманауи технологиялардың дамыған уақытында оқушыларды жаңа форматта оқыту жүйесі- өзгеріске тез икемделген жаңа тұлғаның қалыптасуына әсері мол. Оқу процесінде осындай жаңа технология платформаларды қолдану арқылы шынайы өмірде болып жатқан түрлі жағдайларды шешуде маңызы жоғары деп санаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Құлназаров, С.Тайжанов «Дене тәрбиесі» оқыту әдістемесі Алматы «Атамұра» 2018 ж.
2. В.И.Лях, Л.Н.Девяткина, Т.А.Ботагариева, Е.И. Коптина, А.В.Таймазов, М.В.Салов: Дене тәрбиесі-жалпы білім беретін мектептердің 10-12 жасар оқушыларының өздік жұмысына арналған оқу құралы: Астана, 2016 ж.

SOME PERSPECTIVES OF THE DUAL SYSTEM OF EDUCATION: EXPERIENCE OF TARAZ DULATY UNIVERSITY

Aubakirova S.A
Dulaty university, Taraz city, Kazakhstan

Annotation

In this article are considered firstly the realization of a system of the dual teaching in a system of preparation of teaching staff on the base of cooperation of Nazarbaev Intellectual school which is situated in Dulaty university with Taraz. Also are opened some ways of insert of the dual teaching into a system of the higher pedagogical education in preparation of competitive teaching staff.

In his message for the people of Kazakhstan named as “The Kazakhstan way- 2050: One aim, one life, one future” underlines the following thought: “ All high –developed countries have got some unique educational systems. We have got the largest work by improvement of quantity of all stages of the national education. Therefore its important to give to them some modern programs and methodic of teaching, some high- qualified staff. In the secondary education its necessary to bring the comprehensive schools to a level of teaching in Nazarbaev- Intellectual schools. School-leavers have to know Kazakh, Russian and English languages. As a result of student teaching it must be the mastering by them some habits of the critical thinking, the self-directed search and the deep analysis of information [1].

The innovative market of labour that has been appeared in Kazakhstan includes the analysis of some traditional approaches in a system of the professional education. Therefore some of the educational establishments aren’t able to concentrate on the new aims of preparation of specialists. Well- acting state educational standards include the connection of the theoretical and practical teaching, but actualization of the professional competences requires the being of some practically- oriented forms.

Process of modernization of a system of education in Kazakhstan can perform as the reaction on problems of the modern market. Some realizing measures as the usage of the foreign experience of organization of the teaching process, realization of some innovative technologies, computerization of teaching processes must rise the qualified level of our school leavers.

In a way realization some principles of the dual technology can help in solving this problem.

Firstly we must the meaning of this term.”Duality” means “double unity”. Practice of the European

system of education shows that the dual teaching is the effective product of cooperation of some educational establishments and employers directed on the successful professional and social adaptation of our future specialist. On early stages of teaching process the student can participate in the industrial process as the worker of factory who has got the sources in accordance with his functional duties. Also he has got the responsibility, he masters some professional habits, in some cases he earns the money.

Under the dual system of education we mean one system, when the education of our young people is happened in two educational establishments, that is two establishments can participate in education. On the one hand, it is the professional school, on the other hand – it is the teaching industry. Both establishments are the independent partners.

Its important that some students combining the teaching with the industrial activity can work in this factory.

The history of development of the dual form of education in the professional preparation were considered by: R.F. Hensen, U.Hippach-Schneider, H.Blankertz, G.Bunk, H.Abel, H.Blankerz, W.Greinert, G.Gruener, K.Koenig, K.Kuemmel., A.Lipsmeier, P.Muench, H.Schneider, K.Stratmann, S.Thyssen.

The dual system of education is considered in countries of form Soviet Union, it was inserted into the professionally-technical education (L.I.Korneeva [2], G.B.Kornetov [3], E.V.Koryagina [4], M.S.Savina [5], E.E.Fedotova [6], O.D.Fedotova [7], etc.

As a leader of this problem we can consider Germany. System of the dual teaching in Germany was checked by life and it is an example for the whole European Union.

System of the professional education of Germany (this country is one of the leaders by a level of qualification of staff).

The dual teaching of Germany is concentrated on the industrial and technological sectors and it can be not used in humanitarian.

In 2014- 2015 years in Kazakhstan a lot of the professionally- technical educational establishments transferred into the dual system of teaching.

We see the first steps by the usage of the dual teaching in a system of the higher pedagogical education. At this moment there aren't any higher educational establishment which prepare of specialists for Nazarbaev intellectual schools. Therefore some talented teachers of the comprehensive schools work in NIS, it has got some problems in secondary comprehensive schools.

As a result we see the usage of the dual teaching in a process of preparation of high-qualified pedagogical staff in our higher educational establishments:

- Its necessary to prepare some specialists who could know some languages in the higher educational establishments.
- Some future teachers must conduct the professional preparation on the base of NIS although they have got some theoretical knowledge and they have to test after practice.

The innovative project named as "Modernization of the higher pedagogical education: actualization and realization of the dual system of teaching in preparation of the pedagogical staff on the base of the innovative cooperation TarSPI and NIS (Taraz)" is started in Taraz state pedagogical institute. The main aim of this project is creation of theoretically- methodological bases by usage of the dual teaching in a process of preparation of the pedagogical staff in some higher educational establishments on the base of the innovative

cooperation.

In aims of realization of this project are realized:

- building the integrative line School-NIS- HES.
- creation the educational program named as "System of the dual teaching in some higher educational establishments": 3+1/

Future bachelors will receive some theoretical knowledge in courses 1-3, course 4 will be devoted to practice.

Practice will be conducted in the 1st year on the base of NIS, which include 2 parts: theoretical and practical. Theoretical part (term 1): courses of teaching named as "Cambridge method of teaching", interactive methods: brainstorming, reflection, psychologically- pedagogical seminars. These courses will

be conducted by teachers of NIS and some foreign scholars. In the practical part (term 2) our future specialists must use their theoretical knowledge on practice and at the end of lessons they must give the exam.

Objectives of project:

- Creation of the educational program named as "System of the dual teaching of the higher educational establishment".
- To define some mechanisms of realization, integrative methodology, to create the model of innovative interaction of Taraz state pedagogical institute and Nazarbaev Intellectual Schools, which is situated in Taraz.
- To study, research, use, realize and to open some ways of the usage of experience of Nazarbaev Intellectual School in secondary educational schools on the base of higher educational establishment using the dual system of teaching.
- To insert the dual system of teaching in higher education of the Republic of Kazakhstan and to create the methodic of its realization.

Expected results:

1. 1.It has been defined the model, integrative methodology, some mechanisms of realization of the innovative interaction of Nazarbaev Intellectual School and Taraz state pedagogical institute:
2. It has been created the educational program titled as "System of the dual teaching of the higher educational establishment" for effective usage of experience of Nazarbaev Intellectual School in secondary comprehensive schools and studying, research, realization of some innovative practice on the base of Nazarbaev Intellectual Schools with the usage of the dual system of teaching on the higher educational establishment:
3. It has been opened the regional center named as "Pedagogical excellence" for insert of experience of Nazarbaev Intellectual Schools:
4. Some ways of studying, researching, the usage of the innovative experience are opened on the base of NIS. Also it is the usage of the dual system of teaching on the base of higher educational building, using an experience of Nazarbaev Intellectual Schools in some secondary comprehensive schools: it has been connected the methodically- link connection named as "School- Higher Educational Establishments- Intellectual schools".

Practical value and the scientific significance

Some initial steps are happened in our country by insert of the dual education into a system of higher pedagogical education. At this time in Kazakhstan are opened 16 Nazarbaev Intellectual Schools, but there aren't any higher educational establishment which should prepare some specialists for Nazarbaev Intellectual Schools. Therefore some talented teachers of comprehensive schools begin their working in Nazarbaev Intellectual Schools, as a result we can see the falling of quantity of knowledge in secondary comprehensive schools.

It brought up to the appearance of necessity of the dual teaching in a process of preparation of competitive teaching staff in some higher educational pedagogical establishments:

- Its necessary to prepare the specialists for all specialities in some higher educational establishments who should be knowing several languages.
- Its necessary to have the professional preparation on the base of Nazarbaev Intellectual Schools in order to rise the quantity of knowledge of the future teachers not including the theoretical knowledge of innovative technologies as a result they must pass an exam.

Significance of project on the national and international level is more important

Firstly, students of the higher educational establishments have got a possibility to hear some lectures of famous foreign scholars:

Secondly, the future teachers can use their theoretical knowledge, also they are able to use the practical experience of Nazarbaev Intellectual Schools in their pedagogical activity:

Thirdly, some head-teachers of higher educational establishments, school-teachers can participate in listening to lectures of teachers of NIS:

Fourthly, it will be realized the line methodical help on On-line, it opens some possibilities for exchange of experience.

Fifthly, in aims of rising of quantity of education are opened some possibilities for doing of some innovative scientifically- investigative works altogether with some foreign scholars.

Social demand and the economical, industrial interest in realization of project and receiving the results.

- the largest demand for preparation of teachers for Nazarbaev Intellectual Schools:
- some future teachers can receive the diploma of bachelor and their additional certifications about the professional education:
- preparation of teaching staff for Nazarbaev Intellectual Schools:
- rising of quantity of education in a system of SCHOOL- NIS- HES.

Influence of results on development of science and technologies and the expected social and economical effect

Systematization of an experience of Nazarbaev Intellectual Schools and adaptation of their experience will be having the largest socially- economical effect, because this project will help to develop the human finance of country.

- we can less the volume of time and we can regulate some finances for preparation of specialists:
- we can prepare some high- qualified specialists knowing the innovative technologies and satisfying the modern спрос of society.

Some Cambridge methods of teaching are used in our teaching process for formation of specialist in the pedagogical higher educational establishment. Post –graduate students can know the practical skills in the usage of Cambridge methods of teaching on lessons during the pedagogical practice.

This project has got the wide significance and it is realized not only in Taraz state pedagogical institute but in the others establishments of country.

The first project: courses of teaching as “Cambridge method of teaching” for teaching stuff are realized by a Center of Excellence in Nazarbaev Intellectual Schools (Astana city). Teaching is conducted by foreign teachers invited from Cambridge University. Head-teachers from different cities of the Republic of Kazakhstan study interactive methods which are able to rise the quantity of education.

Practical part of this project is realized in cooperation with Nazarbaev Intellectual Schools (Taraz). In accordance with some objectives of the project post-graduate students conduct the pedagogical practice in Nazarbaev Intellectual Schools by the dual teaching and they use some Cambridge method of teaching on their lessons. After graduation of the higher educational establishment the post-graduate student can become the high- qualified specialist knowing some new innovative approaches of teaching.

A list of used literature:

1. President N.Nazarbaevs Message for people of Kazakhstan named as “The Kazakhstan way- 2050: One aim, one life, one future”- Astana, 2013.
2. Corneeva L.I. Pedagogical peculiarities of activity and preparation of specialists in the dual system of professional education of Germany.- Ekaterinburg, 2010.- p. 210.
3. Cornetov G.B. Realization of historically- pedagogical process in context of civil approach.- M.: 2002.- p.139.
4. Coryagina E.V. Industrial motivation in western management.- M.: 2003.- p. 150.
5. Savina M.S. Pedagogical bases of interaction of a school and family in the professional orientation of pupils.- M.: 2001.- p.146.
6. Fedotova E.E. Professional preparation of the pupils youth in FRG and Switzerland in conditions of the scientifically technical progress.- M.: 2003.- p. 120.
7. Fedotova O.D. Theoretically- methodical bases of pedagogy in Germany and FRG: (End of the 19th century – 90 years of the 20th century). M.: 2001.- p. 145.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдукаримова А.Ю.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенті.
Дүйсенбеков Е.Б. – Ғылыми жетекші

Мамандықты дұрыс таңдау – маңызды іс. Үлкен өмірге қадам басар уақытта мамандықты дұрыс таңдай білу қажет. Дұрыс жасалған қадам ұзақ кәсіби өмірде сенімділік, жан тыныштығы және материалдық әл-ауқатты арттырады. Тек өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға қажетті мамандықты таңдап алу керек. Сонда адам кейін өз мамандығы бойынша жұмыс таба алады және қызығушылық артады. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Осы әр түрлі мамандықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, ең сұранысқа ие мамандықтардың бірі – ұстаздық. Яғни, педагогика саласында қызмет атқару. Ол қай уақытта да құрметке ие болған және бола бермек. Өйткені, білім адамзатты әрқашан алға жетелеп, үнемі озық тұруға тәрбиелейді.

Педагог деп білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын қызметкерлерді атаймыз.

Педагогикалық мамандық бұл білім алу барысында пайда болатын білім, іскерлік, дағыдылардың жиынтығымен сипатталатын және кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуге бағыталған белгілі бір біліктілікке ие болатын педагогикалық кәсіби топтың іс-әрекетінің бір түрі. Педагогикалық мамандықтың негізгі мақсаты – қоғамдық мақсаттарды түсіну және өз тәрбиеленушілерін осы мақсаттарға жетуіне жағдай жасап, бағыттау [1,9б].

Қазіргі таңда оқушылардың педагогикалық мамандыққа қызығушылығы қандай және оларды қызықтыру үшін, осы мамандық иесі атанулары үшін не істеу керек?

Оқушыларда қызығушылық әр түрлі деңгейде көрінеді: белсенді және енжар қызығушылық, кең және тар, үстіртін және терең қызығушылық. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби қызығушылығы барысында негізгі шешуші рөл оның жоспары мен мақсаты қатар жүріп, ынтасы мен ниеті, бейімділігі мен қызығушылығы қатар жүруі керек. Мамандықты та ңдау туралы бала сонау мектеп жасына дейінгі кезеңнен ойлана бастайды. Сол уақытта оның көзқарасын түсініп, ойын сұрау қажет. Мамандықты дұрыс таңдаған жағдайда оқушылардың жекедаралық ерекшеліктері бірнеше мамандықтардың талаптарына сәйкес келеді. Оқушыға қандай да бір мамандықты таңдауға кеңес беру кезінде оның жекедаралық мүмкіншіліктерін ескеру қажеттігін ұмытпауымыз керек. Адам балалық шынайылықтан әлеуметтік есеюге дейінгі жылдардан өту барысында бірнеше өтпелі кезеңдерден өтеді. Оқушыға қысым жасалмай, өз еркімен таңдап бағыт алуына ата-ана және ұстаздары кәсіптік бағдар, кеңес беріп көрсетеді..

Сондай-ақ, оқушылар мамандықты таңдауда арнайы және қосымша пәндермен жай ғана танысып қоймай, ерекшеліктеріндегі таным қызығушылығының мәні зор. Таным қызығушылығының мәні – объект таңдайтын маман саласын үнемі терең оқып үйренуге тұрақты тырысушылықтың арқасында қандай да бір білімнің теориялық ғылыми негізін тану, құбылыстардың мәнін терең түсінуге тырысумен сипатталынатын таным процесі. Оған дәлел ретінде оқушылар үшін көптеген мамандықтардың ішінен бірін таңдау еңбектің нәтижесін шығаруға тырысушылықпен байланысты немесе өз әрекетін тиянақты жоспарлау қабілеті арқылы нәтижені шыдамдылықпен күту ептілігіне байланысты. Оқушыларды еңбекке, өмірге дайындау мектеп жұмысының нәтижесі болып табылады. Әрбір адам саналы және тәуелсіз түрде қоғамдық құндылықтарға бағдарланады.

Сонымен қатар оқушыларда мамандықты таңдау кезінде ең басты қасиеті - бейімділігі мен қабілеті қатар жүруі керек. Адамның жұмысқа деген талпынысы және оның мазмұнына деген қызығушылығы бейімділікке байланысты. Егер адамға өз жұмысының мән-мазмұны тартымды болса, онда ол қызметін беріле орындап, өзінің кәсіби біліктілігін шыңдаудан жалықпайды.

Оқушыларға педагогикалық-психологиялық бағыттарды жүргізу арқылы оқушылардың өздеріне жақын мамандық түрін таңдауына кеңестер мен ұсыныстар беру керек. Бұл мамандыққа қызығушылығын арттырмас бұрын, осыны ескеру қажет. Яғни, ең алдымен кәсіптік онлайн диагностикалық әдістемелер жүргізу керек. Кәсіби психологиялық кеңеспен қатар, мамандыққа қабілеттілігін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсыну қажет. Кәсіптік бағдарлау жұмысында орай таңдаған мамандықтары пен қосымша пәндері бойынша сәйкесінше жоғары оқу орындарын ұсыну да өзекті мәселе. Келесі қадам таңдаған амандығына қарай қызығушылығын арттыруға бағытталады [2,3б].

«XXI ғасыр мұғалімі қандай болуы керек?» деген мәселеге келетін болсақ, ол ақпараттық қоғамда білім беруді жүзеге асыратын негізгі тұлға. Жылдам өзгермелі ақпараттық қоғамдағы мұғалім алдымен, педагогиканы тереңнен түсіне білген, үнемі өзін дамытуға бейім, шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіби жоғары дейңгейде жұмыс істеуге ұмтылатын жеке тұлға болуы тиіс. Бүгінгі қоғамдағы мұғалімнің жетістігі оның кәсіби біліктігілігі арқылы қалыптасып, дамиды. Ақпараттық қоғамның мүшелерін тәрбиелейтін мұғалімге қойылатын талаптардың ішінде: бәсекеге қабілеттілікті, жоғары сапалы білім беру, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырып, жүргізудегі кәсіби шеберлік өзекті мәселе болып табылады.

«ҚР Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» 2023 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша педагогика саласындағы мамандықтар ең көп сұранысқа ие болған мамамндықтар тізіміне кірген.



Кесте 1

Педагогикалық мамандықтың басқалардың қатарынан ерекшеленіп тұруы, ең алдымен, осы мамандық өкілдерінің ойлау образы, олардың өз міндеттері мен жауапкершілігін өте жоғары сезінуі. Оның ең басты айырмашылығы, ол өзгертуші де, басқарушы мамандықтардың қатарына бірдей жатады. Өз қызметінде тұлғаны қалыптастыру мен өзгерту мақсатын қоя отырып, педагог сол тұлғаның интеллектуалдық, эмоционалдық және физикалық даму процесін, оның рухани әлемінің қалыптасуын басқаруды мұрат етеді. Педагогикалық мамандықтың негізгі мағынасы — адамдармен қарым-қатынас. Педагогтың басты міндеті — қоғамдық мақсаттарды түсіну және өз оқушыларын соларға қол жеткізуге бағыттау [3].

Оқушының осы мамандыққа қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттыруда педагог мамандығы адамнан жан-жақты білімді, шексіз жан жомарттығын, балаларды асқан бір даналықпен сүйе білуді талап ететінін жеткізу керек. Ұлы педагог Ян Амос Коменский мұғалім мамандығын жоғары бағалап, оны «күннің астында одан биік ешнәрсе жоқ», ең құрметті, ең артық мамандық деп санаған. Мұғалімді бақшадағы өсімдіктерді асқан бір сүйіспеншілікпен баптайтын бағбан, адам жанының түкпір-түкпірінде білім ғимараттарын тұрғызатын сәулетші, адам жаны мен ақылын қашап, егеп, әсемдейтін мүсіншімен, жабайылық пен тұрпайылыққа қарсы шабуылды бастайтын қолбасшымен салыстырған.

Міне, бір ғана қарапайым мысал арқылы оқушыға жол көрсетуге болады. Коменскийдің артына қалдырған мұрасында мұғалімге қойылатын басты талаптар қалыптастырылған. Бұл талаптарды да болашақ маман иесі білуі керек. Талаптарға тоқталсақ:

- мұғалім өзінің мамандығын жақсы көруі және оған мемлекеттік маңызы бар іс ретінде жауаптылықпен қарауы тиіс;
- білімді және өзінің педагогикалық шеберлігін арттыруға мүдделі болу;
- өзінің оқушыларының психологиясын терең білу;
- мұғалім өзінің міндеттерін адал және шын көңілмен атқаруы тиіс;
- оқушыларының талаптары мен қызығушылықтарын білу;
- мұғалім өзінің тәжірибесін өзгелердің игілігі етуге ұмтылуы тиіс;
- мұғалім тек мектепте ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де балалар мен олардың ата- аналары үшін үлгі болуы тиіс.

Педагогикалық мамандық үлкен еңбекқорлық пен жауапкершілікті талап етеді. Бұл тұжырымның ақиқат екендігіне ағартушы-ұстаз Ы.Алтынсарин, Т.Тәжібаев, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ш.Әлжанов, Ғ.Мүсірепов басқа да отандық және шетелдік аса көрнекті педагогтардың өмірінен мысалдар келтіруге болады. Осы орайда, Л.Н.Толстой педагогикалық мамандықтың гуманистік бастауын балаларға деген сүйіспеншілік деп қараған. «Егер мұғалім тек ісін ғана сүйетін болса, ол жақсы мұғалім болады. Егер мұғалім әке- шеше сияқты тек баланы ғана сүйетін болса, ол кітап атаулының барлығын оқыса да, не ісін, не баланы сүймеген мұғалімнен артық мұғалім болады. Егер мұғалімде өз ісіне де балаға да сүйіспеншілік сезімі болатын болса, ол – нағыз мұғалім». Қызығушылығы мен қатар жақсы маман иесі болуға ұлылардың сөздері мен нақылдары арқылы үнемі бағыт беруге болады.

Педагогикалық мамандық шығармашылық мамандыққа жатады. Ол педагогикалық бағыттағы жаңалықтарды таба білуді, көзге көрінбейтін заңдылықтарды анықтауды, қадағалай білуді және, қадағалай отырып, маңыздысын аша білуді, педагогикалық фактілерді талдауды ұдайы талап етеді. «Мұғалімдік дегеніміз — өнер, ол, жазушының немесе композитордың жұмысына қарағанда, шығармашылық тұрғысынан еш кем емес, бірақ анағұрлым ауыр және жауапты іс. Мұғалім адам жанынан композитор сияқты музыка арқылы емес немесе суретші сияқты адамға бояулар мен түстер арқылы әсер етпейді, ол адам жанынан тікелей ықпал етеді. Өзінің тұлғасымен, өзінің білімімен, махаббатымен, өзінің өмірге деген көзқарасымен тәрбиелейді» [3,18].

Мектепте кәсіби бағыт беру үлкен жолға қойылып келеді. Білім беру саласындағы педагогикалық маманыққа даярлауда ҮПБ жүйесінде деңгейлер жүзеге асырылады: орта білімнен кейінгі (педагогикалық колледждер); жоғары педагогикалық білім (педагогикалық институттар, университеттер); жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Яғни, оқушы мектепті аяқтаған соң колледждерде педагогтарды даярлау мамандығына бара алады. Статистика бойынша, педагогикалық мамандықтар бойынша оқытатын колледждердің барлығы 254-і бар, оның ішінде- қалаларда (90%)/ауылдық жерлерде (10%) орналасқан. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде педагогикалық мамандықтар бойынша контингент (2020 жылғы наурыздағы жағдай бойынша) 72 548 адамды құрайды (білім алушылардың жалпы контингентінің 15,5%), оның ішінде мемлекеттік – 51,4 %, жеке – 48,6% білім алуда. Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтар бойынша білім алушылардың жалпы санынан 24% сырттай оқу нысаны бойынша оқыды. Жыл сайын педагогикалық мамандықтар бойынша колледждерге 16-19 мың адам қабылданады, оның 60%-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша.

2022-2023 жылдың мамандықтар бойынша мәліметінде (1-кесте) көрсетілгендей, педагогикалық мамандыққа сұраныс өскен. Мамандардың саны да артқан. Демек, жыл сайын өсімдік өруге болады. Педагогика саласын бітірген мамандардың жұмысқа орналасуына да көңіл бөлініп жатыр.

Түлектер саны. Мамандандыру бойынша. 2022/2023 оқу жылы (мың адам)

	Барлығы	ЖОО түлектері	ТжКБ ұйымдардың түлектері
Барлығы	**300,7**	**162,0**	**138,8**
Педагогикалық ғылымдар	72,1	55,33	16,8
Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	1,5	1,4	0,1
Бизнес, басқару және құқық	18,0	16,6	1,4
Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	0,5	0,5	0,02
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5,2	3,7	1,5
Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	19,1	8,6	10,5
Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	1,1	0,4	0,8
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру	6,3	1,2	5,1
Қызметтер	20,5	3,2	17,3
Басқалар	156,3	71,1	85,2

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы мәліметтері негізінде **Finprom.kz**

Кесте 2

Бұл мамандыққа оқушылардың көптеп келуіне шәкіртақының да рөлі бар. Болашақ мұғалімдердің уәждемесін арттыру мақсатында олардың стипендиясының мөлшері 42 мың теңгеге дейін, содан кейін 50 мың теңгеге дейін, ал 2022 жылдың қыркүйегінде 56 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. 2023 жылдан бастап бұл 20 пайызға артқан. Педагогикалық мамандықтың ерекшелігі, сонымен қатар оның қызметінің мұғалім мен оқушының арасында өзара қарым-қатынастарының барысында жүзеге асырылатындығы болып табылады. Мұндай өзара әрекеттестіктің сипатын, ең алдымен, мұғалімнің өзі анықтайды, мұндай өзара әрекеттестіктің ең оңтайлы түрі — ынтымақтастық, педагогикалық процесс субъектілерінің бірлескен шығармашылығы болып табылады.

Негізінен жоғары сынып оқушыларында көп жағдайда мамандыққа деген қызығушылық жағдайы басым болғанымен, кейіннен қызығушылықтары ауысып кетеді. Яғни, өзінің қалауын білсе де, бірақ мамандықтарының қалай аталатынын білмейтіндері де бар. Кейіннен жоғары ҰБТ (ұлттық біріңғай тест) немесе КТ (кешенді тест) уақыты жақындағанда оқушы бойында бірнеше ойлар мен күдіктер басым болады. Осындай сәтте ата-ана қолдауы да маңызды. Мектепте де оқушыға жетекші дереу көмектесі керек.

Оқушыларды бұл мамандыққа қызығушылығын арттыру үшін жоғарғы оқу орындары туралы көбірек ақпарат беру керек. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының шетелдік университеттермен шарт жасасып, халықаралық байланыстар орнатып бұл сала иелеріне жалпы жағдай туғызып отыр, яғни шетелден тәжірибе өту мүмкіндігі де бар. Көптеген жағдай жасалып ғана қоймай, жаңа ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің жаһандану үдерісі белсенді білім алуларына мүмкіндік қарастырылған. Бүгінгі таңда педагогика саласында ғана емес, қоғамда күнделікті міндеттеріміз бен өмірімізді біріктіретін көрнекті цифрлық және мультимедиялық технологиялар адамның кәсіби дамуында маңызды рөл атқарып жатыр. Сондықтан заман көшінен қалмау үшін сапалы білім алуы қажет. Білім мен технологияларды ұштастыра отырып оқыту аясында мектептегі білімін ары қарай шыңдайды,оқу жүйесін нығайта алады, мемлекет әрбір білім алушыға жағдай жасап, цифрландыру саясатын іске асырудың алғашқы қадамдарын мектеп табалдырығынан- ақ бастаған. Болашақта осы мамандық иелері өз таңдауларын дұрыс жасағанына қканады. Себебі, білім мен біліктілігі сай, заман талабына сәйкес қоғамда ұшқыр ойлы, шығармашылық қызметке қабілетті маман атанады.

Жоғарыда аталған талаптар мен кеңестерді ескере отырып, жұмыс жасалатын болса оқушының ойынан шығатын маман иесі атанатына сенеміз. Мұғалімдер де кәсіби бағыт бойынша терең білімді меңгеру керек. Ол да оқушыға үлкен әсер етеді. Осы бағытта зерттеу жүргізген профессор Ж.Т.Түрікпен-ұлы мен Х.Наубаеваның «Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіби бағдар», - атты кітабында кәсіби бағдар – тұлғаның өзіне сай мамандық таңдау кезінде оларға мақсатқа бағытталған көмек көрсету делінген бағыттау. Яғни, кәсіби бағдар дұрыс жолға қойылуы керек. [4,67].

Қорыта келе, мамандық таңдау – маңызды және жауапкершілікті іс. Мамандық таңдағанда ең бірінші орында қызығушылық пен бейімділік, қабілет және қалау тұру керек. Содан кейін ғана

жанұялық дәстүр мен қызығушылықтар, қаржылық мүмкіншіліктерді қою керек. Осыны оқушыларға түсіндіруде кәсіби бағыт дұрыс ұйымдастырылуы керек. Абай атамыз айтқандай, өмірден өз орнынды табу үшін мамандықты дұрыс таңдай білудің маңызы зор екендігін «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деген жолдармен жеткізген. Мамандығын дәл таңдап, өмірден адаспай жолын тапқан жас ел дамуына керемет үлес қосатыны баршаға аян.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогика: Оқулық / А. Дүйсенбаев. – Астана: Фолиант, 2018. – 264 б.
2. Шавир П.А. Психология профессионального самоопределения в ранней юности. - М. : Педагогика, 1981. - 96 с
3. Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы
4. Түрікпен-ұлы Ж., Наубаева Х. Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар. – Алматы, 2004. – 108 б.

ӘОЖ 373.1. 02

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бузаубакова К.Д.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
«Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор,

Жапарова У.Т.
7М01105-Білім берудегі менеджмент білім беру бағдарламасының магистранты
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибелерін зерттеу кезеңдері ашылады: репродуктивті деңгей; эвристикалық деңгей; шығармашылық деңгей.

Сондай-ақ, мақалада заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеу кезеңдеріндегі мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұны, ерекшеліктері айқындалады.

Кілтті сөздер: инновациялық іс-әрекет, инновациялық іс-тәжірибе, репродуктивті деңгей, эвристикалық деңгей, шығармашылық деңгей.

Аннотация

В статье раскрываются этапы исследования инновационных практик современной школы Республики Казахстан: репродуктивный уровень; эвристический уровень; творческий уровень.

Также в статье определены содержание и особенности действий учителя на этапах исследования инновационного опыта современной школы.

Ключевые слова: инновационная деятельность, инновационный опыт, репродуктивный уровень, эвристический уровень, творческий уровень.

Abstract

The article reveals the stages of research into innovative practices of modern schools in the Republic of Kazakhstan: reproductive level; heuristic level; creative level.

The article also defines the content and features of the teacher’s actions at the stages of researching the innovative experience of a modern school.

Key words: innovative activity, innovative experience, reproductive level, heuristic level, creative level.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұ лт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол

үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» – деп атап көрсеткеніндей, жайлы мектепте сапалы жұмыс жасайтындай заманауи педагогтердің қажеттілігі кезек күттірмейтін өзекті мәселе [1].

Жаңа Қазақстанда заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибелерін зерттеу жолдарын анықтау қажеттілігі туындауда.

Инновациялық іс-әрекет деп мұғалімнің өз тәжірибесінде айтарлықтай жоғары нәтиже беретін белгілі сатыда біртіндеп енген жаңалықтың сапалы өсу динамикасын айтады. Инновациялық іс-әрекет бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі межеден ауытқу тудырады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтың пайда болуы, іске асырылуы сияқты кезеңдерімен ерекшеленеді.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесі. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің қалыптасуы: өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетімен; жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесімен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігімен; жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен; педагогикалық инновацияны өз бетінше жасаумен сипатталады.

Мұғалімнің инновациялық негізгі іс-әрекеті танымдық дербестіктің үш негізгі деңгейімен анықталады:

а) жоғары деңгей – ***шығармашылық-идеялық***: инновациялық ғылыми-педагогикалық жалпы идеяның бар болуы және жаңалықтың оқу-тәрбие процесінде шығармашылықпен қолдануы;

ә) орташа деңгей – ***өзгертуші-қозғаушы деңгей:*** жаңа ғылыми-педагогикалық идеялар репродуктивтік келісті шығармашылық элементтерімен біріктіре отырып, оқыту идеялары тұрғысынан қорытындылай алуы;

б) төменгі деңгей – ***репродуктивті деңгей:*** педагогикалық процестің жаңа ұстаным мен ережелері кәсіби-педагогикалық білім тұрғысынан жеткілікті қорытындыланбауы [2].

Мұғалімнің инновациялық даярлығының репродуктивті деңгейі – мұғалімнің өзін-өзі кәсіби жетілдіруі: мұғалім инновациялық технологияларға тұрақты көзқарас таныту, оқыту мен тәрбие беруде баламалы технологиялардың қажеттілігін түсінеді, мемлекеттік білім стандарты көлемінде жаңа шешім табуға ізденіс жасайды, оқу-әдістемелік кешендеріне аздаған өзгерістер енгізу арқылы, өз тәжірибесінде пайдаланумен сипатталады.

Инновациялық іс-әрекеттің жүру кезеңінде мұғалім инновациялық технологияны өз тәжірибесінде пайдаланады, пайдаланудың жаңа әдістерін анықтайды. Бұл кезең мұғалімнің инновациялық даярлығының екінші эвристикалық деңгейіне сәйкес келеді. Эвристикалық деңгей мұғалімнің оқу-тәрбие процесіне жаңалықты белгілі бір мақсатпен жүйелі ендіруімен сипатталады: мұғалім педагогикалық міндеттерді шешу үшін жаңа әдістерін іздестірумен айналысады, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетті қамтамасыз етуде рефлексия басты орын алады.

Педагогикалық процеске жаңалықты енгізгеннен кейінгі соңғы кезеңінде мұғалім өзі қолданған педагогикалық технологияның кемшіл тұстарын айқындай алады, инновациялық іс-әрекеттің өрбуіне кедергі болған факторларды анықтайды, оларға диагностикалық сараптама жасайды. Бұл кезең мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің шығармашылық деңгейіне сәйкес келеді: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, ізденістер орын алады.

Өндіруші іс-әрекет көлемінде ғана, бірақ стандартты жағдайда жаңа шешім іздеуге талпынады: оқыту мен тәрбие беруде балама технологиялардың қажеттілігін түсінеді; мұғалім қабілеті дайын әдістемелік ұсыныстарды аздаған өзгерістер енгізу арқылы өз жұмысында пайдаланумен сипатталады; мұғалім өзін-өзі кәсіби жетілдіру қажеттілігін түсінеді.

Эвристикалық деңгей инновациялық іс-әрекет жаңалықты жалпы түрде мақсаткерлікпен, тұрақты, саналы енгізуімен сипатталады. Мұғалім педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа тәсілдерін іздестіреді; зерттеушілікпен айналысады; мұғалім іс-әрекетінде инновацияны енгізуді қамтамасыз етуде рефлексия, эмпатия басты орын алады (1-сурет).



Сурет 1. Мұғалімнің инновациялық даярлығының диагностикасы

Шығармашылық деңгей жаңаны ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейімен анықталады, инновациялық іс-әрекет жоғары сатылы нәтижелігімен сипатталады: мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінде шығармашылық белсенділік, педагогикалық интуиция, білім беруде авторлық көзқарастар пайда болады; мұғалімде ғылыми және педагогикалық қажеттілік пен қызығушылық үйлесімділік табады.

Репродуктивті деңгей іс-әрекетті, білімді белгіленген межеге дейін қабылдай алумен ерекшеленеді: педагогикалық жаңалыққа тұрақты көзқарас, педагогикалық іс-әрекетіне қанағаттанушылық танытады.

Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеуде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады.

Педагогикалық процесс те басқа өндірістік және технологиялық процестер секілді инновациялық іс-әрекетті талап етеді. Педагогикалық инновациялық іс-әрекет негізінен жаңадан пайда болу, өңдеу және тарату кезеңдерімен сипатталады.

Педагогикалық инновациялық іс-әрекеттің негізі мақсаты – мұғалім мен оқушы арасындағы шығармашылық қарым-қатынас субъектісін анықтау; оқушының дербес шығармашылық дамуын қамтамасыз ету.

Осыған сәйкес 2-суретте мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің диагностикасы ашылды, мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті 3 кезеңнен өтеді: жаңалық енгізуге дейінгі алғашқы кезең; инновациялық іс-әрекеттің жүру кезеңі; педагогикалық процеске жаңалықты енгізгеннен кейінгі соңғы кезең.



Сурет 2– Инновациялық процесс кезеңдері

Жаңалықты енгізуге дейінгі алғашқы кезеңде мұғалім жаңа білімді меңгеру әдістерін таңдайды: педагогикалық технологияны пайдалану және қолдану мәселелерін шешеді. Бұл кезең мұғалімнің инновациялық даярлығының репродуктивті деңгейімен анықталады.

Бірінші дайындық кезеңінде мұғалім жаңалықтың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңа ақпарат жинайды, олардан өзіне қажеттісін таңдап, оны өз тәжірибесінде қолданады және осылайша мұғалім инновациялық іс-әрекетті жүргізудің екінші кезеңіне көшеді. Мұнда мұғалім зерттеу арқылы таңдап алған жаңалықты енгізу жоспарын құрып, оны іс жүзінде қолданады: жаңалықты қолдану барысында мұғалім енгізуге кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып, өз іс-әрекетіне қажетті өзгерістер енгізеді.

Алғашқы кезеңде мұғалім өз іс-әрекетіне талдау жасау арқылы міндетті түрде оны бағалап және қажетті өзгерістер енгізе алады. Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекеттің үшінші кезеңіне көшеді.

Бұл кезеңде мұғалім жаңа тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысына талдау жасайды: оның оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге арналған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие процесіне нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп оны таратуды ұсынады.

3-суретте заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеу кезеңдері ашылды.

Сурет 3 – Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеу кезеңдерінде мұғалімнің іс-әрекеті

Ғалым М.Н. Скаткин өз зерттеуінде белсенді ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мүмкіндігінің мазмұнын ашады. Автордың пікірінше, ғылыми-педагогикалық қабілеттілік деп «мұғалімнің педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы, ұдайы жаңалыққа құлшыныс білдіруі, шығармашылық жұмысқа ынта білдіруі, эксперимент жүргізуі, жүйелі түрде әдебиеттерді оқып үйренуі, әріптестерінің озат тәжірибесін үйренуі, зерттеу, пайдалануды айтады» [3].

4-суретте заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеу процесін ұйымдастыру мазмұны ашылды.

Зерттелетін проблема			
Зерттеудің болжамы			
Таңдаған тақырыптың теориясы, шығу тарихымен танысу, оның сол саладағы ғылыми жетістіктерін анықтау: - ғылыми әдебиет көздерінен: - ғылыми әдебиеттерді сұрыптау; - ғылыми құжаттарды қарау; - оқушылармен және педагогикалық ұжым мүшелерімен қарым-қатынаста болу; - жоғары оқу орындарымен тікелей байланыс орнату.	**Ғылыми бақылау**	Жеке мұғалімдердің озат тәжірибесін және озат мектептердің іс-тәжірибесін оқып үйрену: - тікелей-бақылау; - әңгімелесу; - сауалнама жүргізу; - мектептің даму бағдарламасымен танысу; - авторлық мектептер - бағдарламасымен танысу; - оқушылардың іс-әрекетіне - диагностикалық сараптама - (мониторинг жасау).	**Білім мен фактілерді жинақтау кезеңі**
Ғылыми болжамды тексеру, теорияның құрылымы			
Педагогикалық процесті құру, зерттеу, тексеру бойынша эксперименттік жұмыстар (бағдарламасын жасау). Педагогикалық процесті модельдеу. Педагогикалық процесті і диагностикалау.			**Фактор–ларды жүйелеу**
Ғылыми-зерттеудің нәтижесін шығару			
Зерттеу тақырыбы бойынша: - ғылыми есеп, ғылыми мақала; - оқу-әдістемелік құрал, әдістемелік нұсқау; - авторлық бағдарлама; - оқулық; - веб-сайт, инновациялық ақпараттық банктер,білім беру порталдары ; - электрондық оқулықтар; - дидактикалық материалдар және т.б.			**Қорытындыны тексеру кезеңі**
Зерттеу нәтижесін практикаға ендіру және оны насихаттау жолдары			
- әдістемелік, педагогикалық кеңестердегі баяндамалар; - ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу; - ғылыми-педагогикалық оқулар,педагогикалық форумдар; - ғылыми жоба байқауларына қатысу.			**Тәжірибені тарату кезеңі**

Сурет 1. Заманауи мектептің инновациялық іс-тәжірибесін зерттеу процесін ұйымдастыру

Білім мен фактілерді жинақтау кезеңінде мәселе қойылады және оның көкейкестілігі негізделеді: қиындық жақтарын ашу; алынған проблеманың қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде алатын орны; қарама-қайшылықтарын көрсету; проблема бойынша әдебиеттер оқу.

Прогностикалық кезеңде зерттеудің мақсат, міндеттері анықталады; болжам жасалынады; нәтиже шығарылады.

Ұйымдастырушылық кезеңде эксперименттің бағдарламасын жасалынады, материалдық база дайындалады; әдістемелік жабдықталады.

Қорытынды кезеңде алынған нәтижелерді өңдейді, қойылған мақсат пен алынған нәтиженің ара-қатынасы; нәтижені талдау; болжамды түзету (өзгерістер енгізу); алынған нәтижені көрнекті түрде көрсете алу [4].

Ендіру кезеңі: тарату, насихаттау.

Ғылыми-зерттеу жұмысының осындай жоспары әдістемелік кеңес отырысында бекітіледі. Қандай да бір тақырыпты таңдап алып, мұғалім сол тақырып төңірегінде бірнеше жыл жұмыс жасайды. Эксперименттің жүру барысы бірнеше кезеңдерге бөлініп, нәтижесі жинақталынып отырады.

Оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғы шарты – мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Жаңа педагогикалық технологияны оқып үйренеді, меңгереді, қолданады, жетілдіреді, нәтижесін тексереді, диагностикалық сараптама жасайды, дамытады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» ҚР Президенттінің Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. –Астана, 2022.
2. Бузаубакова К.Д. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың иеориясы мен практикасы.Монография: «Жазушы», 2009. –456 б.
3. Скаткин М.И. Профессиональные способности педагога. Акмеология воспитания и обучения. –М.: Изд-во «Флинта», 1998. –368 с.
4. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. –Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2022. – 314 б.

ӘӨЖ 35.061

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж.,
№47 орта мектебі мұғалімі Тараз қ.

Қазбек А.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығы студенті,

Аннотация: Бұл мақалада бейнетаспаның беретін мүмкіндіктері жайлы қысқаша айтылады, әрі бейнетаспа арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятуға болатыны түсіндіріледі. Интернет ресурсында бейнені қалай монтаждауға болатыны, интернет ресурстарының көмегімен қандай нәтижеге жетуге болатыны ашып көрсетіледі.

Аннотация: В этой статье кратко рассказывается о возможностях видеокассет и объясняется, как можно использовать видеокассеты, чтобы пробудить интерес учащихся к уроку. Как отредактировать видео на интернет-ресурсе, и каких результатов можно добиться с помощью упомянутых интернет-ресурсов, будет раскрыто.

Annotation. This article briefly talks about the possibilities of videocassettes and explains how you can use videocassettes to arouse students' interest in the lesson. How to edit a video on an Internet

resource, and what results can be achieved with the help of the mentioned Internet resources, will be revealed.

Кілтті сөздер:

Цифрлы құзіреттілік, бейнетаспа, монтаждау, мүмкіндіктер, сайт, қысқарту, біріктіру, проект, дыбыс өзгерту, сурет, жүктеу.

Цифрлық білім беру платформалары – электронды оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Бейнетаспа арқылы сабақты түсіндірудің оқушыларға пайдасы зор. Себебі, оқушыға бейне арқылы көріп оны түсіну оңай болады, әрі есінде ұзақ уақытқа дейін сақталады. Мұғалімнің ауызша айтқанына қарағанда, тақырыпқа қатысты түрлі аниматорлық бейнетаспа, тікелей жүргізілген бейнетаспа арқылы көрген қызығырақ, әрі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятады. [1].

Бейнетаспаны қалай қысқартуға, қалай әуендер қосуға болатынын, оған сурет қосуға және бейнетаспаның үстіне бейнетаспаны қалай қоятынын көрсетпекпіз. Қазіргі таңда цифрлық құзіреттіліктердің жоғарғы деңгейде дамығанына байланысты бейнетаспаны монтаждауға болатын бірнеше сайттар мен программалар бар. Компьютермен бейнетаспа жасауға өте қолайлы, ыңғайлы жасайтын ***online-video-cutter.com* сайтпен қалай жұмыс жасауға болатынын көрсетеміз.**

Ең алдымен *online-video-cutter.com* сайтын әлеуметтік желіден іздеп кіреміз.



1-сурет

***Сайтқа* кіргенде бірден алдымыздан 1-суреттегідей терезе ашылады. Бұл сайтта жұмыс істемес бұрын алдымен электрондық почтамыз арқылы тіркелеміз.**



2-сурет

Тіркеліп болдық, енді біз кез-келген бейнетаспамызды монтаждай аламыз.



3-сурет

Терезеге назар аударатын болсақ, ең алдыңға қатарда бейнетаспаға монтаждауға қатысты түрлі нұсқалар берілген, нақтырақ айтатын болсақ:

- -бейнетаспаны монтаждауға;
- -бейнетаспаны біріктірге;
- -бейнетаспаға әуен қосуға;
- -бейнетаспаны қысқартып, қажет емес бөлігін алып тастауға;
- -бейнетаспаға суреттер қосуға;
- -бейнетаспаның кез-келген бөлігіне сөздерді немесе мәтіндерді енгізуге
- болады.
- Бір айта кететіні біз бұл өзгерістерді жеке-жеке кіріп орындаймыз. Бұның пайдасы сіз әрқайсысына жеке кіру арқылы кішігірім қателіктерді де түзетуге мүмкіндік аласыз.





4 –сурет

Нақтырақ түсіну үшін бейнетаспаны монтаждауға кіріп түсіндірейік. *Проект құру* батырмасын басамыз. Сол уақытта алдымыздан *жұмыс үстелі* ашылады. Суреттен көріп тұрғандарыңыздай *бейнемонтажға* арналған экран берілген, яғни сіз ол тұстан бейнетаспаңызға арналған өлшемдерді таңдай аласыз. Жұмысты одан әрі жалғастыру үшін *файлды енгізу* батырмасын басамыз, жаңа терезе ашылып, жүктеу қажет файлды сол беттен іздеп, *ашу* батырмасын басамыз.



5-сурет

Бейнетаспамыз ашылды. Зер салып қарасақ, бейнетаспамыздың жоғарғы жағында бейнетаспаның ұзақтық уақыты берілген. Сол тұстан бейнетаспамыздың біркелкі немесе бастапқы бөлігіне «текст» батырмасын басу арқылы сөз немесе мәтін енгізуге болады. Мысалы *менеджмент* сөзін бейнетаспаға қосуды шештік. Керек сөзімізді жазып болған соң сол сөздің шрифттерін, түсін өз қалағаныңдай өзгертуге, үлкейтуге немесе кішірейтуге және кез-келген бөлігіне әртүрлі уақытқа қоюға болады.





6-сурет

Бұл суреттерден көріп тұрғандарыңыздай бейнетаспа бетінің өлшемін «*масштаб*» батырмасын басу арқылы кішшірейтуге немес үлкейтуге болады. Оны жүзеге асыру үшін пайыздық (%) өлшем бірлікті қолданамыз. Пайызымыз қаншалықты үлкен болған сайын, бейнетаспада жақын, әрі үлкейтіліп көрсетіледі.

Келесі бізде әуен немесе түрлі дыбыстарды дұрыстауға болады. Нақтырақ айтатын болсам:

-дыбыстарды кесуге;
-дауыстарды бәсеңдетуге немесе басым қылып шығаруға;
-дыбыс жылдамдығын өзгертуге;
-дауыс тонын өзгертуге;
-дауыс жаздыруға;
-бірнеше дыбыстарды бір дыбысқа жинауға болады.

Дауыс дұрыстауға да бейнетаспаға кіргендей, керек операцияны таңдап, түзетуге қажет дыбысты енгіземіз.



7-сурет

Бұл бізде дауысты дұрыстауға арналған жұмыс беті. Суреттен көргендеріңіздей *«эквалайзер»* операциясын таңдау арқылы, дауыстың әр уақыттағы тондарын түзетуге болады, одан кейінгі суретте дыбыс жылдамдығына қатысты түзетулерді қалай енгізуге болатыны көрсетілген.



8-сурет

Сайттың тағы бір ерекшелігі «PDF» форматында берілген барлық файлдарды, суреттерді, бейнетаспаларды, кестелерді, түрлі дыбыстар мен әуендерді, сайт кодтарын жеке-жеке өз файлдарында ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, мағлұматтар мен ақпаратттарды Word

программасынды, кестелерді Exsel программасында, суреттерді JPG форматта, сайттарды HTML программасында ашу.

9-сурет

Бейнетаспаны монтаждап болған соң немесе дыбысты өңдеп болған соң «*сохранить*» батырмасын басу арқылы дайындап, түзеткен дайын жобамызды жүктейміз. Дайын жоба автоматты түрде «*загрузки*» бөлімінде сақталады.

10-сурет

Қорытындылай келе, қазіргі XXI ғасырда цифрлық құзіреттілігі дамыған педагогтер үшін бейнетаспа монтаждай алуының орасан зор үлесі бар. Осы бейнетаспа арқылы оқушыларға тақырыпты түсіндіру жеңіл әрі қызықты бола түседі демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 1.Цифрлы педагогика: Оқулық/ К.Д.Бузаубакова, Амирова А.С., Маковецкая А.А. – Тараз. 2022. -314 б.
2. *Интернет ресурстар*
   online-video-cutter.com сайты Y2mate.com сайты

ӘОЖ 371.388

ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ

Бабижанова Райхан Жолдасовна
Жамбыл облысы, Меркі ауданы № 5 Ақарал мектеп-гимназия
директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары

Аннотация

Мақалада цифрлық дидактика талаптарын ескере отырып, жобалау қызметінің ұйымдастырушылық ерекшеліктері қарастырылған. Цифрлық құралдардың мүмкіндіктері жобаның міндеттеріне сәйкес сипатталған: жұмысты жоспарлау, зерттеулер жүргізу, жобалық жұмыстың нәтижелерін ұсыну.

Кілт сөздер: жобалық қызмет, цифрлық дидактика, цифрлық құралдар.

Аннотация

В статье рассмотрены организационные особенности проектной деятельности с учетом требований цифровой дидактики. Возможности цифровых инструментов описаны в соответствии с задачами проекта: планирование работы, проведение исследований, представление результатов проектной работы.

Ключевые слова: проектная деятельность, цифровая дидактика, цифровые инструменты.

Annotation

This article discusses the organizational features of project activities, taking into account the requirements of digital didactics. The possibilities of digital tools are described in accordance with the objectives of the project: work planning, research, presentation of the results of project work.

Keywords: project activity, digital didactics, digital tools.

Білім беру жүйесі бізді қоршаған әлемде болып жатқан өзгерістерге бейімделуге әрдайым үлгере бермейді. Мектеп түлектері кәсіби әлемде өз орнын тауып, қоғамдық процестерге ене алуы және табысты болашақты қалыптастыруы үшін оқыту мен кәсіптік бағдарлаудың жаңа, тиімді нысандары қажет. Олардың бірі – жобалық қызмет. Мектептегі жобалық қызмет тек пәндік нәтижелерге ғана емес, сонымен қатар әмбебап, икемді іскерліктер мен дағдыларды (soft skills), сондай-ақ нақты, қолданбалы дағдыларды (hard skills) қалыптастыруға бағытталған. Жобалық әрекеттер білім алушыларға мына артықшылықтарды береді:

- оқулықтардағы білімді нақты әлемде болып жатқан процестермен салыстыру, білім мен дағдыларды практикаға бағытталған және өмірмен байланыстыру;
- мектеп бағдарламасының әртүрлі пәндерін оқудан алған білімдерін жалпылау және жүйелеу, пәнаралық байланыс орнату;
- өз іс-әрекетін жоспарлауға, ақпаратты іздеуге, оны жүйелеуге, әртүрлі формада ұсынуға және өз жұмысының нәтижелерін талдауға байланысты метапәндік дағдыларды қалыптастыру;
- мектептен кейін мамандық пен оқу стратегиясын таңдауға көмектесетін толық кәсіби сынақтар;
- мектеп оқушыларының қызығушылығын тудыратын салаларда жұмыс істеп жүрген сарапшылармен және мамандармен байланыс орнату;
- қазіргі жылдам өзгеріп жатқан әлемге сәтті бейімделуіне көмектесетін дағдыларды дамыту;
- түлек портфолиосын байытып, таңдаған университетіне түсу кезінде артықшылықтарға ие болады.

Осы себепті заманауи білім беру кеңістігіндегі жобалық іс-шаралар өте маңызды және сұранысқа ие.

Цифрлық дидактика идеяларын ескере отырып оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарын қарастыру өте жөн деп санаймын. Жаңа дидактика (оны цифрлық экономика, цифрлық технологиялар, цифрлық құралдар және т.б. аналогия бойынша цифрлық деп атаған жөн) цифрлық трансформация жағдайында білім беруді ұйымдастыруды қарастырады. Тұжырымдамалық аппарат толық анықталмаған, мектепте және мектептен тыс уақытта білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдерінің нақты жіктелуі болған жоқ. Цифрлық білім беру ресурстарын таңдауда және цифрлық білім беру ортасын құруда қиындықтар бар.

Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындары қазір осы жаңа цифрлық дидактиканың ережелерін әзірлеуде.

Жобалау қызметін ұйымдастырудың реттілігі (өмірлік циклы) алты кезеңді (6Қ) анықтайды.

Олар: 1. Мәселені белгілеу; 2. Жоспарлау; 3. Ақпаратты іздеу; 4.Жобаның өнімі; 5. Нәтижені ұсыну; 6. Жобаның портфолиосы.

Қ1. Әрбір оқу жобасы білім алушыларға жұмыс істеуге арналған мәселені таңдаудан басталады. Мәселе білім алушы үшін өзекті, маңызды және мағыналы болуы керек. Мәселе тақырыппен тығыз байланысты. Мәселе әдетте жауабын табу керек болатын сұрақ (күрделі және көп қырлы) түрінде тұжырымдалады. Ал тақырып – оның сипаттамасына кіретін жобаның атауы.

Цифрлық дидактика әлі де дамып келеді. Бірақ цифрлық дидактика үшін негізгі заңдылықтар мен принциптер анықталған десе болады.

Заңдылықтар- оқу процесін ұйымдастыру талаптарын анықтайтын жетекші ережелер болып табылады	**Принциптер**-оқытуды ұйымдастырудың негізгі ережелері
-Білім беру процесі білім алушылардың белсенді өзіндік жұмысына негізделген; -Ақпаратты ұсынудың дедуктивті тәсілі; -Мақсат қоюдағы ережелер мен басымдықтарды өзгерту (олар оқушыларға бағытталған, қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға арналған сандық құралдардың болуын болжайды және материалды игерудің әртүрлі деңгейлерін ескереді); -Мұғалімнің жұмыс стилін өзгерту; -Бағалау жүйесінің өзгеруі (қалыптастырушы және енгізілген бағалау); -Оқытудың практикалық бағытын күшейту.	-Білім беру ортасының қанықтылығы; -Оқудың оқытудан басым болуы; -Қосылған бағалау; -Мультимедиа; -Жекелендіру; -Жетістік; -Ынтымақтастық және өзара әрекеттесу; -Оқу процесінің бейімделгіштігі; -Күрделіліктің артуы; -Практикалық бағыт; -Ресурстарды пайдаланудың орындылығы.

(1 сурет)

Қ2.Білім алушылар әр түрлі жоспарлау әдістерін (мысалы, Гант диаграммалары, электрондық күнтізбелер, уақыт жолағы және т.б.) пайдалана отырып, жоба жұмысын жоспарлайды. Бұл кезеңде білім алушыларға жоспарлаудың әртүрлі әдістерін үйрету өте маңызды, өйткені жоспарлау өмірдің барлық салаларында үлкен сұранысқа ие әмбебап дағды.

Әр түрлі жоспарлау әдістерін қарастырайық.

Gantt диаграммасы - жобаның әртүрлі қосалқы тапсырмаларын және олардың уақыт бойынша бір-бірімен қалай байланысатындығын көрсететін диаграмма.

Бұл жоба кестесін көрсетудің тәсілі және бұл жұмыстың уақытында орындалуына көмектеседі. Білім алушы барлық тапсырмаларды өз мерзімі бойынша орындау керек, әр тапсырманың уақытының көлемі, жеке тапсырмаларды орындау мерзімі және әртүрлі тапсырмалар кесте бойынша жасалады.

Gantt диаграммасы

	Бастапқы кезең (айлар)			Негізгі кезең (айлар)			Қорытынды кезең (айлар)		
	9	10	11	12	1	2	3	4	5
Жұмыс кезеңі / жұмыс мазмұны									
Тақырыпты таңдау									
Жұмысты жоспарлау									
Ақпаратты іздеу									
Жоба өнімін әзірлеу									
Құжаттарды рәсімдеу									
Жобаны қорғау									

(2сурет)

Түрлі -түсті календарь

Дүйсенбі	Сәрсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14

	Мәселе (тақырып) бойынша жұмыс
	Жұмысты жоспарлау
	Ақпаратты іздеу
	Жоба өнімін әзірлеу
	Жобаны қорғауға дайындық

(3 сурет)

(4 сурет)

Қ3. Жобаны орындау кезінде әртүрлі ақпаратты іздеу және сенімдісін таңдау өте маңызды. Осы кезеңнің өзекті міндеті - табылған ақпараттың дұрыстығын анықтау. Сенімділік-ақпараттың сапасын көрсететін нәрсе оның толықтығы мен дәлдігін көрсетеді. Сенімділік ақпараттың бұрмалануының болмауымен сипатталады. Ақпаратты іздеу кезеңінде білім алушылар оны Мемлекеттік стандарты бойынша сипаттауға, авторлық құқықты сақтауға, плагиатқа жол бермеуге үйренеді.

Қ4. Жобамен жұмыс істеу процесінде жобалық қызмет өнімдері жасалады.

Жобалық қызметтің өнімі – жобаға қатысушылардың проблемасын немесе тапсырмасын потенциалды түрде шешетін және нақты практикалық мәселе бойынша мұғалім мен білі алушылардың бірлескен жұмысы процесінде құрылатын жобалық жұмыстың нәтижесі. Жоба әрекетінің өнімі – жобаның ойластырылған мақсаты. Жоба өнімінің түрлері:брошюра, буклет; модель; 3D модель; бейнеролик;робот, сайт/блог; газет тсб**.**

Қ5. Жоба бойынша жұмыс оны таныстырумен аяқталады. Қазіргі уақытта білім беру жобаларын ұсынудың әртүрлі формаларын қолдануға болады: ғылыми-практикалық конференция; дөңгелек үстел; семинар; ата-аналар жиналысы; жобаны мамандар алдында қорғау тсб.

Қ6.Портфолио технологиясы

«Портфолио» - ұйым (фирма) немесе маман (модель, фотограф, дизайнер, сәулетші және т.б.) ұсынатын қызметтер туралы түсінік беретін жұмыс үлгілерінің, фотосуреттердің жинағы. Бұл термин әртүрлі салаларда кездеседі.

Білім беру үдерісіндегі «Портфолио» – бұл әр түрлі таңдаған салалардағы күш-жігерді, прогресті және жетістіктерді көрсететін білім алушының жұмысы мен нәтижелерінің жинағы; осы оқу кезеңінде білім алушының осы пән бойынша оқу жетістіктерінің көрмесі.

Портфолио келесі мақсаттарда қолданылады: әр түрлі пәндер немесе қызығушылық салалары бойынша прогресс пен жетістіктерді бағалау, өз мүмкіндіктері мен жетістіктерін көрсету мүмкіндігі ретінде. Оқу жобаларын орындау кезінде білім алушылар әртүрлі құжаттарды жасайды: жоба аппаратының сипаттамасы (мақсаты, міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні және т.б.), ақпараттық ресурстарға шолу және сипаттама, жобалық қызметтің өнімінің сипаттамасы, жоба күнделігі және т. б. – осының барлығын жоба портфолиосына біріктіруге болады. Портфолио цифрлық (электронды) болғаны жөн.

Электрондық портфолио құру әдістері мына кестеде берілген.

Құру тәсілі	Құруға арналған ресурстар	Ерекшеліктері
Компьютерде құжат қалтасының (папкалар) жүйесін құру	Кез келген операциялық жүйе	Жақсы ойластырылған файлдық жүйе болуы керек
Желілік қалта жүйесін құру	Бұлтты ресурстар, мысалы, Yandex.Disk	Жақсы ойластырылған файлдық жүйе болуы керек
Құжаттарды орналастыруға арналған беттері бар арнайы жеке немесе топтық веб-сайтты құру	Веб-сайтты құруға арналған құралдар жүйесі	Беттер саны көп болмауы керек, беттер иерархиясын ойластыру керек
Материалдарды жалпы сайттың жеке парақшасында (мектеп, әдістемелік бірлестік, мұғалімдік және т.б.) орналастыру.	Мектеп веб-сайтын жасау үшін пайдаланылған ресурстар	Парақшаның құрылымын ойластыру керек

(5 сурет)

Жобалық іс-шараларды ұйымдастыру кезінде бастауыш, орта және жоғары мектептер арасында сабақтастық болуы өте маңызды.

Интеграция – бөліктерді бір бүтінге біріктіру процесі. Білім беру жобаларын жүзеге асырудағы міндеттердің бірі – мектептегі оқу барысында алынған білім мен дағдыларды біріктіру. Жобалық қызметті оқыту мен жүзеге асырудағы STREAM тәсілін қолдану өте тиімді. STREAM тәсілі – жаратылыстану, математика және инженерлік пәндерді бір жүйеге біріктіретін білім беру моделі. Тәсілде гуманитарлық компонент те маңызды рөл атқарады.

Stream моделі интегративті тәсілге негізделген: биология, физика, химия және математика жеке емес, нақты технологиялық есептерді шешу үшін бір-бірімен байланыста оқытылады. Бұл тәсіл бізді ғылымның немесе технологияның бір саласының контекстінде емес, проблемаларды тұтастай қарастыруға үйретеді.

Жаратылыстану ғылымдарының қажетті және өте маңызды бөлігі эксперимент болып табылады. Эксперимент - табиғатты танудың, оның заңдылықтарын зерттеудің ажырамас бөлігі. Физика, химия, биология сияқты ғылымдарды тек теориялық тұрғыдан зерттеуге болмайды, оларға практикалық негіз қажет. Эксперимент білім алушыларға табиғаттың қолданыстағы заңдарының дұрыстығына, сондай-ақ алға қойылған ғылыми гипотезаның дұрыстығына, немесе керісінше, оның қателігіне сендіруге мүмкіндік береді [1]. Эксперименттің тиімділігін арттыру үшін заманауи құрылғыларды қолдану қажет, себебі дәл солар есептеулердің негізі болып табылатын деректерді тіркейді.

Цифрлық зертханалар осындай заманауи өлшеу құралдарына жатады [2]. Цифрлық зертхана - бұл фронтальды және демонстрациялық эксперименттерге, білім беру мен зерттеу тәжірибелерін ұйымдастыруға арналған мектептегі жаратылыстану зертханаларының жаңа буыны. Цифрлық зертханаларды қолдану байланысты білім беру салалары туралы түсінік алуға мүмкіндік береді: ақпараттық технологиялар; заманауи зертханалық жабдықтар; математикалық функциялар мен графиктер, эксперименттік мәліметтерді математикалық өңдеу, статистика, шамамен есептеулер; зерттеу әдістемесі, есептер дайындау, жасалған жұмыстардың презентациясы.

Жүргізілген зерттеуді қорытындылай келе, білім беру ортасына цифрлық технологияларды енгізу білім алушыларға да, педагогтарға да оң әсерін тигізетінін атап өткен жөн. Жобалау іс-әрекетінде цифрлық технологияларды қолдана отырып, мұғалім жаңа білім беру технологиясын әзірлеушіге айналады, нәтижесінде оның бастамасы, оның бастамашылығы, шығармашылық белсенділігі және оқытудағы жеке көзқарасы артады. Білім алушылар, өз кезегінде, болашақ кәсіби қызметінде сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін қажетті құзыреттер мен дағдыларды игереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлылығын қалыптастыру /Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. // Алматы. - 2012. – Б. 173 - 179.
2. Днепров Э.Д., Аркадьев А.Г., Дрофа М. Сборник нормативных документов. / Сост. Э.Д. Днепров, А.Г. Аркадьев., М.Дрофа. // Физика. - 2007. – С. 107 с.
3. С. Т. Мұхаметжанова, Ж. Ә. Жартынова, «Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері» Алматы – 2018ж.
4. http://izvestia-ippo.ru/zablockaya-a-s-osobennosti-organizaci/

ӘОЖ: 37.013.42:343

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Гайбуллаева Сауле Сабыровна
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы

Аннотация: Мақалада виктимологияның пайда болу тарихы және оның түрлері сипатталған. Автор виктимологиямен байланысты білім салалары арасындағы байланыстарды қарастырған. Жәбірленуші мінез-құлықтың проблемалары, жәбірленушінің түрлері мен факторлары қарастырылып және жәбірленуші мінез-құлықты әлеуметтік-педагогикалық алдын-алу, түзету жолдары ұсынылған.

В статье описана история возникновения виктимологии и ее виды. Автор рассматривает связи виктимологии со смежными отраслями знаний. Рассмотрены проблемы виктимного поведения, виды и факторы виктимности и предложены пути социально-педагогической профилактики, коррекции виктимного поведения.

The article describes the history of victimology and its types. The author examines the links of victimology with related branches of knowledge. The problems of victim behavior, types and factors of victimization are considered and ways of socio-pedagogical prevention and correction of victim behavior are proposed.

Кілттік сөздер: виктимология, виктимділік, виктимизация, модель, әлеуметтік педагог, алдын-алу, түзету.

Әлеуметтік виктимология ғылыми бағыт ретінде өткен ғасырдың ортасында әлеуметтену мен адамға жағымсыз әлеуметтік әсерлерді зерттеу, көмек көрсету идеясын жүзеге асыру барысында пайда болды.

Қазіргі әлеуметтік виктимологияның өзекті мәселелері жәбірленушінің жағдайына белсенді әсер ететін әлеуметтік-мәдени, демографиялық, әлеуметтік-рөлдік, экономикалық, экологиялық факторлар болып табылады. Адамдардың жекелеген топтарының құқыққа қайшы мінез-құлқының дамуына әсер ететін ситуациялық элементтерді талдау қазіргі жағымсыз құбылыстардың әлеуметтік профилактикасының әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның мәні және әлеуметтік-педагогикалық виктимология проблемаларын көрсетеді.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология – адамдардың әртүрлі категорияларын: олардың жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ әлеуметтендірудің қолайсыз жағдайларының нақты немесе әлеуетті құрбандарының өмірлік белсенділігін, факторларын, мүмкіндіктерін және олардың виктимизация шарттарын зерттейтін білім саласы.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология жағымсыз мінез-құлық генезисін криминогенге дейінгі деңгейде қарастыратындықтан, оның негізгі объектісі бейімделмеген топтар мен әлеуметтік құрбан жағдайындағы индивидтер, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-виктимологиялық құбылыстар болады. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияның пәні − әлеуметтік-педагогикалық мекемелер мен құрбандық жағдайдағы топтар және жеке тұлғалардың алдын алу және қолдау көрсету қызметтері жүзеге асыратын профилактикалық тәжірибенің әлеуметтік-психологиялық аспектілері, адамды немесе адамдар тобын әлеуметтену құрбаны болу жағдайына әкелетін объективті және субъективті факторларды талдауды қамтиды.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология келесі міндеттерді шешеді: физикалық, психикалық, әлеуметтік ауытқулары бар әр түрлі жастағы адамдардың дамуын зерттей отырып, осы ауытқулардың азайту, түзету бойынша жұмыстың жалпы және нақты принциптерін, мақсаттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін әзірлейді; әлеуметтену процесінің виктимогендік факторлары мен қауіптерін зерттей отырып, қоғамның, сипаттамаларына байланысты адамның дамуына әсерін азайту, алдын алу, жөніндегі әлеуметтендіру институттары мен агенттері, әр түрлі жастағы жәбірленушілердің түрлерін, жәбірленуші факторлары мен қауіптерге сезімталдығын анықтай отырып, олардың әлеуметтену құрбандарына айналуының алдын-алу бойынша әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық ұсыныстар жасайды; адамның өзіндік көзқарасын зерттей отырып, өзін әлеуметтенудің құрбаны ретінде қабылдау себептерін, оның одан әрі даму болжамын анықтайды және өзін-өзі қабылдау мен қарым-қатынасты түзету бойынша көмек көрсету мүмкіндіктерін жүзеге асырады [1].

Виктимділік – өзіне тән қасиеттеріне байланысты тұлғаның қылмыс жәбірленушісіне айналып кету бейімділігі. Виктимділікке ұшырау жағдайы көбінесе балалар мен әйел адамдарда басымдылық танытады. Бұл айтылған түрлердің өзіндік себептері мен келтірілетін зияндығына байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы: ең алдымен отбасындағы балаларға жасалған зардаптарға тоқталатын болсақ. Балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылық түрлері бірнеше параметрлер бойынша жіктеледі:

- анық немесе жасырын;
- орны бойынша: үйде, мектепте, көшеде;
- уақыты бойынша – бір реттік немесе көп реттік – жылдар бойы жасалатын зардаптар.

Н.К. Асанова бойынша былай қарастырылады:

Физикалық ауыртпалықтар – бұл 18 жасқа дейін балаға жасалатын зорлық-зомбылық түрі. Ол мынадай формаларда көрініс табады: баланы ұрып – соғу, қараңғы бөлмелерде қамау, оларға өз еріктерінен тыс есірткі заттар мен алкогольді ішімдікті, медициналық дәрілерді қолдануға

мәжбүрлеу т.б.

Әлеуметтік ауыртпалықтар – балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеу – бұл ата-ананың бала қызығушылықтарына көңіл аудармауы, жұмысбастылық, оларды рухани дамытпаумен қоса балаға қажетті жағдайдың жасалмауы, оларды азық-түлікпен, киімдермен, тәрбиесіне көңіл бөлмеумен, оқуына жағдайдың жасалмауымен, медициналық көмекпен қамтудың жоқтығы яғни, жұмыссызық және кедейлік т.б.

Психологиялық зардап шегу – баланы үнемі сөзбен қорлау, ата-ана, тәрбиеші, ата-анасы тарапынан қорқытулар, оның бойындағы қасиеттерін ескермеу, бала бойындағы адамгершілік сапаларды жою, баланы жақсы көрмеу немесе бөлу, оларға үнемі өтірік айту, ол орындай алмайтындай талаптар қою т.б. болып келеді.

Эмоционалды зардап шегу – ғалымдардың пікірі бойынша жоғарыда аталған типтердің бәріне ортақ болып табылады. Бала эмоционалдық жағдайда зардап шеккен болса оның дамуы мен қалыптасуына кедергі болады. Тұлғаның эмоционалдық бөлінісі келесідей: оқшаулау баланы әлеуметтік ортадан алшақтату, баланың мәселесін талқылаудан қашу, баланы мазақтау, жазалаудың болуы т.б.

Балалар мен ересектерде болатын жәбірлеудің түрлерін көп факторлық жүйе бойынша қарастыруымызға болады:

- баланың және ата-ананың тұлғалық ерекшеліктері;
- отбасының ішкі жағдайы;
- әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты күйзелістер.

Отбасындағы әлеуметтік-экономикалық виктимизация: кірістің аздығы, жұмыссыздық немесе уақытша жұмысқа тұру, жас отбасы, көп балалы отбасы, толық емес отбасы, пәтер жағдайының нашарлығы, мемлекеттік көмектің болмауы, ата-ананың тіл табыса алмауы, бала мен ата-ана арасындағы кемшіліктер.

Баланың ата-анасының тарапынан зардап шегуі келесідей қарастырылады:

- ата-ананың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты: басым болуы, баласының қызығушылықтарын ескермеу, үнемі бұйырып сөйлеу, эмпатияның болмауы, өзіндік бағалаудың төмендігі, агрессияға бейімділік;
- ата-ананың қоршаған ортаға кері көзқараста болуы, балаға жоғары дәрежеде сенім арту. Ата-ана баладан жоғары нәтиже күтуі бала бұл талаптарға сәйкес келмеуі;
- әлеуметтік дағдылардың төмендігі. Ата-ана мәселе туындаған жағдайда тиімді шешім таба алмауы, қоршаған ортамен қарым-қатынсатың жоқтығы. Бұл жағдайда ата-ана отбасындағы қиындықтарды жасырады. Сондықтан, жеке тұлғалар немесе отбасы тарапынан қолдау көрсетілмеуі мүмкін;
- ата-ананың психологиялық саулығы: ауытқулардың болуы, күйзелістер, есірткі және ішімдікті қолданатын ата-аналар тарапынан оның балалары зардап шегеді [2].

Отбасында баланың виктимділікке ұшырауының бірнеше моделін анықтауымызға болады:

Циклдық модель. Бала кезінде өзі құрбан болған ата-ана баланың отбасында құрбан болуына әкеледі. Бұл физиологиялық құрбандық: яғни баланы аяусыз ұру, өз қалауын орындату тұрғысынан көрініс табады. Зерттеулер бойынша отбасында құрбан болған балалардың - *93%* агрессивті мінез-құлық танытады.

Психопатологиялық модель. Бұл модель мынадай сипаттамадан көрінеді:

- психодинамикалық өзгеріс;
- психикалық ауытқулар;
- мінез-құлық сипаттамасы.

Дәстүрлі криминологиялық сипаты бойынша. Х.Мартин бойынша отбасы тарапынан балаға көрсетілетін қаталдықты үшке бөліп қарастырады:

1.баланың отбасындағы рөлі;
2.кездейсоқ жағдайлар;
3.отбасының дисфункционалды құрылымы.

Әлеуметтік-мәдени модель. Баланың әлеуметтік жағдайларда құрбан болуымен, ортаның балаға қысым көрсетуімен сипатталатын модель.

Отбасындағы виктимизация – бұл физикалық, сөздік, эмоционалдық, рухани және экономикалық жағдайға байланысты үнемі қайталанатын тұлғаны кемсіту мұндағы мақсат бақылау, қорқыту. Отбасындағы көрсетілетін зардаптарға байланысты Л. Уокер XX ғасырдың 80 жылдарында мынадай ұғымдарды маңызды деп санады: қорқыныш, депрессия, кінәлі болу, өзін-өзі бағалаудың төмендігімен көрсетті. Кейіннен Дж. Дуглас жаңа ұғымдарды енгізді: травматикалық зардаптар, өзгелерге көмектесе алмау. Отбасындағы зардаптарға байланысты нағыз және әлеуетті құрбандар келесідей: пассивті, өз-өзіне сенімсіз, бағынғыш, басқаларға сын көзбен қарау, агрессия, билік жүргізу, тұйықтық импульсивтілік [3].

Виктимділік жағдайдағы балалармен жұмыстың әлеуметтік-педагогикалық түзету бағдарламасын құруда ілгері қағидаттар ретінде келесілер ескеріледі:

1. кәмелетке толмағанның оңтайлы сапаларына негізделу. Әлеуметтік педагог үшін жәбірленген баланы үзілді-кесілді даттауға, жаман болжамдар айтуға жол берілмейді. Оған «жетістік жағдаятын» жасау арқылы жүру, жасөспірімнің жүріс-тұрысынан жағымдыны таба білу, осыған сәйкес әлеуметтік педагогтың іс-әрекетін жоспарлау қажет;

2. болашақ өмірлік ұмтылыстарды қалыптастыру. Ереже бойынша, мектепте оқуға уәжі төмен жасөспірімдер жиі торығады, өз күштеріне сенбейді, болашақты көрмейді. Мұндай жасөспірім үшін ары қарай кәсіби өзін-өзі анықтау маңызды, және бұл жағдайда әлеуметтік педагогтың психологпен бірге көмегі оның болашақ кәсібін анықтауға, жасөспірімнің қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне сай келетін оқу орнына орналастыруға бағытталған;

3. жасөспіріммен өзара қатынаста сыйластық пен сенім. Сабыр мен төзім — әлеуметтік педагогқа осындай балалармен жұмыс істеудегі басты көмекшілер.

Әлеуметтік-педагогикалық түзету іс-әрекет үрдісінде маман келесі қызметтерді атқарады:

- қалпына келтіру, жасөспірімде жағымды сапаларды қалпына келтіру;
- белсендіру, жасөспірімді қоғамдық-пайдалы, оған маңызды іс-әрекетке қосу арқылы жасөспірімде тұлғаның қандай да бір сапаларын түзетуге ұмтылысты қалыптастыруды түйіндейтін, өтеушілік; жасөспірімнің өзін-өзі кемелдендіру, өз әрекеттерін өзіндік талдау негізінде өзін-өзі тәрбиелеу қажеттіліктерін, өз мінез-құлқын белсендіру;
- ынталандырушылық, түрлі тәрбие тәсілдерін – сендіру, бекіту, мысалдар және т.б. ұйғаратын, жасөспірімнің іс-әрекеттерінің жағымды түрткілерін белсендіруге бағытталу.

Жасөспірімнің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес түзету бағдарламаларын құруда жасөспірімнің қандай жағдайда екенін ескеру керек. Бұл қатарластарымен немесе отбасындағы кикілжіндер, үйден қашу салдарынан әлеуметтік бейімделмеумен шартталған дағдарыс алдындағы жағдай болуы да мүмкін. Әлеуметтік педагогтың осы санаттағы балалармен жұмысы жасөспірімнің ішкі әлемін әлеуметтік сауықтыруға бағдарланған. Әлеуметтік педагог – отбасында, мектепте, ұжымдағы жағдаятты шұғыл диагностикалау тәсілдерін игеруге міндетті.

Іс-әрекеттің негізгі түрлері: жеке кеңес беру, жасөспірімді жағымсыз эмоционалды маңызды жағдаяттарды түзету мақсаты бар тренингтік топтарға қосу, бала құндылықтарының жүйесімен жеке жұмыс, әлеуметтік дағдыларға, тиімді қарым-қатынас тәсілдерін үйрету. Бұдан басқа, отбасының педагогикалық диагностикалауды, жеке кеңес беруді, баламен тиімді ата-аналық өзара қатынасты құруға бағытталған тренингтік топтарға ата-аналарды қосу, бала мен ата-ана арасындағы маңызды өзара қатынасты орнату мақсатында ата-аналармен жұмыс істеу қажет.

Түзету бағдарламаларын іске асырудың шарттары:

1) бағдарламаның барлық қатысушыларын ынталандыру (баланы, ата-аналарды);

2) мекеме жетекшілері мен мамандардың педагогикалық-психологиялық құзыреттілігі;

3) түрлі мемлекеттік қызметтер іс-әрекетінің координациясы: білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау ұйымдарының т.б.

Әлеуметтік-педагогикалық виктимология қоғамдағы құрбандық пен зорлық-зомбылық мәселелерін зерттейтін маңызды саласы. Ол құрбандықтың себептері мен салдарын түсінуге, зардап шеккендердің алдын алу мен оңалтудың тиімді әдістерін жасауға көмектеседі. Виктимологияның өзіндік негізгі ұғымдары мен терминдері, сонымен қатар принциптері мен зерттеу әдістері бар. Жәбірленушілермен табысты жұмыс істеу және зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әлеуметтік педагог-виктимолог құзыреттерге ие болуы керек. Әлеуметтік-педагогикалық виктимологияны тәжірибеде қолдану бізге қоғамның барлық мүшелері үшін қауіпсіз және қолайлы орта құруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орсаева Р.А. Виктимология: оқу құралы. С.Аманжолов атын. Шығыс Қазақстан мемл. ун-ті. – Өскемен: Берел, 2020. – 103 бет.
2. Акажанова А.Т. Девиантология: учебное пособие. – Алматы: Лантар Трейд, 2019. – 202 с.
3. Ившин В.Г. Виктимология: учебное пособие / Ившин В.Г., Идрисова С.Ф., Татьянина Л.Г.. — Москва: Волтерс Клувер, 2011. — 264 с.

ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жунисова А.К.
Тараз қаласы №57 орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі

Цифрлық сауаттылық-қазіргі цифрлық технологиялар мен түрлі интернет ресурстарын тиімді, әрі орнымен пайдалана білу дағдылары.

Бүгінде цифрлық сауаттылық әрбір педагогтің құзіреттілігі мен біліктілігін көрсете алатын бірден бір маңызды фактор ретінде саналады.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 63-бап, 3,2-тармағы, 8-бөлімінде: «Білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту» міндеті қойылған. [1]. Болашақта бәсекеге қабілетті, теориялық және практикалық білімді терең түсіне, сіңіре алатындай білім алушы тәрбиелеу барысында цифрлық сауаттылықтың маңызы зор екені белгілі. Себебі, қазіргі техналогиялардың көмегімен білім саласында аса маңызды саналатын сапаны арттыра аламыз. Сонымен қатар жаңа тахнологияларды пайдалану ақпаратты қабылдау, тереңірек түсіну секілді процестерді жеңілдетіп қана қоймай білім алушыларды жаңашылдыққа тәрбиелеп, білім берудегі жаңа инновациялар мен артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Президентіміз автоматтандыру мен жасанды интелектінің одан әрі дамуы жаһандағы еңбек нарығын түбегейлі өзгертетінін атап өтті. Goldman Sachs болжамынша, келешекте жүздеген мамандық пен үш миллионға жуық жұмыс орны жойылуы ықтимал.

«Алайда әрбір технологиялық революция кезінде адамзат баласы осыған ұқсас дүрбелеңді бастан кешкені тарихтан мәлім. Біздің міндетіміз-жаңа жағдайға алдын-ала дайындалу. Жасанды интелектіні қолданысқа еңгізу адамдарға арналған жұмыс орындарының жаппай жойылуына алып келмейді. Керісінше, адам еңбегі трансформацияға ұшырап, мүлдем жаңа кәсіби дағдыларға сұраныс пайда болады. Сондықтан, қызметкерлерді жаңа дағдыларға мектептен бастап баулу қажет»-деді Қ.К.Тоқаев.

Осыған байланысты президентіміз ең алдымен мектептерде цифрлық сауаттылық пен информатиканы оқыту сапасын арттырған жөн. Ол үшін мектептерде білікті ұстаздардың болуы шарт деп атап өтті. [2]

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – деп атап көрсетілген. [3]. Аталған заң негізінде оқу барысында жаңа технологияларды пайдалану, білім алушыны жан-жақты дамытып, әлеуетін арттыру негізгі міндет саналып отыр.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу процесін жеңілдету және бастысы білім беру сапасын арттыру, құзіретті педагог және білім алушы даярлау.

Құзыреттілік бұл –жан-жақты даму, іскерлікті, білімді, практиканы қатар алып жүре алу. Құзіреттілік=Білім=Тәжірибе =Іскерлік. Яғни осы үш қабілет тоғысқанда ғана, нағыз құзіретті маман пайда болады.

Цифрлық технологияларды тиімді пайдалана білу білім алушы үшін ғана емес педагог үшін де, аса маңызды. Себебі бүгінде құзіретті мұғалімнің бастапқы көрінісі цифрлық сауаттылықпен, білім беру процесіндегі инновацияларды толық игере алуымен және білім алушыға осы процестерді үйрете білуімен сипатталады.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде түрлі цифрлық платформаларды, ақпараттық технологияларды қолдануға ерекше назар аударылып отыр. Қазақстанды дамыған 30 мемлекет қатарына қоса алатын – білім. Осыған байланысты білім берудегі әдістер жаңарып, жаңа бағдарда көрініс табады. Білім алушылар үшін де, педагогтер үшін де ақпараттық технологияларды қолдана білу жетістікерге жетуге апаратын жол екені белгілі. Сондықтан бұл технологияларды игеру – үлкен мүмкіндік.

Ақпараттық технологиялардың берер пайдасына тоқталсақ:

- білім алушының субъективті пікірін қалыптастырады;
- ойлау, көру, жылдамдық секілді қабілеттерді дамытады;
- ойын арқылы ақпаратты бекітуге мүмкіндік алады;
- аз уақытта тақырыпты қайталауға мүмкіндік алады;
- түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай алады;
- өзге білім алушылармен байланыса орната алады;
- сыни тұрғыдан ойлана алу қабілеттері артады;
- кері байланыс алудың жеңілдігі орындалады.

Цифрлық білім беруде және бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеуде жаңа технологияларды пайдалана отырып оқыту-бұл заман талабы. Ал сол талапты жүзеге асырушы әрине-мұғалім.

Цифрлық мұғалім.....ол қандай? Цифрлық мұғалім-ол заман талабына сай, әлеуметтік қарым-қатынасқа түсе алатын мұғалім ғана емес, цифрлық сауаттылықты игеріп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, құштарлығын арттыра білген білікті маман.

Елімізде кеңінен таралған цифрлық білім беру ресурстарына: **Kahoot. Learning. Apps, ZipGrade, PlicKers, Flippity, Wordwoll, Socarativ, Baamboozle т.б.** платформалары жатады.

Мұғалім-үздіксіз дамуы керек. Жаңашыл мұғалім ретінде сабақтың тиімділігі мен білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін мен күнделікті сабақтарымда білім берудің әртүрлі цифрлық ресурстарын пайдаланамын. Солардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсем:

Kahoot-ойындар мен сұрақтарға негізделген білім беру платформасы. Kahoot-білім алушылардың белсенділігін арттыратын және динамикалық әлеуметтік, көңілді білім беру ортасын құрайтын, ойын негізіндегі ыңғайлы платформа. Kahoot-интерактивті программаларды жасау үшін жарқын, қарапайым, тегін қызмет түрі. Бұл сервисті сыныпта әртүрлі викториналарды, сауалнамаларды, пікір-таластарды, тесттерді өткізу үшін және білім алушылардың жылдамдығын тексеру мақсатында қолдануға болады. Kahoot платформасындағы тапсырмалар ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс нұсқасын таңдауды көздейді. Тапсырмаларға бейнефрагменттер мен суретттер қосуға болады. Мұнда сұрақтар саны шектелмейді. Ол жылдамдыққа есептелген. Кім тез, шапшаң жауап береді, сол жетістікке жетіп, жеңімпаз болады. Kahoot-қосымшасының ерекшелігінің бірі- тесттерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі бар. Бұл педагогтерге уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл қосымшаны сабақтың қай кезеңінде тиімді пайдалану, әрбір педагогтің шеберлігіне байланысты.

(1-сурет)



Learning.Apps-интерактивті модульдер, қосымшалар, жаттығулар арқылы оқу үдерісін қолдауға арналған қосымша. Бұл-онлайн сервис модульдер құруға, оларды сақтауға және пайдалануға, педагогтер арасында еркін ақпаратты қамтамасыз етуге, білім алушылардың жұмысын ұйымдастыру ретінде жаңа модульдерді құру бойынша жаңа мүмкіндік береді.
(2-сурет)



ZipGrade-тесттерді тексеру тұрғысынан мұғалімдердің жұмысын жеңілдететін керемет қосымша. Енді тест жұмыстарын тексеру кезінде қолмен оның дұрыс, бұрыстығын анықтап, оның орташа балын анықтап отырудың қажеті жоқ. Ол жұмыстардың барлығын сіз үшін осы платформа жасайды. Бұл платформа білім алушылардың жауаптарын сканерлеуге және жедел нәтиже беруге мүмкіндік береді. Білім алушы дұрыс жауапты таңдап, басып шығарылған бланкіге еңгізеді. Сіз олардың дұрыс жауаптарын телефон арқылы сканерлейсіз, платформа сізге әр білім алушының жауаптарын көруге және бүкіл сыныптағы әр сұрақтың жауабын талдауға мүмкіндік береді.
(3-сурет)

PlicKers-статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және сыныптың жұмысын лезде бағалап беретін қосымша. PlicKers- мұғалімнің телефоны арқылы білім алушылардың қолдарындағы QR кодтарды оқу үшін пайдаланады. Әр оқушыда жеке QR код болады. QR кодтың төрт қабырғасы жауаптың төрт нұсқасын білдіреді. Оларды бұру арқылы оқушы сұрақтың дұрыс нұсқасын таңдайды. Алдын ала бағдарламаға сыныптың тізімі еңгізіледі, сол арқылы әр білім

алушының сұраққа қалай жауап бергенін көруге болады. Білім алушылардың жауаптары тақтада шығару арқылы, әрқайсысы өзінің нәтижесін көреді. Қай тапсырмалардан қателескенін көріп, сол тақырып бойынша қосымша жұмыс жасайды.
(4-сурет)



Flippity-платформасы интерактивті тапсырмалар, ойындар, тесттер құру үшін өте қарапайым және ыңғайлы құрал болып табылады. Бұл платформа сабақ барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі. Бұл нұсқаулық арқылы білім алушыларды жұпқа, топқа бөлуге болады. Flippity-платформасында әр тапсырманы орындауға арналған нұсқаулығы, сондай-ақ, шаблон мен демо нұсқасы да бар. Бұл платформа функционалдығы бойынша Learning.Apps, Quizizz.com сияқты танымал қызметтерге ұқсас.
(5-сурет)

Wordwoll-көмегімен интерактивті және баспа материалдарын жасауға болады. Көптеген шаблондар қолжетіді. Интерактивті жаттығулар интернетке қолжетімді кез-келген құрылғыда ойнатылады. Компьютерде, телефонда, планшетте немесе интербелсенді тақтада жұмыс жасауға болады.
Қазірде тақырыты теориялық тұрғыдан түсінсе де, практикалық тұрғыда меңгеріп кете алатын білім алушылар үшін түрлі бағдарламар өз көмегін тигізуде. Себебі, ойын, түрлі графикалар білім алушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, прогресс жасауға керемет мүмкіндік беруде. Сонымен қатар сабақтарды қайта қарауға, қайталауға жасалған шаралар білім алушылардың тақырыпты тереңірек меңгеруіне жағдай жасайды.
(5-сурет)

Цифрлық ресурстарды, түрлі платформаларды тиімді пайдалану арқылы ұйымдастырылған оқу сабақтары білім алушылардың жан-жақты мүмкіндіктерін ашып, сабақты меңгеруіне жол ашады. Онда білім алушылардың келесідей қабілет көздері дамиды. Яғни:

- білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;
- педагог пен білім алушы арасында ынтымақтастық, жағымды қарым-қатынас орнайды;
- білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігі артады;
- оқу-тәрбие үрдісі жетіледі, жеделдейді;

- білім алушылар мен педагогтердің жүктемелері азаяды;
- білім беру сапасын арттыру жүзеге асады;
- педагог қағазбастылықтан арылады;
- ақпаратты құзыретті педагог пен білім алушы қалыптасады;

(6-сурет)

Қорытындылай келе, цифрлық құзіреттілк – заман талабы. Бәсекеге қабілетті, мемлекетті дамыта алатын ұрпақ тәрбиелеу жолында білім сапасының артуы ең маңызды фактор болып табылады. Ал бұл фактор толыққанды орындалуы үшін құзіретті мамандардың болуы тиіс.

Цифрлық құзыретті мұғалім-ол заман талабына сай дәстүрлі сабақты жандандырып, оған өзгешелік беретін мұғалім ғана емес, цифрлық сауаттылықты игеріп, білім алушылардың пәнге деген құштарлығын оятып, арттыра білген маман.

Пайдаланылған әдебиеттір:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңы;
2. Интернет ресурстары және ақпараттық жаңалықтар порталы «Sputnik.kz»
3. К.Ж.Бұзаубақова, А.С.Амирова, А.А.Маковецская «Цифрлы педагогика» Оқулық-Тараз «ИП «Бейсенбекова Ә. Ж. и 2022-314б»

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кошпанова Г.А., өндірістік оқыту шебері
Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№3 Байзақ колледжі» КМҚК
Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы

АННОТАЦИЯ

Бұл мақала заманауи цифрлық құралдардың құрылыс саласындағы маңызы туралы айтылған. Құрылыс саласының жұмыстары қосалқы цифрлық құралдармен жетілдірілгені көрсетілген. Үйдің сұлбасын фундаментінен ішкі интерьер құралдарына дейін жабдықтауға болатын программа ұсынылған.

АННОТАЦИЯ

Данная статья посвящена значению современных цифровых инструментов в строительной отрасли. Работы строительной отрасли усовершенствованы вспомогательными цифровыми средствами. Предлагается программа, по которой можно оснастить контур дома от фундамента до приборов внутреннего интерьера.

ABSTRACT

This article is devoted to the importance of modern digital tools in the construction industry. The work of the construction industry has been improved by auxiliary digital means. A program is proposed according to which you can equip the contour of the house from the foundation to the interior appliances.

Кілт сөздер

Цифрлық технология, лазер, дрон, бағдарлама, үй, жоба.

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар құрылыс саласы үшін нағыз серпіліске айналды. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері атты биылғы Президент жолдауында құрылыс және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу қажеттігін айтқан болатын. Бүгінгі таңда еліміздегі барлық саладағы жұмыс істейтін халық толығымен ақпараттық технологияларды игеруде. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру кезеңі бастау алған болатын. Қазіргі уақытта құрылыс саласындағы заңнама «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарынан, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесінен және басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады. BIM-технология (Building Information Modeling) дегеніміз – құрылысты жобалау, тұрғызу және пайдалану туралы мәліметтердің дұрыс үйлестірілген цифрлық базасы. BIM-технология құрылыс нысанының барлық кезеңін қамтиды және үйлестіреді. Қазіргі уақытта дамыған елдерде бұл технология кеңінен қолданылады. Цифрландыру, ақпараттандыру, Smart city қалыптастырудың барлығы ақпараттық модельдеу технологиясына бағынышты. BIM-архитектор, BIM-инженер, BIM-технолог мамандары құрылыстың барлық бөліміндегі ақпараттық мәліметтерді 3D-модельде біріктіріп, инвестор, тапсырыс беруші, құрылысшы, пайдаланушы арасындағы жұмысты тиімді ұйымдастырушы болуы керек. Құрылыс саласында көп жұмыс жасалып жатыр, жасалды да. Қазіргі уақытта ең маңыздысы үй мәселесі. Оның ішінде халықтың ПИК-терге (Пәтер иелері коопреативтері). Сіз олардың қызметі үшін ақша төлейсіз. Бірақ, олардың не істеп, не қойып отырғанын білмейсіз. Жөндеп отыр ма, жоқ па? Таңертең келіп, кешке кетесіз. Ал цифрландыру жүзеге асса, соның барлығы айқын, көз алдыңызда болады. Трансформация жасаса, сіз өзіңіздің ұялы телефоныңыздан порталға кіріп, жүзеге асып жатқан жұмыстарды көре аласыз. Материал алса, қандай бағамен алып жатыр, жоспар бойынша жұмыстар жасалып жатыр ма, төлемақысы қанша, жалақысы қандай екен деген сияқты. Сосын барып өз пікіріңізді айта аласыз. Бұрынғыдай ПИК жиналысына қатыса алмай, маңызды мәселелерді естімей қалу жоқ. Күнделікті, кез келген жерде, кез келген уақытта уәжіңізді жеткізе аласыз: бізде жарық жанбайды, мына жұмыстарыңыз дұрыс емес – деген секілді пікіріңізді бірден жеткізе аласыз. Мұның бәрі порталға тіркеледі. Сіздің пікіріңіз түгел жазылып қалады. Сосын ол жүйеге әкімшілік те қосылады. Сонымен қатар, құрылыс саласын цифрландырудың маңызының біріне мысал кетірейік. Өте қарапайым мысал: қазір үйдің макетін қағазбен сызбай, компьютерде жасауға болады. Сол инфрақұрылым ішіндегі кем-кетікті тінтуірді әрі-бері жылжытып-ақ көре аламыз. Цифрландыруға көшудің басы осы. Бұл өте тиімді. Жұмыстарға келсек, салаға қатысты бүкіл заңдарымызды сәйкестендіруіміз керек. Ол көп жұмыс. Оны енгізбесек, жаңағы қарапайым жұмыстардың өзін іске қосу қиын. Өйткені жоба жасап жатқанда «біздің заңдарымыздың бұған сәйкестігі қандай?» деген мәселе туындайды. Сосын оны тексеру мәселесі туындайды. Ондай технологиялар негізі көп әлемде. Бізге тенхнологияларды тек импорттап қана қоймай оларды барынша дамыта түсу қажет. Бір орында тұралап қалуға болмайды. Бізге бірлесе әрекет ету керек. Жаңашылдықты қолданып қана қоймай оны тиімді пайдалану арқылы біз бәсекелестікті арттыра аламыз.

Дрондар, лазерлер, сканерлер, GPS құрылғылары және басқа да арнайы жабдықтар ірі құрылыс салушылармен белсенді түрде енгізілуде, бұл оларға құрылыс процесін толығымен цифрландыруға мүмкіндік береді, ал деректер бірыңғай жүйеге түседі, осылайша бақылаудың тиімділігін арттыруға көмектеседі: бастапқы жоспардың, оның мерзімінің, жұмыс жылдамдығы мен сапасының сақталуын қадағалайды.

Осы орайда мен үй немесе пәтердің жобасын сызатын «Дизайн интерьера 3D» графикалық бағдарлама туралы айтпақшымын.

Бағдарламаның интерфейсімен танысайық. Ол интуитивті және қарапайым, әсіресе жаңа пайдаланушылар үшін. Сіз құралдардың қаншалықты ыңғайлы орналасқанын, олардың мақсатын және қолдану тәсілін түсіне аласыз.

Пәтер макетін жасау. Нақты параметрлерге сүйене отырып, пәтеріңіздің нақты жоспарын жасаңыз. Бөлменің өлшемі мен пішінін түзетудің қаншалықты оңай орындалатынына көз жеткізіңіз. Егер макетті қағазда жасасаңыз, қате болса, бәрін қайта суретке түсіруге тура келеді.

Өңдеуді орындау. Пәтерге толық көрініс беру үшін тұсқағаз, еден жабыны және төбе түрін баптаңыз. 450+ әрлеу материалдары бар бағдарлама каталогымен таныса аласыз: тұсқағаз, ламинат, плитка және басқалары. Сіз үйіңізді орыс тілінде 3D жобалауға арналған бағдарламаны тегін жүктеп алып, барлық мүмкіндіктерді қазір сынап көре аласыз!

Бөлмелерге жиһаз қосу. Бағдарлама арқылы интерьер заттарын таңдаудың, өзгертудің және орналастырудың қаншалықты ыңғайлы екенін көріңіз.

Нәтижені бағалау. Бағдарлама үш түрлі көріністі ұсынады: 2D, 3D, сондай-ақ дайын үйді ішінен көруге мүмкіндік беретін керемет «Виртуалды сапар» функциясы.

Бағдарлама сізге дайын үй сызбасын ұсынады. Егер Сізге ол ұнамаса, өзіңіз 0-ден бастап бөлмелердің өлшемін беру арқылы сызуыңызға болады. Бұл бағдарлама сіздің ойыңызда жүрген үй немесе пәтердің, сондай-ақ ғимараттың сұлбасын қажетті өлшемде сыза аласыз. Сызып қана қоймай ішкі жөндеу жұмыстарын өз талғамыңызға сәйкес жасайсыз. Әрі қарай үйдің жиһаздары мен интерьерін де бағдарлама көмегімен орындай аласыз. Ол үшін сізге тек компьютер болса жеткілікті. Дайын болған ғимарат макетін 2D және 3D форматында көре аласыз. Алдымен үйдің сыртқы қабырғаларын «Бөлмені салу» командасы арқылы, солдан оңға қарай қажет өлшемді таңдау арқылы сызуға болады. Салынған үй сұлбасына тағы бөлме қосуға болады, ол үшін «тіктөртбұрышты ғимарат қосу» батырмасын басып бөлменің формасы мен өлшемін таңдаңыз. Қосылған бөлмені үйдің қалаған жеріне жылжытып қоюға болады. Өшіру үшін «delete» батырмасын басыңыз. Қабырғасы қаланған соң шатыр жабындысы түрін таңдап, үйдің шатыры жабылады. Келесі кезекте бөлмеаралық есіктер қойылады. Есіктерді жасыл сызықты тарту арқылы, ішке немесе сыртқа ашылуын таңдау керек. Бұдан кейін терезелерді орнатамыз. Әрі қарай еден материалының түрі бойынша таңдап үйдің еденін саламыз. Еден салынғаннан соң қабырға ремонты жасалады. Әрі қарай үйді жиһаздайтын боламыз. Үй толық жиһаздалғаннан кейін интерьер декорация бөліміне өтеміз. Қабырғаға тиісті картинкалар немесе декорация бұйымдарын ілеміз. Үйдің жобасы дайын болды. Енді тапсырыс берушіге жұмысты көрсетіп, толықтыру жасау керек





Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://ortalyq.kz/rylys-salasyn-tsifrlandyrudy-ma-yzy-men-ereksheligi/
2. 3ds Max для архитекторов и дизайнеров интерьера и ландшафта. БХВ Санкт-Петербург. 2011
3. Видеокурс Youtube «Дизайн интерьера 3d»
4. Blender 3D. М.С. Серова. Солон Пресс Москва 2020.

УДК: 37:004:371.3:57

БІЛІМ БЕРУ БОЛАШАҒЫНА КӨЗҚАРАС: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРІНДЕГІ КИБЕРПЕДАГОГИКАНЫҢ РӨЛІ

Косумова Г.С. студент-магистрант
М. Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Ордабаева Раушан Биланқызы ф.ғ.к., доцент
М. Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

«Киберпедагогиканы «виртуалды» деп сипаттауға болатын, білім әлеміне апаратын қызықты жол. Оқытудың бірегей тәсілі сандық құралдар білімді дамытудың қуатты тұтқасына айналатын шексіз мүмкіндіктер көкжиегін ашады. Цифрлық лабиринтте мұғалімдер білімгерлерге виртуалды сыныптар мен зертханалардың есігін ашады, мұнда әркім бір түймені басу арқылы әлемді зерттей отырып, өз шеберліктерін сынай алады. Киберпедагогика жай ғана құрал емес, ол әрбір адам виртуалды оқу әлемінде білім жасаушы бола алатын білім берудің жаңа дәуірінің кілті».

Кілт сөздер: киберпедагогика, цифрлық технологиялар, білім беру процесі, оқытуды даралау, сыни ойлау, шығармашылық, білімге жаһандық қол жетімділік, ойынға негізделген оқыту, цифрлық сауаттылық, білім берудегі инновациялар, интерактивті технологиялар, жасанды интеллект, виртуалды шындық, білім беру ресурстары, мұғалімдердің кәсіби дамуы,жекелендірілген оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім беруді жаһандандыру, құзыреттілік негізінде оқыту, оқытудың тиімділігі.

Кіріспе

Заманауи әлемде технологияның дамуымен білім беру үздіксіз өзгерістердің үлгісіне айналды. Киберпедагогика цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізуге бағытталған ғылым ретінде цифрлық революция дәуірінде оқытудың негізгі аспектісіне айналуда. Бұл мақалада қазіргі білім берудегі киберпедагогиканың мәні мен маңызын қарастырамыз.

Киберпедагогика дегеніміз не?

Киберпедагогика-бұл білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану әдістерін, стратегиялары мен құралдарын зерттейтін ғылыми пән. Ол оқытудың тиімділігін арттыру және цифрлық әлемде білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық принциптерді инновациялық технологиялармен біріктіреді.

Қазіргі білім берудегі киберпедагогиканың рөлі

Оқытуды даралау: киберпедагогиканы қолдана отырып, мұғалімдер әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке білім беру бағдарламаларын құра алады. Бұл оқытуды тиімдірек және әртүрлі студенттер үшін қолжетімді етуге көмектеседі.

Сыни ойлау мен шығармашылықты дамыту: киберпедагогика оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыру үшін маңызды ақпаратты талдау, бағалау және қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, ол білім алушылар арасында креативтілік пен инновацияны ынталандыруға арналған құралдарды ұсынады.

Білімге жаһандық қол жетімділік: киберпедагогика арқылы оқыту әлемнің барлық дерлік бөліктеріне қол жетімді болады. Бұл географиялық және әлеуметтік-экономикалық кедергілерді еңсеруге мүмкіндік береді, тіпті шалғай және халқы аз аймақтарда да білім алуға мүмкіндік береді.

Ойынға негізделген оқыту: ойын технологиясы киберпедагогиканың маңызды құралы болып табылады. Ойын әдістері интерактивті және қызықты оқу орталарын құруға мүмкіндік береді, онда оқыту тиімді және қызықты процеске айналады.

Цифрлық сауаттылықты дамыту: киберпедагогика студенттердің цифрлық ортада ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі, оның ішінде оның дұрыстығын бағалау, интернет пен технологияны қауіпсіз пайдалану және өз мазмұнын жасау мүмкіндігі бар.

Қиындықтар мен перспективалар

Барлық артықшылықтарға қарамастан, киберпедагогика белгілі бір қиындықтарға тап болады. Мұғалімдердің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалана алуы үшін олардың білімі мен құзыреттілігін үнемі жаңартып отыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, барлық студенттер үшін сапалы білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды.

Дегенмен киберпедагогиканың келешегі өте көңілге қонымды. Жасанды интеллект, виртуалды және толықтырылған шындық, заттар интернеті және басқа да технологиялардың дамуымен киберпедагогика білім мен дамудың жаңа мүмкіндіктерін аша отырып, одан әрі дамып отырады.

Қорытынды

Заманауи білім беруде оның цифрлық дәуір талаптарына бейімделуін қамтамасыз ететін киберпедагогика басты рөл атқарады. Бұл ғылым оқудың тиімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауын, креативтілігін және цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, оның әлеуетін толық іске асыру үшін зерттеу жұмыстарын жалғастырып, оқу орындары мен мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Bates, A. W., & Sangra, A. (2011). Managing technology in higher education: Strategies for transforming teaching and learning. John Wiley & Sons.
2. Baran, E., & Correia, A. P. (2014). A professional development model for educational technologists. Journal of Research on Technology in Education, 46(1), 29-51.
3. Collis, B., & Moonen, J. (2001). Flexible learning in a digital world: Experiences and expectations. Kogan Page Publishers.
4. Siemens, G. (2005). Connectivism: A learning theory for the digital age. International Journal of Instructional Technology and Distance Learning, 2(1), 3-10.
5. Voogt, J., & Knezek, G. (2008). International handbook of information technology in primary and secondary education. Springer Science & Business Media.

ӘОЖ 584.5

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Конакбаева Т.Е.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Абдукаримова А.Ю.
Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

Аңдатпа: Мақалада автор педагогикалық процесте жасанды интеллектіні қолданудың өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері туралы айтады. Мұнда жасанды интеллект қазіргі таңдағы қоғамдағы алып отырған мүмкіндіктеріне тоқтала келіп, аталған ұғымының мәнін ашады. Біз қазіргі білім беру аясында оқытуда қолданатын IT технологиялардың ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен тәрбиелеу процесіндегі өзіндік мүмкіндік ерекшеліктеріне тоқталамыз. Жасанды интеллектінің ғылымдағы түрлі салалардағы ерекшеліктері қарастырыла келіп, оның білім беру саласындағы өзіндік мүмкіндіктері талданады. Білім беру мен тәрбиелеу процесінде жасанды интеллектінің білім алушылардың оқу материалдарын игеру тиімділігі және оның педагогтердің қызметтеріне де өзіндік тиімді әсері сөз болады. Қазіргі білім беру саласында ақпараттық және коммуникациялық технологиялар орны ерекше аталып, оның білімі тиімді игеруде және білім беру сапасын арттырудың ерекшеліктері негізінде талданады.

Кілт сөздер: Педагогикалық процесс, жасанды интеллект, ақпараттық инновациялық технологиялар, жасанды интеллект түрлері, жалпы жасанды интеллект.

Аннотация: В статье автор рассказывает о специфических особенностях и возможностях использования искусственного интеллекта в педагогическом процессе. Здесь искусственный интеллект раскрывает суть данного понятия, обращаясь к возможностям, которые он приобретает в современном обществе. Мы остановимся на специфических особенностях процесса образования и воспитания с учетом особенностей применяемых в обучении IT технологий в рамках современного образования. Рассматриваются особенности искусственного интеллекта в различных областях науки, анализируются его специфические возможности в сфере образования. В процессе образования и воспитания речь идет об эффективности освоения обучающимися учебного материала искусственным интеллектом и его самостоятельном эффективном влиянии на деятельность педагогов. Особое место в современной сфере образования отводится информационным и коммуникационным технологиям, знания которых анализируются на основе их эффективного усвоения и особенностей повышения качества образования.

Ключевые слова: Педагогический процесс, искусственный интеллект, информационные инновационные технологии, виды искусственного интеллекта, Искусственный интеллект в целом.

Annotation: In the article, the author talks about the specific features and possibilities of using artificial intelligence in the pedagogical process. Here, artificial intelligence reveals the essence of this concept, referring to the opportunities it acquires in modern society. We will focus on the specific features of the education and upbringing process, taking into account the features of IT technologies used in teaching within the framework of modern education. The features of artificial intelligence in various fields of science are considered, its specific capabilities in the field of education are analyzed. In the process of education and upbringing, we are talking about the effectiveness of students' mastering of educational material by artificial intelligence and its independent effective influence on the activities of teachers. A special place in the modern field of education is given to information and communication technologies, the knowledge of which is analyzed on the basis of their effective assimilation and the peculiarities of improving the quality of education.

Keywords: Pedagogical process, artificial intelligence, information innovative technologies, types of artificial intelligence, Artificial intelligence in general.

Бүгінде жасанды интеллект әлемдегі ең маңызды технологиялардың біріне айналуда. Әлемдік тәжірибеде жасанды интеллект технологияларын жылдам және кеңінен қолдану, сондай-ақ еліміздің өмірінде осындай цифрлық ақпаратты пайдаланудың жоғары сапасын қамтамасыз ету, осы салада білікті кадрларды даярлау үшін қолайлы жағдайлар жасау - бүгінгі күннің талабы.

«Жасанды интеллект» терминін алғаш рет 1956 жылы Дортмунд конференциясында Джон Маккарти және оның әріптестері Марвин Ли Мински, Натаниэль Рочестер, Клод Шеннон ұсынған. Джон Маккарти бұл терминді енгізген деп есептеледі. Осы уақыт ішінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілді және жүргізілуде, нәтижесінде жасанды интеллектті қолдану аясы тез кеңейіп келеді. Бүгінгі таңда жасанды интеллект денсаулық сақтау, энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, білім беру, машиналарды жетілдіру, дауыстық көмекшілер, онлайн чаттар мен коммуникациялар, бағдарламалық жасақтама жасауда тиімді қолданылу үстінде.

Біздің өмірімізге жасанды интеллект енгізілгеннен кейін басында біз тек кинода және әртүрлі фантастикалық романдарда көре алатын көріністердің көпшілігі шындыққа айналады. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 2022 жылға қарай жаһандық жалпы ішкі өнімнің төрттен бір бөлігі цифрлық технологияларға тәуелді болады деп күтілуде және ең дұрыс стратегиялық бағыт осы бағыттағы жұмысты жеделдетуге және дамытуға баса назар аудару болып табылады.

Елімізде білім беру саласында IT технологияларды қолдану шеңберінде жасанды интелектілердің бастапқы элементері зерттеліп, К.Д.Бузаубакова[1], К.М.Беркимбаев [2], Г.Ж.Ниязова [2], Г.С.Искендірова [2], Ж.К.Сагалиева [3] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жарық көрген.

Қазіргі таңда Канада, Сингапур, БАӘ, Финляндия, Жапония, Қытай, Италия, Тунис, Ұлыбритания, АҚШ, Швеция, Мексика, Еуропа Одағы, Кения, Дания, Франция, Австралия, Корея Республикасы, Үндістан және Германия сияқты елдер бүгінде әлемдік тәжірибеде жасанды интеллектті дамыту стратегияларын ұстануда.

Жасанды интеллект тұжырымдамасын анықтамас бұрын, біз интеллекттің не екенін білуіміз керек. Интеллект (лат. intellectus3 — білім, түсіну, қабылдау, ақыл) - адамның ақыл-ой қабілеті; санадағы өмірді, қоршаған ортаны, ойлауды, оқуды және оқуды, әлемді тануды және әлеуметтік тәжірибені қабылдауды дәл бейнелеу және өзгерту қабілеті; әртүрлі мәселелерді шешуде шешімге келу, ұтымды әрекет ету, оқиғаларды болжау қабілеті болып табылады екен [4, 336-368 бб].

Интеллект қабылдау, есте сақтау, пайымдау және ойлау процестерін қамтиды. Интеллекттің дамуы туа біткен дарындылық, ми көлемі, белсенді әрекет, өмірлік тәжірибе сияқты әлеуметтік факторларға байланысты. Интеллект деңгейі адамның іс-әрекеті мен психологиялық тестілердің нәтижелері бойынша да анықталады. Жоғарыда қарастырылған "интеллект" ұғымынан интеллект тек адамдарда болады және адамның ақыл-ой қабілетінің нақты өлшемі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Психологтардың арнайы әдістерінің көмегімен адамның интеллектуалды (психикалық) деңгейін анықтау тәжірибелік жолмен мүмкін болды.

Жасанды интеллект пен интеллекттің анықтамалары әртүрлі. Мұның басты себебі - мидың қасиеттері әлі толық түсінілмеген. Адам миы сансыз құпияларды сақтайды. Дегенмен, біз ми жұмысының әдістері мен принциптерін толық түсінбейміз, мидың жұмысы туралы негізгі біліміміз нейрондармен және олардың белсенділігімен шектеледі. Миды толық зерттеу үшін алдымен мидың қалай жұмыс істейтінін түсіну және түсіндіру қажет. Бұл неврологияның қалыптасуына және сәйкесінше білім берудің ми тәсіліне әкелді. Мидың алгоритмін талдау компьютерлердің немесе ақылды машиналардың дамуына үлкен үлес қоса алады.

Жасанды интеллектті Джон Маккартидің өзі анықтады. Ол жасанды интеллектті «Интеллектуалды адам тәрізді машиналарды, әсіресе интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды құрудың ғылымы мен техникасы» деп анықтады. Тиісінше, компьютерді жасанды интеллект деп атауға болады, егер ол ойлау, проблемаларды шешу, түсіну және жалпылау, яғни когнитивті қолдану сияқты адамның мінез-құлқын көрсеткен.

Жасанды интеллектті зерттеген және осы саладағы көптеген ғылыми басылымдардың авторы болған тағы бір ұлы ғалым Нильс Нильссонның айтуынша, жасанды интеллект – бұл, табиғи интеллектке еліктеу жасауға бағытталған теориясы болып табылады.

Жоғарыда айтылғандардан біз жасанды интеллект зерттеулері ғаламдағы барлық нәрсе белгілі бір алгоритм шеңберінде жұмыс істейтінін баса көрсететінін түсінуге болады. Сана математикалық күрделі алгоритмнің нәтижесі болып табылады. Бүгінгі таңда жасанды интеллект авторларының көпшілігі үшін ми сыртқы әлем заңдарына негізделген өз функцияларын орындайтын құрылым болып табылады. Бұл жағдай жасанды интеллекттің ұтымды табиғаты бар екенін білдіреді.

Жасанды интеллекттің дамуы мен өзгеру процесі компьютерлердің, яғни транзисторлардың дамуымен қатар жүреді. Алайда, бұл пікір жасанды интеллект тек компьютерлік технологиямен байланысты деген қорытындыға келмеуі керек. Керісінше, ол жасанды интеллект медицина, инженерия және өнеркәсіптен психологияға дейінгі көптеген пәндермен тікелей байланысты және олардың барлығының қажеттіліктеріне сәйкес құрылымдалған сала екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта біз жасанды интеллектті әртүрлі ғылыми әдебиеттерді талдауға сәйкес оның мүмкіндіктеріне қарай үш түрге бөлуге болатыны айта аламыз. Ол әлсіз жасанды интеллект немесе тар жасанды интеллект, жалпы жасанды интеллект және идеал жасанды интеллект .

Әлсіз жасанды интеллект - интеллектпен белгілі бір тапсырманы орындауға қабілетті және қазіргі уақытта ең кең таралған және қол жетімді түрі болып табылатын жасанды интеллект түрі. Тар және өз саласы мен шектеулерінен тыс жұмыс істей алмайды, өйткені ол тек бір нақты тапсырмаға арналған. Сондықтан оны тар жасанды интеллект деп те атайды. Apple компаниясының Siri бағдарламасы шектеулі түрлер мен алдын ала анықталған мүмкіндіктерде жұмыс істейтін тар жасанды интеллекттің жақсы мысалы болып табылады. Тар мысалдардың басқа мысалдарына шахмат ойыны, өздігінен жүретін көліктер, сөйлеуді тану және кескінді тану жатады.

Жалпы жасанды интеллект - бұл адамның тиімділігімен кез-келген интеллектуалды тапсырманы орындай алатын интеллект түрі. Жалпы жасанды интеллект - бұл адам сияқты ойлайтын интеллектуалды жүйе. Қазіргі уақытта жалпы жасанды интеллект болатын және кез-келген тапсырманы адам сияқты мінсіз орындай алатын жүйе жоқ. Дүние жүзіндегі зерттеушілер қазір жалпы жасанды интеллект машиналарын жасауға назар аударады. Жалпы жасанды интеллект жүйелері әлі де зерттелуде.

Келесісі, идеал жасанды интеллект. Мінсіз жасанды интеллект - бұл машиналар адамның интеллектінен асып түсетін және кез-келген тапсырманы когнитивті қабілеті бар адамға қарағанда жақсы орындай алатын жүйелік интеллект деңгейі. Бұл жалпы жасанды интеллекттің нәтижесі. Күшті жасанды интеллекттің кейбір негізгі сипаттамаларына мыналар жатады: ойлау, пайымдау, басқатырғыштарды шешу, қорытынды жасау, өзіңіз үшін жоспарлау, үйрену және қарым-қатынас жасау қабілеті. Идеал жасанды интеллект әлі де жасанды интеллекттің гипотетикалық тұжырымдамасы болып табылады.

Әлемдік экономика желілердің өзгеруіне, цифрландыруға, осы процесті жұмылдыруға, жаһандық пандемия жағдайында барлық салаларға жасанды интеллект енгізуге байланысты маңызды кезеңді бастан кешуде.

Осындай салалардың бірі - білім беру жүйесі, жасанды интеллектті білім беруде қолдану көптеген адамдар «Робот-мұғалімдер» деп түсінеді, бұл шындықтан біршама ерекшеленеді. Жасанды интеллект жекелендірілген білім беру жүйелерінде, ақпараттық іздеуде, чат-боттарда, балаларға арналған білім беру жүйелерінде, инклюзивті білім беру жүйелерінде, оқу процесін басқару жүйелерінде, оқушылардың білімін бағалау жүйелерінде кездеседі. Мұндай жүйелердің көмегімен оқушылардың білімін арттырып қана қоймай, оқытушыларға жүктемені азайтуға болады екен.

Жасанды интеллект арқылы заманауи білім беруді ұйымдастырудың маңызды талаптарының бірі - ақыл-ой мен физикалық күш жұмсамай, қысқа мерзімде жоғары нәтижелерге қол жеткізу. Белгілі бір уақыт аралығында оқушыларға нақты теориялық білімді жеткізу, белгілі бір қызмет түрлерінде дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру. Олар алған білім, дағдылар деңгейін бағалау мұғалімнен жоғары педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бұл маңызды міндетті жүзеге асыру дәстүрлі оқыту әдістерін жалпы білім беретін мекемелердегі озық педагогикалық және ақпараттық технологиялармен үйлестіруді талап етеді

Егер осы салада жүргізіліп жатқан жұмыстарға байланысты әлемдік білімге назар аударатын болсақ, Ресей Білім министрлігінің ақпараты бойынша, 2021 жылдан бастап мектептерде «Жасанды интеллект» білім беру модульдерін сынақтан өткізіліп келеді. 2024 жылға қарай жасанды интеллект әдеттегі оқу бағдарламасы аясында барлық мектептердің жартысында оқытылады деп жоспарлануда [5, 27-32бб].

Кореяның мемлекеттік мектептерінде 2021 жылдың екінші семестрінен бастап жасанды интеллект сабақтары енгізілген екен.

Ал, Қытай мен АҚШ жасанды интеллект саласындағы зерттеулер мен білім беруде көш бастап тұр. Бұл елдерде әлемге әйгілі жоғары білім беру және ғылыми зерттеу орталықтарын орналастырудан басқа, елдер инновациялық қызметті қолдау тетіктерін толығымен реттеп, мекемелерге үлкен қаржылық қолдау көрсетеді. Нәтижесінде Қытай мен АҚШ әлем елдерінен көптеген білімді мамандарды тартады.

Біздің елімізде ғылымды дамыту үшін үлкен қадамдар жасалды және өмірдің өзі кез-келген салада цифрлық технологияларды қолдана отырып, әлеуметтік және экономикалық салаларда үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын көрсетеді. Мысалы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да 2021 жылдан бастап ASIIN аккредиттеген неміс агенттігі бакалавриат пен магистратура деңгейлерін «Жасанды интеллект технологиялары» білім беру бағдарламасы бойынша даярлауды жүзеге асыруда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2018 жылдан бері білім беру бағдарламаларының көпшілігі ЖИ дамытуға бағытталған «Жасанды интеллект және Big Data» кафедрасы жұмыс істейді.

Көріп отырғанымыздай, жасанды интеллект адамға ақылға қонымды уақыт ішінде өңдеу қиын немесе мүмкін емес үлкен көлемдегі деректерді, күрделі есептеулерді және үлгілерді талдауды қажет ететін мәселелерді шеше алады. Бұл ғылымда, медицинада, инженерияда және басқа салаларда қолданылады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда жасанды интеллект білім беруді келесі процестер түрінде Өзгертуді жалғастыруда.

- жаһандану және ғылыми-техникалық прогресс процесінде білім беру жүйесіндегі жасанды интеллекттің маңызы артады;
- жасанды интеллект тестілеу және бағалау жүйелері арқылы студенттер мен студенттер үшін жаңа көрсеткіштер мен эталондар жасай алады;
- сараланған және жеке оқытуды тиімдірек және кеңірек пайдалану үшін мүмкіндіктер жасалған;
- білім беруде өте маңызды.

Кері байланыс жасанды интеллект арқылы оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес автоматтандырылуы мүмкін. Жасанды интеллект технологиялары кез-келген саланы өзгерте алады, бірақ мүмкіндіктер шексіз емес екендігін оның өзіндік кемшіліктерінің болуы мүмкін

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бузаубакова К.Д. Цифрлы педагогика: оқулық / Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А.. -Тараз: Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, 2022. - 317 с.
2. Беркимбаев К.М., Ниязова Г.Ж., Искендірова Г.С. Цифрлық педагогика: оқу құралы. Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік ун-ті. -Алматы: ADAL KITAP, 2022. -129 б.
3. Сагалиева Ж.К. және т.б. Білім беру кеңістігіндегі цифрлық педагогика / Цифровая педагогика в образовательном пространстве: Оқу құралы / Авторлық ұжым Сагалиева Ж.К. (1, 3. 4, 5, 6, 7, 8-бөлімдер), Есекешова М.Д. (2, 6. 9. 10, 11-бөлімдер). Ғұмаров Ғ.С. (1, 2, 3. 12-бөлімдер). Жүсіпова А.А. (10-бөлім), Кочкорбаева Э.Ш. (4,5,7,8,13-бөлімдер), Нұрмұханова К.Ж. (12.13-бөлімдер), Жақанқызы Ш. (11-бөлім). -Алматы: «Бастау», 2020. - 388 бет.
4. Гуломов С.С. и др. Информационные системы и технологии. Учебник для студентов вузов. - Т: Шарк, 2000. - 668 с.
5. Бессмертный И.А. Искусственный интеллект. Учебное пособие- Санкт-Петербург, 2010. - 432 с.

ӘОЖ 37.013

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Алиева П.С., педагогика магистрі, аға оқытушы
Хайтбоев Ж.Ж., студент
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа

Бұл мақалада, білім беру процесінде педагогикалық шеберліктің маңызы және педагогикалық шеберліктің кейбір анықтамалары, оқу-тәрбие барасында мұғалімдерге қойылатын талаптар, мұғалімдердің озық тәжірибелерінің нәтижесі, олардың оқушы алдында өзін-өзі ұстауы, оқу іс –әрекетін ұйымдастыру қабілеттері, коммуникативті қарым-қатынас маңыздылығы туралы.

Кілт сөздер: Педагогика, шеберлік, анықтама, ұстаз, жаңа бағыт, танымдық қасиет, шығармашылық.

Аннотация

В данной статье рассмотрены значение педагогического мастерства в образовательном процессе и некоторые определения педагогического мастерства, требования к педагогам в сфере образования, результаты передового опыта педагогов, их поведение перед учащимися, умение организовывать. образовательная деятельность, а также значение коммуникативных отношений.

Ключевые слова: Педагогика, умение, определение, учитель, новое направление, познавательные качества, креативность.

Anntation

In this article, the importance of pedagogical skill in the educational process and some definitions of pedagogical skill, the requirements for teachers in the field of education, the results of the best practices of teachers, their behavior in front of students, the ability to organize educational activities, and the importance of communicative relations.

Key words: Pedagogy, skill, definition, teacher, new direction, cognitive quality, creativity.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңіндегі орта және жоғары мектептердегі күнделікті іс- тәжірибелердің мазмұны мен оқыту әдістемесі өмір талабына сай келмейтіні баршаға белгілі. Адам өзінің қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе, ұстаз өзінің шығармашылық еңбегімен жаңа адамдарды жасайды, дамытады, кемелдендіреді, өмірге дайындайды.

Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қоймай , назарын білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, танымын, ойлау қабілетін, тіл шеберліктерін ұштап, білімге деген құштарлығын, жалпы өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, сенімділігін, төзімділіктерін, іскерліктерін, ізденімпаз болу басқа да танымдықтарын жетілдіре отырып, рухани адамгершілігі мол азамат қылып тәрбиелеу өздерінің өмірлік мақсаттары деп, ізгілік мұраттары деп санайды. Л.Н.Толстой: «Болашақта жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет-ттек сонда ғана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады»-деді[1]. Педагогтар үнесі өздерін қоғам талаптарына сай үздіксіз тәрбие бере алатын адамдармен жақсы қарым- қатынас орната алатын, әсіресе, оқушылар және олардың ата- аналарымен тез достаса алатын, сыпайы әдебімен, тұнық, байсалды мінездерімен терең білімі мен, көрегендігімен, ұйымдастушылық қабілеті жоғары, өз пәнін жетік білетін, таланты мен тәжірибелері тоғысқан, өзінің қоғамдағы саяси құндылқтарға белсенді араласуға бейім, бойында патриоттық сезімі жоғары, оқушыларға үлгі болатындай кейпінде болуы тиіс деп ойлаймын. Педагогикалық шеберліктің негізі- балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу- тәрбие үрдісінде оқушылардың педагогикалық ынтымақтастықтар, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, олардың жолын ашу, кеңес беру, шәкірттің болашақ өмірін болжай білу сияқты құндылықтар болуы тиіс. Бұл ретте педагогика саласын зерттей келе мынадай жүйелер бөлінеді:

-Мұғалімнің гуманистік бағыттылығы;
-Педагогикалық кәсіби бірлігі;
-Сабақ берудегі іс- әркеттік бейімділігі
-Педагогикалық техника т.б.

Педагокалық қызметтәң тиімділік мүддесі үшін оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдар, әлеметтік орта сияқты аймақтарда дұрыс қарым- қарым-қатынас орната білу. «Мектептін жаны- мұғалім. А.Байтұрсынов: «Мұғалім қандай болса да, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең уәелі мектепке керегі-білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»- деді[2]. Педагог зерттеуші ғалымдардың ішінде, педагог шеберлік жөніндегі ғылыми- зерттеулер пайымдауларға:

- педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық;
- тәрбие мен білім беру ісінің нәтижелігі;
- әдістерді, құралдарды қолдана білудегіт үйлесімдік;
- іс-әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы;

Осы негізде қазіргі жағдайда әлеуметтік- қоғамдық өмірдің жаңаруына байланысты кәсіптік педагикасының шеберлік деңгейінде дамуы тиіс. Оларды дамытудағы төмендегі міндеттер қарастырылады.

Педагогикалық білімнің бірлігі;
Педагогикалық кәсіптің бейісділіктері;
Әдістерді, құралдарды қолдана білуге үйлесімділіктері;
Іс- әрекет мазмұндарының шығармашылық сипаттар алуы;
Жағдаяттарды меңгеру

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі- бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнерлері болып табылады. М.Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік hәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады»- деді[3].

«Мұғалім қоғам айнасы» демекші мұғалімнің бала алдында сөйлеу және түсіндіру шеберлігі өте маңызды үрдіс. Мысалы көпшілік алдында сөйлеу шеберлігінің ең негізгі сезім түсініктері мынадай:

- Әңгемені дұрыс бастау білу шеберлігі;
- Негізгі мәселелерге нақты тоқталу;
- Қарым- қатынас жағдайдағы еленбейтін жағдайларға мән беру;
- Бұрынғы қарым-қатынастарды өзгерту;
- Жұрт алдында сөйлеу дағысын жетілдіру;
- Баланың мінез- құлқын бақылау;
- Оқушы алдында өзін- өзі дұрыс ұстау;
- Тыңдаушыларды қызықтыру;
- Мәселелерді талдай отырып, түсіндіру т.б.

Мұғалім заманауи жаңалықтардан хабары мол, өз пәнін жеті меңгерген жаңа педагогикалық тәжірибелерді өз қажетін тауып, өз керегіне жарата білетін, кәсіби шеберлігін ұштай жүретін жаңалықты сезіне білетін, оны өз пәнін оқыту әдістемесіне батыл енгізе білетін жан. Педагогикалық этика бойынша ұжымда болатын қақтығыстарды да мұғалім алдын алуы тиіс.

Мұнда олардың бірнеше категолрияларын кездестіруге болады:

- Кәсіби парыз;
- Педагогикалық әділеттік;
- Кәсіби ар-ождан;
- Педагогикалық ар- намыс;
- Педагогикалық такт;
- Жауапкерлікі;
- Ар- ождан
- Бедел т.б.

Бүгінгі заманның талабына байланысты мұғалім өз елінің белсенді идеялық сенімді жинақтаушысы, өз мемлекетінің аяғынан тік тұрып кетуіне, оның саяси және экономикалық бастандығына қатысты, Отанын сүйе біліетін, жастарды тәрбиелеу қызмет жасайтын мамандарды айтады.

Қазіргі уақытта «Ұстаз бәрін білуге және жан- жақты болу керек»- деген ұғым бар[4]. Бұл шынында өз пәнін жетік білу қарапайым да, қажетті талап. Д.И. Менделеев: «Ғылымды өзік жетік білетін оны меңгерген оны жақсы көретін ұстаз ғана шәкірттеріне жемісті қызмет ете алады. «Өзінің жақсы көрмейтін пәнінен гөрі, өзінің жасқсы көретін пәні он есе жақсы меңгеріледі»- деді[5]. Мұғалімнің жеке басындағы барлық қасиеттердің кәсіптің мәндері бар. Мысалы, А.В. Луначарский атап көрсеткендей, педагогика моральдағы кез-келген кемістік, мінез-құлықтағы кемістік тікелей у болып, ол жеткіншек ұрпаққа жұғады. Жақсы мұғалім – бұл ең әуелі қайғы қуанышына ортақтасатын, парасатты әрі адал, балаларды құрметтей білетін және оларды ұқыптылыққа тәрбиелейтін адам. Л.Н. Толстой: «Болашаққа жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет, тек сонда ғана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады»- деді[5]. Мұғалімдердің жан-жақты шығармашылығына қатысты әлеуеті олардың әлеуметтік тәжірибесіне қарай психологиялық-педагогикалық және пәндік білім базалары болып көрсетіледі. Дұрыс шешімдер қабылдауды мүмкіндік бер алатын жаңаша бизнеси идеялар мен білік, дағдыларды жаңа формалар мен әдістер шамасында қалыптаса алады. Олардың шығармашылық сипаттары педагогика міндеттерін шешу негізінде қарастырылып, эмоционалдық, ерікті және мотивациялық қажеттіі компонеттерден ұйымдастырулармен бейімделе алады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінде мәдени танымның, мәдени іс- әрекеттің маңызы зор. Осы тұрғыда педагогикалық мәдениет-жалпы адамзаттың мәдениеттерінің бір бөлігі, онда білім беру мен тәрбие берудің рухани құндылықтарын және материалдық құндылұтар жағынан көрініс таба алатын, әлеметтендіру ұрпақтар ауысуы тарихи үрдіске қызмет көрсету үшін шығармашылық педагогикалық іс-әрекет тәсілдері болып табылады.

Әль Фараби: «Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, меніңше шешен, өнер білімге құштар қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізеттілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»- деді[6].

Мұғалімдердің білім алуына қатысты арнайы түрде ұйымдастыру ретінде әдістемелік жұмыстар мұғалімдердің жеке көмектерін қарастырады.

Педагогика шеберліктерінің негіз бөліктеріне: кәсіптік білім, біліктілік, дағды, кәсіптік қабілет, педагогтік әдептілік, педагогикалық техника жатады.

Қорыта келгенде, бүгінгі талапқа сай мектепте білім берудің жаңа саласына жету – мұғалімнің қабілетімен, білімімен, шеберлігімен тығыз байланысты. Өз мамандығына жан – жүрегімен берілген ұстаз ғана ұстаздық этиканы да, ұстаздық техниканы да, шеберлікті де жақсы бағыттайды. Мұғалімнің творчестволық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психологиялық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді.

Соңғы кезде педагогикалық шеберлікке деген көзқарас ауқымы кеңейе түсуде. Жоғары білікті мамандардың шберлік ұғымдарының мән мағыналарын анықтауға бағытталып жатқан жатқан мәселелер педагогика оқу – жүйесінде зеттеулер, ғылыми – әдістемелік таным басылымдарында қарастырулада. Мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан дамытудың негізгі міндеттері кәсіби ойлау мәдениеттерін қалыптастыру. Біздің түсінігімізде маманның кәсіби шеберліктерін – ойлау тұрақтылығы, кәсіби мәселелерді шешу, болжай алу, ғылыми негіздерге сүйене білу, тәрбиелеу әдістерін қолдана алу, өзгелердің пікірлерімен санау және жан- жақт қарым- қатынас маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қ.Сейтқалиев. Педагогиканың жалпы негіздері. –Ақтөбе, 2004
2. Н.Д. Никандров Педагогическое творчесво. М:Педагогика , 1990
3.Б.А. Молдағалиев. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы.-Орал, 2005
4. Е. Сағындықұлы. Педагогика. Алматы, 1999
5. Н.Берікұлы. Педагогика. Оқу құралы, 2004
6.А.В. Кондратеньков Труд и талант учителя:факты, мысль 1989

ӘОЖ 373.31

БІРІНШІ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абдрасилова Г.Л.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы

Манатбек Н.Қ.
6В01301 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы,
3 курс студенті, Тараз қ.

Аннотация: Мақалада «Әліппе» және «Ана тілі» оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда бірінші сынып білім алушыларының жазу дағдыларын қалыптастыру, жазу және жазылым дағдысының маңызы, зерттелу барысы, коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар, әдіс-тәсілдер және оларды тәжірибеде қолдану жүйесі қарастырылады. Оқушылардың жазбаша тілді оқып-үйрену арқылы тілдік мағлұматтарды меңгеретіндігі, олардың ақыл - ойы, сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдары көрсетіледі.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы формирования навыков письма первоклассников при реализации учебных программ «Азбука» и «Обучение грамоте», значение навыков письма, ход исследования, задачи, направленны на развитие коммуникативных навыков, методы и их применения на практике. Показано, как учащиеся усваивают языковые знания посредством изучения письменной речи, совершенствуют свои умственные способности, речевые навыки.

Abstract: The article deals with the formation of writing skills of first-graders in the implementation of the educational programs "ABC" and "Literacy training", the importance of writing skills, the course of research, tasks aimed at the development of communication skills, methods and their application in practice. It is shown how students acquire language knowledge through the study of written speech, improve their mental abilities and speech skills.

Кілтті сөздер: білім алушы, жазылым, жазу дағдысы, каллиграфия, жазудың кезеңдері, сызықтар, әріп, сауаттылық.

Каллиграфиялық дағдыларды қалыптастырудың дәстүрлі әдістемесімен қатар, бастауыш сынып білім алушыларында жазу дағдыларын қалыптастырудың авторлық технологиялары бар. Қазіргі уақытта каллиграфиялық дағдыларды қалыптастыру мәселесі бойынша: Е.Н.Соколова, Н.Г.Агаркова, М.М.Безруких, В.А.Илюхина, Е.Н.Потапова жұмыс жасау барысында [1].

В.А.Илюхинаның "Письмо с секретом" білім алушылардың каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру әдістемесіне тоқталғанды жөн көрдік. Көптеген қиындықтарды тудыратын-жазу сабақтары - дейді автор. В.А.Илюхина балаларға "сопақ" элементтері бар әріптердің элементтерін жазу қиын деген қорытындыға келді [2].

Е.Н.Потапованың айтуынша, бұл бастауыш мектепте каллиграфиялық жазу мәселесін өзіндік түсіну және шешу, дәстүрлі жазу әдістемесіне жаңашылдық элементтерін кезең-кезеңімен енгізу [3].

Жазуды үйренудің бірінші кезеңі. Негізгі мақсат: саусақтарды, жалпы қолды жаттықтыру.

Жазуды үйренудің екінші кезеңі. Негізгі мақсат – зімпара карточкалары, саусақпен әріптерді калькалауға арналған карточкалар арқылы тактильді есте сақтау қабілетін (саусақ ұштарын есте сақтау) дамыту. Бірақ есте сақтаудың бұл түрінен басқа басқалары бар (көру және есту). Көрнекі жадқа ерекше мән беріледі. Жад үнемі өсіп отыруы керек. Әр білім алушы үшін зімпарадан әріптерді жеке-жеке қиып алу ұсынылады. Е.Н.Потапованың көзқарасы бойынша тактильді есте сақтауды дамыту - жазуды меңгерудің негізі. Саусақ ұштарынан сигналдар миға өтеді, ақпаратты ми қабылдайды, қалай жазу керек екендігі туралы саусақтарға кері импульс беріледі.

Жазуды үйренудің үшінші кезеңі. Негізгі мақсат: элементтер, қосылыстар, әріптер, сөздер болып табылатын әріптер мен карточкалардың – калькалардың көмегімен білімді, дағдыларды бекіту.

Бұл әдіс бойынша көптеген мұғалімдер жұмыс істейді, олар оны толығымен қолданбаса да, кейбір элементтерін алып, сабақтарына енгізеді.

Ұзақ уақыт бойы балаларды жазу мен көркем жазуға үйрету әдістемесінде ырғақты (тактикалық) әдіс (тактика әдісі), яғни санауға негізделген жазу қолданылды. Д.Б.Эльконин жүйесі бойынша жазуды оқыту, авторы М.М.Безруких, ырғақты жазу тәсіліне негізделген [4]. Тактілі жазу айқындыққа, тегістікке, ырғаққа және жеделдетілген қарқынға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл түзету әдістемесі қозғалыс ерекшеліктері барбілім алушыларда жазудың графикалық-моторлық компонентін жақсартуға арналған.Авторлар үш кезеңнен тұратын тактілі жазуды оқытуды әзірледі.

Бірінші кезең келесі жаттығуларды орындауды қамтиды: мөлдір калька арқылы қолмен жазылған әріптердің дайындалған үлгілерін ескере отырып бастыра жазу.

Екінші кезеңде білім алушылар мөлдір калька арқылы қолжазба сөздерді бастыра жазады, олар құрылымы жағынан бірдей ырғақты мен екпінге негізделген топтарға біріктіріледі (ана, аға, түк, мүк).

Қазіргі қоғам ақпарат дәуірінің шарықтау кезеңі, демек педагог білім беру процесінде оқушылардың назарын аудартып, ақпаратты толың меңгерулері үшін ақпараттық технологияларды пайдалану қажеттігі жоғары. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «Жай мұғалім жалпылама баяндайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ал ұлы мұғалім шабыттандырады» – деп атап көрсеткеніндей, педагогтің рефлексивті әрекеттерді меңгердігі оқушылардың мәселелерді тез шеше алуынан, жетістіктерге жетуінен және адами қарым-қатынастары мен қасиеттері арқылы көрініс табады.



Сурет 1. SMART педагогтің құзыреттілігі

Ең алдымен, бұл цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білімі бар және инновациялық технологияларды сабақта және өзінің кәсіби қызметінің басқа аспектілерінде қолдана алатын, цифрлы ортада , әртүрлі цифрлы платформаларда кревтивті идеялармен жұмыс істеу негіздерін білетін, оны үнемі өзгеруге, оқуға және өзін-өзі оқытуға дайын SMART педагогтар қажет. Сонымен қатар, цифрлық және ақпараттық технологиялар арқылы ұйымдастырылып жатқан оқыту мен оқу үдерісі оқушылардың жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби әлеуетінің қалыптасуына мүмкіндік туғызып отыр.

Сыни ойлау технологиясын мектепте пән ерекшелігіне қарай қолданып әртүрлі интернет платформалары мен интернет ресустарын оқушылардың қабілеттерін ашу және сабаққа деген ынтасын ояту мақсатында қолданып, сабақтағы бағалау мен рефлексия кезеңінде әртүрлі әдістерді тиімді пайдаланып, креативті идеяларын ортаға сала отырып оқушыларды қызықтырған SMART креативті педагог бола алады. Сонымен қатар әр оқушысының қызығушылықтары мен сүйікті істерін түсінуге тырысқан ұстаз ғана жаңашылдыққа, креативтілікке ие болады.

SMART педагогтің креативті құзыреттілігіне: жаңаша ойлауы, креативке толы сабақты ұйымдастыруы, шығармашылыққа икемділік, кез-келген мәселені оңай шеше алуы, веб-сайттар мен видеосабақтарды шеберлікпен жасауы және бастысы тұлға қалыптастыруда білім сапасын көтерудің негізі болатын жаңашылдық қасиетке ие болуы керек.

Қорыта келгенде, SMART педагог бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғамда цифрлы білім беру ортасында оқушылардың өздігінен білімді меңгеруіне ықпал ететін ақпараттық және электрондық ресурстарды іздеу, жинақтау, саралау, өңдеумен қатар ұжымдық, топтық тапсырмаларды орындауда электронды платформаларды пайдалануды, цифрлық технологияларды пайдаланудың жолдарын меңгеруі тиіс және цифрлық технологияларды қолдану білім беру қатынастарында қатысушылардың барлығының қызығушылығын арттыра отырып, педагог өз бойында шығармашылық икемділік пен нағыз креативті тұлға тәрбиелейтін қасиетке ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А Цифрлы педагогика. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж», 2022. – 314 б.
2. Коллективная монография ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области. Повышение качества профессионального развития педагога. – Караганды, 2015. – 118 б.

ӘОЖ 37.013

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Алиева П.С.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз

Хайтбоев Ж.Ж.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз

Аңдатпа

Бұл мақалада, білім беру процесінде педагогикалық шеберліктің маңызы және педагогикалық шеберліктің кейбір анықтамалары, оқу-тәрбие барасында мұғалімдерге қойылатын талаптар, мұғалімдердің озық тәжірибелерінің нәтижесі, олардың оқушы алдында өзін-өзі ұстауы, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру қабілеттері, коммуникативті қарым-қатынас маңыздылығы туралы.

Кілт сөздер: Педагогика, шеберлік, анықтама, ұстаз, жаңа бағыт, танымдық қасиет, шығармашылық.

Аннотация

В данной статье рассмотрены значение педагогического мастерства в образовательном процессе и некоторые определения педагогического мастерства, требования к педагогам в сфере образования, результаты передового опыта педагогов, их поведение перед учащимися, умение организовывать. образовательная деятельность, а также значение коммуникативных отношений.

Ключевые слова: Педагогика, умение, определение, учитель, новое направление, познавательные качества, креативность.

Anntation

In this article, the importance of pedagogical skill in the educational process and some definitions of pedagogical skill, the requirements for teachers in the field of education, the results of the best practices of teachers, their behavior in front of students, the ability to organize educational activities, and the importance of communicative relations.

Key words: Pedagogy, skill, definition, teacher, new direction, cognitive quality, creativity.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңіндегі орта және жоғары мектептердегі күнделікті іс- тәжірибелердің мазмұны мен оқыту әдістемесі өмір талабына сай келмейтіні баршаға белгілі. Адам өзінің қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе, ұстаз өзінің шығармашылық еңбегімен жаңа адамдарды жасайды, дамытады, кемелдендіреді, өмірге дайындайды.

Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қоймай , назарын білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, танымын, ойлау қабілетін, тіл шеберліктерін ұштап, білімге деген құштарлығын, жалпы өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, сенімділігін, төзімділіктерін, іскерліктерін, ізденімпаз болу басқа да танымдықтарын жетілдіре отырып, рухани адамгершілігі мол азамат қылып тәрбиелеу өздерінің өмірлік мақсаттары деп, ізгілік мұраттары деп санайды. Л.Н.Толстой: «Болашақта жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет-ттек сонда ғана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады»-деді[1]. Педагогтар үнесі өздерін қоғам талаптарына сай үздіксіз тәрбие бере алатын адамдармен жақсы қарым- қатынас орната алатын, әсіресе, оқушылар және олардың ата- аналарымен тез достаса алатын, сыпайы әдебімен, тұнық, байсалды мінездерімен терең білімі мен, көрегендігімен, ұйымдастушылық қабілеті жоғары, өз пәнін жетік білетін, таланты мен тәжірибелері тоғысқан, өзінің қоғамдағы саяси құндылқтарға белсенді араласуға бейім, бойында патриоттық сезімі жоғары, оқушыларға үлгі болатындай кейпінде болуы тиіс деп ойлаймын. Педагогикалық шеберліктің негізі- балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу- тәрбие үрдісінде оқушылардың педагогикалық ынтымақтастықтар, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, олардың жолын ашу, кеңес беру, шәкірттің болашақ өмірін болжай білу сияқты құндылықтар болуы тиіс. Бұл ретте педагогика саласын зерттей келе мынадай жүйелер бөлінеді:

- Мұғалімнің гуманистік бағыттылығы;
- Педагогикалық кәсіби бірлігі;
- Сабақ берудегі іс- әркеттік бейімділігі
- Педагогикалық техника т.б.

Педагокалық қызметтің тиімділік мүддесі үшін оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдар, әлеметтік орта сияқты аймақтарда дұрыс қарым- қарым-қатынас орната білу. «Мектептін жаны- мұғалім. А.Байтұрсынов: «Мұғалім қандай болса да, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең уәелі мектепке керегі- білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»- деді[2]. Педагог зерттеуші ғалымдардың ішінде, педагог шеберлік жөніндегі ғылыми- зерттеулер пайымдауларға:

- педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық;
- тәрбие мен білім беру ісінің нәтижелігі;
- әдістерді, құралдарды қолдана білудегіт үйлесімдік;
- іс –әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы;

Осы негізде қазіргі жағдайда әлеуметтік-қоғамдық өмірдің жаңаруына байланысты кәсіптік педагикасының шеберлік деңгейінде дамуы тиіс. Оларды дамытудағы төмендегі міндеттер

қарастырылады.

- Педагогикалық білімнің бірлігі;
- Педагогикалық кәсіптің бейісділіктері;
- Әдістерді, құралдарды қолдана білуге үйлесімділіктері;
- Іс- әрекет мазмұндарының шығармашылық сипаттар алуы;
- Жағдаяттарды меңгеру

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі- бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнерлері болып табылады. М.Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады»- деді[3].

«Мұғалім қоғам айнасы» -демекші мұғалімнің бала алдында сөйлеу және түсіндіру шеберлігі өте маңызды үрдіс. Мысалы көпшілік алдында сөйлеу шеберлігінің ең негізгі сезім түсініктері мынадай:

- Әңгемені дұрыс бастау білу шеберлігі;
- Негізгі мәселелерге нақты тоқталу;
- Қарым- қатынас жағдайдағы еленбейтін жағдайларға мән беру;
- Бұрынғы қарым-қатынастарды өзгерту;
- Жұрт алдында сөйлеу дағысын жетілдіру;
- Баланың мінез- құлқын бақылау;
- Оқушы алдында өзін- өзі дұрыс ұстау;
- Тыңдаушыларды қызықтыру;
- Мәселелерді талдай отырып, түсіндіру т.б.

Мұғалім заманауи жаңалықтардан хабары мол, өз пәнін жеті меңгерген жаңа педагогикалық тәжірибелерді өз қажетін тауып, өз керегіне жарата білетін, кәсіби шеберлігін ұштай жүретін жаңалықты сезіне білетін, оны өз пәнін оқыту әдістемесіне батыл енгізе білетін жан. Педагогикалық этика бойынша ұжымда болатын қақтығыстарды да мұғалім алдын алуы тиіс.

Мұнда олардың бірнеше категолрияларын кездестіруге болады:

- Кәсіби парыз;
- Педагогикалық әділеттік;
- Кәсіби ар-ождан;
- Педагогикалық ар- намыс;
- Педагогикалық такт;
- Жауапкерлікі;
- Ар- ождан
- Бедел т.б.

Бүгінгі заманның талабына байланысты мұғалім өз елінің белсенді идеялық сенімді жинақтаушысы, өз мемлекетінің аяғынан тік тұрып кетуіне, оның саяси және экономикалық бастандығына қатысты, Отанын сүйе біліетін, жастарды тәрбиелеу қызмет жасайтын мамандарды айтады.

Қазіргі уақытта «Ұстаз бәрін білуге және жан- жақты болу керек»- деген ұғым бар[4]. Бұл шынында өз пәнін жетік білу қарапайым да, қажетті талап. Д.И. Менделеев: «Ғылымды өзік жетік білетін оны меңгерген оны жақсы көретін ұстаз ғана шәкірттеріне жемісті қызмет ете алады. «Өзінің жақсы көрмейтін пәнінен гөрі, өзінің жасқсы көретін пәні он есе жақсы меңгеріледі»- деді[5]. Мұғалімнің жеке басындағы барлық қасиеттердің кәсіптің мәндері бар. Мысалы, А.В. Луначарский атап көрсеткендей, педагогика моральдағы кез-келген кемістік, мінез-құлықтағы кемістік тікелей у болып, ол жеткіншек ұрпаққа жұғады. Жақсы мұғалім – бұл ең әуелі қайғы қуанышына ортақтасатын, парасатты әрі адал, балаларды құрметтей білетін және оларды ұқыптылыққа тәрбиелейтін адам. Л.Н. Толстой: «Болашаққа жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет, тек сонда ғана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады»- деді[5]. Мұғалімдердің жан-жақты шығармашылығына қатысты әлеуеті олардың әлеуметтік тәжірибесіне қарай психологиялық-педагогикалық және пәндік білім базалары болып көрсетіледі. Дұрыс

шешімдер қабылдауды мүмкіндік бер алатын жаңаша бизнеси идеялар мен білік, дағдыларды жаңа формалар мен әдістер шамасында қалыптаса алады. Олардың шығармашылық сипаттары педагогика міндеттерін шешу негізінде қарастырылып, эмоционалдық, ерікті және мотивациялық қажеттіі компонеттерден ұйымдастырулармен бейімделе алады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінде мәдени танымның, мәдени іс- әрекеттің маңызы зор. Осы тұрғыда педагогикалық мәдениет-жалпы адамзаттың мәдениеттерінің бір бөлігі, онда білім беру мен тәрбие берудің рухани құндылықтарын және материалдық құндылұтар жағынан көрініс таба алатын, әлеметтендіру ұрпақтар ауысуы тарихи үрдіске қызмет көрсету үшін шығармашылық педагогикалық іс-әрекет тәсілдері болып табылады.

Әль Фараби: «Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, меніңше шешен, өнер білімге құштар қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізеттілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»- деді[6].

Мұғалімдердің білім алуына қатысты арнайы түрде ұйымдастыру ретінде әдістемелік жұмыстар мұғалімдердің жеке көмектерін қарастырады.

Педагогика шеберліктерінің негіз бөліктеріне: кәсіптік білім, біліктілік, дағды, кәсіптік қабілет, педагогтік әдептілік, педагогикалық техника жатады.

Қорыта келгенде, бүгінгі талапқа сай мектепте білім берудің жаңа саласына жету – мұғалімнің қабілетімен, білімімен, шеберлігімен тығыз байланысты. Өз мамандығына жан – жүрегімен берілген ұстаз ғана ұстаздық этиканы да, ұстаздық техниканы да, шеберлікті де жақсы бағыттайды. Мұғалімнің творчестволық қабілеті, жаңашылдық әрекеттері, біліктілігі, физиологиялық және психологиялық сапасы, педагогикалық кәсіптік біліммен сәйкестенеді.

Соңғы кезде педагогикалық шеберлікке деген көзқарас ауқымы кеңейе түсуде. Жоғары білікті мамандардың шберлік ұғымдарының мән мағыналарын анықтауға бағытталып жатқан жатқан мәселелер педагогика оқу – жүйесінде зеттеулер, ғылыми – әдістемелік таным басылымдарында қарастырулада. Мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан дамытудың негізгі міндеттері кәсіби ойлау мәдениеттерін қалыптастыру. Біздің түсінігімізде маманның кәсіби шеберліктерін – ойлау тұрақтылығы, кәсіби мәселелерді шешу, болжай алу, ғылыми негіздерге сүйене білу, тәрбиелеу әдістерін қолдана алу, өзгелердің пікірлерімен санау және жан- жақт қарым- қатынас маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Сейтқалиев. Педагогиканың жалпы негіздері. –Ақтөбе, 2004
2. Н.Д. Никандров Педагогическое творчесво. М:Педагогика , 1990
3. Б.А. Молдағалиев. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы.-Орал, 2005
4. Е. Сағындықұлы. Педагогика. Алматы, 1999
5. Н.Берікұлы. Педагогика. Оқу құралы, 2004
6. А.В. Кондратеньков Труд и талант учителя:факты, мысль 1989

ӘОЖ 37.0:911

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ КОЛДАНУ

Арымбаева С.Д.
Жамбыл облысы, Тараз қаласы М.Мақатаев атындағы №14 орта мектеп.

Аңдатпа: Мақалада инновациялық әдістерді география сабағында қолдану барысы айтылады. География пәнінің мұғаліміне оқушыларға оқу процесін жеңілдету үшін барлық заманауи әдіс-тәсілдерді қолданудің әдістемелік ұсыныстары беріледі. География сабағында инновациялық әдістерді бірінші, жаңа кешенді оқу құралдары арқылы екіншісі, ғаламтор жүйесіндегі технологиялар негізінде қолдану түрлері ашылады. Ол мұғалімдердің оқу құралдарын сыныптағы оқытуды жақсарту, оқушылардың назарын аудару және оқуға деген құлшынысты

арттыру мақсатында орындалатыны айтылады.

Кілт сөздер: инновациялық әдістерді, оқу құралдары, педагогикалық процесс, үй тапсырмасы Google Earth Google

Аннотация: В статье рассказывается о ходе применения инновационных методов на уроках географии. Учителю географии даются методические рекомендации по использованию всех современных методик для облегчения учебного процесса учащихся. На уроках географии раскрываются формы применения инновационных методов на основе первых, новых комплексных учебных пособий-вторых, технологий в сети Интернет. Говорят, что он проводится с целью улучшения обучения учителей в классе, привлечения внимания учащихся и повышения мотивации к обучению.

Ключевые слова: инновационные методы, учебные пособия, педагогический процесс, домашнее задание Google Планета Земля.

Annotation: The article describes the progress of the application of innovative methods in geography lessons. The geography teacher is given methodological recommendations on the use of all modern techniques to facilitate the learning process of students. Geography lessons reveal the forms of application of innovative methods based on the first, new comprehensive textbooks, and secondly, technologies on the Internet. It is said that it is conducted with the aim of improving teacher training in the classroom, attracting the attention of students and increasing motivation to learn.

Keywords: innovative methods, teaching aids, pedagogical process, homework Google Earth Google

Мектептің оқу-тәрбие процесінде оқытушылардың білімін қалыптастыруда география пәнінің өзіндік ерекшелігі бар. География пәні қоршаған ортаның және оның түрлі аспектілерін жан-жақты зерттеу болып табылады. Сондықтан, мектепте география пәнін оқу кезінде оқушыларға қызықты әрі тартымды болуы үшін сабақтан инновациялық әдістерді қолдана отырып жүргізу өз тиімділігі көрсете алады.

Еліміздің педагогика саласындағы инновация мен білім беруде инновациялық әдістерді қолданудың К.Ж.Бұзаубақова [1], Ш.Т.Таубаева[2], Ж.А.Қараев[3], Г.К.Нургалиева [4] және т.б. педагог ғалымдардың еңбектерінде зерделенген. Мәселен, мемлекетімізде танымал ғалым К.Ж.Бұзаубақова: «Білім беру саласындағы инновация деп арнайы жоспарланған немесе «кездейсоқ ашылған» педагогикалық инициативалар ретінде жаңалықтарды айтамыз. 64 б...Инновация – бұл тек педагогикалық процесс немесе мектепті басқаруды ұйымдастырудағы қандайда бір жаңалықтардың жемісі ғана емес, ол мектептегі тәрбиелеу және оқыту жүйесінің бәрінде өзгеріс әкелген өзара әрекеттер жиынтығының нәтижесі» деген анықтама береді.

Қазіргі таңда география пәнінің мұғалімдері оқытушылық қызметте оқушыларға білім, іскерлік және жағымды дағдылардын қалыптастыруда инновациялық құралдар мен әдістердің бірнеше түрлерін қолданады. Мұғалімдер оқу құралдарын сыныптағы оқытуды жақсарту, оқушылардың назарын аудару және оқуға деген құлшынысты арттыру үшін пайдаланады. Бұл жаңа жан-жақты оқулықтар (карталар, диаграммалар, глобус, 3D моделі, тау жыныстары мен минералдардың үлгілері, экскурсиялар мен далалық экскурсиялар) және технологиялық / онлайн оқулықтар (географиялық веб-сайт, Google Earth, Google maps, Google street views, YouTube бейнелері). География пәнінің мұғалімі әрдайым оқушыларға оқу процесін жеңілдету үшін барлық заманауи көмекші құралдардың кең жиынтығын қолданады. Оқытудың инноациялық әдістерін мұғалімдер тақырыптың мазмұнын өзектендіру әдістері ретінде пайдаланса, ал оқу құралдарын сабақтың маңыздылығын арттыру үшін көмекші құрал ретінде қолданылады. Оқу құралдарын оқытуда инновациялық әдістерді падалану баланы білімге ынталандырады және уақытты үнемдеуіне көмектеседі. Мұғалім әрқашан балаларды оқытудың ең жаңа және инновациялық әдістері мен құралдарын жобалауға, әзірлеуге және пайдалануға тырысады.

Мұғалім география сабағында инновациялық әдістерді бірінші, жаңа кешенді оқу құралдары арқылы екіншісі, ғаламтор жүйесіндегі технологиялар негізінде қолдана алады.

Мәселен, бірішісі жаңа кешенді оқу құралдары арқылы инновациялық әдістердің қолдануында алғашқысы карталар және глобус. Карта - бұл құрылымдық көрініс, әдетте екі өлшемде (2D), жер беті, мұхит түбі, өзен ағыны, орман, ауа райы картасы және жер бедері картасы

сияқты әртүрлі компоненттер физикалық, саяси және топографиялық карталарды көрсетеді. Глобус Географияны және басқа пәндерді зерттеу үшін өте қажет. Бұл біздің жеріміздің нақты моделі және географияны оқытудың барлық кезеңдерінде өте қажет.

Келесісі суреттер мен диаграммалар. Суреттер мен диаграммаларды пайдалану география бойынша оқулықтарда кең таралған.

3D модельдер әдісі. Осы әдіс арқылы «Үш өлшемді нысанды әдетте биіктігі, ұзындығы және ені тегіс деген үш түрлі бағытта өлшеуге қолданылады. Сондай-ақ, 3-D аббревиатурасын да қолдануға болады. Үш өлшемді (3D) модельдер соңғы жылдары мектеп деңгейінде оқу құралында инновациялық әдіс ретінде ерекше танылып отыр.

Экскурсиялар мен арнай орындарға бару. Бұл нақты әлемдегі немесе тәжірибеге негізделген әдіс болып табылады. Оқушылар пәндік білімді сынып жағдайында ғана алмай, нақты білім арқылы осы оқудың толық нұсқасын игереді. Мұғалім оқушылардың академиялық бағдарламаны шындықпен байланыстыра отырып жетістіктері мен талаптарының деңгейіне ықпал ете алатындай бағытталуын қамтамасыз ете алады.

Үй тапсырмасы. Үй тапсырмасы оқушылардың пәнді оқуға қатысуы үшін өте маңызды. География мұғалімі оларға сабақтан кейін үй тапсырмасын үйде жазудан басқа әр түрлі шығармашылықты, суреттерді, модельдер мен схемаларды үйрету арқылы оқушыларды ынталандырады.

Сыныптағы Викторина: сыныптағы оқыту мен өзара әрекеттесудің маңызды бөлігі ретінде оқушылардың көпшілігі автор сыныпта сабақ берген кезде викториналар өткізуді талап етті және бұл жиі болды. География пәнінің мұғалімі оқушылар арасында салауатты бәсекелестік пен қорытынды жасауға ықпал ету үшін осы әдісті (викторина) жиі ұйымдастыруға болады.

Тау жыныстары мен минералдардың үлгілері. География пәнінің мұғалімі жетінші және сегізінші сынып оқушыларына нұсқау бергенде, оларға нақты өмірлік тәжірибе мен шығу сезімін беретін тау жыныстары мен минералдарды пайдаланады.

Оқу процесіне көмектесетін география сабағында инновациялық әдістерді екінші, ғаламтор жүйесіндегі технологияға негізделген оқу құралдарының әртүрлі бар. Ғаламторға негізделген технологияларды немесе оқу құралдарын пайдалану бүгінгі күні оқыту мен оқу процесінде маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер оқушылардың білімін жақсарту үшін сыныпта қолдануға болатын бірнеше көмекші әдістермен жұмыс жасайды.

Географияға негізделген Веб-сайт. Веб-сайт (сонымен қатар Веб-сайт ретінде жазылады) - бұл жалпы домендік атаумен анықталатын және кем дегенде бір веб-серверде жарияланатын веб-беттер мен олармен байланысты мазмұн жиынтығы. Белгілі веб-сайттардың мысалдары-Google, Facebook, Amazon секілді географияға негізделген Веб-сайттарыДомен климат, орман, физикалық, деректерге бағытталған және т. б. сияқты әртүрлі географиялық сипаттамаларды қамтитын веб-сайт.

Google Earth Google (Жер Ана). Google Earth тек география бойынша нұсқаулық емес. Ол - бәрімізді көрші әлеммен байланыстыратын пәндерді, мәдениеттерді, құндылықтарды және ландшафтты қамтитын дүниежүзілік ұғым. Google Earth-ті оқу құралы ретінде пайдалана отырып, биомалар мен мегаполистердің әртүрлілігі, өзеннің пішіні қаншалықты өзгергені немесе орман алқаптарының қазіргі жағдайы туралы білуге болады. Google Earth-ті сыныптарда қолданатын география пәнінің мұғалімі абстрактілі ұғымдарды ғаламдық сурет ретінде ыңғайлы түрде ұсына алады, бұл оқушыларға күнделікті өмірінде, қоғамдастықта, ұлтта және жалпы әлемде білетіндерімен байланыстыруға мүмкіндік береді. География мұғалімі Google Earth-ті бірнеше континенттерді, Қазақстанғаға іргелес елдерді, климаттық аймақтарды және т.б. көрсету үшін пайдалана алады.

YouTube бейнелерін қолдану. Бұл зерттеу негізінен YouTube-тен алынған оқу бейнелерін қалыпты сыныптарда пайдалану жолдарын қарастырады. Мұғалімдер оқыту әдісін мультимедиялық құралдарды қолдана отырып дәрістерден мәселелік оқыту әдісіне өзгерте алады. География сабақтарында YouTube-ті тақырыптың мазмұнын түсіндіру, оқушыларды сабақтың дәлелдерін іздеуге тарту және инновациялық оқулықтарды қолдануға ынталандыру үшін пайдалануға болады. География сабақтарында YouTube-ті пайдалану студенттерге технологияны

қолдану бойынша жаңа білім мен тәжірибе алуға көмектеседі. YouTube-ті ақпаратты іздеу үшін оқу ресурстары ретінде және идеяларды қолдайтын, зерттейтін және талдайтын, сондай-ақ география мұғалімдеріне оқушылар арасындағы өзара әрекеттесуді ынталандыру рөлі берілетін білімді қалыптастыратын егжей-тегжейлі зерттеуді қамтамасыз ететін көмекші құрал ретінде әртүрлі тәсілдермен пайдалануға болады.

Оқыту процесінде талданған инновациялық әдістер түрлерімен оқу құралдарын байланысту арқылы кез келген сабақта келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады. Олар:

- Жаңа инновациялық әдістерді оқу құралдарында пайдалануда оқушылар сабақты ынтамен оқиды және қызығушылық танытады.
- Оқу құралдары арқылы жақсырақ түсіндіру арқылы оқушылар география және қоршаған орта мәселелерін жақсы біледі.
- Мұғалім оқушылардың алдында қолданатын әртүрлі веб-сайттар немесе қолданбалар жаңа технологияларды меңгереді және қажетіне үйренеді. Бұл олардың жалпы дағдыларын дамытады және ол өмір бойы есте сақталады.
- Оқушылардың ойлау қабілеті артады, бұл абстрактілі ойлау мен нақты ойлауды өте күшті етеді.
- Оқушылар ғана емес, мұғалімдердің де жаңа дағдылар мен білімді дамытады. Бұл мұғалім мамандығының өте маңызды аспектісі болып табылады.
- Мұғалімдер мен оқушылар сыныпта бірдей өзара әрекеттесіп, оқудан қуаныш алады. Осылайша, әр адам өз-өзіне қанағаттануды оятады және бұл академиялық жетістіктер үшін өте маңызды.
- Инновациялық әдістер оқушыларға сабақты түсінуге көп көмектеседі. Нәтижесінде олардың академиялық жүктемесі айтарлықтай төмендейді.

Қорытындылай келе, мұғалім кез-келген әдіспен сабақ бере алады, бірақ негізінен оқушылардың оқуға және түсінуге деген қызығушылығын арттыру үшін оқулықтарға баса назар аудара отырып, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану білім сапасының тиімділігін арттырады. Осылайша, география пәнінің мұғалімі инновациялық әдістер мен оқу құралдарын кеңінен тиімді қолдана отырып, оқушылырдың оқуға деген қызығушылығын оята алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бузаубакова К.Д. Цифрлы педагогика: оқулық / Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А.. -Тараз: Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, 2022. - 317 с.
2. Таубаева Ш.Т.?Булатбаева А.А. Методология и методы педагогического исследования: учебное пособие –Алматы: Қазақ университеті, 2015. -214 с.
3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализаии целостного педагогического процесса. –М. 2002.

УДК 373.2

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ

Бупетаева С.Ж., Канапиева К.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Математика мұғалімдерін даярлау бағдарламасы студенті, Тараз қ.

Аннотация: бұл мақалада педагогтердің цифрлық қабілеттерін арттыру мақсатында жаңа технологиялардың қазіргі қоғамға әсері, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті және жалпы цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс жасау тәсілі ашып көрсетіледі. Сонымен қатар болашақ педагогтерге пайдалы боларлық ақпарат «PowerPoint, «WordWall» бағдарламасының жалпы сипаттамасын, оның маңызын, әрі бірнеше әдіс-тәсілдерінің бірін қолданылуын үйретіп, оның тиімділігі мен оқушылардың қызығушылығына қаншалықты әсер ететіні туралы айтамыз.

Аннотация: в целях совершенствования способностей учителей в данной статье дается всестороннее объяснение влияния новых технологий на современное общество, информационную культуру личности и цифровые материалы в целом. При этом мы научим общей характеристике программы «PowerPoint, «WordWall», ее важности и использованию одного из нескольких методов, а также расскажем о ее эффективности и степени, в которой она влияет на интерес учащихся.

Abstract: in order to improve the abilities of teachers, this article provides a comprehensive explanation of the impact of new technologies on modern society, the information culture of an individual, and digital materials in general. At the same time, we will teach the general characteristics of the «PowerPoint, "WordWall" program, its importance, and the use of one of several methods, and tell about its effectiveness and the extent to which it affects the interest of students.

Кілтті сөздер: Педагог, цифрлық білім беру ресурстары, цифрлық құзіреттілік, технология, платформа, бағдарлама, ақпарат, болашақ педагог.

Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті ойлаудың іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана алуы тиіс[1].

Цифрлық технологиялар - жаңа қоғамды құрудың жаңа құралы екені баршаға аян. Цифрлық білім беру ресурстары білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізі болып табылады. Сонымен қатар оны білім беру мен оқыту процесінде біртұтас ресурс ретінде пайдалануға болады. Жалпы алғанда, цифрлық білім беру ресурстары – бұл картографиялық материалдар, фотосуреттер, инфографика, бейнежазбалар және бейнеклиптерден үзінділер, көптеген жазба материалдар, символдық обьектілер, графикалық материалдар, мәтіндік құжаттар, сондай ақ көптеген оқу процесін ұйымдастыру үшін қолданылатын басқа да сандық форматтағы оқу материалдары.

Қазіргі кезде көптеген бағдарламалар арқылы сабақты қызықты әрі көрнекі етіп өткізуге болады. Заманауи педагогтер әртүрлі платформалармен жұмыс жасауды меңгерген. Мысалы: Microsoft Teams, Zoom, Miro, Choister, Googl dos, Wrike, МЭШ, Discord, Skype және т.б.[1]

PowerPoint бағдарламасы. Жай ғана презентация жасау үшін қолданылатын PowerPoint бағдарламасында қызықты ойындар жасауға болатынын білмедіңіз бе? Ол үшін программалау тілін немесе код жаза білудің қажеті жоқ. Тек ізденіс пен уақытыңыз болса жеткілікті. Тест, сөзжұмбақ, блиц тур, сәйкестендіру т.б. жасауға болады. Бұл бағдарламада ойындарды анимация арқылы түрліше жасауға, музыка, видео, сурет қосуға және дизайнды қалауымызша әдемілеп өңдеуге болады. Тағы да бір пайдалы функциясы – макрос. Макростың түрі көп. Интернеттен drag and drop деп іздеп, жүктеп аламыз. Сосын осы арқылы сәйкестендіру ойынын жасауға болады. http://didaktor.ru/novyj-shablon-s-makrosom-draganddrop-dlya-powerpoint-2010/ осы сілтемеге кіріп, макросты жүктеп аламыз.



“Разрешить редактирование” батырмасын басамыз.



“Включить это содержимое” таңдап, ОК батырмасын басамыз.



"Дизайн" батырмасын басу арқылы, өзімізге керек стиль мен ойынның түсін таңдаймыз.

Сәйкестендіру ойынын жасау үшін сәйкестендіретін сұрақтар мен жауаптарды осылай салып алдық. Бұл фигураларды *"Вкладка"* бөліміндегі *"Фигуралар"* батырмасын таңдау арқылы түрліше салып алуға болады. Жылжитын обьектілерді, бағыттаушы стрелкаларды ерекшелеп, *Вкладка – Действие Запуск макроса* таңдау арқылы, ОК батырмасын басамыз.

Wordwall бағдарламасы. Бұл бағдарлама сабаққа дайындалу кезінде уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін, интерактивті тапсырмаларды, ойындар мен тесттерді құруға арналған өте қарапайым және тиімді құрал. https://wordwall.net/ru/ сайтына кіреміз. *Вход* батырмасын басамыз. *"Создать занятие"* деген жоғарғы жақтағы көк батырманы басу арқылы



сіз ойын шаблонның түрін таңдай аласыз. *"Пропущенное слово"* деген шаблонды таңдадық. Осы ойында түсіп қалған сөздерді орнына дұрыс қою керек. *"Редактировать контент"* батырмасын басып, ойын атын және сұрақтарды, варианттарды жазу керек. Төменде үлгі ретінде ата-аналар жиналысы ту ралы сұрақтарды жазып көрсеттік.



ік.

Ең соңғы тұрған QR код суретін бассақ, QR код шығады. Ол арқылы ойыншылар ойынға камераға түсіріп-ақ оп-оңай кіре алады.

Қорыта келе еліміздің алдыңғы қатарлы ел болып, білім саласының қарқынды дамуы үшін педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды екендігін, әр педагог заман талабына сай дамып, өз білімін арттырып отыруы тиіс демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Д.Бузаубакова, А.С.Амирова, А.А.Маковецкая «Цифрлы педагогика». Тараз «ИП Бейсенбекова А.Ж» -2022ж [1] 54 -бет ,56-бет.
2. «Цифрлы дәуір педагогикасы» «Өрлеу» «Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» https://wordwall.net/ru/resource/52601630

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бухарбекова А.Т.
Жамбыл облысы Жамбыл ауданы, Бейсенбек Тайшапұлы атындағы орта мектебі

Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын математикаға қызығушылығын арттырып, функционалдық сауаттылық тапсырмалары мен логикалық есептерді оңай шешуге дағдыландыру.

Міндеттері:

-оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру, ғылымға баулу;

-оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру;

-оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған есептерді шешу;

-логикалық есептерді тез, әрі оңай жолмен шешуге үйрету.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру жүйесін дамытуға баса көңіл бөлініп отыр. Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы айқын айтылған. Жалпы білім беретін мектептерде дарынды балаларға арналған шығармашылық орта құру керек деп ойлаймын. Кез-келген қоғамда дарынды адамдар қажет және қоғамның басты міндеті олардың қабілеттерін дамыту. Көп дарынды балалар өз беттерінше қабілеттерін дамытуға дайын емес. Себебі, көп жағдайда оқушы отбасына және мектебіне тәуелді болады. Отбасы баланың қабілетін дер кезінде білуі керек, ал мектеп – балаға қолдау көрсетіп, оның қабілетін дамытады, және оны іске асыруға жағдай жасайды. Дарынды балалар өз қатарластарынан көш ілгері болады. Олар оқу материалдарын тез меңгереді, жаңа ақпараттарға қызығушылығы мол болады. Мұндай балалармен жұмыс жасаған қызықты да, күрделі.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді қолдана білуін қамтамасыз ету. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету.

Математикалық сауаттылық-әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математика тілінде сөйлеу, жазу мәдениетіне, қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйрену.

Бастауыш сынып – баланың логикалық ойлауының алғашқы даму кезеңі болып табылады. Өйткені, логикалық ойлау – бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасып, ауқымды мәселелерді шешуге, ғылыми білімді меңгеруге септігін тигізеді.Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын орындау – баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытуға көмектеседі.

Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда келесі пәндік және функционалдық сауаттылық қалыптасуы тиіс.

1. ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктілігін;
2. қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын;
3. ауызша және жазбаша есептеулерді тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникасын;
4. жоспар бойынша әртүрлі жоспарлау біліктігін;
5. өз іс әрекетін бағалауды білуі қажет.

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларына көптеген олимпиадалар өткізілуде. Олимпиадалардың негізгі мақсаты математика пәні бойынша қабілетті балаларды анықтау, олимпиада резервін қалыптастыру. Міндеті оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру, математикалық ұғымдарды талдауға, сыни тұрғыда ойлауға, күрделі есептерді шешуге үйрету.Осы олимпиадаға оқушыларды дайындау барысында, функционалдық сауаттылық тапсырмалары жинақталған арнайы математикалық тілдегі дәптер жасау ойыма келді. Математикаға қызығушылығы жоғары, логикалық ойлау қабілеттері басым оқушылар үшін математика сабағында функционалдық сауаттылық тапсырмаларды орындауға арналған «Логикалық тапсырмалар» жұмыс дәптерін жасадым. Бұл дәптер арқылы оқушылар, өз логикаларын дамытып қана қоймай, олимпиадаларға дайындық жұмыстарын жасай алады. Оқушыларға арналған жұмыс дәптерін жасағандағы мақсатым, оқушылар үйренген тақырыптары бойынша, өз беттерінше тапсырма орындау болып табылады. Жұмыс дәптерінде төрт негізгі тақырып берілген. Әр тақырыпты түсіндіру мақсатында ереже және бір мысал келтіріліп, қажеттілігіне қарай, әр мысалға тапсырмалар берілген. Оқушылар мысал арқылы тақырыпты түсіне отырып, тапсырмаларды өз беттерінше орындайды. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын арттыру мақсатында логикалық есептер мен ойын түрлерін пайдалануға тырысамын. Математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық білімдерін кеңейтіп, ойлау қабілеттерін дамытып, есептеу дағдыларын дамытады. Оқушылардың тапқырлығын арттырып, қызығушылығын туғызады. Теориялық материалдарды меңгерумен қатар оны практикалық тұрғыда пайдалануды үйренеді. Әдеттегі бірсарынды сабақта үндемей отыратын оқушылар ойын кезінде белсенділік танытып жатады. Өйткені, олар өйын кезінде өздерін басқалармен тең санап қана қоймай, өздерінің белсенділігін де көрсетеді. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете бастайды да, білімді меңгеру белгілі іс әрекет үстінде жүзеге асады.

Мысалы: Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин лампасы бар. Бірінші не жағасыз? (шырпы)

Ахметтің анасының үш баласы бар. Үлкен ұлының аты-Қыркүйек, ортаншысының аты-Қазан, кішісінің аты кім? (Ахмет)

Оқу бағдарламасында жеке тақырып ретінде логикалық сұрақтар берілмеген. Дегенмен, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда логикалық тапсырмалар кездесіп тұрады.

«Ағаш егу, ағаш кесу мәселесі» бойынша кездесетін мәтінді есептерді шығару арқылы оқушының есепті тиімді және оңай шығаруға, сонымен қатар оқушының ойлау логикасын дамытуға және талдау жасау қабілетін арттыруға болады. Ағаш егу мен кесудің заңдылықтарын пайдаланып, көптеген есептерді шығартуға болады.

Мысал: Айдос ауласына ағаш отырғызды. Айдос10 метр жерге аралығы 2 метрден неше ағаш екті?

Ағаш саны = барлық ұзындық : түп аралық + 1

10 : 2 + 1 = 6

Тапсырма. Жандос бір қатарға арасы 3 метр болатын 5 ағаш отырғызды. Ең шеткі екі ағаштың арасы неше метр?

5 – 1 = 4

4 х 3 = 12 (екі ағаштың арасы 12 м)

Қарапайым фигураларды санау

Фигура санау – берілген геометриялық фигураға байланысты кесінді, бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш т.с.с. фигуралар санын табуға берілген есептер.

1-мысал. Суретте қанша кесінді барын есептеу жолдары.(1-кесте)

А В С Д Е

Ескерту: АВ және ВА кесінділері бірдей кесінділер.

(1-кесте)

А нүктесінен басталатын кесінділер	АВ, АС, АД, АЕ
В нүктесінен басталатын кесінділер	ВС, ВД, ВЕ
С нүктесінен басталатын кесінділер	СД, СЕ
Д нүктесінен басталатын кесінділер	ДЕ
Барлық кесінділер саны	4+3+2+1 = 10

Тапсырма. Суретке қарап, кесінділерді жаз. Барлығы неше кесінді бар?

(2-кесте) Суретте берілген кесінді бойынша кестеге кесінділерді жазады. Соңында кесінділер санын қосады. Мұнда АВ және ВА кесінділері бірдей кесінділер.

А В С Д

(2-кесте)

А нүктесінен басталатын кесінділер	
В нүктесінен басталатын кесінділер	
С нүктесінен басталатын кесінділер	
Барлық кесінділер саны	

Қарапайым комбинаторика

Берілген жиындағы элементтерден қандай да бір шартқа бағынатын әртүрлі қанша комбинация құрастыруға болады деген сұрақты қарастыратын математика саласы комбинаторика деп атайды.

Мысал. Егер цифрлары қайталанбайтын болса, онда 1, 4, 6, 9 цифрларын пайдаланып, неше екі таңбалы сан құрастыруға болады?

ондық	бірлік
4	3

4 х 3 = 12

Жауабы: 12 түрлі екі таңбалы сан құрастыруға болады.

Тапсырма.1, 0, 5, 8 цифрларын пайдаланып, неше екі таңбалы сан құрастыруға болады?

ондық	бірлік

Қорыта келе комбинаторика-бұл операцияларды санау. Ол үшін оқушылар қосынды мен көбейтудің ережелерін жақсы білулері керек. Сонымен бірге тапсырмаларды тану және классикалық комбинаторлық нұсқаларды-комбинацияларды есептеуге үйрету қажет.

Жорамалдау тәсілі

Мысал. Аулада қаздар мен қозылар жүр. Олардың бастарының саны 40, аяқтарының саны 136. Онда көгалда қанша қозы, қанша қаз жүр?(3-кесте)

1	Барлығын қаз деп жорамалдасақ, онда	40 х2 = 80 (аяқ)
2	Бұл есеп шартындағы аяқ санынан кем	136 – 80 = 56
3	Әрбір қозыдан кем саналатын аяқ саны	4 – 2 = 2
4	Қозы саны	56 : 2 = 28
5	Қаз саны	40 – 28 = 12

Тексеру: 12 қазда 12 х 2 = 24 аяқ
28 қозыда 28 х 4 = 112 аяқ
Барлық аяқ саны 24 + 112 = 136 аяқ

Тапсырма. Спорттық алаңның ауласында барлығы 43 велосипед және үш дөңгелекті мотоцикл тұр. Егер олардың дөңгелектерінің жалпы саны 96 болса, онда мотоциклдер саны қанша?

Осындай логикалық тапсырмаларды пайдаланып, оқушыларды олимпиадаға дайындау өте тиімді, әрі оқушылар қызыға орындайды. Қазіргі технологиялардың мүмкіншіліктерін пайдаланып, логикалық тапсырмаларды қызықты және сапалы дайындау. Сонымен қатар әр мұғалімге пайдасы тиетін көмекші құрал – ол тапсырмалар жинағы бар дайын дәптер.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігімен өлшенеді демекші, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттілікті үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан да білім беру саласының басты мақсаты, оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеге жетуіне, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптасуына ықпал ету.

«Шәкірт – нығыздай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту мектептің басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Автор Ә.Б.Ақбаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, Т.Т.Лихобабенко
2. Математика оқулығы. Баспа.-Алматыкітап, 2019.
3. Автор Мәуіт Ырысбек, Меллат Есбол, Табыс Нұрланбек, Қабылкерім
4. Есқат, Дәуренқан Ардақ. Математика. Баспа. –Зерделі, 2023.
5. Автор Мәуіт Ырысбек, Меллат Есбол, Табыс Нұрланбек, Қабылкерім
6. Есқат, Дәуренқан Ардақ. Алтын сақа. Баспа. –Зерделі, 2023.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Жылысбай А.Б.
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Тараз қаласы, «№13 орта мектебі» КММ
aisara.zhylysbay@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада цифрландырудың білімге әсері, сондай-ақ оқу процесінде жаңа технологиялардың артықшылықтары мен мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі әлемде инновациялық технологиялар мен платформалар білім беруде маңызды рөл атқарады. Олар оқыту процестерін жетілдіруге және тиімдірек және сапалы білім беруге мүмкіндік береді. Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану білім беру процесін жекелендіруге, оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге, оқытуды интерактивті және қызықты етуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: заманауи үрдістер, инновациялық технология, платформа, интерактивті орта, ынталандыру.

Заманауи білім беру цифрлық технологиялар мен платформалардың дамуына байланысты үлкен мүмкіндіктер ашылды. Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану оқу процесінің сапасын айтарлықтай жақсартуға және барлығына тиімдірек және қолжетімді оқытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл мақаланың мақсаты білім берудегі инновациялық технологиялар мен платформаларды пайдалану мүмкіндіктерін және олардың білім беру процесінің сапасына әсерін қарастыру болып табылады.

Білім беруде инновациялық технологияларды қолданудың бір мысалы-оқыту үшін онлайн платформалар мен ресурстарды пайдалану. Coursera, edX, Udemy және т.б. сияқты заманауи білім беру платформалары бағдарламалау мен дизайннан бастап шет тілдері мен бизнеске дейінгі әртүрлі тақырыптар бойынша көптеген курстар мен оқу бағдарламаларын ұсынады. Бұл платформалар әртүрлі елдердің білім алушыларына әлемнің түкпір-түкпірінен келген білім беру материалдары мен сарапшыларына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде инновациялық технологиялардың дамуымен білім беру қол жетімді және тиімді бола бастады. Осындай жаңалықтардың бірі-мектепте сабақ өткізу үшін әртүрлі платформаларды пайдалану. Ең танымал оқу платформаларының бірі-Google Classroom. Бұл мұғалімдерге сабақ құруға, тапсырмалар беруге, олардың орындалуын тексеруге және оқушылармен сөйлесуге мүмкіндік беретін ыңғайлы және қолдануға оңай бағдарлама. Сондай-ақ, бұл платформада онлайн тестілеу және кері байланыс жүргізуге болады. Тағы бір танымал платформа-Microsoft Teams. Оның көмегімен мұғалімдер оқушылармен қарым-қатынас жасай алады, тапсырмалар бере алады, бейнеконференцияларды қолдана отырып онлайн сабақтар өткізе алады, сонымен қатар өз бетінше оқуға арналған материалдар мен ресурстармен бөлісе алады. Тағы бір танымал платформа-Zoom. Оның көмегімен сіз виртуалды сабақтарды ұйымдастыра аласыз, Нақты уақыттағы сабақтарды өткізе аласыз, сонымен қатар оқушылардың кейінірек көруі үшін сабақтарды жаза аласыз.

Classroomscreen.com - бұл мұғалімдер мен оқушыларға мектептегі оқу процесін жақсартуға арналған көптеген құралдарды ұсынатын инновациялық платформа. Бұл таймер, күнтізбе, дыбыс өлшегіш, кездейсоқ атау генераторы және т.б. сияқты әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалануға болатын виртуалды тақта. Classroomscreen.com сайтының басты артықшылықтардың бірі оның ыңғайлылығы мен пайдаланудың қарапайымдылығы болып табылады. Мұғалімдер виртуалды кейін оны сабақ барысында оқушылардың оқуы мен қатысуын тақтаны өз қажеттіліктері мен қалауларына оңай реттей алады, содан жақсарту үшін қолдана алады.Таймер немесе дыбыс өлшегіш сияқты құралдардың көмегімен мұғалімдер сабақта уақытты тиімді ұйымдастыра алады, барлық оқушыларға бірдей көңіл бөледі және оқуға ыңғайлы жағдай жасай алады. Сондай-ақ, платформада оқушылармен материалдарды бөлісу және олардың жетістіктерін бағалау мүмкіндігі бар. Жалпы, Classroomscreen.com пайдалану мұғалімдерге білім сапасын жақсартуға және сабақтарды интерактивті және қызықты етуге мүмкіндік береді. Бұл платформа қазіргі білім берудегі маңызды құралға айналады және оқу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары нейрожелілер танымал бола бастады және әртүрлі салаларда, соның ішінде білім беруде кеңінен қолданылады. Нейрондық желілер-бұл үлкен көлемдегі деректерді талдауға және өңдеуге қабілетті заманауи машиналық оқыту құралы, бұл оларды инновациялық білім беру платформаларын құрудың тамаша құралы етеді. Соның бірі- GPTchatbot.ru Бұл платформаны мұғалімдер білім сапасын жақсарту және оқу процесін оңтайландыру үшін пайдалана алады. Сіз ChatGPT егжей-тегжейлі сабақ жоспарларын жасау үшін пайдалана аласыз. Ол үшін сипаттау керек: тақырып,сабақтағы міндетті сәттер (рефлексия, қыздыру, дз және т. б.), сабақтың ұзақтығы. Нейрожелі оқытушыларға сабақтар мен оқыту әдістемелеріне дайындық бойынша жеке ұсыныстар ұсына алады. Сонымен қатар, нейрондық желі платформасын әр оқушының оқу деңгейі мен стиліне сәйкес келетін интерактивті сабақтар жасау үшін пайдалануға болады. Мысалы, нейрондық желі оқушыға қосымша көмек қажет болса немесе материалды игеруге көбірек уақыт қажет болса, қосымша материалдар, тапсырмалар немесе түсініктемелер ұсына алады. Осылайша, мектептегі сабақтарда мұғалімдерге арналған нейрондық желі платформаларын пайдалану білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, бұл оны барлық оқушылар үшін тиімдірек және қолжетімді етеді. Мұндай платформаларды құру білім беру инновациялары үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және мұғалімдер мен оқушыларға жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

2011 жылы сипатталған Prezi интерактивті презентация бағдарламасы үлкен танымалдылыққа ие болды. Бұл сәтті жобаның кейбір аналогтарын жасауға тырысқаны таңқаларлық емес. Олардың бірі, менің ойымша, PowerPoint қондырмасын жасаған Microsoft Office әзірлеушілері онша сәтті болмады.Жақында Focusky қызметі пайда болды. Бұл жобаны жасаушылар басқа жолмен жүрді. Сыртқы жағынан, құралдар жинағы Prezi - ге өте ұқсас. Сондықтан онымен жұмыс істеуді үйрену өте оңай. Focusky қамтамасыз етеді: үлгілер мен тақырыптардың үлкен таңдауы,бейне, аудио, флэш, YouTube немесе Vimeo бейнелерін ендіру мүмкіндігі сияқты әртүрлі интерактивті элементтерді пайдалану мүмкіндігі,көптеген тілдерді қолдау,блогқа немесе сайтқа әзірлеуді енгізу мүмкіндігі,анимациялық нысандарды енгізу мүмкіндігі.

Сондай-ақ, білім алушыларды жаңа тілдер мен мәдениетті үйренуге шабыттандыра отырып, Абайдың өмірбаянын жәнеде басқа да шығармаларын оқытып, ақпараттар берілген соң сабақты бекітуге немесе кері байланыс ретінде Quizlet.com сайты арқылы карталармен сұрақ-жауап ойынын ойнатуға болады



Сол секілді түрлі викторина , сәйкестендіру, сұрақ-жауап ретінде түрлі бейнелермен Wordwall.net сайтында жұмыс жасауды жөн көремін. Оқушылар сабақта сәттілік дөңгелегі арқылы Абай Құнанбаев туралы сұрақтарға жауап береді. Сөйлемдердің орын тәртібін дұрыстауға арналған тапсырма да оқушыларда грамматикалық ережелерді еске түсіруге мүмкіндік береді.

QR-код технологиясын қолдану туралы толығырақ тоқталғым келеді, өйткені бұл технология біздің өміріміздің барлық салаларына өте белсенді енгізілуде. QR кодтарының ыңғайлылығы - бұл жерде не жасырылғанын білу үшін смартфоннан басқа ештеңеге қол тигізудің қажеті жоқ.

Сабақтарда QR кодтарын сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Мақсат қоюдан үй тапсырмасына дейін. Оқушыларды әртүрлі жұмыс түрлеріне, жеке, жұптық және топтық жұмыстарға қосуға болады. Таңдалған пішіндер мұғалім сабақта қолдана алатын гаджеттер санына байланысты. QR код қолдану арқылы Абайдың өлеңдері, «Қара сөздері»,

аудармалары жайлы ақпарат алатын болады. Білім алушылардың қабілет-қарымы мен білім деңгейін есепке ала отырып, оқытудың заманауи түрін ұлы ғұлама Абайдың өмірі мен шығармашылығын оқытуда дұрыс пайдалана білсек, білім сапасын арттыруға, өз беттерінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай туғызар едік.

Virbo.com- тартымды бейне бірнеше минут ішінде жасанды интеллектпен! Мәтінді 300-ден астам дауыс пен тілде БАҚ өкілдеріне арналған кәсіби бейнелерге оңай түрлендіру мүмкіндігін береді. Өз тәжірибемде ағылшын тілі сабақтарында Абайдың сөйлейтін суретін қолдану пайдалы әрі қызықты оқыту әдісі бола алады. Бұл білім алушыларға ұлы ақын мен оның шығармашылығы туралы біліп қана қоймай, өз сөздері арқылы оның ойлары мен сезімдеріне енуге мүмкіндік береді. Абайдың сөйлейтін фотосуретінің көмегімен әр түрлі сабақтар жасауға болады, мысалы, оның өлеңдерімен бейнені ағылшын тілінде қарау, содан кейін талқылау және талдау. Сонымен қатар, сөйлейтін сурет ағылшын тілінде сөйлеу практикасына үлкен ынталандыру бола алады. Осылайша, ағылшын тілі сабақтарында сөйлейтін суретін қолдану оқытудың қызықты әрі тиімді әдісі ғана емес, сонымен қатар ұлы ақынмен және оның мұрасымен таныстырудың тамаша мүмкіндігі бола алады. Сабақта Абайдың «Күз» атты өлеңін сөйлейтін сурет арқылы балаларға таныстырдым.

Осылайша, білім беруде инновациялық технологиялар мен платформаларды пайдалану оқыту сапасын арттыруға, оны оқушылар үшін қолжетімді әрі тартымды етуге, сондай-ақ мамандардың жаңа буынын қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайындауға мүмкіндік береді. Білім беру саласында жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін осы технологияларды белсенді түрде енгізу және дамыту маңызды. Мектепте сабақ беру үшін платформаларды пайдалану білім беруді жетілдірудің, оқыту сапасын арттырудың және мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттесуін жеңілдетудің тиімді әдісі болып табылады. Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу-білім берудегі қалыптасқан проблемалардың ең ұтымды шешімдерінің бірі. Тәжірибе көрсеткендей, оларды оқу процесінде қолдану студенттерге білім беру және әлеуметтік кеңістікте сәтті бейімделуге, шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, оқыту мен білім беруде бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлаудағы заманауи үрдістер мен инновациялық тәжірибелер сыни ойлауды, инновациялық дағдыларды, командалық жұмысты және жұмсақтықты дамытуға бағытталған.

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-қазіргі қоғамның сын-қатерлерімен сәтті күресуге қабілетті бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындау. Бәсекелестік күн сайын өсіп келе жатқан қазіргі әлемде оқушыларды тек табысты мансапқа ғана емес, сонымен қатар қоғамға белсенді қатысуға дайындау маңызды. Білім беруде заманауи әдістер мен инновацияларды қолдану бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Олар оқушыларға шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, коммуникация және т.б. сияқты дағдылары мен құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Білім беру процесіне инновациялық тәжірибелерді енгізу материалды жақсы меңгеруге және терең білімді қалыптастыруға ықпал ететін оқыту үшін ынталандырушы және интерактивті орта құруға мүмкіндік береді. Мұның бәрі білім беруді тиімдірек етеді және оқушыларға өз әлеуетін жүзеге асыруға көбірек мүмкіндіктер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Педагог» Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Алмаы; 2019 ж., №6 (54)
2. URL: https://science-pedagogy.ru/ru/article/view?id=1722 (19.02.2024).
3. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.
4. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. — Алматы. 2001
5. Педагогика және психология түсіндірме сөздігі, -Алматы, Мектеп, 2002.
6. С.Ғаббасов. «Халық педагогикасының, негіздері»-Алматы.1995 ж. /1.3.7.бет, 26бет/

ӘӨЖ 373.2:81.11

ЖСТД БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жумагулова А.Т.
М.Х. Дулати атындағы тараз өңірлік университетінің, аға оқытушысы

Дангилова Э.Б.
№26 Нұрай Бөбекжай-бақша меңгерушісі, Тараз

Аңдатпа

Мақалада автор мектепке дейінгі білім беру ұйымында сөйлеу тілінің жалпы дамуы бар балалардың алғашы кезеңіндегі жұмысындағы негізгі бақылау ерекшеліктері мен даму жолдарын қарастырады. Заманауи қоғамдағы балаларды әлеуметтендіруде педагогтардың алдында тұрған жаңа міндеттер де талқыланады. Автор қазіргі жағдайдағы логопед жұмысының кәсіби білім беру мен оқытуды жан-жақты қарастырып, оның жұмысының негізгі бағытын атап көрсетеді. Автор оқырманға дамуында ерекше білімді қажет ететін және сөйлеу тілінің жалпы дамуында ерекше балаларға практикалық жұмысының мысалдарын егжей-тегжейлі сипаттайды. Автор нәтижелерді қорытындылай келе, педагогтардың жұмысы білім беру жүйесінің маңызды бөлігі және қоғам өмірінің сапасын арттырудың маңызды элементі болып табылады деген қорытындыға келеді.

Тірек сөздер: дамуында ерекше білімді қажет ететін балалар, сөйлеу тілінің жалпы дамуы, сөздік қор, логопедия, әдіс, вербалды.

Жаңа қоғамның болашағы бастапқы баланың даму кезеңінен білім мен оқытуда тәрбиенің іргетасын қалаудан басталып, баланың бүкіл дамуы барысында қалыптасады. Бұл қәзіргі білім беру жүйесінің барлық білім беру ұйымдарына жоғары жауапкершілік жүктейді. Дамуында ерекше білімді қажет ететін балаларға, арнайы педагогикадағы ерекше ұрпақтар үшін жаңа білім беру әдістерін жасауға тырысамыз. Жаңартылған білім беру жүйесінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл қызмет атқарып, сонымен қатар оған әсер ететіні де анық. Сондықтан да барлық білім беру жүйесіндегі еліміздің әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытумен білім беруде сапалы әдіс-тәсілдерін қолдана отырып терең білімді, оқу барысында танымдық іс-әрекеттерді бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Бұл ретте мектеп жасына дейінгі балалардың оқу танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың білім, біліктерін жетілдірудің әлеуметтік педагогикалық мәні зор.

Дамуында ерекше білімді қажет ететін балаларға және психикалық дамуы қалыпты балаларды интеграциялау арқылы білім беру мәселесі-ең өзекті және қажетті проблема болып отыр.

Мектепке дейінгі кезеңде балаларда сөйлеу тілінің түрлі кемістіктері кездеседі. Олардың ішінде жиі кездесетіні және күрделісінің бірі – ол сөйлеу тілінің жалпы дамымауы. Логопедияда ***сөйлеу тілінің жалпы дамымауы*** – есту қабілеті мен ой – өрісі қалыпты дамыған балалардың дыбыстық және мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің жүйесінің қалыптасуының бұзылуынан болатын күрделі тіл кемістігі деп қарастырады (фонематикалық) [1].

ЖСТД дизартрия, алалия, афазия, ринолалия және тұтықпа сияқты күрделі сөйлеу патологияларының түрлерінде байқалуы мүмкін.

Тіл кемістігі бар барлық балаларда жиі кездесетін кемшіліктер:

- сөйлеу дамуының кешігуі;
- сөздік қорын шектеу;
- -қолданылатын тілде сөздік, грамматиканың жеткіліксіздігі;
- бұрмаланған дыбыстың болмауы;
- Фонематикалық оқу дағдыларын дамытпау.

Бүгінде мұндай балалардың саны күн санап артып келеді. Жалпы тіл кемістігі дер кезінде

түзетіліп, алдын алу шаралары қолға алынбаса, балалардың мектепте оқуы қиынға соғады. Сондықтан баланың айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы қиындайды.

Бөбек жайдағы балалармен мектепке дейінгі және мектептен кейінгі түзету жұмыстарының мәселесін Левина, Г.В. Чиркина, Л.Ф. Цпирова, В.К. Воробьева, О.Е. Грибова, Г.И. Жаренкова (Ресей), А.И. Семенова, М.А. Кавгенко, Е.Н. Коботович (Украина), Л.Р. Муминова (Өзбекстаннан), М.К. Грушевская (Қазақстаннан) қарап, зерттеді. Кейінірек оны Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Б. Ибатова, Г.Н.Төлебиева еңбектерінде қарастырылған. Бірақ бұл осы уақытқа дейін қазақ тілді балаларды түзету, оқыту мәселесі ғылыми тұрғыдан зерттелмеген [2]. Сөйлеу тілінің дамымауы әртүрлі деңгейде кездеседі. Алғашында Р.Е.Левина жалпы сөйлеу тілі дамымауын үш деңгейге бөлді. Кейіннен Т.Б.Филичева 4-ші деңгейді сипаттап қосады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамуының бірінші кезеңінде тілдің мүлдем қалыптаспағаны байқалады. Оларды мылқау балалар деп атайды. Бұл деңгейдегі балаларда сөйлеген кезде анық көрінетін тіл кемістігі бар: тілдерін бүлдіреді, дауыстарға еліктейді, өз сөздерін және күнделікті әдеттерінде қолданады, сөйлемде анық айтылмайды және ол өзгермейді. Қолдарын қимылдатып, ым-ишара арқылы ойынды түсіндіруге тырысады.

Сөздік қоры өте шектеулі балалар заттың, қимылдың сыртқы көрінісі немесе олардан шыққан дыбыстардың ұқсастығына қарай былдырлаған тілінде бәрін атайды, саусақтармен түсіндіреді. Мысалы: «дудут» - машина, жүрді, барды, т.б. Ол зат атауының орнына бір мезгілдегі іс-әрекетті білдіретін зат есімнің ауыстырылған жағдайда жиі байқалады. Мысалы: «қалам» - қарындаш, жазу, сурет салу; «Тай» – шай, жеу дегенді білдіреді.

Көп жағдайда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру бағдарламасының аяқталуы мектеп алдындағы арнайы білім беру мекемесіндегі логопедиялық жұмыстың сәттілігіне байланысты. Мұндай балалармен жақсы жұмыс істеу үшін логопедтің тілінің даму себептері, логопедиялық топтарға заманауи көзқарас туралы көп ақпарат болуы керек.

Логопедиялық жұмысты негіздеу мақсаты тілі жетілмеген балалардың тілін дамытуға бағытталған. Мен сіздермен қолдануға болатын практикалық құралдармен бөліскім келеді.

Оқыту жұмысын ұйымдастырудың бірінші формасы – ынтымақтастық. Топта 8-12 баладан аспауы керек. Үш тілді дамытуға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балалар үшін аптасына 4-5 - 1 рет, ұзақтығы 20-25 минут, ал 5-6 балалар үшін аптасына 2 рет, ұзақтығы 25 30 минуттан басталады. Тіл триадасын дамыту үшін ұйымдастырылған барлық оқу іс-әрекетінде алған білім күнделікті барлық қалыпты кезеңдерінде: киіну, жуыну және шешіну, тамақтану, ұйықтауға дайындалу, ойнау және жүру.

Әдістеменің педагогикалық артықшылығы мынада: орта мектепте балаларды үшінші тілге үйрету көптілді халықтың негіздерін қалыптастырудағы маңызды бастапқы кезеңдердің бірі болып саналады. Үш тұғырлы тіл әдістемелік материалдың мазмұнына сүйене отырып, бала оқып жатқан тілдегі сөздерді, дыбыстарды, сөйлемдерді дұрыс айту, сөздік қорын жинақтау, ана тілінде, ауыз екі сөйлеу тілін түсіну және қабылдау және жеңіл пікірталастарға қатысу қабілеті дамиды.

Әдістеменің педагогикалық құндылығы мектеп оқушыларының қазіргі қоғамда қолданылатын тілді бақылауымен анықталады. Халықаралық қарым-қатынаста ана тілін ғана емес, шет тілін меңгеру ақыл-ойдың, сезімнің, адамдықтың дамуымен тығыз байланысты.

Тілдік дағдыларды дамытудың мазмұны мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие мен оқыту бойынша оқу материалында анықталған. Білім беру мекемесінің мақсаты – вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарымен қоршалған ортада адамдармен тіл табыса алатын орта мектеп тұлғасын тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптар: үш тілде өткізілетін жалпы лексикалық дамытуға 5-10 минут жалпы уақыт (сергіту уақыты, пікірталас, дидактикалық ойындар, тіл және фонетика бойынша дайындыққа бөлінген, жаттығулар мен жаттығулар).

Балаларға тілдің үштұғырлығын үйрету әдістемесі

Ағылшын тілін үйрету әдістемесін таңдау барысында қай жастағы балаларға арнап әзірленгендігін ескеру қажет.

Ойын стилі балалар мен мұғалімдерді қызықтырады. Ол өзінің қарапайымдылығымен тиімді. Мұғалім тіл үйрету мен сабақты ойын түрінде жетілдіруге жетекшілік етеді. Стильдің құндылығы, бір жағынан, стиль, ауызекі тіл, дұрыс айтылу, жазылу, грамматика, т.б. дамыту.

Зайцев әдісі үш жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларға арналған. Келесі жолы ол ағылшын тілін үйретуге бейімделіп, білікті болады. Ағылшын алфавитінің әріптері Зайцевтің белгілі тестінде пайда болды.

Глен Доманның әдісі балаларға арналған. Осылайша, баланың көруі арқылы түрлітүсті және белгіленген суреттер алдын-ала бекітіліп, оқыту мен оқу процесін жеңілдетуге көмектеседі. Гленн Доман өзінің кітабында анық және нақты материал береді [4]. Картаны тек жұмыс істейтін балалар, сонымен қатар қалыпты балалар, тіпті мектеп оқушылары да пайдалана алады.

Дизайн 4-5 жастағы балаларға арналған. Тіл мұғалімдері балаларға берілген тақырып бойынша қызықты нәрселерді білуге көмектесетін әртүрлі әрекеттерді ұсына отырып, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып тақырыптарды таңдайды. Балаларға өз бетінше орындау үшін тапсырмалар беріледі (мүмкін ата-аналарының көмегімен). Қорытынды тараудың уақыты келгенде, балалар кең ауқымды шығармашылық жұмыстармен жобаның тақырыбына келеді.

Аралас стильдер - мұнда сіз таңдауыңызға сәйкес әртүрлі стильдерді жасай аласыз. Жекпе-жек, ойнау, ән мен ән жаттау, жобалар жасау, т.б. Әдістің құндылығы оның әртүрлілігінде. Әртүрлі іс-әрекеттерге отыру арқылы балаларды қызықтыру оңайырақ. Тәжірибеде қолданылатын мектеп тілін оқытудың барлық әдістері ата-аналарға балаларын үйде білуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, педагог мамандарға арналған оқу материалы ЖСТД балаларымен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізетін логопедтердің кәсіби жұмысының жүйелі және нәтижелі болуына көмектеседі деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. 1.Намазбаева Ж.И., Сарсенбаева Л.О. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың психофизикалық дамуының ерекшеліктері. . Алматы, 2015ж.
2. Богомолова А. И. Балалармен жұмыс жасауда логопедиялық сабақтарға арналған нұсқаулық . М.; СПб., 2006.
3. Қ.Қ.Өмірбекова, Г.С.Оразева, Г.Н.Төлебиева, Г.Б.Ибатова. Логопедия Алматы, 2011.
4. Т.Б.Епифанцева.Арнайы білім беру мұғаліміне арналған анықтамалық, Феникс,2006.
5. Батырбекова Н.Х., Канатова А.М., Иманкулова М.С. " Білім беруді жаңғырту жағдайындағы әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттіліктері" 2021ж.
6. Колесникова А.Н. " Қазіргі мектеп жағдайында психологиялық-педагогикалық көмекті қажет ететін балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс" 2019ж.

ӘОЖ 373.24

БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Карабалаев К.А.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, аға оқытушы

Тәуелсіз еліміздің XXI ғасырғ аөтудегі стратегиясының негізгі бөлігі - білім беру жүйесін-жақсарту. Қазіргі таңда Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты білім беру саласында айтарлықтай өзгерістер енгізілуде. Білім берудің мақсаты мен міндеттері тұлғаның сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған. Оқыту үдерісінде әлеуметтік құзыреттіліктерді дамытудың тиімді тетіктері мен құралдарын іздеу әлі де өзекті мәселенің бірі болып отыр.

«Біздегі басты міндет – білім беруді жаңа сапамен және мазмұмен толықтыру»,–деген болатын Елбасымыз Ә.Н.Назарбаев кезекті Жолдауында[1]. Бүгінгі күні ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білімнің және іскерліктің керектігін талап етеді. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, оқушының табиғи дарындылығын пайдалана отырып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін дамыту керек.

Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да ондағы білім беру ісі – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқыту, қоршаған ортада дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бағалап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы және оқу әдістемелік мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңарту, шығармашылық ізденістерін шыңдауын қажет етеді. Қазіргі уақытта барлық салада даму үздіксіз болуы қажет.

Ұстаз беделі, ең алдымен, өзінің жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық қабілетіне байланысты. Мұғалім мамандығы ертеден келе жатқан мамандықтардың бірі. Білімді таратушы болды. Сол себептен мұғалімдердің жан-жақты білімді адамдар болуы тиіс. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім мектептің жүрегі» дегені мәлім[2,21]. Бала атаулыға ашық-жарқын қарап, мейірлене қарай білсек, оның пәк сезімінен шықсақ, сенім артар серік табарымызға күмән жоқ. Бүгінгі күні мектеп жасындағы балаларға жаңа технологияға сай, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламасымен білім беру өзекті мәселердің бірі болып табылады. Бірақ қандай да білім беру жүйесін алып қарасақ та оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту келелі із болып табылады. Демек оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекеті нақты жағдай шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерді дамытады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатындағы болуы мүмкін.

Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесіне өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың қабілет мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастасақ, соғұрлым оның қабілеті толық ашылуы мүмкін. Егер бала бойындағы қабілетті мұғалім байқамаса, ол бала оқушылармен бірдей болып қалады. Сондықтан қабілеттің дамуында мотивация, түрткі бола білу керек. Осындай жұмыстар жүргізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты сабақты белсенді әдістермен жүзеге асыруда мұғалім шығармашылық ізденісі ол мамандығына деген сүйіспеншілік алдындағы шәкірттер бағалауы ерекше орын алады. Әр оқушының жас ерекшелігіне қарап жеке басын қадірлеу қағидасы да мұғалім ең бір жиі қолданылатын әдіс[3,9]. Олай болса, мұғалімдердің оқушылармен жұмыс жасау үшін олардың ақыл-ой дамуын, интелектісін, логикасын және оқушы тұлғасының сапалар қалыптастыру мен дамытудың психологиялық-педагогикалық қабілет мүмкіндіктерін зерттеп білу керек.

Мұғалім қызметі шеберлік тұрғысынан да, шығармашылық тұрғысынан да оқушыларға өнеге болуы тиіс. Осы орайда әр ұстазға ізденуіне, шығармашылықпен айналысуға жоғары ахуал туғызып, ілтипат сезіммен қарым- қатынас жасау жолға қойылу керек. Мұғалімнің атқаратын әрекеті қарым-қатынасқа негізделеді. Сондықтан ол өз еңбегінде қарым-қатынасқа үлкен мән беруі тиіс. Балалармен қарым-қатынас жасаудың психологиялық жолы оның жеке басының жай, күйіне жалпы психологиялық жағдайын өзінің жеке педагогикалық дербестігін ескеру болып табылады. Педагогтік істің шебері болу кездейсоқ нәрсе емес. Ол көптеген себептерге байланысты мұғалім ісінен орын алады.

Педагогикалық әрекеттегі шығармашылықтың тірегі, мұғалімнің білімділігі. Тек өз пәні ғана емес - жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерген, терең де тиянақты білім иесі ғана оны мақсаткерлікпен іске асыра алады, әрине бұл жерде қалыптан тыс ойлай алу қабілетінің рөлі жоғары. Ойлаудың бұл деңгейіне адам бұрын тәжірибеде кездеспеген әрекеттің жаңа түрімен айналысуы, әртүрлі жағдаяттарды шешу, жаңадан жаңаны көру, тани білу арқылы жетеді. Мұны

шығармашылық ойлау дейміз.

Ізденімпаз мұғалім баланың білімін алуға деген қажеттілігін туғызу керек. Жаттанды дүниені қайталай бергеннен гөрі, шынайы ойланатын шығармашылыққа итермелейтін сабақтар өткізілуі шарт. Осындай оқыту ғана бала интелектісінің көзін ашып шығармашылығын дамытады. Сабақ үнемі жарысқа,сайысқа құрылса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артары даусыз. Сурет бойынша әңгіме құрату, әңгімеге ат қойғызу, белгілі тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру, сөзжұмбақ шешу сынды бірқатар жұмыстар оқушылардың білімдерін жетілдіріп ғана қоймай, оларды ұшқырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелері анық.

Шығармашылық тапсырмалардың барлығы бір мақсатта жүзеге асырылады: ол оқушылардың шығармашылық жұмысы негізінде қоршаған дүниедегі құбылыстарды қабылдау дағдысын қалыптастыруға көмектесу болып табылады.

Мектепте әрбір сабақ өзіндік ерекшеліктерімен өлшенеді. Оқушыларға әрбір сабақты сапалы, әрі саналы меңгерту үшін оқушылармен шығармашылық жұмыс жүргізудің мәні зор. Материалды толық меңгертіп, пәрменді тәрбие беру мұғалімнің ынта-ықыласына тіпті қабілетіне байланысты. Қазіргі кезде сабақты оқушыларға тек оқулық көлемінде ғана білім беріп, бірізділікпен оқытылып келе жатқаны бәрімізге аян. Осыдан келіп, оқушылардың пәнге деген ықыласы қызығушылығы төменгі дәрежесін көрсетеді. Оқушының белсенділігіне көңіл бөлінбейтіндігін, педагогикалық жағдаяттар туғызылмайтындығын; негізгі құрал - оқулық болып, оқушылардың өз еркімен білімді меңгеруге кедергі келтірген осындай мәселелерден оқушылардың көпшілігі көп қиыншылықтарды басынан өткеруде [4,101].

Бірақ кез келген пәнді жақсы меңгерту үшін әр қилы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, осы пәнге деген қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі.

Мектептегі басты тұлға - мұғалім. Мұғалімдер жұмысының қажырлы еңбегіне, шығармашылық белсенділігіне мектеп реформасы игі әсерін тигізеді. Өз кәсіби сүйетін, шәкірттерін жақсы көретін - абыройы үшін күресу білетін әрбір ұстазды құрметтеген, ұлағатты ойдың, өнегелі істің, бағытты тұрмыстың ұйтқысы деп сыйлаған, үлкен де, кіші де құрметті. Мұғалімнің білімі өз ісіне сүйіспеншілігі, шығармашылық ізденімпаздығы көрінетін кезеңі — сабақ үрдісі. Сабақ оқу-тәрбие үрдісінің ең басты, маңызды мәселе. Сабақтың тиімділігін арттыруда маңызды факторлары - теориялық материалды терең түсіндіре білу, оны практикалық - іс жүзінде іске асыру болып табылады. Әр оқушымен жеке жұмыс оқушылардың өз бетінше ізденуі арқылы жүзеге асады. «Білім – негізі – сабақта» демекші, әрбір сабақ үлкен дайындықпен, жан - жақты жұмыс түрлерімен ұштасып жатады. Әсіресе, әр сыныптағы тақырыптардың мазмұнына қарай, жас ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу оқушылардың белсенділігін, пәнге қызығушылығын арттырады. Көбіне, мұғалімдер әрбір тапсырманы оқушыларға дайын күйінде беруге тырысады да, тапсырманың мазмұнын оқушылардың ойлауына, оны өздігінен талдап түсінуіне аз көңіл бөледі. Оқушылар өздігінен көп жұмыс жүргізулер керек. Шығармашылықпен жұмыс істеудің, маңызы, мәні өте зор. Пайдаланатын тапсырмалар әртүрлі болады.

Мектепте оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру өте күрделі процесс. Ол біріншіден, мұғалімнің іс-тәжірибесі, шеберлігі мен біліміне қатысты болады.

Шебер мұғалім өз ісінің маманы деген сөз, сондықтан еңбектері жақсы нәтижеге жету үшін әр бір мұғалім білімін шыңдап, біліктілігін арттырып, шеберлікке жетуі тиіс. Қазіргі реформалардың талаптарына сай нақты тәрбиелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді шығармашыл, педагог- зерттеуші, ойшыл мұғалімді қажет етеді. Мұғалім оқушыларды білім жүйесімен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады. Мұғалім ең алдымен бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пернелерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бала жанының қобызшысы болып, оның жүрегіне жол тапқан ұстаз ғана «адамның диханы» бола алады. Сусыз тастақ жерге дихан болу қандай қиын болса, «адамдық дихан» болу үлкен ізденіспен біліктілік арқылы ғана болмақ.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, шығармашылығы, дүниетанымы арта түсері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы.- www.e.gov.kz сайты
2. Омарова Р. Оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру: теориясы мен практикасы. Монография. – Ақтөбе, 2008 – 370 б.
3. Бұлғалиев Б. Шығармашылық қабілетті дамытудағы әдістер мен жетістіктер / Б. Бұлғалиев // Әдіскер мұғалім. - № 5. – 2004, 11 б.
4. Джамболатова Т. Қ. Жеке тұлғаның шығармашылығын дамытудағы ұжымдық шығармашылық іс / Т. Қ. Джамболатова // Наука и образования. достижения и проблем. Сборник научных трудов. – 2002. - № 10, 98 – 102б.
5. Қадірова Б. Н. Оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту ғылыми-педагогикалық проблема / Б. Н. Қадірова // Білім. – 2004. - № 2, 16 б.

ӘОЖ 371.12

ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМ – ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ ӨЗЕГІ

Келиманова Ж.М.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, аға оқытушы

Қазіргі кезде білім беру жүйесі мақсатының бірі - әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бүгінде бастауыш сынып мұғаліміне үлкен жауапкершілік артылып отыр. Өйткені мектепке келген баланың бойында білік - дағдыны қалыптастыратын ең алдымен ұстазы - бастауыш сынып мұғалімі. Оқушылар бастауыш сыныпта оқытылатын әр пәндік саланы түсінетіндігін көрсете отырып, алдағы уақытта осы білімдерін басқа жағдайларда қолдана білулері қажет. Сондықтан оқушыларды өз білімдерін кез - келген жағдайға қалай бейімдеу керектігін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кезкелген күрделі тапсырмаларды шешуге икемді болуға баулу маңызды болып табылады \1\. Ал бұл сәтте бастауыш сынып мұғалімі көп жұмыс атқарады. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек \2\.

«Бала - болашағым» деген елміз, сондықтан да біздің алдымызда ұлы міндеттер тұр. Ел болашағы болар жас ұрпақты тәрбиелеу жолында біз, ұстаздар, баланың жаны мен тәні таза, рухани бай, дені сау етіп өсірумен бірге алған білімін болашақта қолдана алатын, сандық сауаттылығы артқан, өз ойын еркін жеткізе алатын , бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуге міндеттіміз.

Жаңашыл ұстаз - заман талабы. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім - шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін , барлық білімді жібермей, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім.

Француз қайраткері «Адамға оқып - үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет», - дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдарламаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды.

Ең бірінші мұғалімнің «өзіндік жаңалығы» болуы керек. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірбиесін толқы көшірмей. Жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс - әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына өсіп келе жатқан жеке тұлғаны субьект ретінде жан - жақты дамыту мәселесін қойып отыр. Қазіргі оқушы шыдамды, тапқыр дарынды, белсенді, іздемпаз, талапты, өз алдына қойған мақсат қоя білетінзияткер болуы қажет. Осындай жеке тұлғаны субьект ретінде дамытып, қалыптастыру керек. Білімге деген құштарлық адам бойындағы ерекше қасиеттер - шексіз қиял мен ой еркіндігіне алып келеді. Сонда ғана оқушы өз бетінше ізденіп ғылымды дамыта алатын іздемпаз, шығармашыл тұлға айналады. Оқушының бойында қызығушылықты ояту көпшілік жағдайда мұғалімнің сабақ беру шеберлігіне байланысты болады. Сондықтан да «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға - мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұздаздық білімділікпен қоса іздемпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз - оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Оқушының сабақ үлгерімін жақсарту үшін мұғалім сынып оқушылары алдындағы кедергілерді анықтауы қажет. Ол кедергілерді жою тек қана сабақ беруші мұғалімдердің ғана емес ата - аналардың біріге ақылдасып жасайтын жұмыстарының нәтижесінде жемісті болмақ.

Меніңше, тек білімде емес, өмірде де осы принциптерді ұстануымыз керек.

Қазіргі білім беру ісінің басты шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуы. Сондықтан біз өз сабақтарымызда мүмкіндігінше оқушыларды өз беттерімен ақпараттар іздеуге, қосымша материалдарды ақпараттық - коммуникациялық технологиялар көмегімен анықтай алуға үйретеміз. Өз мамандығын шын сүйетін, өзі оқытатын пәнін жақсы көретін мұғалім әрбір сабағын ерекше дайындықпен және үнемі ізденіс үстінде жүргізеді.

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы - аса жауапты іс. Мұғалім өзі оқытатын пәнді қанша жақсы білгенімен, егер ол сабақтар жүйесі жөнінде тыңғылықты жұмыс істемесе және әр сабаққа жеке даярланып отырмаса, оның сабақ оқытуында ірі кемшіліктері болмақ. Бұл - педагогтік өтілі бар көп мұғалімдерге де қатысты. Әрбір мұғалімнің сабаққа дайындалуы жөніндегі талап,педагогикалық үдерістің күрделігінен туады. Соған сәйкес мұғалімнің сабаққа әзірленуі барысында төмендегідей сұраққа жауап беруі керек:

1. Сабақтың мақсаты қандай? Күтілетін нәтиже қандай?
2. Сабақтың мақсатына жетудегі оқушы және мұғалім үшін жетістіктері. Ал жетіспеушілігі не болды, оның себептері неде?
3. Сабақ кезінде білімнің қалыптасу деңгейін анықтау (материалдың логикалық байланысы, ғылымилығы, ақпараттық берілуі, қиыншылықтар, стандарттан тыс ойлар).
4. Менің сабағым оқушыма жаңадан на бере алды? Деген сұраққа жауап іздеңіз.

Мұнда төмендегі қандай инновация қалыптасты дегенді ойлаңыз: ойының дамуы, есте сақтау қабілеті, зейін қойып тыңдауы, досын ықыласпен тыңдауы, өз ойын, идеясын айтуы, өз көзқарасын білдірмеуі, басқаларды мақұлдап отыруы, мүлдем қарсы пікір айтуы

5. Сабағыңыз қаншалықты деңгейде оқушылардың темпераментіне сәйкес келді ме? Алға қойған мақсаттарыңызға жетуде қаншалықты тиімді болды.
6. Оқушыларды бағалау деңгейін қалай жүзеге асырдыңыз. Мұнда кейбір оқушылар неге сөйлемей қалды, ал керісінше неге кейбірі сөйлей береді, бұлардың себебі не деп ойлайсыз?
7. Сабақтың өту екпіндігі (темп) қалай жүрілді, барлық оқушының қызығушылығын тудыра алды ма? Іс - әрекетіңіз үйлесімділігі қаншалықты нәтижелі шықты, оқу ақпаратын (материал) қандай деңгейде ұйымдастыра алдыңыз?
8. Оқушылар алған білімдерін өмірде пайдалана алады ма?
9. Үй тапсырмасына нені беруге болады және оны қалай орындау керек?

«Әрбір бала - данышпан» деген қағидаға мән берсек, оқушылардың жарқырап көрінуі үшін, олардың бойындағы қабілеттерін ашу және оларға бағыт - бағдар беруде мұғалімге артылар жүк аз емес. Ол міндет - оқушылардың шығармашылық қабілетін, ой - өрістерін танымдық белсенділігін дамытуда аянбай еңбек ету, оқушының жекелеген қабілеттерін дамыту.

Осы ережелерді басшылыққа ала отырып және тиімді пайдалана білсек нұр үстіне нұр болар еді. Елбасымыздың «Еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында» деген сөзін әрдайым естен шығармайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2015 ж. 23 сәуір.
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана 2004 ж.
3. Жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасы Жукенова М.Т. 2015,№7,7.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей 2012 ж.
5. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсатырының бағдарламасы бірінші (ілгері) деңгей//Екінші басылым. 2012 ж.

ӘОЖ: 371.927

АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кәдірбай Ә.Б.
«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының аға оқытушысы. asel.kadirbai17@bk.ru
Шамбулкереева Ботакөз Нұрланқызы. botakoz.almagul@gmail.com
6В01901 «Логопедия» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аннотация: Мақалада аутистік спектр бұзылыс бар балаларды түзете дамытуда қолданылатын халықаралық жаңа әдістемелерге жеке тоқталып, қолданыс аясынның тиімділігін көрсетеді. Олар: «Ерте қарқынды мінез-құлық араласуы»; The P. L. A. Y. project; Карталар арқылы балама байланыс жүйесі (Pictures Exchange Communication System, PECS).

Аннотация: В статье отдельно подчеркивается эффективность применения новых международных методик, применяемых в коррекционном развитии детей с расстройствами аутистического спектра. Это: "раннее интенсивное поведенческое вмешательство"; P. L. A. Y. project; альтернативная система связи через карты (Pictures Exchange Communication System, PECS).

Abstract:. The article separately focuses on new international methods used in the correctional development of children with autistic spectrum disorders and shows the effectiveness of their application. They are:" early intensive behavioral intervention"; the P. L. A. Y. project; alternative communication system via cards (Pictures Exchange Communication System, PECS).

Тірек сөздер: аутизм, ерте қарқынды мінез-құлық араласуы (EIBI), The P. L. A. Y. project бағдарламасы, Карталар арқылы балама байланыс жүйесі (Pictures Exchange Communication System, PECS), коммуникативті дағдылар.

Ключевые слова: аутизм, раннее интенсивное поведенческое вмешательство (EIBI), The P. L. A. Y. программа project, альтернативная система связи через карты (Pictures Exchange Communication System, PECS), коммуникативные навыки.

Key words: autism, early intensive behavioral intervention (EIBI), the P. L. A. Y. Project Program, an alternative communication system via maps (Pictures Exchange Communication System, PECS), communication skills.

2022 жыл Қазақстанда балалар жылы болып жарияланды. Балалардың әл-ауқаты-еліміздің табысты болашағының маңызды кепілі, қазіргі заманның басымдығы. "Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз", – дейді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Бүкіл қазақстандық қоғамның міндеті-әрбір бала үшін бақытты балалық шақты қамтамасыз ету, өйткені балалық шақта салауатты, табысты және бақытты өмірдің негізі қаланады.

Статистика бойынша, Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 150 мыңнан астам бала тұрады және жыл сайын олардың саны артып келеді. Елдегі аутистік спектр бұзылысы бар балалардың құқықтары мен мүдделерін әлеуметтік инклюзия бағдарламалары қолдайды. Барлық балалар, олардың физикалық, психикалық, интеллектуалдық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, қоғамға қосылатын, қалған балалар сияқты құқықтарға ие болатын ортаны құру өте маңызды. Сол үшін аутистік спектрі бар балаларды түзете дамытуда халықаралық тұрғыда жаңа әдіс-тәсілдер жарыққа шығуда және қолданылуда.[7]

Аутизм - грек тілінен αὐτός – өзім деген мағынаны білдіреді. Аутизм- бас миы жүйесінің зақымдануынан пайда болатын, әлеуметтік өзара арақатынас пен қарым-қатынастың жетіспеушілігімен, сондай-ақ қайталанатын іс-әрекеттермен ерекшеленеді.[2]

Аутизм спектрінің бұзылуының таралуының артуы симптомдардың балалардың жұмысына әсерін азайту үшін дәлелді мінез-құлық корекция жұмыс қажеттілігін арттырады. Қазіргі уақытта бұзылыстың барлық белгілерін тиімді емдейтін медициналық немесе психофармакологиялық емдеу әдістері жоқ. Ерте қарқынды мінез-құлық араласуы (ағылшан тілінен- EIBI) қолданбалы мінез-құлық талдауының принциптеріне негізделген емдеу болып табылады. Бұл бірнеше жыл бойы аптасына 20-дан 40 сағатқа дейінгі қарқындылықпен орындалатын аутистік спектр үшін ең жақсы бекітілген коррекция әдістерінің бірі. Жақында "клиникалық психологияға шолуы" журналында жарияланған EIBI зерттеулерінің талдауы бұл терапияның аутизмі бар балалардағы когнитивті, тілдік және бейімделу функцияларының айтарлықтай жақсаруымен байланысты екенін көрсетті. Талдау сонымен қатар араласу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым осы салаларда жетістіктер болатынын көрсетті. «Ерте қарқынды мінез-құлық аралысу терапиясы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берсек.[13]

Ерте қарқынды мінез-құлық араласуы (ағылшын тілінен EIBI)

Ерте қарқынды мінез-құлық араласу тәсілін Оле Ивар Ловаас (O. Ivar Lovaas) және оның Лос Анжелос-тағы Калифорния университетіндегі әріптестерімен бірге әзірлеген. EIBI қолданбалы мінез-құлықты талдау әдістемесі (PAP, ABA) аясында жасалған.

EIBI (ерте қарқынды мінез-құлық араласуы) келесі принциптерге негізделген:

- Ата-аналардың қатысуы;
- Кешенді және дамытушы бағдарламалау;
- Қолданбалы мінез-құлықты талдау принциптерін сақтау;
- Аутизм спектрі балалардың барлығы ерекше екенін мойындау;
- Дискретті сынақтарды қолдану.

EIBI араласуы балаларға көмектесуге бағытталған:

- Өзін-өзі ынталандыру мінез-құлқын азайту;
- Тілдік дағдыларды жетілдіру (ауызша қарым-қатынасты қоса);
- IQ деңгейін арттыру;
- Құрдастарымен әлеуметтену дағдыларын жетілдіру;
- Олардың басқаларға деген эмоционалды байланысын арттыру.

Әдетте, ерте қарқынды мінез - құлық араласулары 4 жасқа дейінгі балаларға 2-3 жыл аралығында жүзеге асырылады. (қарқындылығы аптасына 30-40 сағатттан). [10]

EIBI(Ерте қарқынды мінез-құлық араласуыдың) негізгі ерекшеліктері- позитивті күшейтуді құрылымдық қамтамасыз ету, кеңестерді жүйелі қолдану және оларды біртіндеп алып тастау, тапсырмаларды қатесіз орындау арқылы шеберлікке жету.

The P. L. A. Y. project- аутист балаларға арналған американдық бағдарлама

Перспективалы тәсілдердің бірі- аутизмі бар кішкентай балалармен бір-бірден қарқынды терапияны қамтитын The p.l.a.y project бағдарламасы. Аутизмге арналған ойын терапиясы- балалармен, соның ішінде аутисттермен жұмыс істеудің ең танымал әдісі. Бұл жеңіл, қарапайым және қызықты, сондықтан сұранысқа ие.

Бағдарламаның негізі- ата-аналар мен тәрбиешілерді аутист баламен өзара әрекеттесуге үйрету, ол өмірлік пайдалы дағдылар мен білім алып қана қоймай, сонымен бірге қоршаған әлеммен және адамдармен қарым-қатынасты белсенді түрде үйрене алады. Бұл бағдарлама негізінен Америкада, Ұлыбританияда, Канадада, Ирландия, Швейцарияда және Австралияда қолданылады.[5]

The P.L.A.Y. Project бағдарламасының негізгі сипаттамалары:

- 1.5-5 жастағы балалар үшін ең тиімді әдіс, бірақ оны мектеп жасының басында қолдануға болады;
- P.L.A.Y. бағдарламасы кем дегенде 25 сағат бойы қолдану қарқындылығына арналған;
- жаттығулар, әдістер, іс-шаралар тек әрбір балаға жеке таңдалады;
- әлеуметтенумен қатар сөйлеу және коммуникативті дағдыларды дамытуға басты назар аударылады;
- егер үйде және мектепке дейінгі мекемеде баламен жасалған стратегия бойынша;
- бала ата-анамен/ маманмен қарым-қатынасқа түсуі керек;
- терапияның стратегиялық бағытын анықтау қажет(мысалы, әлеуметтік немесе тілдік дағдыларды дамыту);
- ата-ана/маман өзара әрекеттесу кезінде баламен оған қатысты мұғалім/ойын серіктесі рөлін атқаруы керек екенін есте сақтауы керек;[12]

The P.L.A.Y project бағдарламасының тиімділгі

Бұл бағдарламаны қолданғаннан кейін бала шынымен де әлеуметтік белсенділікке ие болады, бірақ баланың ауыр бұзылуына әкелетін негізгі себебін жою үшін әдіс-тәсілдерді мұқият қарау қажет. Көптеген ата-аналар бұл әдіс туралы өте жақсы пікірлер айтады. Оның тәжірибелі дәрігерлер мен тәрбиешілер арасында көптеген жанкүйерлері бар. Жеке көзқарас пен терең әлеуметтенуге бағытталған аутист ата-аналар мен терапевттер жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады. [12]

Карталар арқылы балама байланыс жүйесінің (Pictures Exchange Communication System, PECS) қысқаша сипаттамасы

PECS (Карталар арқылы балама байланыс жүйесі; Pictures Exchange Communication System) - аутистік спектрі бар, ауызша сөйлеу тілі дамымаған немесе өте нашар дамымаған балалар үшін пайдаланатын байланыс жүйесі. Бұл жүйе кезінде балалар өтініш білдірді, оқиғаға түсініктеме беруді, сұрауды, сұраққа жауап беруді суретті/картаны пайдалана отырып өз қажеттілігін білдіретін байланыс тілі.

PECS (Карталар арқылы балама байланыс жүйесі; Pictures Exchange Communication System) қолданатын балалар алдымен жеке суреттер арқылы сөйлесуді үйренеді,қарым-қатынас жасауға үйренеді, кейінірек карталарды біріктіру дағдыларын игеріп, осылайша күрделі мәлімдемелерді баяндайды.

PECS 1985 жылы АҚШ-та философия мамандығының докторы Энди Бонди мен магистр, сертификатталған логопед (CCC-SLP) Лори Фросттың басшылығымен аутист балаларға (адамдарға) байланыс жүйесі ретінде жасалды.[3]

Әдістің мақсаттары/қолдану аясы

PECS мақсаты – Функционалды қарым-қатынасқа үйрету

Оқыту ерте жастан басталады. Олар оны оқу орнында да, үйде де тренинг түрінде өткізеді.

PECS, ең алдымен, вербалды емес адамдармен қолданылғанымен, сөйлеуі негізінен эхолалиядан тұратын адамдарға, сондай-ақ бөлінбейтін сөйлеуі бар немесе мағыналы сөздер мен жест-ишаралардың өте шектеулі репертуары бар адамдарға пайдалы болуы мүмкін.

Қолдану технологиясы

PECS тренингін бастау үшін келесілер қажет:

- оқушының қарым-қатынас дағдыларын бағалау;
- оқушы үшін қандай пәндер немесе әрекеттер ең тартымды екенін анықтау;
- оқу ортасын ұйымдастыру (қажетті пәндерді оқушыға қол жетімсіз ету);
- материалды дайындаңыз (карталар, альбомдар).[1]
- PECS оқыту 6 кезеңнен тұрады.

Әр кезеңнің өту уақыты белгілі бір оқушыға байланысты және бір таныстыру сабағынан бірнеше жаттығу сабақтарына дейін созылуы мүмкін.

1 кезең: қарым-қатынас жасау

Білім алушы қарым-қатынастың "мәнін" түсінуі керек: ол басқа адамға жүгінуді (оған қол созу арқылы),бағытталған әрекетті (оған карточка беру арқылы) жүзеге асыруды және қажетті нәтижені, яғни қажетті пәнді алуды үйренеді.

2 кезең: қашықтық және табандылық

Оқушы сабаққа өзінің жеке альбомына жақындайды, одан карточка алады, мұғалімге жақындайды, оның назарын аударады және карточканы мұғалімнің қолына қояды.

3 кезең. Карточкаларды ажырату: Қажетті тақырыпты сұрау үшін студент сабақ үшін альбомға жақындайды, бірнеше қол жетімді карточканы таңдайды, маманға жақындайды және оған карточка береді.

4 кезең. Сөйлем құрылымы: Оқушы бірнеше сөзден тұратын сөз тіркестерін қолдана отырып, келесі әрекеттер тізбегін орындай отырып, пәндерді сұрайды: жеке сабақ альбомына жақындайды, "мен қалаймын" картасын шығарады, оны сөйлемдер шаблонына орналастырады, қалаған заттың суреті бар картаны шығарады, оны сөйлемдер шаблонына орналастырады, шаблонды алып тастайды, сұхбаттасушыға жақындайды және оған береді.Мысалы,"мен үлкен көк допты қалаймын"

5 кезең. "Сіз не қалайсыз?" (сұраққа жауап ретінде сұрау): Бала өздігінен әртүрлі заттарды сұрайды және " сіз не қалайсыз? Сұрағына жауап қайтарады.

6 кезең." Комментарий беру: Бала өздігінен сұрайды және түсініктеме береді. Сізге не керек?", "Сен не көріп тұрсың?", "Сізде не бар?", "Сіз не естисіз?"және "бұл не? " сұрақтарына комментарий береді.[4]

PECS қолданудың қандай артықшылықтары бар?

Бұл жоба балаларды суретке түсіру арқылы өзара әрекеттесуді бастауға үйретеді. PECS көмегімен сіз жиі басқа адамдарға қызығушылық танытпайтын баланы алып, оны өздігінен өзара әрекеттесуді бастайтын деңгейге жеткізе аласыз. Бұл аутизмі бар немесе дамуында басқа да кідірістері бар, бұрын қарым-қатынасқа қызығушылық танытпаған балалар үшін үлкен алғашқы қадам болуы мүмкін. Әдетте, олар мұндай қарым-қатынастың күшін көргенде, олар қарым-қатынастың басқа түрлерін, соның ішінде сөйлеуді қолдануға дайын болады.

PECS қолданудың қандай кемшіліктері бар?

PECS терапиясын аяқтау арнайы дайындықты және екі ересек адамның болуын талап етеді. Егер сіз тиісті дайындықтан өтпеген болсаңыз, онда сіз бұл материалдарды пайдалана алмайсыз және пайдаланбауыңыз керек, және әдетте бір уақытта жұмыс істей алатын екі ересек адамды табу қиын.[11]

Бұл халықаралық негіздегі әдіснамалар балаларды функционалды қарым-қатынасқа, қоршаған ортамен және ата-анамен әрекеттесуге, өмірлік пайдалы дағдылар мен білім алып қана қоймай, сонымен бірге қоршаған әлеммен және адамдармен қарым-қатынасты белсенді түрде үйрене алады.

Бұл әдіс-тәсілдер аутистрік спектрі бар балаларды түзете-дамытудағы жаңа әрі тиімдісі, аутизм күрделі және көп қырлы бұзылыс болғандықтан және соңғы зерттеулерде оның дамуына ықпал ететін генетикалық, қоршаған ортаның теріс және жүйке жүйесінің факторларын зерттеп жазды. Зерттеушілер аутизм туралы түсінігімізді ілгерілетуді жалғастыра отырып, аутистік спектрі бар адамдарға сау және қанағаттанарлық өмір сүруге көмектесетін тағы да жаңа емдеу әдістері мен методикаларды ойлап табады деген үміттенеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Фон Т.С., Мартинсен Х. Введение в альтернативную и дополнительную коммуникацию. Жесты и графические символы для людей с двигательными и интеллектуальными нарушениями, а также с расстройствами аутистического спектра. – 2014.
2. Дефектология. Словарь-справочник: Учебное пособие / Под ред. Пузанова Б.П. – М.: Сфера, 2005.
3. Альтернативная и дополнительная коммуникация в работе с детьми и взрослыми, имеющими интеллектуальные и двигательные нарушения, расстройства аутистического спектра / В.Рыскина. - СПб.: Скифия. - 2016.
4. Фрост Л., Бонди Э. Система альтернативной коммуникации с помощью карточек (PECS): руководство для педагогов //М.: Теревинф. – 2011.
5. Современные подходы к коррекции рас/ Григорьева А.С, Борисова Н.А./ Череповецкий государственный университет/ Россия-2016

ӘОЖ 371.3:611.7

ТІРЕК-ҚОЗҒАЛЫС АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кошимбетова З.Д.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының
аға оқытушысы

Жолдасбекова З.П.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Арнайы және әлеуметтік педагогика» кафедрасының
оқытушысы

Аннотация:

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайындағы тірек қимыл аппараты бұзылған балаларды оқытудың ерекшеліктері қарастырылған. Тірек қимыл қозғалысында бұзылысы бар балаларды қалыпты мектеп жағдайына қосу кезеңдері ұйымдастырылуы тиіс. Білім беру мақсаты білім және дағдымен қатар, құндылыққа негізделген қабілетін дамытуға жұмыс жасайды. Ерекше қажеттілігі бар балаларлы оқытуды ұйымдастыру, соның ішінде тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыру мақаланың өзектілігін анықтайды.

Кілт сөздер: Ерекше білім қажеттігі бар балалар, психологиялық-педагогикалық қолдау, балалардың сал ауруы (БСА), тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы

Ерекше білім қажеттігі бар баланы қалыпты қоғамға кіріктіру, жалпы білім беру процесіне қатыстыру, олардың құқығын қамтамасыз ету – бүгінгі күннің өзекті мәселелердің бірі. Осы мәселеде баланы психологиялық-педагогикалық қолдау күрделі де маңызды үрдіс. Баланы психологиялық-педагогикалық қолдау – инклюзивті білім беру жүйесінде баланың тәр-биесіне, оқу үрдісіне, әлеуметтенуіне, бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған кәсіби белсенді жүйе. [1] Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі мұғалім, дефектолог, психолог тек білім мазмұнына ғана өзгерістер енгізіп қоймай, баланың танымдық қабілеттерін дамыту мен жалпы баланың өмірін ұйымдастыруды көздейді. ТҚА бұ-зылған баланың танымдық мүмкіндіктерін дамытуда маңызды шарт – мұғалім-дефектологтың психологиялық құзырлығы. Яғни, ол сыпайылық, педагогикалық әдеп, оқу үрдісінде балаға көмек қолын созу, сәтсіздіктердің себептері мен жетістіктерді ұғыну және өз мамандығын сүю. Ж.Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. [1,178]

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың ерекшеліктері «Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы» (ТҚАБ) ұғымы жинақтамалық сипатқа ие және өзінің құрамына органикалық орталықты немесе шеткері пайда болған қимыл-қозғалыстық бұзылуды қамтиды.

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды төмендегі санаттарға жіктейміз:

- балалардың сал ауруы (БСА);
- қалпына келген немесе қалдықты кезеңдегі полиомиелиттің салдарынан;
- миопатиямен;
- туа біткен және жүре пайда болған ақыл-ой кемістігінің және тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуымен.

Кей жағдайда ТҚАБ балалардың қимыл әрекетінің бұзылуынан басқа интеллектуалды даму кемістігі де кездесіп жатады. Мысалы: балалардың 40-50%-ында психикалық дамуының тежелуі болса, барлық балалардың 10%-ға жуығында – түрлі сатыдағы ақыл-ой кемістігі байқалады. Бұл кемістіктер мидың зақымдануымен сипатталады. Осы себепті көпшілік балалар тек қана емдеу және әлеуметтік көмекпен бірге, олар психологиялық, педагогикалық және логопедиялық түзетуді қажет етеді. Тірек-кимылы бұзылған кейбір балалардың танымдық қызметтері бұзылыссыз келеді, олар арнайы оқыту-тәрбиелеуді қажет етпейді. [3]

ТҚАБ балалардың арасында саны ең көп топты БСА ауыратындар құрайды. Бұндай балалар қимыл-қозғалыс саласы және танымдық әрекеті кемістіктері байланыстарының нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын қажет етеді. БСА барысында әдетте, қимыл-қозғалыстың бұзылуы тілдік кемістікпен және жекелеген психикалық функциялардың қалыптасуының тежелуімен сәйкестікте болады. [2]

Қимыл-қозғалыс бұзылуының ауыртпалығы әр түрлі болады: кейбір балалар тік күйде отыра да, тұра да алмағандықтан, тек арнайы арбада ғана қозғала алады, көптеген балалардың жүріс мәнері өзгеше болады, көпшілігі ортопедиялық арнайы құралдар – балдақтар, таяқтар және т.б. пайдаланады, сал ауруымен ауыратын балалардың аз ғана бөлігінде қосымша құрылғылардың көмегінсіз қозғалу мүмкіндігі бар. Оң жақ аяқ-қолдары зақымданған ауру балалар іс-әрекетті сол қолымен істеуге мәжбүр, бұл жағдай олардың өзіне-өзі қызмет ету және жазу дағдыларын меңгерулерінде қиындық тудыруға әкеп соғуы мүмкін. Шамамен барлық балада саусақтардың сезімталдығы дамымаған.

БСА ауыратын балалардың көпшілігінде сөйлеу дағдыларының кемшілігі байқалады, соның ішінде жиі кездесетін жағдай – тіл күрмелудің (дизартрия) түрлі формалары. Тіл күрмелудің байқалуы әр түрлі: жеңіл 27 (өшірілген) түрінен мүлдем түсініксіз сөйлеуге дейін болуы мүмкін. Ең күрделі жағдайларда анартрия (сөйлей алмау) байқалуы мүскін. Дыбыстарды айтудың бұзылуы көптеген жағдайда жалпы сөйлеу тілінің дамымауының (ЖСТД) әсерінен қиындайды. Тілдік кемістіктің болуы көптеген жағдайда сөйлесу ықыласын төмендетеді және сөйлесу байланысында қиындықтар тудырады. Балалардың 20-25%-да көру кемістігі бар: қитарланған және шашыранды қылилылық, нистагм, көру кеңістігінің шектелуі. БСА танымдық процестердің қалыптасуы жекелеген психикалық функциялардың тоқтап қалуымен және біркелкі дамымауымен сипатталады. [2,26]

Көптеген балаларда қабылдаудың дамуында, сонымен қатар кеңістіктік және уақыттық елестетудің қалыптасуында қиындықтар байқалады. Барлық балаларда дерлік астения (ағза әлсіздігі) байқалады: жұмысқа қабілеттіліктің төмендігі, барлық психикалық процестердің қалпына келмеуі, қабылдаудың бәсеңдігі, зейін аударудың қиындығы, есте сақтау көлемінің аз болуы. Бұндай балалардың көпшілігінде жоғары психикалық функциялардың даму әлеуетінің бар екендігін атап өту қажет, алайда дене бітімінде кемшіліктері (қимыл-қозғалыс, есту, көру фукцияларының бұзылуы), сөйлеу қиындықтары, астениялық көріністің және білім қорының шектеулілігі, әлеуметтік-мәдени депривацияның салдары бұл мүмкіндіктерді жасырып тұрады.

Тірек- қозғалыс аппараты бұзылған оқушыларды оқыту жалпы сынып жағдайын да, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында да жүзеге асырылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда үйде оқыту ұйымдастырылуы мүмкін. Тірек-қозалыс аппараты бұзылған оқушыларды арнайы сынып жағдайында мектепте оқытудың ұзақтығы: - бастауыш білім беру деңгейінде – 0 (даярлық), 1-4 сыныптар; - негізгі орта білім беру деңгейі – 5-10 сыныптар; - жалпы орта білім беру деңгейі – 11-12 сыныптар. Оқыту мерзімінің ұлғайтылуы балалардың психикалық дамуының тежелуімен, сөйлеу және қимыл-қозғалыстың бұзылуының нәтижесінде жазу мен оқуды меңгерудің қиындығымен, түзету-сауықтыру шараларын өткізудің қажеттігімен байланысты болып отыр. [2,27]

Оқу әрекетін нормаға сәйкестендіру және оқытудағы қиындықтарды жеңуде арнайы сыныптың оқушысы оқытудың кез келген сатысында қалыпты дамыған құрдастарының сыныбына ауыстырылуы мүмкін. Қимыл-қозғалыстың бұзылуымен қатар интеллектуалдық ауытқуы байқалатын бала ақыл-есі кем оқушыларға арналған арнайы сыныптарда оқытылады. Тірек-қозалыс аппараты бұзылған оқушыларды арнайы сынып жағдайында оқыту түзету компонентін қамтитын арнайы Үлгілік оқу жоспарларына, сонымен қатар жалпы білім берудің бағдарламалары мен оқулықтарына жүзеге сәйкес асырылады. Оқу процесінде оқушылардың қимыл-қозғалыстық және сөйлеу ерекшеліктерін ескере отырып арнайы дайындалған дидактикалық материалдармен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және басқа да материалдарды қолдану қажет. Барлық оқу пәндерінде оқытудың түзетушілік бағыттылығы жүзеге асуы тиіс, сонымен қатар дене, танымдық және сөйлеу әрекеті дамуындағы ауытқуларды жеңу мақсатын алға қояды. Оқу процесін ұйымдастыру арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдануды, бағдарламаның жекелеген бөлімдері мен тақырыптарын зерделеуге мүмкіндік беретін арнайы сабақтарды кіріктіруді,

сонымен бірге дамудағы ауытқуды түзету бойынша жекелеген және топтық арнайы сабақтар өткізуді қарастырады. Бұндай сабақтарда алынған білімдер мен дағдылар жалпы білім беретін пән сабақтарында бекітіледі. Тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған балаларды оқыту емдеу-қалпына келтіру жұмыстары аясында жүзеге асырылады, бұл жұмыстардың құрамына: қимыл-қозғалыстың бұзылуын медициналық түзету, жүйке-психикалық ауытқуды дәрі-дәрмектік емдеу, соматикалық аурулардың алдын алу кіреді.

Мамандарының біріккен кешенді жұмысы және адамгершілік, ізгілік қағидаттарын ұстануы, баланың мүмкіндігіне сенім, мамандар құзыреттілігі баланың жетістігінің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.
2. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.
3. Инклюзивті білім беру /Инклюзивное образование: Оқу-әдістемелік құрал / Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т. Арыстангалиева, О.А. Панищева – М.Өтемісов атындағы БҚУ редакциялық-баспа орталығы. - Орал, 2020. - 204 б.

ӘОЖ 37.035.6

БАЛАЛАРҒА ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАПҚЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ БАҒЫТТАРЫ

Конакбаева Т.Е.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, магистр

Шырымхан Ә.Н.
Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу Ббб 1 курс студенті

Аңдатпа: Мақалада автор мектепжасына дейінгі балаларға бастапқы патриоттық тәрбие берудің бағыттары жайында сөз етеді. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене келіп, балалардың жас ерекшелігін ескере келіп оларға бастапқы патриоттық тәрбие берудің бағыттарын анықтайды. Мектепалды балаларын қоршаған ортамен таныстыру арқылы отбасы, табиғатпен, туған жерімен, мемлекеттік рәміздермен, ұлттық дәстүрлермен, ұлы тұлғалармен таныстыру және тәжірибелік әрекетін ұйымдастыру бастапқы патриоттық тәрбие берудің мазмұнын ашып, Отаны және жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу бағытын қамтамасыз ете алатыны айтылады.

Кілт сөздер: Тәрбие беру, отбасы, Отан, табиғат, салт-дәстүр, тәжірибелік әрекеттер.

Аннотация: В статье автор рассказывает о направлениях начального патриотического воспитания дошкольников. Опираясь на труды ученых, определяет направления первоначального патриотического воспитания детей с учетом их возрастных особенностей. Отмечается, что через ознакомление дошкольников с окружающей средой, знакомство и организация практической деятельности с семьей, природой, родным местом, государственными символами, национальными традициями, великими личностями может раскрыть содержание первичного патриотического воспитания и обеспечить направление воспитания любви к Родине и земле.

Ключевые слова: Воспитание, семья, Родина, природа, традиции, практические действия.

Annotation: In the article, the author talks about the directions of the initial patriotic education of preschoolers. Based on the works of scientists, he determines the directions of the initial patriotic education of children, taking into account their age characteristics. It is noted that through familiarization of preschoolers with the environment, acquaintance and organization of practical activities with family, nature, native place, state symbols, national traditions, great personalities, it can reveal the content of

primary patriotic education and provide a direction for the education of love for the Motherland and the land.

Keywords: Upbringing, family, Homeland, nature, traditions, practical actions.

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына және ерпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің біріне қосылу мақсатында қарастырылып отырған «Білім туралы» Заңында [1], 2006-2010 жылдарға дейінгі білім беру бағдарламасында, 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында [2] көрсетілген басты мақсат-міндеттерді ескере келе, біз ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлға сапа қасиетін қалыптасту мақсатында мектепалды балаларына қоршаған ортамен таныстыру арқылы бастапқы патриоттық тәрбие беруді жүзеге асыруымыз қажет. Аталған мақсатқа сәйкес мектепалды балаларының бастапқы патриоттық сана-сезімін, мәдени мінез-құлқын қалыптастыру және патриоттық әрекетке дағдыландыру міндеттерін атауға болады. Мектепке дейінгі жаста балаларға бастапқы патриоттық тәрбиесін қалыптастыруды жүзеге асыру олардың психо-физиологиялық, педагогикалық дамып-жетілуіндегі жас ерекшелік мүмкіндіктерін ескеру қажеттігін туындатады. Себебі, бала алғашқы жеті жылда өзіндік танымдық жетілу жасының үш негізігі кезеңін бастан кешіреді екен. Соның ішінде балалар бақшасына барған 5-6 жастағы балалар қатарластарымен бірге ойнауды, бір-бірінің ойлау қабілетін қостауды, өзара сыйластық қарым-қатынас тәжірибесі мен барлық балаларға ортақ шектемелі педагогикалық талаптарды орындау тәжірибесіне бейімделе бастайды.

Мектепалды балаларын қоршаған ортамен таныстыру арқылы отбасы, табиғатпен, туған жерімен, мемлекеттік рәміздермен, ұлттық дәстүрлермен, ұлы тұлғалармен таныстыру және тәжірибелік әрекетін ұйымдастыру бастапқы патриоттық тәрбие берудің мазмұнын ашып, Отаны және жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу бағытын қамтамасыз етеді. Отанға деген сүйіспеншілік пен берілгендік ең алдымен, баланың анаға деген «бала махаббатынан» отбасының өзін аялаған жүрек жылуын, көңілі мен қамқорлығын сезінуінен басқа адамдарға: бауырлар, туыстар, қатарластар, көршілерге деген жақынын сүю сезіміне айнала алады. Жақынын сүю дегеніміз – біздіңше, бала айналасындағы қоршаған адамдарды өзінің құқығымен тең түсінуі, оларға деген мейірімділік пен қамқорлықты көрсетуі, өз жауапкершілі мен жанашырлығын сезінуінде олардың қуанышы мен ренішіне ортақтасып, оларды сыйлай білу қасиетін жатқызамыз.

Ғалым Ә.Табылдиев отбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана деп, олардың арасындағы әке-шеше арқылы өрбіген туысқандық адамгершілік қатынастары жүйеленіп, әлеуметтік тәрбиелік тұғырының астарын: «...отбасындағы *міндет* – күнделікті іс-әрекет арқылы имандылық пен қайырымдылық рәсімдерін орындау әрекетін іске асыру жолы. *Парыз* – міндетті іске асырудың қалыптасқан рәсімдері. *Борыш* – ата-анаға, үлкен адамдарға қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу үшін жүргізілетін салтқа айналған қайырым іс-әрекеттер және ол – «*қарыз*» деген сөздің де баламасы» деп нақтылы түсіндіріп көрсеткен [3,105б]. Соның негізінде, біз баланың кішкентайында қалыптасқан отбасына деген саналы эмоциясы мен сүйіспеншілік сезімі патриотизмнің бастамасы ретінде бертін келе, күрделі әлеуметтік және рухани-саяси идеялыққа айнала алады демекпіз.

Өз халқын сүйетін азамат, осы халқы тіршілік ететін табиғатты да сүйеді. Біздер қоршаған ортаның тірі және өлі табиғатына деген балалардың дұрыс көзқарас талпынысын тудырмай, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелей алмаймыз. Г.Н.Волкованың пікірінше, табиғат – халық педагогикасының маңызды факторларының бірі, ол тек өмір сүру ортасы ғана емес, сонымен бірге туған өлке, Отан болып саналады. Отанның табиғаты адамға билік жүргізе алады. Сондықтан, бастапқы патриоттыққа тәрбиелеудің маңызды факторы ретінде табиғатты қарастыруға болады.

Табиғат – баланы үнемі қоршап тұратындықтан және бала өміріне ерте енетіндіктен жас ерекшелігіне сай қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттармен таныстыру арқылы жеңіл әрі оңай қабылдап, түйсінуіне мүмкіндік туғызады. Табиғат аясында бала танымдық мотивінің көп білуге деген қажеттілігі арқасында белгілі бір құбылысты ұзақ уақыт бойы бақылай алады. Ересектердің көмегімен жүйелі бақылау әрекеті ұйымдастырылған жағдайда балаларда қарапайым білімдер жүйесі қалыптасып, ойлау қабілеті тереңдей түседі. Табиғатпен таныстыруда жүргізілген тәрбиелік іс-әрекетте балалар тірі және өлі табиғат өкілдеріне жасаған жағымды қатынасынан өзін күшті және мәнді сезінуіне мүмкіндік алады. Балалар үшін тірі табиғаттың өмірлерін сақтап

қалаумен қатар көмек көрсетуден асқан қуаныш жоқ. Соның нәтижесінде, балалар қоршаған ортада өздерін құрушы, жасаушы ретінде сезініп, олардың бойында бастапқы патриоттыққа тән: қамқорлық, мейірімділік, жауапкершілік, борыштылық және т.б. құндылықтары қалана бастайды. Табиғатпен жүйелі танысуында мектепалды жасындағы балалардың жоғары сезімдері қалыптасып қана қоймай, экологиялық мәдениетінің қалыптасуына да жағдай жасалады. Балалардың бастапқы патриоттық сезімі мен экологиялық мәдениетін қалыптастыру кезінде халық арасында тараған, кейбір жағдайда ұмытыла бастаған, табиғат қорғауға байланысты дәстүрлерді толық жинақтап, жүйеге келтіріп, олардың тәрбиелік мәнін ашып, жаңартып, ұрпаққа асыл қазына ретінде ұсынуды басты мақсатқа айналдырған Н.Сарыбеков, М.Сарыбеков, Қ.Д.Сарыбековтердің «Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері» атты кітаптағы табиғатты қорғауға байланысты халық дәстүрлері баяндалған тәжірбиесіне сүйенуге болады. [4].

Мектепалды балаларды халықтың мәдени мұрагерлік дәстүрлеріне баулу арқылы да бастапқы патриоттық тәрбие беруді үлкен жетістікпен жүзеге асыра аламыз. Балалар педагогы А.М.Меңжанованың: «Мектеп жасына дейінгі кезден бастап-ақ балаларды өз халқының өмір жолымен, сан ғасыр қыспағынан сүрінбей өткен дәстүрмен, мәдени жетістіктермен көркем шығармалар арқылы таныстыру, содан рухани нәр алдыру баланы елін, жерін, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді» [5,173б] деген пікірін білдірсе, ғалым С.Қалиевтың тиімді тәрбие беру жүйесі халықтың тарихи және оның материалдық, рухани мәдениеті арқылы туындайды деген ғылыми тұжырымын ұсынған [6]. Сондай-ақ, С.Ғаббасов халық педагогикасымен тәрбиелеу ісі 4-7 жас арасындағы бала санасына қабылданған өнеге мен адам қуаты өмірлікке қалатынын ескеріп, осы жаста ғасырлар бойы қалыптасқан ата-баба дәстүрінің небір күрделі сәттерінен жасқанбай, қайта лапылдап тұрған жас жүректің алауын лаулата түсіп оларды бала қырандай баулып – жыраулыққа да, термешілікке де, күйшілікке де, қиялшылдыққа да – тіпті салыстырмалы таным мен жүйелі (логикалы) ойлауға да, баулу керектігі мәселесін қозғайды [7,184б]. Бұл дегеніміз, бүгінгі жаһандану үдерісі кезеңінде елімізде аландатушылық тудырып отырған, атап айтқанда: ұлттық мәдени дәстүрімізді жоғалпай болашақ иесі білімді, дені сау ұрпақ санасына ұлттық рухани-мәденитімізді дарытып, әлемдік кеңістікке ену мәселесі және болашақта ұлттық мәдениет түрлері қоғамда ысырылып, мұражай экспонантарына айналады деген «батысшылдық» саяси болжамдарға төтеп беруіміз үшін кезек күттірмес тәрбиелеу болып та табылады.

Халықтың мәдени мұрагерлік дәстүрлеріндегі педагогикалық құралдары ғасырлар бойы сақталып бізге жеткен халықтың ауыз екі фольклорлы және классикалық шығармаларында, халықтық қолданбалы салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарында, халықтық қолөнері, бейнелеу өнері, сәулет өнері, мүсіндеу шеберлерінің шығармаларында жинақталған. Халықтың осындай мұрагерлік мәдениеті мен дәстүрлерін баланың жас ерекшелік мүмкіндіктеріне қарай тәрбиелеу бала бойында халықтың мәдени мұрагерлік дәстүрлеріне деген ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш пен құрмет сезімінің қалыптастыруына себебші бола алады. Сондықтан да, балабақша мен отбасында балаларды қазақ халқының ата-бабадан қалған дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптармен таныстыра отырып, олардың белсенді қызығушылықтары мен ұмтылыстарын тудыру қажет. Сонда ғана, баланың өз халқының рухани құндылықтарын бойына сіңіре отырып, өз ұлты мен өзге ұлттардың дәстүрлеріне деген дұрыс көзқарасы, патриоттыққа тән қарапайым жалпыадамзаттық құндылықтары көрініс табады деп айта аламыз. Осының нәтижесінде, баланың күнделікті әрекетінде көрініс табатын патриоттық тәрбиенің бір көрінісі – мәдени мінез-құлыққа дағдыландыра аламыз. Мәселен, оларға: *біріншіден,* балалардың қатарластары арасындағы өзара мейірімділік, сыпайылық, шыншылдық, ұйымшылдық, ұстамдылық мінез-құлықтарын ұйымдастыру; *екіншіден,* балалардың жеке тұлғалық жағымды дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру: қоғамдық орындарды мәдени мінез-құлық ережелерін сақтай білу (саябақтан белгіленген уақытта қыңырланбай үйге, балабақшаға оралу, өз бетімен таңертеңгілік ұйқыдан тұрып, балабақшаға бару), дербес еңбек әрекетін мұқият және тиянақты орындай білу; *үшіншіден,* балалардың үлкендер мен қатарластары арасындағы қарым-қатынастың ізгілік, адамгершілік (үлкендерге сыпайы, зейінді қарау, жолдастарына көмектесу, кішкентайларға қамқор) және т.б. түрлерін қалыптастыруға болады. Аталған бағыттарды балабақшада жүргізілетін ұлттық ойындар, айналамен таныстыру сабағы, экскурсия, еңбек және ойын, тұрмыстық әрекеттер, мерекелік

ертеңгіліктер іс-шараларында жоспарлау тиімді жүзеге асады.

Қорыта келгенде, балалар санасына халық ертегілері, халық әндері, тақпақ пен жаңылпаштар, тыйым сөздер және салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды: Отансүйгіштік, ұждан, бауырмашылдық, мейірімділік, достық, жауапкершілік, жанашырлық, әділеттілік, ар-ұят т.с.с. тәрбиелеуден бастау керек. Себебі, аталған құндылықтар негізінде отбасына, табиғатқа, халықтың мәдени мұрагерлік дәстүріне деген сүйіспеншілігі оянып, мәдени мінез-құлық әрекетіне дағдыланады да балада бастапқы патриоттық сана-сезімінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 130б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 2007, 15 тамыз.
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарының Мемлекеттік бағдарламасы. (Ел Президентінің 2004жылғы 11-қазандағы №1459 Жарлығы) // Егемен Қазақстан, 2004, 16 қазан.
4. Педагогика және психология. Қазақ тілінің терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі /Төрағасы А.А.Құл-Мұхамед. – Алматы: Мектеп, 2002. – 256б.
5. Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. – Алматы: Мектеп, 1982. – 300б.

ӘОЖ 374.7.

ҰЛЫ ӨНЕРТАПҚЫШ-ГЕРОН

Кубеев Д.Б.
Аса ауылы, Ю.Гагарин мектеп-лицей

Аннотация. Ғылымның дамуы бір күндік құбылыс сияқты көрінетіндей.Бірақ, адамның әрдайым дамып отыруы, көп еңбек, көп уақыт, көп сәтсіздіктерден құралғаны анық екені белгілі.Ұшақ, айда адамның аяқ басуы, алыс галактикаларға көз тігу, компьютермен басқаруды дамыту арманшыл ұлы ойшылдардан бастау алады.Осы ойшылдардың бірі әрине-Герон Александрийский.Өз замандастарынан дара тұлға Грекияда туылып, кейін көне қала Александрияға ата-анасымен көшіп келген.Нақты өмір баяны белгісіз, бізге тек шәкірттері қалдырған жазбалары арқылы ғана белгілі болған адам.Механика, физика, астрономия, математика, робототехника салаларының дамуына әбден түрткі болды деп санаймын.Есептеу құралдары, реактивті бу турбинасы, шіркеудегі құрылғылар, соғыс қарулары және театр ғажайып дүниелерін құрастырды.Ол-от, жел, ыстық бу, қысым сияқты күштерді бағындыра білді.

Аннотация. Развитие науки кажется однодневным явлением.Но известно, что человек всегда развивается, состоит из большого труда, большого количества времени, большого количества неудач.Самолет, ступни человека на луне, взгляд в далекие галактики, развитие компьютерного управления восходят к великим мыслителям-мечтателям.Одним из таких мыслителей, безусловно, является Герон Александрийский.От своих современников он родился в Греции, а затем переехал с родителями в древний город Александрию.Фактическая история жизни неизвестна, человек, который был известен нам только по записям, оставленным его учениками.Считаю, что это очень стимулировало развитие механики, физики, астрономии, математики, робототехники.Он построил вычислительные приборы, реактивную паровую турбину, церковные приборы, военное оружие и театральные чудеса.Ему удалось подчинить себе такие силы, как огонь, ветер, горячий пар, давление.

Abstract. The development of science seems like a one-day phenomenon.But it is clear that a person is constantly developing, consists of a lot of work, a lot of time, a lot of failures.The plane, the human footfall on the moon, the gaze to distant galaxies, the development of computer control can be traced back to the great dream thinkers.One of these thinkers, of course, is Heron Alexandriysky.An

individual from his contemporaries was born in Greece, and then moved with his parents to the ancient city of Alexandria.A person whose exact life story is unknown, known to us only through the notes left by his students.I believe that the development of the fields of mechanics, physics, astronomy, mathematics, Robotics was quite motivated.He built computers, a jet steam turbine, devices in the church, weapons of war, and theatrical wonders.He was able to subdue forces such as fire, wind, hot steam, pressure.

Кілт сөздер.Герон Александрийский.Александрия.Ежелгі греция.Диоптра.Бу турбинасы. Театр. Шіркеу құрылғылары. Робототехника.Механикус.Автоматика

Қазіргі таңда ғылыми жаңалықтар ғасырында өмір сүріп жатқандаймыз.Алайда, Антикалық әлемді зерделей келсек, ғылыми төңкеріс ертерек басталғанын байқаймыз.2000 жыл бұрын айла-тәсілге толы механикалық шешімдер пайда болғаны белгілі.Ежелгі Греция көптеген ғасыр бойы машиналық құрылғыларымен таң қалдырып келеді.Сол кездегі адамдар күнделікті күйбен тіршіліктен босап, шыңдарды бағындырғысы келді.Ғылым, философия және ой-өріс идеялардың даму кезенің гректер бүкіл әлемге паш етті.Римдіктер мен Еуропалықтар соғыста қалай женеміз деп бас қатырып жатқан кезде, дамуға бет бұрған Ежелгі Мысыр астанасы Александрия сияқты ұлы қала болды.Бұл шаhар ғимараттарының қабырғалары кезіңде Платон, Архимед және Аристотель қадам басқан дыбыстарына куә болған.Ойшылдар ізін Герон атты өнертапқыш жалғады.

Замандастары оны "меканикос" деп атады, ал ол бізге Александрия Героны ретінде белгілі.Қазір біз индустриалды дәуірде өмір сүріп жатырмыз, бізді әртүрлі машиналар мен механизмдер қоршап тұр. Мүмкін болашақ ұрпақ біз автомобильдер дәуірін бастадық деп айтуы мүмкін, өйткені автомобильдер, ұшақтар, компьютерлер мен роботтар пайда болды. Бірақ біз күнделікті алаңдаушылықты машиналар арқылы шешуді бірінші болып армандаған жоқпыз. Аристотель бұл туралы ойлады, ол тоқу станоктары Автоматты болатын, арфалар әуенді өздері ойнайтын, шеберлерге көмекшілер қажет болмайтын және қазіргі әлемнің көшірмесі емес, құлдарды ұстаудың қажеті жоқ әлемді елестетеді? Бірақ Герон одан әрі қадам басты. Ол тек о машиналарын армандаған жоқ, оларды құрастырды!

Екі мың жыл бұрын Герон механикаландыру дәуірін ашты, ол біздің қиялымызды әлі күнге дейін таң қала қарайтын машиналар құрастырды. Александрия- әлемдегі ең көпұлтты қала болған деседі. Ұлы ақыл-ой иелері — мұнда байлықтың ең құндысы-алтын да, құл да, күміс те емес, білім және сауда жасау үшін келді. Екі мың жыл бұрын бұл әлемдік ғылымның орталығы болды. Бұл білімнің банкі-Ұлы кітапхана болды. Мұнда гректердің, мысырлықтардың және басқа халықтардың еңбектері молынан жиналды. Кітапхана ертегілермен, өлеңдермен, математиктер мен философтардың еңбектерімен толтырылды. Геронның барлық өнертабыстары сол жерде сақталған. Оның машиналарының ешқайсысы бүгінгі күнге дейін сақталмағандығы өкінішті әрине. Өнертапқыштың өзі, өмірбаяны туралы ештеңе білмейміз, бірақ оның керемет туындылары туралы түсініктеріміз бар, өйткені бұл машиналардың сипаттамалары бізге Герон жазбалары көшірмелері түрінде жетті. Олар оның сиқырлы дүниелеріне есік ашып бергені анық.Өнертапқыш-үйге шаруасына көмектесетін жабдықтар, соғыс қарулары, театр көркемдеу үшін және шіркеуде кеңінен қолданысқа ие болған мехнанизмдер ойлап тапты.Осындай дүниелердің бірнеше түріне тоқтала кетсек.

Қазіргі таңда әлемді сорап құрылғыларсыз елестету мүмкін емес.Ол қарапайым үй шаруасы болсын, зауыттар, су шаруашылығы немесе өрт сөндіру техникалары қайсысын алып қарасақта маңызды, керек. Өзінің ғылыми трактаттарының бірі "Пневматика" кітабында Александрия Героны 2 адам су қоймасынан су айдай алатын сорғы құрылғысын сипаттады. Бұл машинаның жұмысының негізі су ағыны үшін төменгі жағында саңылаулары (клапандары) бар екі цилиндр және осы суды сыртқа шығаратын түтіктер арқылы поршеньдер болды.

Герон сорғысы негізінен өртті сөндіру үшін қолданылды және отпен тиімді күресуге көмектесті.Су алдымен бір цилиндрден, содан кейін екіншісінен кезек-кезек шығарылады. Су лақтыруды және сорғы жұмысын іске асыру үшін екі адам қажет болды.Олар рычаг принципін қолданып, сорғыны іске қосты. Кейінірек римдіктер мұндай сорғыларды қалалардағы өрттерді сөндіру үшін кеңінен қолданды. Рас, олар технологияның өзін жетілдірді, бөлшектерді өте дәл дайындады, бәрін жақсы реттеуге тырысты. Мұндай қол сорғылары Еуропада электр энергиясы ойлап табылғанға дейін өте ұзақ уақыт бойы қолданылған. Оның көмегімен сіз отты сөндіріп қана қоймай, кемелер трюмдерінен суды сорып алуға болады.



1-сурет.Герон сорғысы.

Герон театр өнерінде өз қолтаңбасын қалдырған адам.Интернет, теледидар жоқ заманда елдер театр көргенді ұнататын.Ежелде театр көп адамдардың өмір орталықтарына айналған еді.Бұл жерде олар жаңалықтармен бөлісетін, діни, рухани қорек алатын.Керемет акустика, сахнада болып жатқан қимылдар әсерлі, шынайы еді. Герон театрға көп нәрсе бере алатынын білді. Оның декорациясы сахнада кенеттен пайда болып, мүмкін және қажет болған кезде жоғалып, басқа бейнеде пайда болатын.Механизмнің жоғарғы бөлігіндегі бөлік құммен толтырылды, ол бірқатар тесіктер арқылы төгіліп, таразыны түсірді. Тостаған білікке оралған жіпке бекітілді. Арқан шешілген кезде құрылғы алға жылжыды. Содан кейін рычагты ауыстыру арқылы жүк көтеріліп, бүкіл декорция қозғалысқа ие болды.

Герон Автоматты театрлар туралы бүкіл трактат жазды. Мұндай театрдың мәні – декорация өздігінен қозғалу керектігі еді. Грек тілінен аударғанда "автоматика" өздігінен қозғалыс деп аударылады. Сонымен бірге Герон көрермендер ішімде адамдар отырып алып басқарып жатыр деп ойламасын деген мақсатпен механизмдерді кішкентай етіп жасауға тырысты..Осы қозғалыстардың барлығын жасаған қарапайым ағаш тырнақ осі Геронның ең үлкен өнертабысы болуы мүмкін. Қазіргі ғалым оны бағдарламалау деп атайды. Театрға келушілер бұл декорацияларға таңданғаны таңқаларлық емес.Герон декорацияны автоматтандырды, ал актерлер немен айналысады? Ол жылжымалы декорациялары бар, автоматты актерлер мен арнайы эффектілері бар толық автоматты театр құрастырды.Сахнаның төмен бөлігінде көрерменнің көзінен жасырылған механизмдер орналастырылды. Көрермендер барлық фигуралардың синхронды қозғалуына таң қалды. Суретті толықтыру үшін Герон дыбыстар мен арнайы эффектілерді қосты. Декорациялар мен кейіпкерлер өзгерді, перде автоматты түрде көтеріліп, төмендеп тұрды.

2-сурет.Герон автоматты театры

Егер сіздер құрылыс немесе орман шаруашылығы факультетінде оқыған болсаңыз, онда сізге геодезияда маңызды теодолитті қолдануға үйрету алғы шарттардың бірі. Бірақ бұл құралды Герон ойлап тапты! Ол өзінің құрылғысын дипотра деп атады.Диоптердің негізгі құрамдас бөлігі сызғыш- шеңбер бойымен айналып, көлденең және тік позицияны көрсетіп береді. Осы құралды, сондай-ақ математикалық әдістер мен тікбұрышты координаттарды қолдана отырып, Герон

көптеген құрылыс есептерін шеше алды:
-бір немесе тіпті екеуі де көрінбейтін екі нүкте арасындағы қашықтықты өлшеді;
-көзге қол жетпейтін басқа сызыққа перпендикуляр түзу сызық жүргізді;
-екі нүкте арасындағы деңгей айырмашылықтарын тапты;
-ол өлшеген жерге бармай-ақ аудандарды өлшеді.



3-сурет.Герон диоптрасы

Өнертапқыш өзінің "о диоптре" еңбегінде одометр қашықтықты өлшеуге мүмкіндік беретін құрылғының принциптері туралы жазбалар қалдырды.Сыртқы жағынан, бұл белгілі бір диаметрге екі дөңгелегі бар кішкентай арба сияқты. Егер дөңгелектерді 400 рет айналдырған жағдайда, онда ол 1598 метрге тең болады.Одометрдің схемасы 4- суретте көрсетілген, кескін бойынша беріліс тістер көмегімен әртүрлі дөңгелектер мен осьтердің айналғанын көруге болады.Арнайы платформаға түскен қиыршық тастар жүріп өткен қашықтықты айтты.Жолды есептеп жүрген адам тек тас санын санап отырса болды.



4-сурет.Одометр

Герон көптеген басқада өнертапқыштық құрылғылары көп.Атап айтсақ-бу бойлері.Грек халқы жуынуды жақсы көрген деседі.Қарапайым қоладан жасалған құрылғы үлкен көмек еді.Сонымен қатар, Герон реактивті бу турбинасы.Бұл зат 20-ғасырда басталған өнеркәсіптік революцияны әлдеқайда ертерек бастап кететіндей мүмкіншілігі болды.Кейін қолданысқа енген бумен жүретін пойыздар қозғалтқыштарынын бастауы болды.



5-сурет.Герон бу турбинасы

Сөз соңында Геронның теориялық жетістіктеріне тоқтала кетсем.Осы алуан түрлі машиналарды көріп, Геронның көптеген теориялық есептеулерді қалдырғанын бірден болжауға болады. Сонымен, оның ең танымал еңбектері - "Пневматика" және "Механика", онда ол математика мен қолданбалы механика саласындағы ежелгі ғылымның көптеген жетістіктерін жүйелі түрде баяндады. Сондай-ақ, жоғарыда айтылғандай, ол автоматтандырылған театрлар туралы "автоматтар театры"атты бүкіл кітап жазды. Герон сонымен қатар кейбір геометриялық фигуралардың аудандары мен көлемін анықтауға арналған формулаларды ашты. бұл оның "Метрика" еңбегінде көрініс тапты. Оның ең танымал формулаларының бірі үшбұрыштың ауданын оның үш қабырғасынан табуға мүмкіндік береді және оның құрметіне Герон формуласы деп аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Башмакова *И. Г.* Лекции по истории математики в Древней Греции // Историко-математические исследования. – М.: Физматгиз.
2. Храмов Ю. А. Герон Александрийский (Heronus Alexandrinus) // Физики : Биографический справочник / Под ред. А. И. Ахиезера. – Изд. 2-е, испр. и доп. – М. : Наука, 1983.
3. Выгодский *М. Я.* Арифметика и алгебра в Древнем мире. М.: Наука, 1967.
4. https://kakizobreli.ru/
5. https://calculator888.ru/
6. https://sitekid.ru/
7. https://bstudy.net/

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Мусаева К.А.

Филология ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Көктал орта мектебі, Байзақ ауданы, Жамбыл облысы

Аннотация

Әр адамның өмірлік ұстанымы болады. Ұстаным барлық адамда бірдей бола бермейді. Өмір сүрген ортасына,әртүрлі мәселелерге байланысты, атқаратын қызметіне сай ұстаным да әр қилы болады. Осылардың ішінде *педагогикалық ұстаным* деген ұғым өз жан дүниеме жақын. Себебі педагогикалық ұстанымы жоғары, биік ұстаз ғана діттеген жетістіктерге жетеді. Педагогикалық ұстаным қандай болу керек? Өз пәні бойынша балаға сапалы да саналы білім беріп қана қоймай, оқушыны пәні арқылы жақсы азамат болып қалыптасуға тәрбиелеу. Осы мақсатттарға жету үшін, нәтиже көрсету үшін қазіргі таңда сабаққа арналған жаңа технологиялар жетерлік.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында модульдік оқыту технологиясы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, тірек-сызба технологиясы, проблемалық оқыту технологиясын пайдалану арқылы нәтижелі жұмыс көрсете аласың. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін терең түсінуге, түсіндіруге ықпал етеді.

У каждого человека есть свои жизненные позиции, но порою эти жизненные ценности не одинаковы. Так как жизненные позиции связаны выполняемыми должностями, зависит от общества, с которыми общаются. И самым ценным является педагогическая позиция. Так как только педагог о высокой позицией может добиться больших успехов. А каково она педагогическая позиция? Не только вооружать знаниями по предмету, но и воспитывать патриота, настоящего гражданина своей страны. Чтобы добиться постовленной целей, мы применяем методы новой технологии.

На уроке казахского языка и литературы очень эффективно применение модульной технологии, методы критического мышления, работа по сплошным и несплошным текстам,

технология проблемного обучения. Применение новейших технологии повышают уровень качества знаний, усвоить материал по предмету и расширяют возможности педагога по преподаванию предмета.

Every person has his own life position according to the environment, to the working functions and different things. Among these I prefer pedagogical position. Because only a teacher with a high pedagogical position can achieve the success.

What should be the pedagogical position? Teacher shouldn't only give their students education but also to bring up a good person. There are many new technologies nowadays to achieve these aims. Using modular teaching technology, development of critical thinking technology, support drawing technology and problem-vased learning technology we can show the best results at the Kazakh language and literature. It helps to deep understanding and interpretation of Kazakh language and literature.

Түйін сөздер: ұстаным, педагогикалық ұстаным, жаңа технология, өз-өзіңді үйрет, зерттеу жұмысы, нәтиже.

Ұстаным! Зерделей келсем, ұстаным дегенді әрқалай түсінуге болады екен. Азаматтық, саяси, ...

Жалпы өмірлік ұстаным дегеніміз- нақты бір мәселеге көзқарас, позиция, ішкі қағида. Ал осы өмірлік ұстанымнан әрбір адам өзінің қандай мамандық иесі болатынын анықтайды.

«Білім-қымбат қазына,
Қанағат тұтпа азына»,-

деген қағиданы ұстанған жан жақсы ұстаз болады. Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері оқушыларға әдеби шығармаларды оқытқанда, ақын-жазушылардың жазу шеберлігіне, әдеби сөз саптауына, шұрайлы көркем тіліне қатты мән береді. Осы арқылы қазақ тілінің шексіз бай, кестелі тіл екенін ұғындырады.

Мұғалім болып мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап ұстанған педагогикалық ұстаным-ана тілі-ар өлшемі- болу керек. Иә, нақ өзі. Өйткені ана тілін құрметтемеу –мәңгүрттік. Ана тілін құрметтемеген бала әдеби шығармалардан қалай нәр алып, көркем сөздің тұнығынан қалай сусындайды? Себебі ана тілі мен әдебиет-үндес.

«Әдебиеттің әлсіреуі ұлттың құлдырауын білдіреді»,- деген екен неміс ақыны Иоганн Гете. Бұл пікірмен толықтай келісем. Өз ұлтының поэзиясынан от алмаған, прозалық, драмалық шығармасынан рухтанбаған ұрпақ ұлт жанашыры болады дегенге сену қиын.

Ағартушы, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов: «Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу» [5,30],-деген екен. Көзі қарақты, көкірегі ояу, тәлім-тәрбиелі жас ұрпақ –ұлт байлығы, қымбат қазына. Осындай ұрпақты тәрбиелеу ұстаздар қауымының қолында. Өйткені ұстаз-қоғамның айнасы.

«Алдымен өзіңді-өзің үйрет, сонда ғана басқалардан үйрене аласың, өзгелерге үйрете аласың» деген нақыл сөз бар. Күннен-күнге ғылымның ғарыштап дамып, сәт сайын ақпараттың өзгеріп отыратын заманында біліміңді толыстырып, ізденіс үстінде жүру маңызды.

«Ел есінде мәңгі қалғың келсе, бала тәрбиеле» дейді халық даналығы.

Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет - оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Ол үшін түрлі инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, өз нәтижесін көрсетіп келеді.

«Технология» сөзі гректің «teche»- *өнер, шеберлік* және « logos»-*ғылым* деген сөзінен шыққан, яғни « шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Технология «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселені қарастырады және мынадай технологияларды ұсынады:

1) Модульдік оқыту технологиясы
2)Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
3) Дамыта оқыту технологиясы
4)Тірек-сызба технологиясы
5) Проблемалық оқыту технологиясы

М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы»- оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, жүйелі білім алып, қорытынды жасауға, өзін-өзі, өзгені де бағалай білуге үйрететін технология. Модульдік оқыту технологияның мақсаты оқу үрдісінде оқушының шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызу, эстетикалық сезімін, зейінін тәрбиелеу болып табылады.

Модульдік оқыту технологиясы үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе бөлім
2. Сұхбаттасу бөлімі (диалогті қарым –қатынас арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру)
3. Қорытынды бөлім

Өзіміз көріп тұрғандай диалогтік қарым-қатынас арқылы оқушыны өзінің ішкі мүмкіндіктерін тануға, шығармашылық қабілетін дамытуға баулуға болады. Бұл бөлімде мұғалім мынадай құрылымдар арқылы тапсырма дайындайды:

1) осы бөлімге қажетті материалдың негізгі мазмұнын анықтайды;
2) жинақталған оқу материалдарын «өсу» бағытымен береді;
3) тақырып бойынша тапсырмалар дайындайды;
4) берілген әрбір тапсырмада өзара сөйлесуді қамтамасыз етеді;

Оқушы өзін-өзі дамыта , жетілдіре, тәрбиелей алатын технологиялардың бірі-**дамыта оқыту технологиясы.** Бұл жерде баланың іскерлік машығын емес, қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасалынады. Яғни оқушы -зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Өзекті бір тақырыпты алып, сол тақырып төңірегінде ізденушіге сұрақтар қою арқылы бағыт-бағдар көрсетуге болады. Ары қарай оқушы өзі зерттеу жұмыстарын жасайды. Мәселен, қазақ әдебиеті сабағында қаһарман жазушы Бауыржан Момышұлы туралы өткенде оқушылар Бауыржан Момышұлының жазу шеберлігіне, шығармадағы қаһармандық бейнесіне қызығып, даңқты батырдың шығармашылығы жайлы ізденіс жұмыстарын жүргізді. Мәселен, Бейсенбек Абдурахим деген оқушым «Бауыржан Момышұлы естеліктеріндегі шынайылық» деген тақырыпта зерттеу жұмысын жүргізіп, аудандық ғылыми жобалар байқауына қатысып, 1 –орын алды. Ал Уразбай Нұрсая деген оқушым «Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» романындағы тұрақты тіркестердің ұлттық танымды танытудағы қызметі» тақырыбында зерттеу жұмысын жазды. Бұдан байқайтынымыз, дамыта оқыту технологиясының пайдасы өте көп.

Проблемалық оқыту- мұғалім тарапынан тақырып жайында қиын мәселелердің туындауы, оқушылардың өз беттерімен ол мәселелерді шешуі. Бұдан оқушылардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық дағдылары қалыптасады. Қазіргі заманғы мақсаты да оқушыларды шығармашылыққа дайындау емес па? Осы орайда, мұғалім жаңа білімді өзі түсіндіріп жатпай, оқушыларға проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешу жолдары мен тәсілдерін үйретеді. Бұнда ескеретін жайт кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді. Белгілі бір әлеуметтік жүкті, қоғамдық мәселені көтеретін кезде ғана проблемалық болып табылады. Сұрақтың жауабы дайын болмағандықтан, оқушылар өздері іздене бастайды. Мәселен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген естелік-эссесін оқытуда *адалдық* пен *ақиқат* деген ұғымдардың аражігін ажыратып алуға тура келді. Ол үшін проблемалық сұрақ тасталып, осы арқылы естелік-эсседегі ақиқат дүниелердің адалдықпен жеткізілгені талданды. Әрі зерттеу жұмысы жасалып, қорғалды. Бұл да бір әдеби шығарманы проблемалық талдауда жеткен жетістігіміз.

Сабақ барысында қолданылатын жаңа технологиялар- оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретін, көзқарас қалыптастыратын дүниелер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар: оқу құралы. Қарағанды: «Ақнұр», 2018.-208 б.
2. Мұқанова Қ.Қ. Білім берудегі жаңа технологиялар: теориясы және әдістемесі:монография. Қарағанды: "Ақнұр»,2019.-162 б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы,2019.-285 б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары.Алматы,2000.-90 б.
5. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том.Алматы: «Мектеп», 2003.-344б.

ӘОЖ:159.9

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Мамбетова А.М.
аға оқытушы, психология магистрі
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Аннотация: В статье на тему «Влияние семейных расстройств на формирование девиантного поведения», расматриваеться актуальность исследования, обусловленнная необходимостью своевременно определить состояние личности, которая провляеться в несформированности свойств субьекта деятельности общения, самосознание и концентрированно выражается в нарушенном образе «Я».

В работе расмотрены труды, а также концепций психологических особенности подростков (С.Холл,З.Фрейд) на теоретической основе рассмотрена развитие личности и причины возникновения трудности в становление личности. Общее развитие личности описывается в соответствий систематичного влияния семьи, социума.

В работе описывается комплексные и системные диагностические работы, а так же профилактика и коррекция девиантного поведения прдростков.

Ключевые слова: подросток,возраст, поведения, девиация, агрессия, аутоагрессия, *бихевиоризм, гештальтпсихология,делинквентное поведение, криминальное поведение,суицид.*

«Девиантты мінез-құлық» терминін психологияда көбіне жастық категориямен, яғни жеткіншектік кезеңмен байланыстырады. Бұның себебі жасөспірімдік кезең әлеуметтік-мәдени өзгерістерге және әлеуметтік жағдайлардың дамуына жоғары сензитивтілікпен ерекшеленеді. Дәл осы жаста баланың мінез-құлық девиациясы отбасы, мектеп ұжымы шекарасынан шығып, қиын мәселені туындатып, қоғамға, өзіне қауіп төндіре бастайды. Девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен салдары оның тұлға ретінде дамуына қатты әсер етуі мүмкін.

Жалпы, баланың қиын тәрбиеленуі, қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді сақтамауын ғылымда девиация (латынның «deviatio» тыңдамау, ауытқу деген мағынаны береді) деп атайды [1]. Соған орай көптеген әдебиеттерде «қиын бала» түсінігінің орнына «девиантты» терминінің қолданылуы жиі кездеседі. Жалпы, «қиын мінез-құлық», «девиантты мінез-құлық», «ауытқыған мінез-құлық» түсініктері синонимдер болып табылады. Қиын бала туралы ұғымда *қай терминді алсақ та қателеспейміз.*

Негізінен, ғылыми бірлестікте девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері туралы пікрлестік жоқ. XX ғасырдың басында девиацияның себептері туралы биололгиялық және психологиялық тұжырымдар кең тарады. Италияндық дәрігер Ч.Ломброзо адамның асоциалды мінез-құлқы мен биологиялық ерекшеліктерінің арасында тікелей байланыс бар деп есептеген. Ол атап көреткен «туа біткен қылмыскер» типі астыңғы жақ сүйегі шығыңқы, бір жерінің ауырғанына сезімталдығы төмен және т.б. азып бара жатқан индивидті көрсетеді. Американдық психолог У.Х.Шелтон адамның дене бітімі оның мінез-құлқын анықтайды деп есептеген. Оңалту орталығында 200 ұл балаға жүргізілген зерттеуге сүйеніп, Шелтон девиацияға атлеттік дене бітімі бар адамдар анағұрлым бейім деген қорытынды жасайды. Кейіннен психологиядық тұжырымды қолдаушылар девиацияны психикалық ерекшеліктермен (психиканың тұрақсыздығымен, эмоционалды ерікті саланың дамымауымен) байланыстырады.

Жеткіншектің даму кезеңдеріне назар аударған ғалым Ж.Ж.Руссо болды. Ол өзінің «Эмиль» атты романында осы кезеңнің адам өміріндегі психологиялық маңызын атап көрсеткен. Жеткіншектік шақты «екінші рет дүниеге келу» ретінде сипаттап, аталмыш кезеңнің мына ерекшелігін - өзіндік сана – сезімнің өсуін атап көрсетті. Бірақ жасөспірімдік кезең идеясының ғылыми тұжырымдамасын С.Холл 1904 жылы жарық көрген «Есею: оның психологиясы, сонымен қатар физиологиясымен, анторпологиямен, әлеуметтанумен, жныстық қатынаспен, дінмен және білім берумен байланысы» атты еңбегінде берген.

Холлды жеткіншектік жас психологиясының «атасы» деп әділ атаған, себебі ол аталған құбылысты түсіндіретін тұжырымды ғана ұсынып қоймады, сонымен қатар, әдетте жасөспірімдік кезеңмен байланыстыратын мәселелер шеңберін анықтады. Неміс романтизмі философиясының ізімен Холл жасөспірімдік кезеңнің мазмұнын сананың дағдарысы («құйын мен басымдылық») деп көрсетті, бұл дағдарыстан өткеннен кейін адам «жеке тұлғалық сезіміне» ие болады деген пікір айтады. Холл өз үлгісін адамзат тарихындағы романтизм дәуіріне сәйкес тұжырымдайды, яғни жасөспірімдік кезең – балалық шақ пен ересектік күйдің арасындағы аралық кезең.

Жеткіншектік жастың теориялық үлгісі батыс психологиясының басты бағыттарының бәрінде көрсетілген. З.Фрейд пен А.Фрейдтің (психологиялық сараптама), К.Левиннің (гештальтпсихология) және Р.Бенедиктің (бихевиоризм) теорияларының бір-бірінен айырмашылқтары болғанымен, бұл теориялардың барлығы онтогенетикалық дамудың жалпы үлгісінен бастау алатындығы оларды біріктіреді. Жеткіншектік кезеңнің мазмұндық жағынан өзгеше батыс теориялары дәл осы жерде, жалғыз тармақта психикалық даму үдерісін болмысынан бейімдегіш ретінде түсінуде тоғысады, себебі эволюциялық үлгіде даму ағзаның ортаға (қоғамға) бейімделуінің шартты қажеттілігі ретінде қарастырылады[1]. Алайда «әлеуметтік ортаның» факторларына бихевиоризмге, гештальтпсихологияға, психологиялық сараптамаға және басқаларға батыс теориялары әр түрлі түсінік береді.

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттелініп жаңа сипатқа ие болуда және әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық (М.А.Алемаскин, А.С.Белкин, Л.М.Зюбин, Д.В.Колесов, Г.П.Медведев, М.Ф.Мягков, Д.И.Фельдштейн және т.б.); клиникалық (Г.А.Власова, В.Я.Гиндикин, О.В.Кербиков, В.В.Ковалев, М.З.Певзнер, Г.Е.Сухарев және т.б.); криминологиялық (М.М.Бабаев, К.Е.Легошев, Г.М.Миньковский және т.б.) аспектіде қарастырылуда.

Қазақстандағы девиантты балалар мәселесі В.Г.Баженов, В.П.Баженова еңбектерінде сипатталса, Ж.Қайырова, Р.Қойлыбаева, Г.Қалиева, Қ.Серікбаев, А.Аңламасова т.б. мақалалары түрлі педагогикалық-психологиялық журналдарда жарияланууда.

Сонымен қатар, өзіміздің Тараз мемлекеттік педагогикалық институтымыздың профессорлары, оқытушылыры, магистранттары осы мәселеге байланысты көптеген ғылыми мақалалар, еңбектер жазған. Атап айтсақ: Т.Қ.Бөлеев, Д.А.Сабекова, А.Ш.Стыбаева, Ж.А.Өскенбаева т.б. көптеген педагогтарымызды айтуға болады. Сонымен осы заманға дейінгі ғалымдардың енбектеріндегі ой-пікірлері мен тұжырымдамаларын талдай келе, біз мынадай қорытында жасай аламыз: девиантты мінез-құлық - әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейде бір әдебиеттерде «антидисциплиналық» деп те атайды.

Девиация бірнеше типтен тұрады:

- Девиантты
- Делинквентті
- Криминалды мінез-құлық

1.Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

2. Девиацияның екінші түрі – делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшеленеді. Оның мынадай типтері бар:

- Агрессивті – зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерден көрініс береді.
- Ашкөздік мінез-құлық: ұсақ ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.
- Наша сату және тарату.

3. Криминалды мінез-құлық – заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады [2,3].

Зерттеу объектісі ретінде девиантты мінез-құлықты ғылыми білімдердің түрлі сфералары зерттейді: психология, (тұлға психологиясы, әлеуметтік психология), медицина, юриспруденция, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика.

Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формасының профилактикалық, яғни алдын-алу жұмыстары – бұл жағдайы нашар отбасы және олардың әлеуметік-психологиялық белгілеріне негізделген жұмыстар есебінде жүргізілінеді. Мұндағы ескерілінетін жайт: жағдайы нашар отбасы - девиантты баланың пайда болуының ең басты себебі. Сондықтан да, мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының түрлерін алдын-алу – бұл отбасында оқушылар мен ата-аналардың, ал мектепте оқушылар мен мұғалімдердің белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеті және өсіп келе жатқан жас ұрпақтың салауатты өмір салтына тікелей әсер ететін биологиялық, адамгершілік, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мақсаттарға бағытталған нақты шарттарының қалыптастырылу негізі.

Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының әлеуметтік белгілеріндегі алдын-алу жұмыстары оқыту мен тәрбиелеу процессінде өте жоғары әсерлілікпен жүзеге асырылынатын жүйе. Мұндай жүйе оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын байланыстыратын психоәлеуметтік, педагогикалық және профилактикалық мінздемелерінің арақатынасын, оқу мазмұнымен, оқытудың әдістері және құралдарымен, онымен қоса оқыту формаларын ұйымдастыру жүйесімен және оқудан тыс жұмыстары арылы көрініс табады.

Әлеуметтік ортадағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формасын алдын-алу жүйесінің арақатынастары бір-бірімен байланысуы келесідей компоненттерді құрайды:

1. Аутоагрессияның формалары мен зиянды әрекет етуі туралы білімдерді оқыту мен тәрбиелеу процессінде тек сабақта ғана емес, сонымен қоса сабақтан тыс жұмыстарда да жүйелі хабарлап отыру;
2. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларының алдын-алу жұмыстарына әлеуметтік, яғни қоғамдық ортадағы белгілерді ескере отырып даярлау;
3. Отбасы жағдайындағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу жұмыстарының ерекшеліктері;
4. Мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу жұмыстарына бағытталған мерекелік іс-шараларға қатысушыларды белсенді араластыру[1,4].

Зерттеу процесінде, біз осы берілен жүйелердің компоненттерінің қайсысын көбірек қолданыла алатынымызды жан-жақты қарастырдық.

Берілген жүйеде, тек отбасында және мектепте барлық қажетті шарттар сақталынып, орындалып жатқан жағдайларда ғана, қатысушылардың барлық жастарында салауатты өмір сүру салты дұрыс деңгейде қалыптастырылатындығы анықталынды.

Сондай-ақ девиантты бала бойындағы мінез-құлықтың аутоагрессивтік формаларын алдын-алу, бір жағынан, мектеп пен обасы ынтымақтастығынан, ал екінші жағынан, мектептегі мұғалімдердің, сынып жетекшілер мен дәрігер қызметкерлердің бірлескен іс-әрекетінің сапалылығы мен әсерлілігіне тәуелі болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кравцова Т.М. Психологические аспекты изучения проблемы девиантного поведения // ҚазҰУ хабаршысы.
2. Тесленко А.Н, Керимбаева М.С, Джакупова Г.А. Профилактика подрастковый девиации: теория и практика. Астана, 2005. – 320с.
3. Психология және социология сериясы. №3/4 (18/19), - С. 33-3.Формирование личности в переходный период: от подросткового к юношескому возрасту. – М.: Педагогика, 1987. – 486 с.
4. 4.Психология: словарь. – М.: Политиздат, 2004. – 389с.

УДК:373.51

ONLINE ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПЛАТФОРМЫ: ИСТОРИЯ, ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЕ И ОТРИЦАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ, И ИХ РОЛЬ В ОЦЕНИВАНИИ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ.

Малденова А.О.
учитель русского языка и литературы Средней школы-лицей имени Ю.А. Гагарина.
Жамбылской области, Жамбылского района.

Аннотация: Бұл мақалада алғашқы онлайн білім беру платформаларының пайда болу тарихы қарастырылады, олардың жағымды және жағымсыз жақтары талданады, сонымен қатар олардың оқушылардың білімін бағалаудағы рөлі талқыланады.

Соңғы жылдары курстардың кең ауқымын және қашықтан оқыту мүмкіндігін ұсынатын онлайн білім беру танымал бола бастады. Мақалада оқытудың уақыты мен орнын таңдаудағы икемділік, барлық пайдаланушылар үшін қолжетімділік және ұсынылатын оқыту курстарының алуан түрлілігі сияқты білім берудің артықшылықтары талқыланады.

Дегенмен, мұғаліммен және оқушылармен жеке қарым-қатынастың болмауы, кері байланыс алу мен оқушы білімін бағалаудағы мүмкін шектеулер сияқты онлайн білім берудің кемшіліктері де ескерілетін болады.

Қорытындылай келгенде, мақалада заманауи білім беру жүйесіндегі онлайн білім беру платформаларының рөлі мен олардың оқушы білімін бағалауға ықпалы баса айтылады.

Түйінді сөздер: онлайн білім беру платформалары, тарих, артықшылықтар, кемшіліктер, білімді бағалау, қолжетімділік, әртүрлілік, оқушы.

Аннотация: Данная статья рассматривает историю появления первых online образовательных платформ, анализирует их положительнве и отрицательные аспекты, а такюе обсуждает их роль в оценивании знаний обучающихся.

А в последние годы online образование стало все более популярным, предлагая широкий спектр курсов и возможность обучения на расстоянии. В статье будут рассмотрены преимущества такого образования, такие как гибкость в выборе времени и места обучения, доступность для всех пользователей и разнообразие предлагаемых курсов обучения.

Однако, недостатки online образования также будут учтены, такие как отсутствие личного взаимодействия с преподавателем и с учащимися, возможные ограничения в получении обратной связи и оцениваний знаний обучающегося.

В конечном итоге, статья подчеркивает роль online образовательных платформ в современной системе образования и их влияние на оценивание знаний учащихся.

Ключевые слова: online образовательные платформы, история, преимущества, недостатки, оценивание знаний, доступность, разнообразие, обучающийся.

Әл-Фарабидің мұрасында педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын “білім беру” ұғымы да қарастырылған. “Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар - ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы” деген ғұламаның анықтамасы қазіргі педагогикадағы “білім беру – оқыту нәтижесі, тура мағынасында ол оқып-үйренілетін пән туралы алғашқы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді” деген анықтамамен өзара байланыс табады.

Сонымен бірге қазіргі педагогикада білім беру деп табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады. Осы анықтамамен өзара тікелей мағыналас ғұламаның педагогика философиясы жайында айтқан ой-пікірі бар: “Көркемдіктің екі түрі, атап айтқанда, тек білім мен білім әрекет ететін болғандықтан, философия өнері де екі түрге бөлінеді: мұның бір түрі арқы- лы дүниеде бар заттарды, адам әрекеті дарымайтын заттарды танып, ол туралы білім аламыз.

Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы ұлы ойшылдар (Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Ш. әлиханов, Ы. Алтынсарин. А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов және т.б.). Бұл ойшылдардың еңбектері мен ойлары олардың беделі сияқты әртүрлі тарихи кезеңдерде қазақ халқын оқыту мен тәрбиелеуде қозғаушы күшке тең болды. 20-30ж.ж. қазақтың ағартушы педагогтарының ішінен А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев және т.б. айтуға болады. Олар отандық педагогика мен мектептегі оқытудың дамуына тарихи-мәдени мұра мен қазақ халқының салтдәстүрлері тұрғысынан көп үлестерін қосты. Білім беруді қолдау негізінде олар мынадай оқу пәндерін қойған, олар: ана тілі және әдебиеті, тарих, география, Қазақстанның өсімдіктер мен

жануарлар әлемі, Қазақтың дәстүрлі шаруашылық ісәрекет түрлері негізіндегі еңбек тәрбиесі, бейнелеу өнері, ұлттық ойындар және т.б. Бірақ қазақ ағартушыларының демократиялық ойлары сол кездердегі мемлекеттікпартия ұйымдарының саяси идеологиялық үкіміне қарсы тұра алмады.

50-60 жылдардың екінші жартысында педагогика теориясы мен тәжірибесінде жаңа құбылыстар пайда болды. Бұл жылдары Қазақстанда тарихи-педагогикалық зерттеулердің қарқынды өсуі байқалады. Көрнекті ғалым-профессорлардың Т. Т. Тажібаевтың «XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы ағартушылық пен педагогикалық ойлардың дамуы» (1958), «XIXғ. екінші жартысындағы Қазақстан мектептері және ағартушылық»(1962), «XIXғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар»; А.И.Сембаевтың «Қазақстандағы кеңес мектептерінің тарихы туралы очерктері» (1958), «Қазақстандағы кеңестік мектептердің даму тарихы» (1962); К.Б.Бержановтың «Ағартушылықтың дамуындағы орыс-қазақ достастығы» (1965) еңбектерін айтуға болады. Бұл жылдары тарихи-педагогикалық ғылымның іргетасы қаланды деуге болады.

70-80 жылдары тарихи-педагогикалық жұмыстардың басылымы көбейді. Осылай қазақстандық педагог Ы.Алтынсариннның 3 томдық шығармалар жинағы жарық көрді (1975-1978); К.Б.Жарықбаевтың «Қазақстандағы психологиялық ойлардың дамуы» (1968), «Революцияға дейінгі Қазақстан педагогикалық ойларының даму тарихынан» (1978), Г. М. Храпченковтың «Қазақстандағы халықтық білім берудің ғылыми-педагогикалық сұрақтары» (1976), «Қазақстан мектептерінде оқыту мазмұны мен әдістерінің мәселесі»(1983) және т.б. еңбектері де жарық көрді. Педагогиканың арнайы мәселелеріне арналған К. Ж. Жаманбаевтың

«Қазақстандағы жоғары мектеп» (1972), К. Қ. Құнантаеваның «Қазақстандағы әйелдерге білім берудің дамуы. Білім шыңына жету» (1978), К. Т. Жұмағұловтың «Ы. Алтынсарин және қазақ халық мәдениетінің дамуы» (1984), А. Көбесовтың «ӘлФарабидің педагогикалық мұралары»(1989) және т.б. еңбектері басылып шықты. 80 жылдардың ортасынан бастау алған қазіргі заман педагогикалық білімінің дамуы «педагогикалық серіктестік» деп аталған жаңашыл педагогтардың инновациялық іс-әрекеттерімен сипатталады. Педагогикадағы бұл кезең оқытушы мен оқушылардың қарым-қатынасы саласындағы субъект-объект қатынасына субъектсубъект қатынасына ауыу, оқу-тәрбие үрдісін монологтық формадан диологтыққа көшу т.б. белгілі. Бұл оқушының оқу іс-әрекетінің психологиясын, оқу үрдісінің механизмі мен технологиясын, «оқытушы-оқушы» жүйесінің тиімді құрылымдануын белсенді жағдай жасауды терең зерттеуді шамалады. Осы арқылы психологиялықпедагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттары анықталды. Бұл жылдары дидактиканың әртүрлі бағыттарын зерттеу негізгі даму бағытына айналды. Педагогиканы оқыту әдістемесі негізгі тұжырымдамалық идеяларды жүзеге асыруға және білім беру саласындағы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Педагог өзінің кәсіби қызметінде оны пайдаланады. Әрбір педагогтың көп жылғы практикасында оқытудың өзіндік тәжірибесі жинақталып және студенттермен қарым-қатынасының өзіндік стилі қалыптасады. Қазіргі жоғары мектептегі дараландыру үдерісіне байланысты оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымында студенттердің өз бетімен жұмысының үлесі артуда.

Қазіргі таңда педагогтар ғылымды игеруді өз бетінше дамыту, үйрету принципіне аса назар аударуда. Оқыту процесі кезінде алған білімдері негізінде жеке тұлғаның өз бетінше қызмет етіп, шешім шығара білу еркіндігі шығармашылыққа жол ашады, өз бастамаларын аяғына дейін қандай тосқауыл болса да, өз ұжымы арқылы жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндігі туады. Бұл үшін ұлағатты ұстаздар, тәлімгерлер, жаңашыл педагогтар бастамасымен арнайы жүргізілген ұжымдық тәрбиелеу принципін негізгі ұстаным ретінде мақсат етіп қою керек. Қазіргі кәсіби педагогикада тәрбие принципінің негізгі бағыттары етіп мыналарды ұсынуға болады:

1 Тәрбиенің кәсіби бағытта жүргізілуі. Тәрбиенің барлық түрі, жүргізілетін ісшаралар мазмұны жеке тұлғаның бойында болашақ кәсіп иесінің біліктілігі мен шеберлігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

2 Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаның бойында адамгершілік қасиеттерді жинақтау (адамдық, тәртіптілік, кеңпейілділік, жауапкершілік және т.б).

3 Тәрбиені өмірмен және еңбекке байланыстыра беру принципі- оқушыны өмірге бейімдеу, шығармашылық қызметке дайындау сияқты негізгі міндетті қамтиды.

4 Жеке тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу.
5 Оқушының жеке тұлғалық қасиетін бағалай отырып, оны талап ете білушілікке тәрбиелеу.
6 Оқушының бойындағы жағымды қасиеттеріне негіздеп тәрбиелеу.
7 Жас ерекшеліктері мен жеке қасиетерін есепке ала отырып тәрбиелеу.
8 Тәрбие жұмысының үйлесімді, тұрақты және жоспарлы түрде жүргізілуі.

Барлық педагогикаға тән мына қағиданы әрқашан есте ұстау керек: "Ұстазешқашан ренжуге тиіс емес". Егер ұстаз ренжіп, көңілі қалып, ашуланатын болса, ол өзін өзі ұстай алмай, басқара алмай қалуы мүмкін, оқушы ұжымы алдында дәрменсіз танылуы мүмкін.

Ізгілендіру Әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру принципіне негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Міне, бүгінгі таңда Әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, мыңдаған жылдар өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр. Ізгілендіру мәдениеттің обьективті құбылысы бола отырып, жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасы, ұлттық мәдениеті, игі дәстүрлері негізінде руханиадамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейді. Сондықтан бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет әрбір адамның өзін- өзі тануға, өзінің ұлттық мәртебесіне ие болуға және қайырымдылықпен адамшылықты бойына сіңірген маңызды тұлға болуына көмектесу болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама Әл-Фараби былай анықтайды: "Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттеріміздің абзалдық пен кемелділікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады". Міне, осы айтылған мәселелер ұлы ойшыл Әл- Фарабидің педагогиканың негізгі ұғымдарын анықтауға алғаш талпыныс жасаған ғалым екендігін дәлелдейді. Мұның өзі

Әл-Фарабидің педагогикалық идеяларын қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі, бастау бұлағы ретінде қарауға толық негіз бар екендігін көрсетеді. Қазіргі заман педагогикасы үлкен қарқындағы дамудағы ғылым. Сол дамуға байланысты өзгерістердің ізімен асығу қажеттігі пайда болып отыр. Педагогиканың іркіліс кешеуілдеуі адамдардың даму дағдарасына алып келеді, ғылыми-техникалық прогрестің шабандауына соқтырады. Сондықтан да, педагогика қалаған дерек көздерінен жаңа білімдерді теріп, жинақтап баруы қажет. Педагогиканың дамуына себепші көздер- адамдардың өмір салтында, дәстүрлерінде, халықтық педагогикада бекіген көп ғасырлық тәрбие тәжірибесі, іс-қызметтері: философиялық, қоғамтану, педагогикалық және психологиялық еңбектер; арнайы ұйымдастырылған педагогикалық зерттеу деректері; жаңа идеялар, жаңарған бағыт-бағдарлар, жылдам өзгерістерге келіп тұрған бүгінгі дүниедегі тәрбиенің тиімді соңы технологиялары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. http://online.zakon.kz.
2. Антология педагогической мысли Казахстана. – А..1995.
3. Нурмуратов С.Е. Становление и развитие духовных ценностей. Автореф. дис. канд. пед. наук.– Алматы, 2000.
4. Фролов, И. Т. Философский словарь. Фролов, И. Т. Философский словарь / И. Т. Фролов - М.: Политиздат, -1991
5. Әбілдина С.Қ. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру: п.ғ.к. .... диссертацияның авторефераты / С. Қ. Әбілдина. - Қарағанды, 1999.
6. Узакбаева С.А., К.Ж.Кожахметова. Концепция этнообразования студентов высшей школы. – Алматы: Онер, 1998

7. Абенбаев С.Ш. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.док.ғыл.дәр алу үшін дайын.дисс.авторефераты. – Түркістан, 2010.
8. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. -Алматы: Рауан, 1994. –320 б.
9. Дүйсенбаева РҚазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. Алматы,2000. 353 бет.
10. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы 1998.
11. Қыраубайқызы А. Сенім (авторлық бағдарлама)// Қазақстан мектебі. 1996.
12. Қоянбаев Ж. Қоянбаев Р Педагогика Астана, 1998.
13. Қасенов С. Қазақ этнопедагогикасы арқылы оқушылар дүниетанымын қалыптастыру.
14. Автореф.п.ғ.к. Алматы, 2001.
15. Албытова Н. Қазақ балалар фолклоры арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру. Автореф.п.ғ.к. Алматы, 1999.

ӘОЖ 273.315:201

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Тогизбаева С.У.
№ 64 орта мектебі, Тараз қ.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Қазіргі заманғы, ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны күннен-күнге өсуде. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер жүктелуде. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгеру интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа адами тұлға келбетін қалыптастыруына ықпал жасайды. Қазақ тілін оқыту әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Мемлекеттік тілді оқытуда– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану болып табылады.

Үнемі дамып келе жатқан білім беру ландшафтында технологияның интеграциясы дәстүрлі оқыту әдістемелерін айтарлықтай өзгертті. Парадигма өзгерісіне ұшыраған маңызды салалардың бірі ол – тіл үйрету әдістемесі. Қазіргі уақытта онлайн білім беру платформалары тілді тиімді және қолжетімді меңгеруге мүмкіндік беретін қуатты құрал ретінде пайда болды. Интернеттің кең таралғандығы және цифрлық ресурстардың көбеюі тіл біліміндегі жаңа дәуірге жол ашып, білім алушыларға әртүрлі лингвистикалық дағдыларды меңгеруге, бүкіл әлем бойынша спикерлермен байланысуға және оқу тәжірибесін жеке қалаулары бойынша бейімдеуге бұрын соңды болмаған мүмкіндіктер берді.

Еліміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени және жалпы қоғамдық өмірінде болып жатқан қазіргі заманғы өзгерістер қазіргі заманғы қайта құру процестеріне белсенді қатысуға, өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға қабілетті, жүйелі өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру арқылы өз мүмкіндіктерін үнемі кеңейтуге дайын тұлғаны қалыптастыруды қажет етуде. Ол өз кезегінде, білім беру реформасының стратегиялық бағытында көрсетілгендей, дүние танымдық мәдениеті дамыған, инновациялық, шығармашылық ойлау типі бар адамдардың жаңа буынын қалыптастыру, әлемге этикалық жауапты көзқарасы бар жоғары білікті мамандар дайындау мәселесін алға қояды.

Үшінші мың жылдықтың басындағы білімнің ерекшелігі әртүрлі технологияларды қолдануға ерекше талаптар қоюы, өйткені олардың өнімі тіріа дамдарға бағытталған, яғни технологиялық білім беру операцияларының жүзеге асу дәрежесін өнеркәсіптік өндіріс пен салыстыруға болмайды. Цифрлық білім беруді құру – қазіргі таңда озық елдердің мемлекеттік саясатының басымды бағытын құруда. Осыған сәйкес білім беру қызметін технологияландыру мен қатар, оны ізгілендіру процесінің жүруі, ол қазір тұлғалық-бағдарлы тұғыр аясында кеңінен таралуда. Біздің елімізде де, шетелдеде білім беру жүйесінде болып жатқан терең процестер

инновациялық білім беру идеологиясы мен әдіснамасы ретінде жаңа идеологиямен білім беру әдіснамасының қалыптасуына әкелуде. Оқытудың инновациялық технологияларын жаңа білім беру парадигмасын жүзеге асыруға болатын тиімді құрал ретінде қарастырған жөн.

Білім берудің инновациялық технологияларының басты мақсаты - адамды үнемі өзгеріп тұратын әлемдегі өмірге дайындау. Мұндай оқытудың мәні оқу процесін адамның әлеуетті мүмкіндіктеріне және оларды жүзеге асыруға бағыттау. Білім инновациялық қызметтетіктерін дамытып, өмірлік маңызды мәселелерді шешудің шығармашылық жолдарын табуға бағытталып, шығармашылықты адам өмірінің нормасы мен өмір сүру формасына айналдыруға ықпал етуі тиіс. Инновацияның мақсаты-дәстүрлі жүйемен салыстырғанда оқушының жеке басын сапалы өзгерту. Білім берудегі инновациялық қызмет әлеуметтік маңызды тәжірибе ретінде адамның адамгершілікпен өзін-өзі жетілдіруге бағытталуы мен, қоғамдағы барлық қолданыстағы тәжірибелердің түрленуін қамтамасыз ете алатындығымен маңызды.

Жаһандық ақпараттық қоғамға жағдайындағы білімнің қазіргі кезеңге және болашақ әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерге сәйкестігі туралы оның жаңаруы тек ұйымдастырушылық инновацияларға ғана емес, сонымен бірге мәнді өзгерістерге, яғни кадрлар дайындау технологиясымен мазмұнына және ғылыми зерттеулерді дайындауға негізделген жағдайда ғана айтуға болады. Елдің зияткерлік әлеуетін жаңғыртатын әлеуметтік институт ретінде білім озық даму қабілетіне ие болуы және, қоғамның, нақты тұлғаның және әлеуетті жұмыс берушінің мүдделеріне жауап беруі тиіс.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жария еткеннен бастап халықаралық аренадағы дамыған, озық елдердің қатарына кіруді мақсат етіп, осы орайда бірнеше стартегиялық бағдарламалардың қабылданғаны баршамызға белгілі. Жаһандағы экономикалық, технологиялық, ғылыми, әлеуметік, медициналық т.б. көптеген салалардың қарыштап дамуы еліміздің озық 50 елдің қатарына қосылу үдерісінің жүруіне себеп болды. Соның ішінде білім мен ғылым саласында Болон процессіне мүшелікке өту, халықаралық «Болашақ» стипендиясын тағайындау, ЖОО-лардың халықаралық рейтингтеріне қатысу т.б. шет тілдерін меңгеру талаптарын арттырып келеді. Сол сияқты мемлекет қазақ тілі мен өзге де этнос тілдерінің дамыту стратегиясын ұстанады. Осыған орай, елімізде тілдерді дамыту турасындағы бағдарламалар мен тұжырымдамалардың аясында көптеген жұмыстар атқарылып келеді.

Тіл үйрену заманауи тұлғаның негізгі капиталдарының бірі десек те болады. Мемлекетімізде қазақ (мемлекеттік тіл), орыс (ресми тіл) және ағылшын (халықаралық тіл) тілдерін оқытуға жан-жақты көңіл бөлінген. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Тіл саясаты комитеті және оларға қарасты мекемелер, жергілікті Тіл басқармалары, түрлі қоғамдастықтар мен орталықтар, университеттер мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оқыту әдістемесін жетілдіруде ауыз толтырарлық істер атқарып келеді. Ал қазіргі XXI ғасырдағы цифрлық революция адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын ғана өзгертіп қоймай, білім беру ландшафтында да төңкеріс жасады. Тіл үйрену домен, онлайн білім беру платформаларының пайда болуымен трасформациялық өзгерістерге ұшырады. Бұл платформалар тіл үйренушілерге географиялық кедергілерден өтіп, лингвистикалық ресурстарға бұрын-соңды болмаған қолжетімділікті қамтамасыз ететін динамикалық және интерактивті тәжірибені ұсынады.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін түсіну де педагогиканың екі маңызды мәселесі орыналған, педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау және тарату мәселесі және психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін тәжірибеге енгізу мәселесі. Демек, инноватикапәні, инновациялық процестердің мазмұнымен тетіктері осы уақытқа дейін оқшауланған екі өзара байланысты процестерді біріктіру жазықтығында болуы, яғни инновациялық процестердің нәтижесі теориялық және практикалық инновацияларды қолдану, теориямен практиканың түйіскен жерінде қалыптасатын инновацияларға тең болуы керек. Мұның бәрі педагогикалық инновацияларды құру, игеру және қолдану бойынша басқарушылық қызметтің маңыздылығын көрсетеді. Демек, мұғалім жаңа педагогикалық технологияларды, теорияларды, тұжырымдамаларды автор, әзірлеуші, зерттеуші, қолданушы және насихаттаушы ретінде әрекет ете алады. Бұл процесті басқару өз қызметінде әріптестердің тәжірибесін немесе ғылым ұсынатын жаңа идеялармен әдістерді мақсатты іріктеуді, бағалауды және қолдануды қамтамасыз етеді.

Қоғамның, мәдениеттің және білімнің қазіргі даму жағдайындағы педагогикалық іс-

әрекеттің инновациялық бағытықа жеттілігі бір қатар жағдайлармен анықталады. Біріншіден, болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесін, әр түрлі типтегі оқу орындарын да оқу процесін ұйымдастырудың әдіснамасымен технологиясын түбегейлі жаңартуды қажет етті. Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендіруді күшейту, оқу пәндерінің көлемін, құрамын үздіксіз өзгерту, жаңа оқу пәндерін енгізу оқытудың жаңа ұйымдастырушылық нысандарын, технологияларын ұдайы іздестіруді талап етті. Бұл жағдай да мұғалімдер ортасындағы педагогикалық білімнің рөлімен беделі едәуір артуда. Үшіншіден, мұғалімдердің педагогикалық инновацияларды игеру мен қолдануға деген көзқарасының өзгеруі. Оқу процесінің мазмұнын қатаң реттеу жағдайында мұғалім жаңа бағдарламаларды, оқулықтарды өз бетінше таңдаумен ғана емес, сонымен қатар педагогикалы кіс-әрекеттің жаңа әдістерімен тәсілдерін қолданумен де шектелді. Егер бұрын инновациялық қызмет негізінен жоғарыдан ұсынылған инновацияларды қолдануға байланысты болса, қазір ол барған сайын таңдамалы, зерттеу сипатына ие болуы. Сондықтан мектеп басшыларының, білім беруді басқару органдарының жұмысындағы маңызды бағыт мұғалімдер енгізген педагогикалық инновацияларды талдау және бағалау, олардың сәтті дамуы мен қолданылуы үшін жағдай жасау болып табылады. Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, оқу орындарының жаңа үлгілерін, оның ішінде мемлекеттік емес оқу орындарын құру олардың бәсекеге қабілеттілігінің нақты жағдайын туғызды.

Қазіргі жаһандану заманында Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі саяси, экономикалық беделіне сай қазақ тіліне сұраныс жылдан жылға артып келеді. Осы орайда, қазақ тілін оқытудың әдістемесін жетілдіру және оқытудың жаңашыл жолдарын іздеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» - деп, алдағы уақытта қазақ тілінің мәртебесі артатыны туралы жариялаған болатын. Тіл үйренуші, шетелдік азаматтар, заманауи әдіс-тәсілдерден біршама хабардар және олардың қазіргі заманға сай тілді үйренуге деген сұранысы басым. Қалай болғанда да тіл үйренушілерге жаңа технологиялар мен мультимедия мүмкіндіктерінің арқасында тілді үйрету нарығы басталып келеді. Ашық білім беру онлайн оқытудың үздіксіз, әрі кез келген уақытта қолжетімді заманауи білім беру жүйесі болып табылады. Кез келген адам сабақтың уақыты мен орнын өз бетінше таңдау арқылы жаңа білім мен дағдыларды тегін ала алады. Ашық білім берудің принципі – адамның білім алу уақыты шексіз. Әлемде тіл үйрету нарығы интернет пен мультимедианы кеңінен қолдану арқылы жаңа технологиялық мүмкіндіктердің көмегімен дамып келе жатқан уақытта қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда әлемдік ашық білім беру платформаларын зерттеу және ең озық үлгілеріне қарай отырып, тіл үйрететін платформалар жасау аса қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-томдық. XI том. М-О [Электронды ресурс]. – 2018
2. Күзекова З.С Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лигвистикалық негіздері. – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2005.
3. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру \\ Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. – Астана: ҚР БҒМ «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, 2014.
4. . Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы (ортадан жоғары деңгей В2) \\ Құраст.: Күзекова З.С., Аяпова Т.Т. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
5. Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015.
6. Ораз А., Маликов Қ. Қазақ тілін үйретуде мобильді қосымшаларды пайдаланудың тиімділігі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.
7. Азимова Г., Сатбекова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында заманауи мобильді қосымшаларды қолданудың тиімді жолдары // ҚР ҰҒА Абай ат.ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2022

8. Бакирова Г., Құдурбек А., Сұлтанова М., Жубанова Ш. Ағылшын тілін үйренушілердің ынтасы мен ынтымақтастығын цифрлық технологиялар арқылы арттыру // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2023

ӘОЖ 271. 301:247

ЦИФРЛАНДЫРУ БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ

Аманбаева Д.Ж.
№ 64 орта мектебі, Тараз қ

Бүгін цифрлық технологияның дамыған заманында білім беруде оқытудың тиімді жолдарын қарастырып, жаңа идеяларды, жаңа технологияларды қолдану қажеттігі туындаған кезең. Әсіресе онлайн оқытуда бұл өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан білім берудің талаптарының бірі – оқу үдерісіне жаңа технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу десек, осы арқылы білім алушының шығармашылық құзіретін дамыту, тіл білу деңгейін көтеру, сапалы білім беру көзделеді. XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Білім саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада қолдана алу – бүгінгі заман талабы.

Жүзеге асырылуы 2018-2022 жылдарға белгіленіп, 2017 жылы бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында: мақсат – орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады» деп көрсетілген.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Қолжетімді әрі сапалы білім» бөлігінде: «Азаматтардың сауаттылығы мен цифрлы біліктілігін арттыру мақсатында Үкіметке Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырамын. Бұл құжатта бейресми білім берудің баламалы нұсқаларын көптеп енгізу, өз бетінше оқу нәтижелерін мойындау, кәсіби дағдыларды сертификаттау мәселелерін қарастыру қажет» екендігіне тоқталған болатын. Цифрландыруға күш салу адами капитал белсенді түрде дамитын – болашақтың білімі мен дағдылары ерте жастан бастап тәрбиеленетін, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар есебінен бизнес жұмысының тиімділігі мен жылдамдығы артатын, ал азаматтардың өз мемлекеттерімен диалогы қарапайым әрі ашық болатын жаңа қоғамды құруға әкеледі. Цифрлық рефолюция біздің көз алдымызда өтуде. Адами капиталды дамыту – осы бағдарламадағы негізгі бағыттардың бірі. Мұнда әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, білім беру жүйесінде де заман талабына сай өзгерістердің болу қажеттілігі сөз етіледі. Қазіргі кезде әлемдік жаһандану үдерісінен қалмай, заманауи технологияларды қолдана отырып, өмірдің әр саласында бәсекеге қабілетті маман дайындау – жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Жаһандану үдерісі және әлемде болып жатқан пандемияға байланысты оқу жүйесінің онлайн форматқа өтуі білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарына деген қажеттілікті бұрынғыдан да арттыра түсті. Білім алушыларға тілді үйретуде жаңа технологиялар мен әдістерді пайдаланып, лексика-грамматикалық тақырыпты меңгертуге арналған тапсырмалар мен тілдік дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Цифрлық сауаттылық-қазіргі цифрлық технологиялар мен түрлі интернет ресурстарын тиімді, әрі орнымен пайдалана білу дағдылары.

Бүгінде цифрлық сауаттылық әрбір педагогтің құзіреттілігі мен біліктілігін көрсете алатын бірден бір маңызды фактор ретінде саналады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 63-бап, 3,2-тармағы, 8-бөлімінде: «Білім берудің барлық деңгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту» міндеті қойылған. [1]. Болашақта бәсекеге қабілетті, теориялық және практикалық білімді терең түсіне, сіңіре алатындай білім алушы тәрбиелеу барысында цифрлық сауаттылықтың маңызы зор екені белгілі. Себебі, қазіргі техналогиялардың көмегімен білім саласында аса маңызды саналатын сапаны арттыра аламыз. Сонымен қатар жаңа тахнологияларды пайдалану ақпаратты қабылдау,

тереңірек түсіну секілді процестерді жеңілдетіп қана қоймай білім алушыларды жаңашылдыққа тәрбиелеп, білім берудегі жаңа инновациялар мен артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу процесін жеңілдету және бастысы білім беру сапасын арттыру, құзіретті педагог және білім алушы даярлау.Цифрлық технологияларды тиімді пайдалана білу білім алушы үшін ғана емес педагог үшін де, аса маңызды. Себебі бүгінде құзіретті мұғалімнің бастапқы көрінісі цифрлық сауаттылықпен, білім беру процесіндегі инновацияларды толық игере алуымен және білім алушыға осы процестерді үйрете білуімен сипатталады.

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде цифрлық технологиялар мен жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы сөйлеу әрекетінің төрт түріне ұйымдастырылған тапсырмалар – талдау, салыстыру, сыни тұрғыдан ойлауға, сөздік қорларын, тіл байлығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Цифрлық білім беру ресурстары сабақ мазмұнын жаңа технологиялар арқылы толықтыруға, түрлі тапсырмалар арқылы түрлендіруге, ақпараттарды есте сақтауға, білім алушының пәнге деген қызығушылығын аудиовизуалды материалдар арқылы дамытуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында берілген тақырып негізінде оқушылар бір-бірінің айтқандарын мұқият тыңдауға, ақпаратты салыстыруға, алынған ақпараттарды бағалап сынауға, өз ойын дәлелдей білуге, қорытындылау мен талдау дағдысын қалыптастыруға үйренеді. Бұл үшін мәтінді түсініп оқуға тырысады, мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады немесе басқа студенттердің сұрағына жауап береді, берілген мәліметтерге өзіндік пікір жазады. Осындай жұмыстар арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, бір-бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молаяды, еркін сөйлеу, өз ойларын жеткізе білу дағдылары дамиды.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуға байланысты практикалық тұрғыда сабақ өткізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Қалай болғанда да әдіс-тәсілдердің барлығы сөйлеу әрекетінің төрт түрін қамтиды. Қазақ тілі сабағында негізгі көрнекі құралымыз – мәтін. Себебі жаттығу жұмыстарының көпшілігі мәтіннен өрбиді. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде мәтінге: «Бір тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды сөйлемдердің, сөздердің тізбегі» деп анықтама берілген.

Сөйлеу әрекетіндегі оқылым құралы – мәтін десек, оқыту үдерісінде бірден мәтін берілмейді. Алдымен мәтінге дейінгі: миға шабуыл әдісі, ойтүрткі сұрақтары беріліп, білім алушылардың деңгейін ескере отырып мәтінге байланысты жаңа сөз, сөз тіркестерімен сөздік жұмыстары т.б. орындалады. Келесі кезеңде мәтінмен жұмыс барысында топтың деңгейін ескере отырып оқытушы өзі мәтінді оқиды немесе мәтінді білім алушыларға оқытады. Мәтін бойынша тапсырмалар жүргізіледі: сұрақ-жауап, мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құру, мәтінді бөліктерге бөлу, мәтін бөліктеріне тақырып беру, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтінді мазмұндау т.б.

Жазылым әрекетінің мақсаты – сауатты жазуға үйрету. Жазылымда: жаңа тақырыпқа байланысты сөз, сөз тіркестерімен сөйлем құрастыра алу, беріліп отырған тақырыпқа байланысты сөйлемдер құрастырып немесе сөйлемдегі ойды аяқтау, жаттығулардағы сөйлемді қажетті сөз, сөз тіркестерімен толықтыра білу, мәтіннен түсінгенін қысқаша жаза білу, аудиовизуалды материалдар бойынша естігені немесе көргені бойынша өз пікірін жазу т.б. тапсырмалар беріледі. Сабақты қорытындылауда тақырыпты пысықтау жұмыстарына байланысты жазба жұмыстары жүргізіледі (шағын шығарма, эссе, пікір білдіру т.б).

Айтылым негізі – ойды дұрыс жеткізе білу, яғни білім алушының алған ақпараты бойынша өз ойын білдіруі. Берілетін тапсырмалар: ойтүрткі сұрақтарға жауап беру, жағдаяттық тапсырмаға сұхбат құру, пікірін білдіру немесе мәтін мазмұнын айту, диаграмма бойынша сұрақ-жауап әдістерін өз бетінше құра алу, көрген немесе естіген аудиовизуалды материалдарға өз көзқарасын

білдіре алу.

Тыңдалым негізі – ақпаратты түсіну, жеткізе білу. Тыңдалым әрекеті негізінде ақпаратты тыңдай білу, аудиовизуалды материалдар арқылы естігенін, көргенін, түсінгенін айта білу немесе жаза білу, бейнематериалға қатысты пікірталасқа қатысу, яғни тыңдаған, көрген ақпарат бойынша өз көзқарасын білдіре алу.

Соңғы зерттеулерде В.А.Сластенин бастаған ғалымдар "педагогикалық қызметтің инновациялық бағыты"түсінігін енгізеді. Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыты бірінші кезекте педагогтарды педагогикалық инновацияларды игеруге, қолдануға ену процестерін кірістіреді, өйткені инновацияларды жасақтау және тарату процестері педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне бағытталған. Өз кезегінде, жоғары деңгейдегі педагогикалық шеберлік педагогикалық іс-әрекет көбінесе эксперименттік-инновациялық қызметіне құрылады, нәтижесінде педагогикалық жаңашылдықтар жеке мұғалім үшін ғана емес, сонымен қатар педагогикалық қоғамдастық үшін де маңызды болады, себебі мұғалім үнемі сараптау, өз әрекетін рефлексиялау процесіне, жаппай ендіру үшін өз тәжірибесін негіздеуге, таратуға қабілетіне бағытталған. Соның негізінде авторлар инновациялық қызметті инновациялық бағыттағы қызметтен ерекшелейтін негізгі белгілер қатарына: жаңа идеялардың маңыздылығы деңгейі, енгізілетін өзгерістердің деңгейін; өз әрекетін реттеу деңгейі. Бұл белгілер қалыптасқан инновациялық қызмет үшін де, инновациялық бағыттағы қызмет үшін де түрлі дәрежедегі мәнге, деңгейге ие.Осыған орай, педагогтарға кәсіби білім берудің маңызды міндеті - олардың инновациялық бағыттағы қызметті игеруі болып табылады. Кейін кәсіби тәжірибесін байыту, дамытуына қарай мұғалім оған инновациялық қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби және жеке қасиеттерді иелене алады. Сондықтан, мұғалімді инновациялық қызметке дайындау оның инновациялық бағыттағы қызметін игеруден, кәсіби қызметті одан әрі дамытудан, кәсіби қызметті кәсіби шеберлік деңгейіне дейін байытудан басталады. Мұндай процесс қазіргі мұғалімнің оқытудың мазмұны мен әдістерін үздіксіз іздестіруге, иновациялық санасы мен іс-әрекет моделін қалыптастыруға бағытталған инновациялық біліми ортаны жасақтауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында «Жаңа білім беру деректер мен формулаларды жаттап алуға емес, ең алдымен ақпаратты талдау дағдылары мен креативті ойлаудың дамуына екпін қойып, цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін болады» деп көрсетілген. Мұның өзі білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгеру, оқу үдерісінде аудио, видео материалдармен қатар қосымша білім беру ресуртарын пайдалана алудың өзекті мәселе екендігін білдірсе керек. Цифрлық технологияларды қолдану – сабақ сапасын арттырумен қатар білім алушыларды ақпаратпен жұмыс істей білуге, ақпаратты таңдап, талғап, өңдеп, тасымалдау сияқты дағдыларын дамытып, ақпараттық мәдениетті қалыптастырады, шығармашылық қабілетке де баулиды. Жоғарыда айтып өткеніміздей цифрлық технологияларды қолдану қоғам өмірінің барлық саласында маңызды рөлге ие болып отыр. Оқыту жүйесінде де цифрлық ресурстарды пайдалану – білім сапасын көтеріп, заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар дайындауға жағдай жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – 2020. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020 (қаралған күні: 20.06.22).
2. Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды ресурс]. – 2017. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (қаралған күні: 20.06.22).
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңы;
4. Интернет ресурстары және ақпараттық жаңалықтар порталы «Sputnik.kz»
5. К.Ж.Бұзаубақова, А.С.Амирова, А.А.Маковецская «Цифрлы педагогика» Оқулық-Тараз «ИП «Бейсенбекова Ә. Ж. и 2022-314б»

ӘОЖ 271.302:215

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Избасарова С.Т.
№ 64 мектеп, Тараз қ.

Бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ал білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу. Өз жұмысын және өзін-өзі ұйымдастыра алатын, бастамашылық таныта алатын және қиындықтарды өз бетінше жеңе алатын белсенді ерікті тұлғалар жиі талап етіледі. Осыған байланысты сол қажет тұлғаны қалыптастыру үшін ең алдымен баланың әлеуметтік мінез-құлқын реттеуге назар аудару қажет. Қоғамның және өзінің жеке мәселелерін шеше алатын, өзіндік қабілеттері айқын бейнеленген белсенді, дербес, көшбасшы, шығармашыл тұлға - бұл бүгінгі қоғам сұранысы. Бұндай әлеуметтік тапсырыс жеке тұлғаның өзін көрсете білудің, өздігінен кемелденудің, табысты әлеуметтенудің негізі ретінде бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдысын қалыптастыру және оны дамыту мәселесіне аса көңіл бөлуді талап етеді. Баланың икемді дағдыларын дамыту мәселесіне Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ерекше назар аударды. Сондықтан оқушы тұлғасын әлеуметтендіру мәселесі тәрбие мен әлеуметтендіру үдерістерінің арақатынасы қажеттілігінен туындайды. Бастауыш сынып оқушысының тұлғасын әлеуметтендіру негізі ретінде сыныптың тәрбие жүйесін құрудың өзектілігі «Жаңартылған оқу бағдарламасының» мазмұндық ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» компонентінде айқын көрініс табады, олардың бірі «Әлеумет» білім беру саласы қоғамда өзін ұстаудың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін; дербес болуын, өзінің қылықтарына жауап беруін, өзінің қимылдарының мақсаттылығы мен реттеуді; адамгершілік қасиеттерін: елгезектікті, жанашырлықты, өзінің туыстары мен жақындарына құрметпен қарауды, өзінің отбасын жақсы көруін дамытуды; салт-дәстүрлерді сақтауды, тарихты, қазақ халқының тұрмысын білуді және құрметтеуді; Қазақстан біздің ортақ үйіміз екені туралы түсініктерін кеңейтуді, сондай-ақ басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлерін құрметтеуді; еңбек пен шығармашылықтың әртүрлі түрлеріне қызығушылықтарын қалыптастыруды; тұрмыста, қоғамда және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық негіздерін тәрбиелеуді қамтиды» - деп көрсетілген. Осындай жеке адами сапалар сол адамның болашақта араласатын қатынастар өрісіне, әр түрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ете алу қабілетіне жол ашады. Сонымен қатар өзінің тікелей қоршаған әлеумет шеңберінде қалып қоймай, одан да ауқымды қоғам аймағына ұмтылыс жасайды. Мұндай адамның бойында өзі жасаған қауымның, тіпті бүкіл қоғамның болашақ өркениеті көрініс тауып, ол өз дәуірінің сапалық деңгейінен көш ілгері жүреді. Жеке адамның өз дербестігіне ие болуы - оның толық әлеуметтік топқа бағынышты еместігін көрсетумен бірге, сол адамның жоғарғы деңгейде кемелденгенінің дәлелі. Жеке тұлғаның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы белгілі қоғамдық қолдау мен әлеуметтік қажетсінуді керек етеді. В. Мардахаевтың «Әлеуметтік педагогика бойынша сөздігінде» әлеуметтенудің мынадай анықтамасын береді: «Әлеуметтену – бұл тұлғаның қалыптасу үдерісі. Мұндай қалыптасу процесінде индивидтің тілді, әлеуметтік құндылықтар мен тәжірибені (нормаларды, қағидаларды, мінез-құлық-үлгілерін), осы қоғамға тән мәдениетті, әлеуметтік қауымдастықты, топтарды меңгеруі және олардың әлеуметтік байланыстары мен әлеуметтік тәжірибесін жаңғыртуы орын алады. Әлеуметтену үдеріс ретінде және нәтиже ретінде қарастырылады». Әлеуметтендіру дегеніміз жеке тұлғаның әлеуметтік топқа, қоғам өміріне араласуы және бейімделуі, жекеленуі болып табылады. Адамды әлеуметтендіру әрбір қоғам мен әлеуметтенушінің ерекше құралдардың кең жиынтығымен жүзеге асырылады. Біз кіші мектеп оқушыларын әлеуметтендіруде әлеуметтік дағдылар мен шығармашылық белсенділікті дамыту

арқылы қоршаған ортамен өзара іс-әрекеттік үдерісі ерекше орын алады деп ойлаймыз. Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік дағдылар жүйесін дамыту үшін білім негізінде құндылық-мағыналық бағдарды қалыптастыруды, жеке тұлғаны дамытудағы рефлексивті компонентті, сонымен қатар педагогпен және құрдастарымен бірлескен нәтижелі ісәрекетті ұйымдастыруды, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін, тәсілдері мен үлгілерін қолданудың көптеген аспектілі іс-әрекеттеріне психологиялық-педагогикалық жағдайдың қолайлы кезінде мән береміз.

Бастауыш сынып оқушылардың қоғамдық қарым-қатынас тәжірибесі мен әлеуметтік дағдыларын дамытудағы ең маңызды кезең болып табылады. Іс-әрекетті бастауда жеңілдететін, керісінше қиындататын немесе ол туралы мықты шарттар мен тәсілдер туралы білімнің жоқтығы, - бұл өзіндік құндылықтары мен өмірлік ұстанымдарын іске асыру жолындағы мықты кедергі. Мықты тәсілді білу - бұл әдет немесе жақсы меңгерілген іс-әрекет, өз кезегінде оны дағды деп атауға болады. Зердесі жоғары адам болмаса әлеуметтік дағды кенеттен немесе қарапайым еліктеуден қалыптаспайды. Олай болса оқушылардың әлеуметтік дағдысы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік дағдыны меңгеру деп - білім мен белгілі бір үлгіні меңгеруін ғана емес, сонымен қатар оның басты нәтижесі болып өзінің жеке-дара тәжірибесін, өзіндік жеке мәні бар құндылықты-бағдарлы мазмұнмен байытылған іс-әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін үйренуін айтамыз.

Бастауыш саты – оқушылардың икем дағдысының, білімділігінің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларының жетекші қызметі оқу процесі екенін ескере отырып, оқудағы жетістіктер басым құндылыққа айналады. Оқушының күн сайын жасайтын барлық әрекеттері мектеп мәселелерін шешуде сәттілік объективі арқылы бағаланады. Нәтижесінде біз бастауыш сынып оқушысының "Мен" бейнесінің қалыптасуы оқу жетістіктерімен байланысты құндылықтарға айналғанын көреміз.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Сондықтанда бала тәрбиесінде, баланың мінезін қалыптастыруда бастауыш мектеп мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру, формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар оқушыларға берік білім мен дағдылардың белгілі бір шеңберін беру. Оқу қабілеті мен білімді игеруге байланысты бірқатар дағдыларды қамтиды: оқу, жазу, қоршаған әлем құбылыстарын байқау, ойлау, өз ойын сөзбен жеткізу. Бұл дағдылар, бейнелі түрде айтқанда, онсыз білімді игеру мүмкін емес. Балаларды бастауыш сыныптарда оқытуға дайындалу кезінде балалардың терең есте сақтауы және олар не істей алуы керек екенін дәл анықтауға тырысу керек. Бірақ бастауыш мектептің міндеттері мұнымен бітпейді. Бастауыш сыныптарда мұғалім баламен айналысатынын бір минутқа ұмытпауымыз керек. 1-4 сыныптарда оқу жылдарында адам қалыптасады. Әрине, бұл процесс бастауыш сыныпты аяқталғанға дейін аяқталмайды, бірақ дәл осы жылдар ішінде адам өмірінің ең қарқынды кезеңі басталады. Осы кезеңде бала одан әрі өмірге дайындалып қана қоймай, одан әрі табысты оқу үшін білім мен дағдылардың багажын жинауға міндетті. Ол бай рухани өмір сүруі керек. Бастауыш сыныптардағы оқу жылдары-бұл адамгершілік, интеллектуалдық, эмоционалды, физикалық, эстетикалық дамудың бүкіл кезеңі, ол бос әңгіме емес, балалардың болашақта білімін дұрыс игеруге дайындайды. Елдегі бастауыш мектеп - жалпы орта білім берудің берік негізі. Бірақ көптеген бастауыш мектептер мен әсіресе бастауыш сыныптар үлкен кемшіліктерсіз емес деп айтуға болмайды. Бастауыш мектеп оқушыға нақты білім шеңберін беруі керек. Бұл мәселедегі барлық түсініксіздік пен белгісіздік тек бастауыш мектепті ғана емес, сонымен қатар кейінгі оқу байланыстарын да әлсіретеді. Балаға берілетін білім, білік, практикалық дағдылар шеңберін нақты анықтамайынша, мектептің негізі

болмайды

Қазіргі білім беру контекстінде бастауыш сынып оқушыларының жұмсақ дағдыларын дамыту тұжырымдамасы маңызды бола түсуде. Бұл тұлғаның эмоционалды, Әлеуметтік және когнитивті аспектілері тек табысты оқуда ғана емес, сонымен бірге адамның кейінгі өмірінде де шешуші рөл атқаратынын түсінумен байланысты. Сондықтан бұл тақырыптың өзектілігін және оның бастауыш мектептің білім беру процесіне әсерін мұқият зерттеу қажет. Жұмсақ дағдыларды дамыту оқушылардың ақыл-ойының ғана емес, эмоционалдық және әлеуметтік дамуының маңыздылығын түсінуді қамтиды. Бұл аспект болашақ кәсіби қызметке дайындықтың және қазіргі қоғамда сәтті бейімделудің ажырамас бөлігіне айналады. Жұмсақ дағдылар ұғымы жеке даму және табысты әлеуметтік бейімделу үшін маңызды құзыреттердің кең ауқымын қамтиды. Олардың анықтамасы, жіктелуі және оқу процесіне әсері бастауыш сынып оқушыларының жұмсақ дағдыларын дамыту бойынша білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттерін түсіну үшін негіз болып табылады.

Жастайынан жұмсақ дағдыларды дамытудың тиімділігін растайтын зерттеулер бастауыш мектепке осындай бағдарламаларды белсенді енгізу қажеттілігінің ғылыми негіздемесін ұсынады. Олар оқушылардың табысты оқуы мен кейінгі өмірлік мансабын қамтамасыз ету үшін осы дағдыларды ерте жастан қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

2022-2024 жылдар аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбелері талданды. Талдау нәтижелері бірнеше ұқсас бағдарламаларды анықтады. Осылайша, 2022 жылы "білім беру ұйымының қазіргі заманғы көшбасшысының құзыреттілігі softskills" бағдарламасы келісілді. Кейінгі жылдары жұмсақ дағдылардың әртүрлі аспектілеріне назар аударатын білім беру бағдарламалары әзірленді және бекітілді. Атап айтқанда, 2023 жылы "икемді дағдылар (soft skills) білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытудың негізі"тақырыбына арналған бағдарлама мақұлданды.

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы әлемді көз алдымызда өзгертіп отыр. Әлеуметтік-экономикалық даму да жеделдетіледі және барлық өзгерістерді сақтау үшін өз мақсаттарына сәтті жету, кәсіби қызметте дағдыларды, білім мен қабілеттерді сауатты пайдалану үшін құзыреттілікті үнемі дамыту қажет.

Тиімді қызмет үшін тек кәсіби дағдылар ғана емес, сонымен қатар университетте алу мүмкін емес, қосымша білім мен дағдылар да маңызды: қарым-қатынас жасау, командада жұмыс істеу, өз қызметін жоспарлау, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті, стресске төзімділік, креативтілік, жауапкершілік және қазіргі әлемде "soft skills" дағдылары деп аталады.

Soft skills дегеніміз не? Әр түрлі дереккөздерде сіз осы терминнің әр түрлі анықтамаларын таба аласыз. Мысалы, өзін-өзі дамыту туралы блогтардың бірінде біз келесі түсіндірмені көреміз: "жұмыстың тиімділігі мен басқа адамдармен өзара әрекеттесуді арттыратын бірыңғай дағдылар мен жеке қасиеттер". Сөздің кең мағынасында анықтама шынымен де жарамды, алайда "жұмсақ дағдылар" терең спектрді зерттейді. Атақты неміс филологы және Гейдельберг университетінің профессоры, Альбрехт Фон Михаэлдің айтуынша, жұмсақ дағдылар коммуникативті және басқарушылық қабілеттер болып табылады. Негізгі шеберлік "жалғыз машина жасай алмайсың..." командасында жұмыс істей білу болуы керек деп санайды", - дейді ол. Оксфорд сөздігіне сәйкес," жұмсақ дағдылар" - бұл басқа адамдармен тиімді және үйлесімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттер. Бұл дағдыларды бақылау, тексеру және нақты көрсету қиын.Soft skills дағдыларына жатады: сыни тұрғыдан ойлау, мәселені шешу, дәлел келтіру; ғылыми-зерттеу дағдылары мен әдістері; шығармашылық, қызығушылық, қиял, инновация; тұрақтылық, өзін-өзі басқару, жоспарлау; ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жұрт алдында сөйлеу және презентация жасау, тыңдау; көшбасшылық, топтық жұмыс, ынтымақтастық; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), бұқаралық ақпарат құралдары мен интернетсауаттылық, деректерді түсіндіру және талдау, бағдарламалау.

Soft skills дағдыларды қашан және қалай дамыту керек? Soft skills дағдылары адамға туғаннан берілу мүмкін, мысалы: табандылық, жақсы есте сақтау, қызығушылық. Баланың ерте жас кезеңінен басталып, үздіксіз өмір бойы дамиды. Ол дағдыларды мектепте арнайы оқытпайды, бірақ оларды дамытудың алуан түрлі жолдары ұсынылады: Балаларға арналған

секциялар мен үйірмелер құзыреттіліктің барлық түрлерін дамытады. Баланың икемді дағдыларын қалыптастыру ерекшелігі мәдениеттің әлеуметтік түрлерінің алуан түрлілігімен алдын ала анықталған. Қазіргі қоғамда бар мәдениеттің түрлі типтері өзара тығыз байланысып жанасу үстінде; осындай жанасудың аяғы түрлі мәдени стереотиптерді тасымалдаушылардың тұлғааралық өзара іс-әрекетіне алып келді, бұл ретте бүгінгі күні осындай ақпараттық ағынның (легі) қарама-қайшылығы күшейе түсуде. Дәл осы жалпы мәдени әлеуметтік-бағдарлы стереотиптер баланың жеке өмірлік траекториясын қөру үшін аса маңызды басым міндеттер контекстінде қарастыру қажет әлеуметтік-педагогикалық феномендердің ерекше түрі болып табылады. Біз балалардың дағдыларын қалыптастыруды дамудың әрекеттік моделі ретінде түсінеміз, онда белгілі бір жағдайда саналы және шебер қырын көрсете алатын балалардың білімі мен тәжірибесіне баса назар аударылады, ал ол баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасына қалай әсер ететінін анықтай алады. Икемді дағдыларын дамытуда адам өз тәжірибесі, басқа адамдар мен қоғамдық-тарихи тәжірибе негізінде, өзі мен басқалар жайлы бірқатар психологиялық білімінің негізінде қандай да бір психологиялық міндетті тиімді шеше алады деп болжайды. Жоғары деңгейлі әлеуметтік дағдылардың болуы бұл басқа адамның тәжірибесін тікелей көшіру, белгілі бір нұсқау, стереотиптер мен ережелерді ұстануды ғана білдірмеуді, ол әртүрлі жағдайда білім мен біліктілікті дұрыс пайдалануды білдіреді. Сондықтан, өмір өте күрделі және әр түрлі екенін түсіне отырып, біз баланы қоршаған ортасына, әлеуметке және қоғам сұранысына үйретуміз тиіс, өйткені ол үйренген мінез-құлық үлгілерін жай ғана көшіріп алмай, оны белгілі бір болған жағдайларда үлгі ретінде алып, үнемі өз мінез-құлқын қайта түзетіп отыруы керек. Дәл осындай әлеуметтік шығармашылық адамға «дағдарыс кезеңінде, құндылықтарды қайта бағдарлау кезеңінде төтеп беруге және өзінің мінез-құлқын жеке және қоғам игілігіне бағдарлауына мүмкіндік береді. Мұндай міндеттерді түрлі моральдық ұғымдар арқылы шеше алмаймыз. Оқушыларды әртүрлі еңбек түрлеріне тартқанда ғана олар қарым-қатынастың белгілі бір моральдық әрекеттік тәжірибесіне ие бола алады. Бастауыш сынып оқушылардың қоғамдық қарым-қатынас тәжірибесі мен икемді дағдыларын дамытудағы ең маңызды кезең болып табылады. Іс-әрекетті бастауда жеңілдететін, керісінше қиындататын немесе ол туралы мықты шарттар мен тәсілдер туралы білімнің жоқтығы, - бұл өзіндік құндылықтары мен өмірлік ұстанымдарын іске асыру жолындағы мықты кедергі. Мықты тәсілді білу - бұл әдет немесе жақсы меңгерілген іс-әрекет, өз кезегінде оны дағды деп атауға болады. Зердесі жоғары адам болмаса әлеуметтік дағды кенеттен немесе қарапайым еліктеуден қалыптаспайды. Олай болса оқушылардың икемді дағдысы оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынасының нәтижесі болып табылады. Икемді дағдыны меңгеру деп - білім мен белгілі бір үлгіні меңгеруін ғана емес, сонымен қатар оның басты нәтижесі болып өзінің жеке-дара тәжірибесін, өзіндік жеке мәні бар құндылықты-бағдарлы мазмұнмен байытылған іс-әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін үйренуін айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Актуальные проблемы современного образования: опыт и инновации: материалы 2- й научно-практической конференции (заочной) с международным участием: 18–19 мая 2011 г. / отв. ред. А. Ю. Нагорнова, Л. В. Гурылева; ФГБОУ ВПО УлГПУ им. И. Н. Ульянова. Ульяновск: SIMJET, 2011.
2. Акулова О. В., Писарева С. А., Пискунова Е. В., Тряпицына А. П. Современная школа: опыт модернизации: Книга для учителя / Под общ. ред. А. П. Тряпицыной. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2005.
3. Педагогика начального образования / Под ред. С. А. Котовой. Учебник для вузов. — СПб.: Питер, 2017. — 10 с 4. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту Алматы – 2005
4. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы.
5. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

6. Мардахаев, Л. Словарь по социальной педагогике: учеб. - М.: Academia, 2002.
7. Шилова Т.А. Диагностика психолого-социальной дезадаптации детей и подростков. – М.: Айрис-пресс, 2006. – 112 с. 29. Энциклопедический социологический словарь /Под ред. Г.В. Осипова. –М.:РАН, 199

ӘОЖ 371. 231:346

ПЕДАГОГ- ТАЛАБЫ ЖОҒАРЫ МАМАНДЫҚ

Әбітаева А.О.
№ 64 орта мектебі, Тараз қ.

Мұғалім – мектеп ұжымының басты тұлғасы. Қай мектептің болсын, нәтижелі, жемісті жұмыс істеуі, түптен келгенде, сол оқу орнында еңбек ететін әр мұғалімнің өз міндетіне, қарым-қатынасына, көзқарасына тікелей байланысты. Мұғалім әрқашанда болашақ үшін қызмет етеді. Әр сыныпта ұстаз алдында отырған шәкірттерде сол болашаққа барар жол үстіндегі талапкерлер. Олардың әрқайсының мектеп қабырғасынан аттанып үлкен өмірге араласуы мен қоғамдық ортадан алатын орны, оған көзқарасыөздерін оқытқан ұстаздарының берген білімінің, үлгі-өнегісінің, тәрбие тағылымының заңды жалғасы болатындығы айқын.

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеу - нағыз ұстаздың ұстанымынан туындайтындығы шындық. Жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдардың бірі – білім берудің жана жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгертулермен тығыз байланысты. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарымқатынас (білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерге көшу т.б.) жаңаша ойлау қалыптасуда. Жастарға білім мен тәрбие берудің негізі болып саналатын жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үрдісін жақсарту бірінші кезектегі мәселе болса, бастауыш мектеп–мұның түп қазығы, бастауыш білімнің мемлекеттік стандарты және оны мектеп тәжірибесіне енгізуде шешуші орынды мұғалім қызметі алатыны анық.Білім беру жүйесі–бұл ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана-сезімнің даму көрсеткіші болып отыр. Ол экономика, саясат, мәдениет саласындағы өзгерістерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге осы түбегейлі өзгерістерге белсенді ықпал етеді. Оқу-білім беру – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық процесстерге еркін қосылуын қамтамасыз ететін басты жағдайлардың бірі. Бүгінгі таңда заман ағымына сай жас ұрпақтарды тәрбиелеуде ұстаздардың алдындағы жауапкершілік салмақтана түскендей.

Мұғалім тек мамандық емес, оның мәні білімді өзгерту, А жеке тұлғаны құрудың жоғары миссиясы, адамның адамдағы мәлімдемелері. Мұғалімнің профессиограммасында оның жеке басының бағыты жетекші орын алады. Осыған байланысты мұғалімнің жеке қасиеттерін қарастыруға болады – оның әлеуметтік – адамгершілік, кәсіби-педагогикалық қасиеттерін сипаттайтын тәрбиеші және танымдық бағыт. Заманауи мұғалім өзі оқытатын ғылымның әртүрлі салаларында жақсы бағдарлануы керек. Сондай-ақ ол үнемі жаңалықтан хабардар болуы керек, зерттеулер мен гипотезалар пәннің қысқа және ұзақ мерзімді перспективаларын көрсететін.

Қазіргі мұғалім қандай болуы керек? Қазіргі уақытта бұл тақырып өте өзекті және барлық режимде сұранысқа ие. Сонымен қатар, жағдайлардың, талаптардың және құзыреттердің өзгеретін уақыты.

Мұғалім үшін ең маңызды нәрсе әрине, сабақ. Заманауи мұғалім өз сабағында мультимедиялық технологиялар, модульдік, жобалық оқыту, нейропедагогикалық жаңа заманауи инновациялық технологияларды және т.б пайдаланады.

Нағыз мұғалім сізді үнемі тәрбиелейтін адам емес, оқушының тұлға болуына көмектесетін адам (М. А. Светлов).

Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Ол бір мезгілде әрі педагог, әрі психолог және оқу үрдісін ұйымдастырушы технолог бола білуі тиіс. Сонымен

қатар, оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілеті бола білуі шарт. Бұдан мұғалімнің мамандық шеберлігі анықталады. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланып, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеру білім сапасына елеулі әсер етуде. Яғни, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп–үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды.

Бүгінгі таңда мұғалім тұлғасы деген мәселе өте өзекті болып отыр. Ол туралы ойшылдарымыз да, ғалымдарымыз да, қоғам қайраткерлері де ерекше мән беріп, түрлі тұжырымдар мен пайымдаулар жасаған. Солардың бірі – ұлтымыздың ұлы тұлғасы, алаштың біртуар қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов. Жүсіпбек Аймауытовтың ұстаз тұлғасын қалыптастыруға негіз болатын ой-тұжырымдарына назар аударсақ: «... Мұғалімдікке арналған адам жақсы оқытушы болу үшін өзіне тиісті нәрселерді мына ретпен үйренсе керек. Әуелі оқытудың мағлұмат жағымен, яғни дидактикамен, математикамен жақсы таныс болады. Сонан соң әрбір сабақ берушілердің оқыту ыңғайларын, әдістерін бақылап, қарап жүреді. Одан кейін жақсы ысылған оқытушыларының жетегімен, солардың алдында өзі сабақ беріп, күшін шамалайды. Бұны үлгі сабағы дейді, содан соң өз бетімен бала оқытуға кіріседі. Бірақ, оқыту–баланы ғана оқыту емес, баламен бірге өзі де оқу екенін әсте естен шығармау керек.». Бүгінгі таңда білім беру жоғары технологиялық деңгейге көтерілуде. Осыған орай соңғы онжылдықта алуан түрлі педагогикалық жүйелер ұсынылып, нәтижесінде түрлі инновациялық типтегі мектептер пайда болуда. Педагогика мен психология ғылымында «педагогикалық технология», «білім беру технологиясы», «оқыту технологиясы», «тәрбие технологиясы», «тұлғаны дамыту технологиясы» т.б. ұғымдар кеңінен қолданылуда. Білім беруді ақпараттандыру үрдісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамуына, өзіндік білім алуына және шығармашылық түрде өзіндік қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуі үшін және оқыту құралы ретінде пайдалану бағыттары бойынша білімдерін көтеру және қайтадаярлауда ақпараттық (технологияны) әлемде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың негізгі құралдарын, жаңа әдістер мен формаларды кез келген уақытта таба білуіне мүмкіндік туғызды. Мұндай жағдайда педагог мамандар өзін-өзі дамытуға және өздігінен білім алуға мүмкіндік алады. Біздің бүгінгі мектеп партасында отырған шәкірттеріміз–баға жетпес ұлттық байлығымыз, еліміздің ертеңі. Ертеңін ойлаған әрбір азамат, дәлірек айтсам әрбір ұстаз, өз біліктілігін шыңдай түсуге міндетті. «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек. Оларды сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» -деп А.Байтұрсынов атамыз айтқандай қазіргі мұғалімдер рухани байлықты бойына жинаған, заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жанжақты дамыған маман болғаны жөн. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалықпсихологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарымқатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу мұғалімнің инновациялық іс-әрекетіне байланысты мәселелер жан-жақты қарастырылғанын көруге мүмкіндік тудырып отыр. Жүйелі бағыттылық зерттеулерде инновациялық іс-әрекет креативті парадигманың жеке бас, регулятивтік-коммуникативтік және қорытынды жүйе бөлшегін талдауда анық айқын қарастырылады. Осылайша, мектеп мұғалімі қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерді қоя және шеше білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген, білім беру процесін басқара алатын, тәжірибеде педагогикалық ситуацияларды оқушы тұлғасының дамуына бағыштап жобалай және жүзеге асыра алатын бәсекеге қабілетті, шығармашыл жаңа тұрпатты мұғалім болуы қажет. Ал жаңа тұрпатты мұғалім-заманауи

педагогикалық құралдардың бүкіл әлеуетін меңгерген, инновациялық технологиямен қаруланған, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмытылып отыратын,рухани дамыған, шығармашыл, креативті, интеллектуалды тұлға, білікті маман. Жаңа тұрпатты мұғалімнің шешетін міндеттері төмендегідей:

- жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;
- оқушыны есікке дейін алып келіп, қолына кілітті беріп, сол құралды қалай падалану керек екендігін үйрету. Білім дүниесіне оқушының өзінен басқа ешкімнің де кіре алмайтындығын еске сақтау;
- оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйрету, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолдарын көрсету: өзін-өзі тану,өзін-өзі зерттеу,өзін-өзі тәрбиелеу,өзін-өзі реттеу,өзін-өзі белсендіру, өз бетінше білім алу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру;
- оқушының барлық ішкі әлеуетін ашуға және оған шығармашылықтың шыңына шығуға көмектесу.

Мұғалім оқытуының мақсаты мынадай:

- білім беру аймағының пәндік және негізгі мақсаттарын ескере отырып, оқу үрдісінің нақты мақсаттарын жобалау;
- оқу үрдісінін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыруда міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандартының талаптарына сәйкес құрастыру;
- оқу материалдарын даярлау және іс жүзінде іске асыруға ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;
- оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу; □ оқушының дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау;
- құзіреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағымды эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру.

Жаңа тұрпатты мұғалім оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияны енгізе алатын, қажетті өзгертулерді, түзетулерді жасай алатын, өз білімін толықтырып отыратын ұдайы ізденіс үстіндегі инновациялық-технологиялық іс-әрекетті меңгерген маман болуы тиіс, ал ол инновациялық ғылым мен білім арқылы болашақ мұғалімнің интеллектуалдық технологиялық әлеуетін қалыптастыруды көздейді. Осыған орай В.А.Сластенин мен Л.С.Подымова инновациялық іс-әрекетті шығармашылық пен кәсіпшіліктің сәйкестілік тұрғысынан қарастырады. Авторлардың айтуы бойынша, инновациялық іс-әрекет мәнін акмеологиялық тұрғыдан талдау мұғалімнің жеке бас дамуының заңдылықтарын түсінуге мүмкіншілік туғызады.

Мұғалімінің инновациялық іс-әрекеті құрылымын қарастырған кезде, «инновация» және «педагогикалық іс-әрекет» деген негізгі түсініктердің мәнінің мағынасын талдауды қолдану керек деген ғалымдардың (В.А.Сластенин, Л.С.Подымова) ой-пікіріне қосыламыз. Белгілі зерттеушілердің (А.А.Бодалев, Ф.Н.Гоноболин, В.А.Кан-Калик, С.В.Кондратьева, Н.В.Кузин және т.б.) еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы туралы түсінік жан-жақты қарастырылған. Олар мұндай қасиеттерге жатқызатындары: жалпы және кәсіби мәдениет, педагогикалық бағдарлылық, моральдық қасиеттер, дидактикалық қасиеттер, ерік қасиеттсрі, сөйлеу қабілеттері, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, педагогикалық елестету. Бұл ғалымдардың еңбектерінде іскерліктің екі үлкен тобы жіктелгені көрсетілген: операциялық және жеке бас. Бірінші топ білім беру үрдісіне жататын болса, екінші балалармен, ата-аналармен, мектеп оқушысымен нәтижелі қарым-қатынас құруға қажетті әлеуметтің және жеке бас іскерліктері жатады.И.Ф.Исаева, И.М.Шиянова, А.И.Мищенконың зерттеулерінде инновациялық іс-әрекеттің құрылымында іс-әрекеттің жеке бас және операциялық аспектілердің өзара байланысы қарастырылады.

Қорыта келе,жеке тұлғаны қалыптастырудағы шешуші факторлардың бірі – тәрбие. Тәрбие –өсіп келе жатқан жас ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, жеке тұлғаны ғасырлар бойы жиналған адамзаттарихындағы тәжірибені игертіп, біліммен жарақтандыруға бағытталған қоғамның талап-тілегіне тәуелді күрделі үдіріс. Төрбиенің қоғамдық ортаның объективті, субъективті факторларына тәуелді болуы, жеке адам дамуы мен тәрбиенің байланыстылығы, тәрбиеленушілердің іс-әрекетін қоғамға пайдалы етіп ұйымдастыру. Бізге бұрыннан белгі болып келген тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы – ата-ана, балабақша –

тәрбиеші, мектеп – мұғалім.Жеке тұлға тәрбиесін қоғам талабына сай етіп ұйымдастыру бастауыш мектеп мұғалімдеріне де жаңаша талап қояды. Жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін тұлға мұғалім – тәрбие көзі. Жоғарыда аталып кеткен қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби қасиеттері, икемділіктері жаңаша қырынан сипат алуы керек деген ой туады. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мәмбетов М№. Педагогикалық қарым – қатынас мәдениеті. - Алматы: «Жалын», 1999
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. - Алматы: «Қайнар»,
3. 2007
4. Тоғымбаева А.Ә. Педагогтың кәсіби құзырлық моделі. // «12 жылдық білім» журналы,
5. 2008.
6. Рыжов Б.Н. Системная психология. – М.: МГПУ, 1999.
7. Крылова А.А., Маничев С.А. Практикум по общей экспериментальной и прикладной
8. психологии. - СПб.: Питер, 2002. – 539 с.
9. Психологические тесты для всех. - Киев: «Таир», 1992.
10. Карелина А.А. Психологические тесты. – М.: «Мысль», 1999.
11. Психологический словарь / под ред. В.П. Зинченко, Б.Г. Мещерякова. - М.: «Пресс»,
12. 2001. – 556 с.
13. Рубинштейн С.Л. Проблемы Общей психологии. – М.: «Прима», 1973.
14. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.:: Питер, 1999.
15. Болотова А.К., Макарова И.В. Прикладная психология. – М.: «Пресс», 2001.
16. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности. / Под. ред. Р.С. Никифорова. – М.: «Мысль», 1998.

ӘОЖ 271. 301:216

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ- ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сейтжанов Д.С.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ

Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек, -деген. Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Жаңартылған білім беру болашақтағы сапалы білім кепілі деп тануға болады. Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жолдау мақаласында айтылған рухани жаңғыру мен заманауи ілгерілеудің жолын ұстап, саналы ұрпақ тәрбиелеп, қоғам жүгін қатар көтерісетін азаматтарды қалыптастырып, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің сапында болу, білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады», - деп Н. Ә. Назарбаев айтқандай, алдыңғы қатарлы елдерге қосылу үшін қазіргі білім беру жүйесіне үлкен реформа керек. Елбасының «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс», «Жаңғыру елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр алуы керек» деген сөздерінің астарында ел мүддесін басты құндылық ретінде

бағалау жатыр. Сол себепті қазіргі таңда жаңаша Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында әзірленген жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқуға жаңа бетбұрыс жасауда.

Ел ертеңінің бастауы – рухани жаңғыру. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген.

Тәуелсіздіктің нығаюы, дамыған елге айналуымыз үшін еліміз алға батыл қадам басып, жоғары технологияларды меңгеруі, озық стратегиялармен жарақтануы, халықаралық коммерциялық және концептуалды жобаларды ілгерілетуі маңызды. Бұл – Қазақстан көшбасшысы айтқан «бәсекеге қабілеттіліктің» бір шарты. Қазіргі заман талабы – оқытудың ашықтық кейпі, яғни әр оқушының жан – жақты іс- әрекетін кеңейтіп, оның өмірлік кәсіби шеберлігін арттыру және қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Қазіргі сапа стандарттарының білім беру саласының нұсқауларында оқушылардың тіл байлығының қалыптасуына басты көңіл аудару, олардың біліктерін, топпен бірге шешім қабылдай білу, ерекшеліктерді ажырату; қарым – қатынас жасап, талдай білу; ситуациялық шиеленістерді өз беттерімен шеше білу; термин сөздерді түсініп, жаңа сөздермен таныса білу талаптары қойылған. Осы талаптарды орындау керектігін ескеріп, өзімнің кәсіби дамуым, жаңартылған білімге өз үлесімді қосу мақсатында түйгенім мен бойымдағы жаңа өзгеріс туралы айтқым келіп отыр. Бағдарлама барысындағы әдістерді пайдалану арқылы шәкірттеріміз білімге деген ынтасын ұштайды, таным – білімін кеңейтеді, бірте – бірте ізденімпаз шәкіртке айналады. Бағдарлама бойынша жаңа әдістерді қолдана отырып, жаңашылдықтың адам бойына көп өзгеріс әкелетінін байқадым. Бір орында тұрып қалмай, одан әрі даму мұғалім үшін үлкен жетістік, оқушының да үнемі жаңаға жаны құмар, ізденгіш, шығармашыл болуы да осыған байланысты. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» деген сөздің мағынасы осыны білдіреді деп ойлаймын. Сабақ барысындағы рөлдік ойындар, топтық, жұптық жұмыстар, жағдаяттар, дәйек сөздерді қолдана отырып, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға әрекет жасайды.Сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз қателіктерін және өз пайымдауын әрбір пікірден таңдап ал отырып, өз көзқарасын, құндылығын, стратегиялық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік алады деген ойдамын.

Бағдарламаның негізгі мақсаты - оқушыларға өмірге қажетті білім беру негізінде сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру . Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта құру қажет екенін көрсетеді. Білім беру саласына өзгеріс енгізу - болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады. Жалпы ел сияқты Қазақстанда да білім өтпелі кезеңде. Үкіметтің білім беру жүйесін жаңғыртуға және интернационалдандыруға бағытталған ондаған жылдар бойы күш-жігеріне қарамастан, оның кеңестік өткенінің ізі әлі де маңызды болып қала береді.

Жаңаша әдіс-тәсілдерді оқып үйрену - заман талабы. Жеті модуль кіріктірілген осы бағдарлама - Қазақстандық мұғалімдерге кәсіби біліктілігі мен педагогикалық тәжірибесін жетілдіру және бағалауға көмектесу деп білемін. Білім беру - бұл жекелеген құбылыс емес, ол оқушылардың оқу қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған.

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыру екені сөзсіз. Білім беру мазмұнын жаңарту өте қажетті мәселе болып отыр. Оқу үрдісін жаңа әдіс-тәсілдермен жаңарту болып табылады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - маман даярлауда «Өмірлік білімнен өмір бойы білім алу» қағидасына лайықты болуға тиіс. Әр ұстаз – ізденімпаз ғалым, психолог, жан-жақты шебер, еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп атап көрсеткен болатын. Тәуелсіз егеменді еліміздің әлемдік өркениетке жетудегі сара да дара жолы – оның білім жүйесі. Бүкіл әлемдегі елдермен терезесі тең, керегесі кең болу үшін артымыздан ерген келешек ұрпағымыз білімді болу керек. Білімнің сапалы берілуі – ұстаздың біліміне, тәжірибесіне, ізденісіне, оқытудағы жаңа технологияларды сабақ барысында мол шеберлікпен, шығармашылықпен жеткізуіне байланысты болып тұр. Оқыту ісіндегі жаңа тәсілдермен сабақ берудің мақсаты- пәнді жан-жақты түсіну қабілетін дамыту болып саналады.

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Еліміздің білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясын қолдану білімді де саналы, тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар өсіп шығатыны анық.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір суру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзі қоғамдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны ендіру сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикасы күшті дамыған елдердің көрсетіп отырған білім деңгейлерінен көруге болады. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын толық игеру міндеті тұр. Тұтас алғанда әлемдік технологиялық даму деңгейіне сәйкес өзіміздің жаңа экономикамызға қажетті білімнің баршаға ортақ базасын ұдайы жаңартып отыру үшін ілгері талаптар қойып, тиісті инфрақұрылым қалыптастыру керек. Ол – жаңа техника-технологияны жақсы меңгерген жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктер мен жаңа идеяларды және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет, мұның бірі – компьютерді қолдану.

Қоғамда болып жатқан түбегейлі қайта құрулар (өзгерістер), қазіргі заманда адамдардың ынта-ықыласын және шығармашылық әрекетін ескеріп, білімге және өмірге жаңа тұрғыдан қарауды талап етіп отыр. Осыған байланысты оқытудағы инновация көкейкесті мәселе болып отыр. Оқытудағы инновация қазір жаһандану үрдісімен әлеуметтік болмыс формалары және білімді кіріктірумен тығыз байланысты. Сонымен, болашақ мұғалімді әдістемелік дайындаудың жүйесінде білім беру мен кәсіби дайындау мақсаттары тең дәрежеде іске асырылуы қажет, олар өз кезегінде өзара бір-бірін толықтыруға және байытуға міндетті. Жоғары оқу орнының білім алу

жүйесіндегі маманның кәсіби құзырлығының қалыптасуын біз кәсіби іскерліктің қалыптасуы мен дамуының кезеңдік міндеттерін кәсіби міндеттерді шешуге теориялық және практикалық мүмкіндігі мен дайындығының бірлігінен көрінетін нәтижеге бағытталған қозғалыс циклдері ретінде түсінеміз. Жоғары оқу орны оқытушысының ең жоғарғы міндеті - студенттердің өз кәсіби құзырлығын тұрақтандыру, толықтыру, трансформациялау механизмдерінің жұмысын басқару мүмкіндігінің кезең-кезеңімен қалыптасуына психологиялық-педагогикалық жағдайлар тұғызу. Жағдайларды жақсарту кезеңдері - студент іс-әрекетін оқытушының басқаруы, кәсіби құзырлылық механизмдерін оқытушы мен студенттің біріге басқаруы, өзіндік кәсіби даму үдерісін болашақ маманның өзі басқаруы деп атап көрсеткен жөн.

Нәтижеге бағытталған **білім** моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты **білім**нің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектепте алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Мұғалімдерге үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – Алматы, 2006
2. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері.-Алматы
3. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Егеменді Қазақстан, 26.04.2017 ж. https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanghyru
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ
5. Қазақстан республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 2012

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Мұхтар Қазбекұлы БАЙЖҰМАНОВ 3

Бузаубакова К.Д.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ АЯСЫНДА ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КОЛЛАБОРАТИВТІ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ ЖОЛДАРЫ 4

Сулайманова Р.Т.
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ВУЗАХ 10

Коломиец О.М.
РАЗВИТИЕ ЦИФРОВОЙ КОЛЛАБОРАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ БУДУЩЕГО 14

Киякбаева У.К., Хужаназарова Н.М.
THE ROLE OF NATIONAL METHODS IN THE DETECTION AND PREVENTION OF NERVOUS DISORDERS IN CHILDREN 20

Abayalimbekov A.A., Abdullayeva N.R.
METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR THE PREPARATION OF PRESCHOOL CHILDREN FOR SCHOOL IN THE FAMILY 23

Дрейт Н.А.
ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУСТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ..... 25

СЕКЦИЯ 1. ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Бузаубакова К.Д.
БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ЦИФРЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ» ОНЛАЙН КУРСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 30

Бузаубакова К.Д., Жапарова У.Т.
ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ҮЙРЕНУ, ЗЕРТТЕУ, ТАРАТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 36

Молшылықова А.Ө., Бузаубакова К.Д.
SMART ПЕДАГОГТІҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ 42

Бекболат М.С., Беркимбаев К.М.
БОЛАШАҚ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МАМАНДАРЫНДА ИКЕМДІ ДАҒДЫЛАРДЫ (SOFT SKILLS) ДАМЫТУДЫҢ МӘНІ 45

Ибадуллаева Н.Ю., Ибадуллаева В.Р., Ибадуллаева Р.Р.
ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ И КРЕАТИВНОСТЬ 52

Таштекеев С.Б.
ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ СПОРТИВНОЙ ШКОЛЫ ПО ШАХМАТАМ 55

Курманбекова А.С., Жумагулова А.Т.
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ 60

Киргизалиева Д.А.
ОҚЫТУ ӘДІСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАРЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ 63
Мамбетова А.Б., Елубаева М.С.
ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ КИБЕРКОММУНИКАЦИЯНЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ҚАУІПТЕРІ 66
Абдикулова Ш.М., Ордабаева Р.Б.
МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ГЕЙМИФИКАЦИЯНЫҢ РӨЛІ 72
Идрисова Г.Б.
ЕЛДІККЕ БАСТАҒАН ЕГЕМЕНДІК 76
Идиятова Г.Ж.
САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 80
Туганбаева Г.Р., Елубаева М.С.
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ 86
Seisebayeva B.T., Tolkumbekova A.K.
INTERNET TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE TEACHING AS ONE OF THE EFFECTIVE MEANS OF TEACHING 88
Шамшиева М.Р., Бупетаева С.Ж.
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ 96
Сайлаубай Ә.Ж., Таджибаева Ж.С.
ПЕДАГОГИКА И СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ 99
Abdrakhman S.B.
FORMATION OF A SUBJECT-SPATIAL ENVIRONMENT FOR CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN PRESCHOOL ORGANIZATIONS 103
Назар Д.Н.
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ 106
Мамбетова А.М., Муратов А.Ж., Бекбаев Г.С.
«МҰҒАЛІМ – ОҚУШЫ» ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯ МЕХАНИЗМІНІҢ НЕГІЗІ 113
Келиманова Ж.М., Аязбай А.Т.
ЖЕТКІНШЕКТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ 117
Ушакбаева К.Р., Бекмуханбетова М.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕДИА ҚАУІПСІЗДІГІ: НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ, ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРТТАРЫ 119
Bekler Deniz, Ushakbaeva Kamshat
MEDIA CULTURE AND MEDIA EDUCATION 121
Әбдіманапова Ж.Е.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТРЕНДТЕРІ 123
Бузауова А.А.
БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР 127
Даниярова М.Н.
THE ROLE OF AI LEARNING IN ENGLISH LANGUAGE 131
Сейдрахманова Р.И.
БІЛІМ АЛУ ПРОЦЕСІНДЕ КОЛЛАБОРАТИВТІ ОҚЫТУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ 137

Қалдыбек Ұ.Ғ.
БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҰРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ 142

Истаева Д.Б.
THEORETICAL ASPECTS OF USING DIGITAL STORYTELLING TECHNOLOGIES IN ENGLISH LESSONS 144

Мамраимова Д.Н.
РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ 148

Кулсеитова Ж.Б.
ОҚУШЫЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ 151

СЕКЦИЯ 2. ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ: ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Амангелді Б.А., Бузаубакова К.Д.
СМАРТ ПЕДАГОГТІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 156

Алимбеков Р.Т.
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ 162

Aubakirova S.A
SOME PERSPECTIVES OF THE DUAL SYSTEM OF EDUCATION: EXPERIENCE OF TARAZ DULATY UNIVERSITY 165

Абдукаримова А.Ю., Дүйсенбеков Е.Б.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 169

Бузаубакова К.Д., Жапарова У.Т.
ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ 173

Бупетаева С.Ж., Бупетаева А.Ж., Қазбек А.
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 178

Бабижанова Р.Ж.
ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ 183

Гайбуллаева С.С.
ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ВИКТИМОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ 187

Жунисова А.К.
ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК-ЗАМАН ТАЛАБЫ 191

Кошпанова Г.А.
ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 195

Косумова Г.С.,Ордабаева Р.Б.
БІЛІМ БЕРУ БОЛАШАҒЫНА КӨЗҚАРАС: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРІНДЕГІ КИБЕРПЕДАГОГИКАНЫҢ РӨЛІ 198

Конакбаева Т.Е., Абдукаримова А.Ю.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 200

Алиева П.С., Хайтбоев Ж.Ж.
БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ 204

Абдрасилова Г.Л., Манатбек Н.Қ.
БІРІНШІ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 207
Абдрасилова Г.Л., Минажова Э.И.
ҚАЗАҚ ТІЛІН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ 211
Кенже А.Д.
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ: ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР 214
Капанова Ж.Т.
ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ 219
Рапильбекова Г.Д.
ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ПЛАТФОРМ И ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ 221
Нахмедова А.Ж.
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДЕ - ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ 224
Ордабаева Р.Б.
ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ 226
Сихымбаева И.М.
КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНА ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ 229
Ж.С.Таджибаева, А.Алмаханбет
ОСНОВЫ И ЗНАЧЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА 232

СЕКЦИЯ 3. ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ: ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Абулхаир Ә.Ж., Бузаубакова К.Д.
СМАРТ ПЕДАГОГТЫҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ 235
Алиева П.С., Хайтбоев Ж.Ж.
БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ 237
Арымбаева С.Д.
ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ КОЛДАНУ 240
Бупетаева С.Ж., Канапиева К.
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ 244
Бухарбекова А.Т.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ 247
Жылысбай А.Б.
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ 251
Жумагулова А.Т., Дангилова Э.Б.
ЖСТД БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ 254
Карабалаев К.А.
БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 256
Келиманова Ж.М.
ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМ – ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТІҢ ӨЗЕГІ 259
Кәдірбай Ә.Б.
АУТИСТІК СПЕКТРІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ 261

Кошимбетова З.Д., Жолдасбекова З.П.
ТІРЕК-ҚОЗҒАЛЫС АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ 265

Конакбаева Т.Е., Шырымхан Ә.Н.
БАЛАЛАРҒА ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БАСТАПҚЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ БАҒЫТТАРЫ 267

Кубеев Д.Б.
ҰЛЫ ӨНЕРТАПҚЫШ-ГЕРОН 270

Мусаева К.А.
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР 274

Мамбетова А.М.
ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОТБАСЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ 277

Малденова А.О.
ONLINE ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПЛАТФОРМЫ: ИСТОРИЯ, ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЕ И ОТРИЦАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ, И ИХ РОЛЬ В ОЦЕНИВАНИИ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ 280

Ордабаева Ү.Б.
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТІ ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ 283

Сугиров Б.А.
ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ 286

Уревская Т.Г., Сембекова У.Д.
ФОРМИРОВАНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ В ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ 290

Усубалиева А.К.
ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ 294

Бузаубакова К.Д., Қазбек А.Қ.
FLIPPITY ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 297

Аубакирова С.А, Касымова Н.
АГРЕССИВНОЕ ПОВЕДЕНИЕ У ПОДРОСТКОВ И ЕГО КОРРЕКЦИЯ 301

Бузаубакова К.Д., Канапиева К.
POWER POINT ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 304

Бупетаева С. Ж., Амангелді А.Ғ.
CLASSROOM ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 309

Бупетаева С.Ж., Жорабекқызы А.
EDUCAPLAY ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 312

Бузаубакова К.Д., Бупетаева С.Ж., Садатқызы А.
GOOGLE FORMS ПЛАТФОРМАСЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 316

Бектемиров А.Б. Ордабаева Р.Б.,
РОЛЬ КИБЕРПЕДАГОГИКИ В ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА БИОЛОГИИ В ШКОЛЕ 318

Турсынбеков Д.Д.
БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ИННОВАЦИЯЛАНДЫРУ 323

Таджибаева Ж.С., Абылхан Д.Қ.
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ПЕРВЫЙ УЧИТЕЛЬ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ 325

Берденова А.С.
ТІЛДІҢ МӘСЕЛЕСІ – ҰЛТТЫҢ МӘСЕЛЕСІ! 328

Жаттоева С.Ш.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ …… 330

Тогизбаева С.У.
ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ …… 333

Аманбаева Д.Ж.
ЦИФРЛАНДЫРУ БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ …….. 336

Избасарова С.Т.
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕТАДАҒДЫЛАРЫН АЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ …… 339
Сейтжанов Д.С.
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ- ЗАМАН ТАЛАБЫ 346

«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ КОЛЛАБОРАЦИЯ: ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»
Халықаралық педагогикалық оқуларының
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
Международных педагогических чтений
«ЦИФРОВАЯ КОЛЛАБОРАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»

COLLECTION OF
International Pedagogical Readings
«DIGITAL COLLABORATION IN EDUCATION: CURRENT ISSUES AND PROSPECTS»

Жауапты редактор:	Бузаубакова К.Д.
Корректорлар:	Ушакбаева К.Р.
Техникалық редакторы	Абдрасилов А.И.
Компьютерлік беттеу	Дауирбекова Г.

Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.
Автордың дайын файлынан алынған.

Баспаға 24.04.2024ж. қол қойылды.
Пішімі 60х80 1/16. Есепті б. т. 13,0. Шартты б. т. 12,5
Таралымы 100 Тапсырыс 856.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Dulaty university» баспасы
080012, Тараз қ., Сүлейменов к-сі, 11